ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

2017 жылғы 25 мамыр №296 Астана, Үкімет Үйі

Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы

«Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 7-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **қаулы етеді:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі
Б.САҒЫНТАЕВ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 25 мамырдағы №296 қаулысымен бекітілген

Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидалары

1- тарау. Жалпы ережелер

1. Осы облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Халықтың көші-қоны туралы» 2011 жылғы 22 шілдедегі, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» 1998 жылғы 1 шілдедегі, «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» 2007 жылғы 21 шілдедегі, «Тұрғын үй қатынастары туралы» 1997 жылғы 16 сәуірдегі заңдарына және басқа да нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ халықтың көші-қоны мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға және келісімдерге сәйкес әзірленді және облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы және астанадағы көші-қон процестерін реттеудің үлгілік тәртібін айқындайды.

2. Үлгілік қағидаларға сәйкес облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары көші-қон процестерін басқаруды және еліміздің экономикалық өсуін қамтамасыз ету, қауіпсіздігін күшейту және көшіп-қонушылардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыру үшін жағдайлар жасау мақсатында көші-қон процестерін реттеу қағидаларын әзірлейді, оларды тиісті жергілікті өкілді органдар бекітеді.

3. Көші-қон процестерін реттеу:

адамның тұрғылықты жерді еркін таңдау, еңбек ету еркіндігін және қызмет түрі мен кәсібін өз қалауынша таңдауға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге;

кету және орын ауыстыру бостандығына;

шығу тегі, әлеуметтік және мүліктік жағдайы немесе өзге де мән-жайлар бойынша кемсітушілікке жол бермеуге негізделеді.

4. Осы үлгілік қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) қоныс аударушы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге қоныс аударатын ішкі көшіп-қонушы;

2) оралмандарды және қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квотасы – Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған өңірлерге тұрақты тұру үшін келетін, Қазақстан Республикасының халықты жұмыспен қамту туралы заңнамасына сәйкес жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысушыларға көзделген мемлекеттік қолдау шараларымен қамтамасыз етілетін оралмандар және қоныс аударушылар отбасыларының шекті саны.

2- тарау. Облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы көші-қон процестерін реттеу тәртібі

5. Өңірлерде көші-қон процестерін мониторингтеу, олардың әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуының жай-күйіне, экологиялық ахуалына әсері ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Өңірдегі көші-қон процестерінің ерекшеліктеріне халықтың тығыздығы, көшіп келу, эмиграция, еңбек көші-қоны, ішкі көші-қон ағыны, урбандалу процесі, өңірдің экологиялық және діни жағдайы, халықтың ұлттық құрамы, өңірлік еңбек нарығының теңгерімділігі жатады.

6. Өңірдегі көші-қон процестерін реттеу үшін жергілікті атқарушы органдар көші-қон мәселелері жөніндегі уәкілетті органға:

оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру үшін өңірдің тиісті аумағын белгілеуге (алып тастауға);

шетелдік жұмыс күшін, оның ішінде этникалық қазақтар мен бұрынғы отандастар қатарынан тартуға квотаны ұлғайтуға (қысқартуға);

оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың орта мерзімді кезеңге немесе алдағы жылға арналған өңірлік квоталарын ұлғайтуға (қысқартуға) қатысты ұсыныстар енгізеді.

7. Оралмандар мен қоныс аударушыларды қоныстандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен оралмандар мен қоныс аударушыларды қабылдаудың өңірлік квоталарына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Халықтың кетуі халықтың көбею қарқынына қарағанда көп болған кезде көші-қон процестерін реттеу, оның ішінде білікті жұмыс күшін тартуға және оларға жедел әлеуметтік бейімделуге жәрдем көрсетуге, оралмандарды, әсіресе жастарды кәсіптік оқытуға және қайта даярлауға бағытталған іс-шаралар әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.

9. Мониторингті қамтамасыз ету және көші-қон жағдайының дамуын болжау, жұмыспен қамту, мектептер, балабақшалар және медициналық мекемелер салу мәселелерін шешу, әлеуметтік-экономикалық дамытуды жоспарлау мақсатында халықты тіркеу есебі жүзеге асырылады.

10. Қазақстан Республикасының азаматтарын, Қазақстан Республикасында уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды тұрғылықты және (немесе) уақытша болатын (тұратын) жеріне тіркеу және есепке алу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

11. Жергілікті атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен өздеріне жүктелетін көші-қон процестерін реттеу саласында өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ СОТТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ДЕПАРТАМЕНТІНІҢ (ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ АППАРАТЫ) БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 14 сәуір №6001-17-7-6/145 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) және облыстық және оған теңестірілген соттар әкімшілерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 5-тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) және облыстық және оған теңестірілген соттар әкімшілерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) Персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімі:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) басшысының 2016 жылғы 23 ақпандағы № 6001-16-7-6/74 Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты аппаратының) және облыстық және оған теңестірілген соттар әкімшілерінің «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау әдістемесін бекіту туралы бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 100565 болып тіркелген, 2016 жылдың 30 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) Персоналды басқару (кадр қызметі) бөлімінің меңгерушісі А.Б.Рахымбековаға жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы
Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің
(Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) басшысы
А.ТОҚСАБА

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) 2017 жылғы 14 сәуірдегі №6001-17-7-6/145 бұйрығымен бекітілген

«Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) және облыстық және оған теңестірілген Соттар әкімшілерінің әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің жұмысын бағалау туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппаратының) (бұдан әрі - Департамент) және облыстық және оған теңестірілген соттар әкімшілерінің әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 33-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің (бұдан әрі - «Б» корпусының қызметшілері) жұмысын бағалау алгоритмін айқындайды.

2. «Б» корпусы қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі – бағалау) Департаменттің және облыстық және оған теңестірілген соттар әкімшілері (бұдан әрі - Соттар әкімшілері) қызметкерлерінің жұмыс тиімділігі мен сапасын анықтау үшін жүргізіледі.

3. Бағалау «Б» корпусы қызметшісінің атқаратын лауазымындағы қызметінің нәтижелері бойынша:

1) тоқсан қорытындысы бойынша (тоқсандық бағалау) – бағаланып жатқан жылдағы есептік тоқсаннан кейінгі айдың онынан кешіктірмей (бағалануы оныншы желтоқсаннан кеш емес өткізілетін төртінші тоқсанды қоспағанда);

2) жыл қорытындысы бойынша (жылдық бағалау) – бағаланып жатқан жылдың жиырма бесінші желтоқсанынан кешіктірмей жүргізіледі.

«Б» корпусының қызметшісін бағалау оның нақты лауазымда орналасу мерзімі үш айдан кем болған жағдайда, сондай-ақ сынақ мерзімі кезеңінде өткізілмейді.

Әлеуметтік демалыстағы немесе еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезеңіндегі «Б» корпусының қызметшілерінің бағалауы жұмысқа шыққаннан кейін 5 жұмыс күн мерзімінде өтеді.

4. Тоқсандық бағалауды тікелей басшы жүргізеді және «Б» корпусы қызметшісінің лауазымдық міндеттерді орындауын бағалауға негізделеді.

Лауазымдық нұсқаулыққа сәйкес «Б» корпусы қызметшісі тікелей бағынатын тұлға, оның тікелей басшысы тұлға болып табылады.

5. Жылдық бағалау:

1) «Б» корпусы қызметшісінің есептік тоқсандардағы орта бағасынан;

2) Осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес «Б» корпусы қызметшісінің жеке жұмыс жоспарын орындау бағасынан құралады.

6. Бағалауды өткізу үшін «Б» корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындау және мемлекеттік лауазымнан босату құқығы бар лауазымды тұлғамен Бағалау жөніндегі комиссия құрылады, Персоналды басқару қызметі оның жұмыс органы болып табылады.

7. Бағалау жөніндегі комиссияның отырысы оның құрамының үштен екісінен астамы қатысқан жағдайда өкілетті болып есептеледі.

Бағалау жөніндегі комиссияның төрағасы не мүшесі болмаған жағдайда, оларды алмастыру Бағалау жөніндегі комиссияны құру туралы бұйрыққа өзгертулер енгізу арқылы уәкілетті тұлғаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

8. Бағалау жөніндегі комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады.

9. Дауыс беру қорытындысы Бағалау жөніндегі комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыс саны тең болған жағдайда, комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Бағалау жөніндегі комиссияның хатшысы болып персоналды басқару қызметінің қызметшісі болып табылады. Бағалау жөніндегі комиссияның хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

2-тарау. Жұмыстың жеке жоспарын құрастыру

10. Жұмыстың жеке жоспары «Б» корпусы қызметшісімен және оның тікелей басшысымен бірлесіп келесі жылдың оныншы қаңтарынан кешіктірілмей осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

11. «Б» корпусының қызметшісін лауазымға осы Әдістеменің 11-тармағында көрсетілген мерзім өткеннен кейін тағайындалған жағдайда, атқаратын лауазымдағы «Б» корпусы қызметшісі жұмысының жеке жоспары оны лауазымға тағайындаған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құрастырылады.

12. «Б» корпусының қызметшісі жұмысының жеке жоспарындағы мақсаттық көрсеткіштердің саны төрттен көп емес және олар нақты, өлшенетін, қолжетімді, белгілі бір орындау мерзімдермен болу қажет.

13. Жеке жоспар екі данада құрастырылады. Бір дана Персоналды басқару қызметіне беріледі. Екінші дана «Б» корпусы қызметшісінің құрылымдық бөлімше басшысында болады.

3-тарау. Бағалауды жүргізуге дайындық

14. Персоналды басқару қызметі Бағалау бойынша комиссия төрағасының келісімімен бағалауды өткізу кестесін қалыптастырды.

Персоналды басқару қызметі бағалауға жататын «Б» корпусы қызметшісін және бағалауды іске асыратын тұлғаларды бағалау басталмастан күнтізбелік он күн бұрын бағалау туралы хабардар етуді қамтамасыз етеді және оларға бағалау парақтарын толтыру үшін жібереді.

4-тарау. Лауазымдық міндеттерді орындауы бойынша тоқсандық бағалау

15. Лауазымдық міндеттерді орындауды бағалау негізгі, көтермелеу және айыппұл балдарынан құралады.

16. Қызметшінің өз лауазымдық міндеттерін орындағаны үшін негізгі балдар 100 балл деңгейінде белгіленеді.

17. Көтермелеу балдары ағымдағы жұмыстың орташа көлемінен асатын қызмет көрсеткіштері, сондай-ақ мазмұндық және/немесе ұйымдастырушылық жағынан күрделі болып табылатын қызмет түрлері үшін қойылады.

18. Ағымдағы жұмыстың орташа көлемінен асатын қызмет көрсеткіштері және күрделі болып табылатын қызмет түрлері мемлекеттік органдармен өз ерекшеліктеріне сүйеніп өз бетімен белгіленеді және атқарылған жұмыстың көлемі мен күрделілігінің қосу тәртібімен бес деңгейлік шәкіл бойынша орналастырылады. Бұл ретте көтермеленетін қызмет көрсеткіштері мен түрлеіне Электрондық құжат алмасудың бірыңғай жүйесінде, «ТӨРЕЛІК», «Судебный кабинет» ақпараттық жүйелерінде және Жоғарғы Соттың интернет-порталында белгіленетін де, белгіленбейтін де құжаттар мен іс- шаралар кіре алады.

Әр көтермеленетін қызмет көрсеткіші мен түрі үшін «Б» корпусының қызметшісі тікелей басшыдан бекітілген шәкілге сәйкес «+1»-ден «+5» балға дейін иеленеді.

19. Айыппұл балдары орындау және еңбек тәртібін бұзғаны үшін қойылады.

20. Атқарушылық тәртібін бұзуға жоғары тұрған органдардың, Департамент және Соттар әкімшісі басшылығының, тікелей басшысының тапсырмаларын және бақылаудағы құжаттар мен жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін орындау мерзімдерін бұзу жатады. Атқарушылық тәртібін бұзу фактілері туралы ақпараттың дереккөздері ретінде құжатайналым қызметі және «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысының құжатпен дәлелденген мәліметі саналады.

21. Еңбек тәртібін бұзуға:

1) дәлелді себепсіз жұмысқа кешігу;

2) қызметшілердің қызметтік әдепті бұзуы жатады.

Еңбек тәртібін бұзу фактілері туралы ақпараттың дереккөздері ретінде персоналды басқару қызметі және «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысының құжатпен дәлелденген мәліметі саналады.

22. Әр атқарушылық және еңбек тәртібін бұзғаны үшін «Б» корпусының қызметшісіне әр бұзу фактісі үшін «-2» мөлшерінде айыппұл балдары койылады.

23. Лауазымдық міндеттердің орындалуын бағалауды жүргізу үшін, «Б» корпусының қызметшісі тікелей басшыға осы Әдістеменің 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған бағалау парағын келісу үшін ұсынады.

24. Тікелей басшы «Б» корпусы қызметшісінің еңбек және атқарушылық тәртібін бұзғаны туралы персоналды басқару, құжат айналымы қызметтері берген мәліметтерін есепке ала отырып, бағалау парағанда берілген деректердің растығын қарастырып, оған өзгертулер (болған жағдайда) енгізеді және онымен келіседі.

25. Тікелей басшы келіскеннен кейін, бағалау парағына «Б» корпусы қызметшісімен қол қойылады.

«Б» корпусы қызметшісінің бағалау парағына қол қоюдан бас тартуы құжаттарды Бағалау жөніндегі комиссияның отырысына жіберу үшін кедергі болмайды. Бұл жағдай Персоналды басқару қызметінің жұмыскері және «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы еркін нысанда танысудан бас тарту туралы акт құрастырады.

26. Қызметшінің тікелей басшысы «Б» корпусы қызметшісінің тоқсандық қорытынды бағасын келесі формула арқылы есептейді:

$\sum m=100+а-в$

$\sum m$ – тоқсандық баға;

а – көтермелеу балдары;

в – айыппұл балдары.

27. Тоқсандық қорытынды баға келесі шәкіл болйынша қойылады: 80 балдан төмен - «қанағаттанарлықсыз», 81-ден 105 (қоса алғанда) балға дейін - «қанағаттанарлық», 106 – дан 130 балға дейін (қоса алғанда) - «тиімді», 130 балдан жоғары - «өте жақсы» қойылады.

5-тарау. Жылдық баға

28. Жылдық бағалауды өткізу үші «Б» корпусының қызетшісі тікелей басшыға келісу үшін осы Әдістеменің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған жеке жоспарды орындау бағалау парағын жолдайды.

29. Тікелей басшы бағалау парағын онда берілген мәліметтердің анықтылығы тұрғысынан қарастырып, түзету енгізеді (болған жағдайда) және оған келісім береді.

30. Жұмыстың жеке жоспарының орындалуын бағалау келесі шәкіл бойынша қойылады:

Жұмыстың жеке жоспарымен көзделген мақсаттық көрсеткіштің орындалмағаны үшін – «2» балл;

Мақсаттық көрсеткіштің жартылай орындалғаны үшін – «3» балл;

Мақсаттық көрсеткіштің орындалғаны (күтілетін нәтижеге қол жеткізгені) үшін – «4» балл;

Мақсаттық көрсеткіштің күтілетін нәтижесіне асыра қол жеткізгені үшін – «5» балл;

31. Тікелей басшымен келіскеннен кейін бағалау парағын «Б» корпусының қызметшісі растайды.

«Б» корпусы қызметшісінің бағалау парағына қол қоюдан бас тартуы құжаттарды Бағалау жөніндегі комиссияның отырысына жіберуге кедергі бола алмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің жұмыскері және «Б» корпусы қызметшісінің тікелей басшысы танысудан бас тарту туралы еркін нысанда акт құрастырылады.

32. Персоналды басқару қызметі «Б» корпусы қызметшісінің жылдық қорытынды бағасын келесі формула бойынша Бағалау жөніндегі комиссия отырысына дейін бес жұмыс күнінен кешіктірмей есептейді:

$\sum жыл=0,4*\sum m+0,6*\sum ЖЖ$

$\sum жыл$ – жылдық баға

$\sum m$ -есептік тоқсандардың орта бағасы (орта арифметикалық мән)

$\sum ЖЖ$ -жеке жұмыс жоспарын орындау бағасы (орта арифметикалық мән).

Бұл ретте тоқсандық бағалардың алынған орта арифметикалық мәні осы Әдістеменің 27-тармағында көрсетілген шәкілді есепке ала отырып, бес балдық бағалар жүйесіне келтіріледі, атап айтқанда:

«қанағаттанарлықсыз» мәнге (80 балдан төмен) – 2 балл,

«қанағаттанарлық» мәнге (81 –нен 105 балға (қоса алғанда) дейін) - 3 балл,

«тиімді» мәнге (106-дан 130 балға (қоса алғанда) дейін) – 4 балл,

« өте жақсы» мәнге (130 балдан астам) – 5 балл;

33. Жылдың қорытынды бағасы мынадай шәкіл бойынша қойылады:

3 балдан төмен - «қанағаттанарлықсыз»;

3 балдан бастап 3,9 балға дейін - «қанағаттанарлық»;

4 балдан бастап 4,9 балға дейін - «тиімді»;

5 балл - « өте жақсы» қойылады.

6-тарау. Комиссияның бағалау нәтижелерін қарауы

34. Персоналды басқару қызметі Комиссия төрағасымен келісілген кестеге сәйкес бағалау нәтижелерін қарау бойынша Комиссияның отырысын өткізуді қамтамасыз етеді.

Персоналды басқару қызметі Комиссияның отырысына келесі құжаттарды:

1) толтырылған бағалау парақтарын;

2) «Б» корпусы қызметшісінің лауазымдық нұсқаулығын;

3) осы Әдістеменің 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Комиссия отырысы хаттамасының жобасын ұсынады.

35. Комиссия бағалау нәтижелерін қарастырады және мына шешімдердің бірін шығарады:

1) бағалау нәтижелерін бекітеді;

2) бағалау нәтижелерін қайта қарайды.

Бағалау нәтижелерін қайта қарау туралы шешім қабылдаған жағдайда Комиссия хаттамада тиісті түсіндірмемен бағаны түзетеді.

36. Персоналды басқару қызметі бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде «Б» корпусының қызметшісін таныстырады.

«Б» корпусы қызметшісінің танысудан бас тартуы бағалау нәтижелерін оның қызметтік тізіміне енгізуге кедергі болмайды. Бұл жағдайда персоналды басқару қызметінің қызметкері танысудан бас тарту туралы еркін нұсқада акт құрастырылады.

37. Осы Әдістеменің 34-тармағында көрсетілген құжаттар, сондай-ақ комиссия отырысының қол қойылған хаттамасы персоналды басқару қызметінде сақталады.

7-тарау. Бағалау нәтижелеріне шағымдану

38. Комиссия шешіміне «Б» корпусы қызметшісінің мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне шағымдануы шешім шыққан күннен бастап он жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.

39. Қабылданған шешім туралы ақпаратты мемлекеттік орган екі апта ішінде мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе оның аумақтық департаментіне жолдайды.

40. «Б» корпусы қызметшісінің бағалау нәтижелері бойынша сотқа шағымдануға құқылы.

8-тарау. Бағалау нәтижелері бойынша шешім қабылдау

41. Бағалау нәтижелері бонус төлеу және оқыту бойынша шешім қабылдауға негіз болып табылады.

42. Бонустар «өте жақсы» және «тиімді» бағалау нәтижелері бар «Б» корпусы қызметшілеріне төленеді.

43. «Б» корпусының қызметшісін оқыту (біліктілігін арттыру) жылдық бағалаудың қорытындылары бойынша «Б» корпусы қызметшісінің қанағаттанарлықсыз болып танылған қызмет бағыты бойынша жүргізіледі.

«Б» корпусының қызметшісі Комиссия оның қызметін жылдық бағалаудың нәтижелерін бекіткеннен кейін үш ай ішінде біліктілікті жоғарылату курстарына жіберіледі.

44. «Қанағаттанарлықсыз» баға алған «Б» корпусының қызметшісі мемлекеттік әкімшілік лауазымға алғаш рет қабылданған тұлғаларға тәлімгер ретінде бекітілмейді.

45. «Б» корпусы қызметшісінің қатарынан екі жыл қорытындысы бойынша «қанағаттанарлықсыз» бағалау нәтижесі оны лауазымында төмендетуіне негіз болып табылады. Кез-келген төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда, «Б» корпусының қызметшісі заңнамамен белгіленген тәртіпте жұмыстан шығарылады.

46. «Б» корпусы қызметшілерін бағалаудың нәтижелері олардың қызметтік тізімдеріне енгізіледі.

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 1-қосымша
Нысан

Жеке жұмыс жоспар

_________________________жыл
(жеке жоспар құрастырылатын кезең)

Қызметшінің *(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*:____________________
Қызметшінің лауазымы: ____________________
Қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: ____________________

№ р/с	Мақсаттық көрсеткіштер*	Күтілетін нәтижелер
1	Мақсаттық көрсеткіш 1	
2	Мақсаттық көрсеткіш 2	
3	Мақсаттық көрсеткіш 3	
4	…	

Ескертпе:

*Мақсаттық көрсеткіштер мемлекеттік органның стратегиялық мақсатына (мақсаттарына), олар болмаған жағдайда қызметшінің функционалдық міндеттеріне сәйкестігін есепке ала отыра анықталады.

Мақсаттық көрсеткіштердің саны төрттен көп емес, оның ішінде жартысы өлшенетін болуы тиіс.

Қызметші
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
күні ____________________

Тікелей басшы
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
қолы ____________________

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 2-қосымша
Нысан

Бағалау парағы

____________________тоқсан_____жыл
(бағаланатын кезең)

Бағаланатын қызметшінің *(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*: ____________
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ____________________
Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: ____________________

Лауазымдық міндеттерді орындау бағасы:

№ р/с	Қызметшінің өзін-өзі бағалауы			Тікелей басшының бағалауы			Ескерту
	Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер	Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Көтермеленетін көрсеткіштер мен қызмет түрлері туралы мәліметтер	Орындау тәртібін бұзу туралы мәліметтер	Еңбек тәртібін бұзу туралы мәліметтер	
1							
2							
3							
	Өзін-өзі бағалау нәтижесі:			Бағалау нәтижесі:			

Қызметші
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
күні ____________________

Тікелей басшы
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
қолы ____________________

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 3-қосымша
Нысан

Бағалау парағы

____жыл
(бағаланатын жыл)

Бағаланатын қызметшінің *(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*:____________
Бағаланатын қызметшінің лауазымы: ____________________
Бағаланатын қызметшінің құрылымдық бөлімшесінің атауы: ____________________

Жеке жоспарды орындау бағасы:

№ р/с	Мақсаттық көрсеткіштердің нәтижесі	Маңызы	Қызметшінің өзін-өзі бағалау нәтижелері	Басшының бағалау нәтижелері	Ескерту
1	1 мақсаттық көрсеткіштің нәтижесі	2-ден 5 ке дейін			
2	2 мақсаттық көрсеткіштің нәтижесі	2-ден 5 ке дейін			
3	3 мақсаттық көрсеткіштің нәтижесі	2-ден 5 ке дейін			
4	…				

Қызметші
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
күні ____________________

Тікелей басшы
____
(тегі, аты-жөні)
күні ____________________
қолы ____________________

«Б» корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесіне 4-қосымша
Нысан

Бағалау жөніндегі комиссия отырысының хаттамасы

____
(мемлекеттік органның атауы)
____
(бағалау түрі: тоқсандық /жылдық және бағаланатын кезең (тоқсан және (немесе) жыл)

Бағалау нәтижелері

№ р/с	Қызметшілердің *(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)*	Бағалау нәтижелері туралы мәлімет	Комиссияның ұсыныстары
1.			
2.			
...			

Комиссия қорытындысы: ____
____

Тексерген:
Комиссия хатшысы: ________________________ Күні: ____________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)
Комиссия төрағасы: ________________________ Күні: ____________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)
Комиссия мүшесі: ________________________ Күні: ____________
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), қолы)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №15086 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛАР МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 29 шілде №65 Астана қаласы

Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидаларын бекіту туралы

«Пошта туралы» 2016 жылғы 9 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 1-тармағының 16) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Байланыс департаменті (В.Ярошенко):

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Республикалық құқықтық ақпарат орталығына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің интернет-ресурсында жариялауды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшасында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 70-тармағының 4) тармақшасын және 136, 139, 140-тармақтарын қоспағанда, оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Бұл ретте Қағидалардың 71-тармағының 1) тармақшасы 2019 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
Д.АБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары –
Ауыл шаруашылығы министрі
__________ А.Мырзахметов
2016 жылғы 2 қыркүйек

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі
__________ Т. Дүйсенова
2016 жылғы «____»__________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
__________ Ж. Қасымбек
2016 жылғы «____»__________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
__________ Б. Сұлтанов
2016 жылғы «____»__________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
________ А. Мұхамедиұлы
2016 жылғы «___»___________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
__________ Е. Ыдырысов
2016 жылғы «____»__________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
______________ Қ.Бишімбаев
2016 жылғы «____» __________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің төрағасы
__________ Д. Ақышев
2016 жылғы «____»__________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
__________ Қ.Қасымов
2016 жылғы «____»__________

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 29 шілдедегі №65 бұйрығымен бекітілген

Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Пошта туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 9 сәуірдегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 1-тармағы 16) тармақшасына сәйкес әзірленген, пошта операторларының пошта байланысы қызметтерін ұсыну тәртібін айқындайды.

2. Пошта қызметіне мынадай пошта байланысының көрсетілетін қызметтері жатады:

1) пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтері;

2) тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер;

3) пошта байланысының жеделдетілген және курьерлік көрсетілетін қызметтері;

4) почталық ақша аударымдары;

5) жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдарын тарату және бөлшек саудада сату бойынша көрсетілетін қызметтер;

6) пошта төлемінің белгілерін және филателиялық өнімді өткізу бойынша көрсетілетін қызметтер;

7) гибридтік жөнелтілімді жіберу бойынша көрсетілетін қызметтер;

8) «Байланыс туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес арнаулы пошта байланысының көрсетілетін қызметтері;

9) пошта байланысының көрсетілетін қызметтерімен тығыз байланыста ұсынылатын өзге де көрсетілетін қызметтер.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ақаулы жөнелтілім - салынымына қол салушылық белгілері бар (буып-түю бүтіндігі бұзылған) немесе салмағы қабылданған кездегі салмаққа сәйкес келмейтін пошта жөнелтілімі;

2) каталог - таратылу аймағына қарай, жазылым бойынша таратуға қабылданған, республикалық, жергілікті және шетелдік мерзімді баспа басылымдары бойынша бөлімдерді қамтитын жинақ-тізбе;

3) пошта жөнелтілімінің санаты - пошта жөнелтілімін (тіркелетін, тапсырысты, құндылығы жарияланған, арнайы белгілері бар) қабылдау, өңдеу, жіберу және жеткізу тәртібі мен шарттарын айқындайтын белгілер жиынтығы;

4) карантинге жатқызылған өнім - карантинге жатқызылған өнім (карантинге жатқызылған жүктер, карантинге жатқызылған материалдар, карантинге жатқызылған тауарлар) (бұдан әрі - карантинге жатқызылған өнім) - карантинді объектілерді (карантинді зиянды организмдерді) тасығыштар болуы және (немесе) олардың таралуына әсер етуі мүмкін, карантинге жатқызылған өнім тізбесіне енгізілген және оларға қатысты карантиндік шаралар қабылдау қажет болатын өсімдіктер, өсімдіктен алынатын өнім, ыдыс, орам, жүктер, топырақ, организмдер немесе материалдар;

5) консигнация - бір жөнелтуші бір алушының мекенжайына шетелді белгілей отырып топтастырған пошта жөнелтілімдерін тағайындалған операторлар арасында жіберу қызметі;

6) пошта жөнелтілімдерін, пошталық ақша аударымдарын, жеделдетілген және курьерлік пошта байланысы жөнелтілімдерін жіберу мерзімдері - пошта операторы жөнелтілімдерді қабылданған жердегі өндірістік объектіде берілген жердегі өндірістік объектіге дейін жіберуді жүзеге асыратын мерзім;

7) ұсақ пакет - тауарлардың бір-бір үлгілері, сыйлық сипатындағы ұсақ заттар салынған және көлемдері, салынымы, массасы және буып-түйілуі осы Қағидалармен көзделген халықаралық тапсырысты пошта жөнелтілімі;

8) «М» қабы (арнайы қап) - бір жөнелтуші бір адресатқа жіберетін, мерзімді баспа басылымдарын (газеттер мен журналдарды), кітаптар мен басқа да баспа материалдарын қамтитын халықаралық тапсырысты пошта жөнелтілімі;

9) таратылмаған пошта жөнелтілімдері - белгіленген мерзім ішінде адресатқа жеткізілмеген (табыс етілмеген) және жөнелтушіге негіздемелі себептермен (алудан бас тарту, кері мекенжайдың болмауы, талап етілмеу) қайтарылмаған пошта жөнелтілімдері;

10) операциялық терезе - пошта операторының қызметтерін пайдаланушыға қызметтердің бір немесе одан көп түрін ұсынатын пошта операторының өндірістік объектісінде жабдықталған жұмыс орны;

11) курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері - курьерді пайдалану арқылы өңделетін және жеткізілетін тіркелетін пошта байланысының жөнелтілімдері;

12) жеделдетілген пошта байланысы жөнелтілімдері - жеделдетілген тәртіпте өңделетін және жеткізілетін пошта жөнелтілімдері;

13) алғаны туралы хабарламасы бар пошта жөнелтілімі - беру кезінде жөнелтуші пошта жөнелтілімінің кімге және қашан табыс етілгендігін өзіне немесе көрсеткен адамына хабарлауды пошта операторына тапсыратын тіркелетін пошта жөнелтілімі;

14) жай сәлемдеме - салынымының құнын бағаламай түбіртек беріп жөнелтушіден қабылданатын және алушыға қолхат арқылы берілетін сәлемдеме;

15) тікелей пошта контейнері - тауарлар және басқа да материалдық құндылықтар салынып, жөнелтуші пломбалаған (мөрлеп бекіткен) және межелі жерге жеткізілгенге дейін жолда ашылмайтын контейнер түріндегі пошта жөнелтілімі;

16) секограмма - секографиялық тәсілмен жазылған, ашық түрде берілетін жазбаша хабарлар, секография белгілері басылған клишелер, тек зағиптарға арналған дыбыстық жазбалар салынған пошта жөнелтілімі;

17) техникалық құралдар - пошта операторлары пошта қызметінде пайдаланатын өлшеу функциялары бар құрылғыларды қоса алғанда, жабдық, құрылғылар, бағдарламалық қамтамасыз етуі бар және бағдарламалық қамтамасыз етуі жоқ жүйелер;

18) пакет - пошта төлемінің белгілерін, оның ішінде пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін жапсырмай жіберілетін, салынымы, көлемдері, массасы және буып-түйілуі осы Қағидаларда көзделген тіркелетін жөнелтілім;

19) ыдыс - гофрленген картоннан жасалған қораптар, пластик пакеттер, конверттер және пошта жөнелтілімін жіберуге арналған орауыштың басқа да түрлері.

2-тарау. Пошта желісін ұйымдастыру және пошта операторының қызметтерін пайдаланушыларға пошта операторларының қызмет көрсету тәртібі, оның ішінде мүгедектердің пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне кедергісіз қол жеткізуі жөніндегі тәртіп

4. Пошта операторлары пошта байланысының қызметтерін ұсыну үшін пошта желілерін өздері дербес қалыптастырады.

Пошта желісін ұйымдастыру мақсатында пошта операторы өндірістік объектілерді, сондай-ақ пошта маршруттарын құрады және оларды пайдаланады. Пошта операторының өндірістік объектісі стационарлық және жылжымалы пошта байланысы бөлімшесі түрінде құрылатын пошта байланысы бөлімшесі болып табылады.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушыларға пошта байланысының әмбебап қызметтерін ұсыну жағдайында, пошта желісінің жұмыс істеуі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 20 шілдедегі №44 бұйрығымен бекітілген Пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне сәйкес жүзеге асырылады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14130 болып тіркелген).

5. Пошта маршруттарын жоспарлауды және жасауды Заңның 31-бабына сәйкес пошта операторлары жүзеге асырады.

6. Пошта операторы пошта жәшіктерін орнатады және Заңның 32-бабымен белгіленген тәртіпте олардан пошта жөнелтілімдерін алуды жүзеге асырады.

Пошта жәшіктеріне пошта операторының логотипі, берілген нөмірі, хат-хабарларды жәшіктен алу жиілігі мен уақыты (алғашқы және соңғы алыну уақыты) жазылады. Ауылдық жердегі пошта жәшіктерінде пошта операторының логотипі, берілген нөмірі, алыну уақыты, сондай-ақ алу жүзеге асырылмайтын күндер көрсетіледі.

7. Пошта байланысының қызметтерін ұсыну үшін пошта операторының өндірістік объектілерінде барлық операциялық күн бойы пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін ұсыну үшін операциялық терезелер жұмыс орындарымен жабдықталады.

8. Пошта операторының өндірістік объектілеріне кірер жерде өндірістік объектінің атауы және жұмыс режимі көрсетілген маңдайша орнатылады. Қалаларда орналасқан және жылжымалы график бойынша, түскі үзіліспен немесе демалыс күнімен жұмыс істейтін өндірістік объектілерде, сондай-ақ басқа график бойынша немесе демалыс күндерсіз қызметтер ұсынатын жақын маңдағы өндірістік объектінің орналасқан жері және жұмыс режимі туралы хабарландыру ілінеді. Маңдайша мен хабарландыру мәтіні қазақ және орыс тілінде жазылады.

Мүгедектерге кедергісіз қызмет көрсету мақсатында пошта операторлары:

өндірістік объектіге мүгедектердің кедергісіз кіруін, сондай-ақ оларға еркін және кедергісіз қызмет көрсетуге мүмкіндік беретін операциялық терезені жабдықтауды;

кезектен тыс қызметтер көрсетілуін;

көрсетілетін қызметтерді ұсыну тәртібі туралы толық және дұрыс ақпаратпен қолжетімді нысанда қамтамасыз етеді.

9. Пошта операторының өндірістік объектісінің операция залында пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар үшін көрнекі және қолжетімді жерде мынадай ақпараттық материал тұрады:

1) қызметтердің стандарттары;

2) пошта байланысының ұсынылатын қызмет түрлерінің тізбесі;

3) пошта байланысының көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтер;

4) пошта жөнелтілімдерін, пошталық ақша аударымын жіберу мерзімдері;

5) пошта жөнелтілімдерін, пошталық ақша аударымын сақтау мерзімдері;

6) мекенжайды жазу тәртібі;

7) пошта жөнелтілімдерін буып-түю тәртібі және пошта операторының буып-түю материалдары мен ыдыстарының тізбесі;

8) пошта жөнелтілімдерінің өлшемдері және шекті массасы;

9) жіберуге тыйым салынған және шектелген заттар мен нәрселердің тізбесі, оның ішінде қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде бас бостандығынан айрылып жазасын өтеп жатқан адамдардың атына пошта жөнелтілімдерімен жіберуге рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің жеке тізбесі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі Қылмыстық кодексімен және «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексімен көзделген пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың жауапкершілігі;

10) пошта индекстері (электрондық форматта);

11) жеке санаттағы азаматтарға қызмет көрсетудің артықшылықтары туралы;

12) пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар алдындағы міндеттемелерді бұзғаны үшін «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Кодексімен және Заңмен көзделген пошта операторының жауапкершілігі;

13) пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың Заңның 44-бабының 6-тармағын бұзғаны үшін жауапкершілігі;

14) пошта операторының өзінен жоғары тұрған бөлімшесінің атауы, мекенжайы және телефон нөмірі;

15) пошта операторының сенім телефонының, байланыс орталығының нөмірі, ресми интернет-ресурсының мекенжайы;

16) пошта байланысының қызметтерін ұсынуға байланысты өзге ақпарат.

Ақпарат қазақ және орыс тілінде жазылады.

Мұндай ақпарат пошта операторының ресми интернет-ресурсында да жазылады.

10. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушыларға тікелей қызмет көрсетілетін өндірістік объектілерде пошта операторы адамдардың операциялық терезелерге шектеулі келу режимін қамтамасыз етеді.

Пошталық құпияны қорғау бойынша пошта операторы қабылдайтын шараларды сақтау мақсатында пошта операторының қауіпсіздігін бейнебақылау жүйелерін қоспағанда, пошта жөнелтілімдері қабылданатын, өңделетін, сұрыпталатын, сақталатын және берілетін пошта операторының өндірістік объектілерінде фото және бейнетүсірілім жасалмайды.

3-тарау. Пошта операторларының атаулы құрылғыларын пайдалану тәртібі

11. Пошта операторының өндірістік объектілері меншікті атаулы құрылғыларымен қамтамасыз етіледі.

12. Пошта операторлары атаулы құрылғыларды пайдалану тәртібі Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 57 бұйрығымен бекітілген Пошта операторларының атаулы құрылғыларды қағидаларымен айқындалады (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14154 болып тіркелген).

4-тарау. Пошта жөнелтілімдерін ресімдеу тәртібі, сондай-ақ пошта жөнелтілімдерінің түрлері және олардың техникалық сипаттамалары

1-параграф. Пошта жөнелтілімдерінде, пошталық ақша аударымдарында мекенжайды ресімдеу тәртібі

13. Пошта жөнелтілімдеріндегі және ілеспе бланкілердегі барлық мекенжай деректері қолмен (немесе баспаханалық тәсілмен не басқа баспа техникасын пайдалану арқылы басылып) айқын, түсінікті, түзетулерсіз, қысқартылған атауларсыз немесе шартты әріпсіз, цифрларсыз, белгілерсіз жазылады. Пошта жөнелтілімдеріне ақ қағазға басылған немесе қолмен жазылған мекенжай жазба белгісін жапсыруға жол беріледі.

14. Пошталық ақша аударымы жөніндегі ақпарат, сондай-ақ мекенжай деректері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пошталық ақша аударымдарына арналған пошта жөнелтілімінің бланкісінде (бұдан әрі – Бланк) жүйеден басып шығарылады. Автоматтандырылмаған пошта байланысы бөлімшелерінде пошталық ақша аударымы үшін пошта жөнелтілімі бланкісінің нысандарын пошта операторының қызметтерін пайдаланушы қолмен (немесе баспаханалық тәсілмен не басқа баспа техникасын пайдалану арқылы басылып) айқын, түсінікті, түзетулерсіз, қысқартылған атауларсыз немесе шартты әріпсіз, цифрларсыз, белгілерсіз жазылады.

15. Пошта жөнелтілімдерінде, ілеспе бланкілерде және пошталық ақша аударымы бланкілерінің нысандарында жөнелтуші мен адресаттың мекенжайын көрсетуді жөнелтуші мен алушының Қазақстан Республикасының елді мекендерінің мекенжайы болып табылатын бір ғана мекенжайын көрсету арқылы жөнелтуші жүзеге асырады.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінде Қазақстан Республикасының елді мекенінің мекенжайы болып табылатын жөнелтушінің бір ғана мекенжайы көрсетіледі.

16. Мекенжайды жазу мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) немесе заңды тұлғаның атауы;

2) көшенің (даңғылдың, тұйық көшенің, гүлзардың, алаңның, ықшам ауданның) аты, үй нөмірі, пәтер нөмірі;

3) елді мекеннің атауы (қала, кент, ауыл және село);

4) ауданның атауы;

5) облыстың атауы;

6) елдің атауы (халықаралық жөнелтілімдер үшін);

7) пошта индексі.

Алуды тездету үшін жөнелтуші адресаттың (алушының/жөнелтушінің) үй және (немесе) мобильді телефон нөмірін, электрондық поштасының не электрондық абоненттік пошта жәшігінің мекенжайын көрсетеді.

Жөнелтушінің мекенжайы пошта жөнелтілімінің сол жақ жоғарғы бұрышында, адресаттың мекенжайы - пошта жөнелтілімінің астыңғы оң бөлігінде көрсетіледі. Мекенжай блогындағы жолдар сол жақпен туралап жазылады.

17. Пошта жөнелтілімдері, пошталық ақша аударымдары, факсимильді байланыс жөнелтілімдері мен гибридтік жөнелтілімдер жөнелтушінің нұсқауы бойынша адресаттың тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда), заңды тұлғаның атауын көрсете отырып «Талап етілгенге дейін» немесе «Абонементтік жәшік» деп жіберіледі.

Ішкі тіркелетін пошта жөнелтілімдері жөнелтушінің нұсқауы поштаматқа жіберіледі.

18. Қазақстан Республикасы аумағы шегінде жіберілетін пошта жөнелтілімдерін, пошталық ақша аударымын жөнелтуші мен алушының мекенжайлары жөнелтушінің қалауы бойынша қазақ немесе орыс тілінде ресімделеді.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінде, халықаралық пошталық ақша аударымының бланкілерінде және пошта жөнелтілімдерінің бланкілерінде мекенжай латын әріптерімен және араб цифрларымен жазылады. Егер жеткізілетін елдің тілінде басқа әріптер мен цифрлар қолданылса, мекенжайды жеткізілетін елдің атауын міндетті түрде мемлекеттік немесе орыс тілінде қайталай отырып осы әріптер мен цифрлармен көрсетіледі.

19. Ішкі пошта жөнелтілімдерінің түріне, санатына қарай мекенжай жақ бетінің жоғарғы бөлігінде мынадай қосымша жазбалар болады:

1) құндылығы жарияланған бандерольдерде - «... теңгеге құндылығы жарияланған бандероль», ішіне салынғандарына тізімдеме жасалған құндылығы жарияланған бандерольдерге оған қоса, - «Тізімдеме жасалған»;

2) құндылығы жарияланған хаттарға - «... теңгеге құндылығы жарияланған» немесе «Жабық... теңгеге құндылығы жарияланған», ішіне салынғандарына тізімдеме жасалған, құндылығы жарияланған хаттарға - оған қоса «Тізімдеме жасалған»;

3) үстеме төлемді пошта жөнелтілімдеріне - «...теңге үстеме төлем»;

4) алғаны туралы хабарламамен қабылданған тіркелетін пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымында - хабарлама туралы белгі жасалады, сәлемдемелер үшін бұл белгі ілеспе бланкілерге де қойылады;

5) адресаттың өзіне табыс етілуі тиіс пошта жөнелтілімдерінің үстіңгі бетінде - «Өз қолына табыс етілсін. Тапсырысты хабарламамен»;

6) соттың шақыру қағазы салынған тапсырысты хабарламасы бар тапсырысты хаттарда - «Соттың шақыру қағазы. Тапсырысты хабарламамен»;

7) осал заттар, оның ішінде дәл өлшейтін құралдар және радиолампалар салынған пошта жөнелтілімдеріне, сондай-ақ ондай салынымы бар сәлемдемелерге ілеспе бланкілерде - «Абайлаңыз»;

8) сәлемдемелерде және олардың ілеспе бланкілерінде, оның ішінде карантинге жатқызылған өнімдер салынған сәлемдемелерде:

құндылығы жарияланғандарына - «... теңгеге құндылығы жарияланған»;

салынғандарына тізімдеме жасалғандарына - «Тізімдеме жасалған»;

көшет салынғандарына - карантиндік сертификаты бар «Көшет»;

бал аралары салынғандарына - «Абайлаңыз. Бал арасы. Күнге ұстамаңыз. Ветеринариялық анықтамасымен»;

аң және кеміргіштер терісі салынғандарға - «Аң терісі. Ветеринариялық анықтамасымен»;

жүн, қыл, шаш, қауырсын, түбіт салынғандарына - «Ветеринариялық анықтамасымен»;

«жаңа піскен жемістер мен көкөністер салынғандарына - сәйкесінше «Жеміс», «Көкөніс» карантиндік сертификатпен деп жазылады;

9) әуе кемелері арқылы жіберілетін сәлемдемелер мен олардың ілеспе бланкілеріне, бандерольдерге - «Авиа» деп жазылады;

10) осы Қағидалардың 181-тармағында көрсетілген тұлғалардың өкілдерінен қабылданған пошта жөнелтілімдерінде - «Үкіметтік» - «Правительственное» белгісі қойылады.

20. Оңай сынатын заттар салынған және ұстағанда өте абай болуды қажет ететін халықаралық сәлемдеме осал сәлемдемеге жатады және оларда «Абайлаңыз» - «Осторожно» - «Colis fragile» белгісі болады. Салудың және буып-түюдің жалпы ережесін сақтаған кезде жөнелтуші немесе пошта операторының өндірістік объектісінің жұмыскері әрбір осал сәлемдемеге ақ түске қызыл бояумен басылған шыны бұйымның бейнесі бар жапсырманы желімдейді. Ілеспе бланкінің бет жағына анық көрінетін «Абайлаңыз» - «Осторожно» - «Colis fragile» белгісі бар жапсырма желімделеді.

21. Өлшемі мен массасы осы Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген шектен асып түсетін, сондай-ақ өзінің пішіні немесе құрылымы бойынша көтергіш техникалық құралдарды пайдаланбай басқа сәлемдемелермен бірге оңай тиелмейтін немесе ерекше ұқыптылықты талап ететін және Дүниежүзілік пошта одағының (бұдан әрі - ДПО) Актілерімен жіберу көзделген халықаралық сәлемдеме «Қомақты» деп танылады.

Қомақты халықаралық сәлемдемеге, сондай-ақ тиісті ілеспе бланкінің бет жағына анық көрінетін «Қомақты», «Громоздкая», «Encombrant» белгісі бар жапсырма желімделеді.

22. Халықаралық алмасуда құндылығы жарияланған сәлемдемелер, осал, қомақты заттар салынған сәлемдемелер мұндай жөнелтілімдерді қабылдауға рұқсат ететін елдерге жіберуге қабылданады.

2-параграф. Пошта жөнелтілімдерінің түрлері

23. Пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымдары ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдері болып бөлінеді.

24. Ішкі пошта жөнелтілімдерінің түрлері мынадай санаттар бойынша ажыратылады:

1) хаттар (тіркелмейтін, тіркелетін);

2) пошта карточкалары (тіркелмейтін, тіркелетін);

3) бандерольдер (тіркелмейтін, тіркелетін);

4) ұсақ пакеттер (тіркелетін);

5) сәлемдемелер (жай және құндылығы жарияланған);

6) пошталық ақша аударымдары.

25. Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің түрлері мына санаттар бойынша ажыратылады:

1) хаттар (тіркелмейтін, тіркелетін);

2) пошта карточкалары (тіркелмейтін, тіркелетін);

3) бандерольдер (тіркелмейтін, тіркелетін);

4) сәлемдемелер (жай, құндылығы жарияланған);

5) пошталық ақша аударымдары;

6) ұсақ пакеттер (тіркелетін).

26. Пошта жөнелтілімнің түрлері мен санаттарына мыналар жатады:

1) хат (кіші және үлкен пішімді);

2) зағиптарға арналған жөнелтілімдері бар бандероль (секограммалар);

3) жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының пакеті;

4) жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының сәлемдемесі;

5) тікелей пошта контейнері;

6) арнайы қап («М» қабы);

7) топтастырылған консигнация жөнелтілімдері;

8) тіркелетін және тіркелмейтін пошта жөнелтілімі туралы хабарландыру;

9) пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын алғаны туралы хабарлама.

27. Жөнелтушілерге қабылдағаны туралы түбіртек берілмей (пошталық тіркеу нөмірін, сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-кодын бермей) қабылданатын және адресаттарға қолхат алмай жеткізілетін хаттар, пошта карточкалары мен бандерольдер тіркелмейтін хат-хабарлар болып табылады.

Тіркелмейтін жазбаша хат-хабар Қазақстан Республикасының аумағы бойынша да, сондай-ақ одан тыс жерлерге де жіберуге қабылданады.

28. Тіркелмейтін ішкі хаттарда жазбаша хабарламалар және мынадай төмен бағалы салынымдар: фотосуреттер, көркемсуретті ашық хаттар және өзге де ұқсас қағаз өнімі жіберіледі.

Тіркелмейтін ішкі бандерольдерде мынадай төмен бағалы салынымдар: бланкілер, брошюралар, плакаттар, газеттер, журналдар, кітаптар, маңыздылығы төмен іс қағаздары, қолжазбалар, фотосуреттер, альбомдар, дәптерлер, дәрілік шөптер, дыбыстық жазбалар және өзге де ұқсас заттар жіберіледі.

29. Тіркелмейтін халықаралық хаттармен жеке және қызметтік жазбаша хабарлар, фотосуреттер жіберіледі.

Тіркелмейтін халықаралық бандерольдерде баспа басылымдары, гравюралар, суреттер, пішу үлгілері, каталогтар, проспектілер, түрлі хабарландырулар, хабарламалар, әртүрлі баспа тәсілімен жасалған бедерлер мен репродукциялар, қолжазбалар жіберіледі.

30. Тіркелмейтін халықаралық бандерольдерде зағиптарға (немесе зағиптардан осы ұйымдардың мекенжайына) секограммалар жіберуіне болады. Олар ДПО Актілеріне сәйкес тегін қабылданады.

31. Тіркелетін пошта жөнелтілімі пошталық тіркеу нөмірі (сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-код) берілетін және жөнелтушіге пошта операторы жұмыскерінің тегі және аты-жөні көрсетіліп, пошта штемпелінің немесе бақылау-кассалық машина, дербес компьютер клишесінің (атаулы модуль) бедері басылған түбіртек берілетін жөнелтілім болып табылады. Бақылау-кассалық машина, дербес компьютер клишесінің (атаулы модуль) бедері басылған түбіртекте пошта штемпелінің бедері қойылмайды. Тіркелетін пошта жөнелтілімін табыс ету кезінде адресаттан қолхат алынады. Тіркелетін пошта жөнелтілімдері кері мекенжайы міндетті түрде көрсетіліп қабылданады.

Тіркелетін пошта жөнелтілімінің орауышында: пошта операторының қабылдайтын өндірістік объектісінің атауы және пошталық тіркеу нөмірі (сәйкестендіру әріптік-цифрлық штрих-код) жазылады.

Тіркелетін пошта жөнелтілімін пошта операторы осы Қағидаларға 3-қосымшада көзделген нысан бойынша пошта жөнелтілімі бланкісін толтыра отырып қабылдайды.

Тізім бойынша қабылданған пошта жөнелтілімдеріне бір түбіртек беріледі.

Электрондық пошта арқылы пошта жөнелтілімдерді жіберу тәртібін пошта операторы дербес белгілейді.

Пошта операторы тіркелетін пошта жөнелтілімдерін қабылдауға, сақтауға және табыс етуге арналған автоматтандырылған құрылғыларды пайдаланған кезде жөнелтушіге түбіртек берілмейді:

қолданылатын ақпараттық жүйеде пошта жөнелтілімін қабылданғаны туралы электрондық нысандағы хабарламаны электрондық пошта, электрондық абоненттік пошта жәшігін, телекоммуникацияны, ұялы байланысты пайдалану арқылы жіберу фактісі қабылдағанын растау болып табылады;

поштамат ұяшығын ашу, қолданылатын ақпараттық жүйеде пошта операторының қызметтерін пайдаланушының жеке басын куәландыратын құжатының деректерін салыстырып оқу арқылы беру сәтінде құрастырылған адресаттардың деректер базасына кіру коды бар пошта жөнелтілімі келіп түскені туралы ұялы байланыс арқылы қысқаша мәтіндік және мультимедиялық хабарды алушыға жіберу фактісі берілгенін растау болып табылады;

пошта операторынан электрондық тәсіл арқылы алынған кіру кодын ақпараттық жүйеде алушы авторландыруы берілгенін растау болып табылады.

32. Тіркелетін пошта жөнелтілімдеріне тапсырысты және құндылығы жарияланған жөнелтілімдер, жай және құндылығы жарияланған сәлемдемелер, пошталық ақша аударымдары жатады.

33. Тапсырысты пошта жөнелтілімдеріне хаттар, пошта карточкалары, бандерольдер, ұсақ пакеттер, «М» қаптары, алғаны туралы тапсырысты хабарламалар жатады. Жіберудің жекелеген кезеңдерде гибридтік жөнелтілімдер тапсырысты хат түрінде жіберіледі.

34. Тапсырысты ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдерінде осы Қағидалардың 28, 29-тармағында көрсетілген салынымдардан басқа, мыналарды жіберуге рұқсат етіледі:

1) азаматтық хал актілерін жазу органдарына - азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәліктердің барлық түрін;

2) сот және құқық қорғау органдарына, сондай-ақ жергілікті әскери басқару органдарына - тапсырысты хаттың орауышында тиісті белгілері бар алғаны туралы тапсырысты хабарламамен қабылданатын шақыру қағаздары мен хабарламалар;

3) тапсырысты бандерольдерде көркем әдебиет, өнер жөніндегі әдебиет, сот істері және сырттай оқитын студенттердің бақылау жұмыстары жіберіледі;

4) «М» қаптарында адресаттың мекенжайына бір межелі жерге жіберілетін мерзімді басылымдар (газеттер мен журналдар), кітаптар және басқа баспа материалдары;

5) ұсақ пакеттерде сыйлық сипатындағы сынбайтын ұсақ заттар және жеке тауарлардың жеке-дара үлгілері жіберіледі. Жіберілетін салынымдар құны ұсақ пакет жоғалған жағдайда төленетін ДПО актілерімен белгіленген өтемақы сомасынан асып түспейді.

35. Құнды қағаздар, құжаттар немесе басқа да құнды заттар салынған пошта жөнелтілімі құндылығы жарияланған жөнелтілім ретінде жіберіледі.

Жөнелтуші құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімінің салынымын бағалау сомасын Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен өзі дербес анықтайды және осы Қағидаларға сәйкес орауышын таңдайды.

36. Құндылығы жарияланған ішкі пошта жөнелтілімдерінде:

1) хаттарда - құжаттар мен құнды қағаздар (куәліктер, паспорттар, тууы, қайтыс болуы, неке қиюы және бұзуы туралы, жылжымайтын мүлік құқығы туралы куәліктер, дипломдар мен сертификаттар, зейнетақы мен сот істері, мемлекеттік заем облигациялары, лотерея билеттері және басқа қаржылық құжаттар), жылжымайтын және жылжымалы мүлікке құқық беретін құжаттар;

2) бандерольдерде - баспа басылымдары, көркем әдебиет, өнер жөніндегі әдебиет, іс қағаздары, дәрі-дәрмек, кондитерлік бұйымдар және сақталуын пошта жөнелтілімдерінің осы түріне көзделген орауышы қамтамасыз ететін болатын басқа да ұзақ сақталатын тамақ өнімдері;

3) сәлемдемелерде тұтыну тауарлары, ұзақ мерзім сақталатын азық-түлік, кітаптар, дәрі-дәрмектер, медициналық препараттар және осы Қағидалармен жіберуге тыйым салынбаған өзге де салынымдар.

37. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан адамдардың атына жіберілетін ішкі пошта жөнелтілімдерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген), Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларымен көзделген заттар мен нәрселер жіберіледі.

38. Бал арасы, сүліктер, жібек құрттары, өсімдіктер, көшеттер, жаңа піскен көкөністер мен жемістер, радиолампалар және шыны немесе өзге де оңай бүлінетін осал бөлшектері бар дәл өлшеу аспаптары (тұрмыстық техника мен тұрмыстық аспаптардан басқа) салынған ішкі және халықаралық сәлемдемелер салынымының құндылығы жарияланбай жіберуге қабылданады.

Құндылығы жарияланған халықаралық хаттарда құнды қағаздар, жеке басты куәландыратын құжаттар, нотариалды куәландырылған құжаттар мен анықтамалардың көшірмелері жіберіледі.

Халықаралық сәлемдемелерде ДПО-ның Актілеріне сәйкес жіберуге рұқсат етілген тұтыну тауарлары жіберіледі.

39. Жарияланған құндылық пошта жөнелтілімі салынымының нақты құнынан аспайды.

40. Құжаттар салынған пошта жөнелтілімдерінің жарияланған құны жөнелтілім жоғалған жағдайда осы құжаттарды қалпына келтіру бойынша болуы ықтимал шығыстардың мөлшерінен аспайды.

41. Құндылығы жарияланған халықаралық хаттар, сәлемдемелер және ұсақ пакеттер халықаралық пошта жөнелтілімдерінің жекелеген түрлері мен санаттарын қабылдауға рұқсат етілген елдер мен аумақтарға ғана қабылданады. Елдер тізімін пошта операторы ДПО Халықаралық бюросының мәліметтері негізінде жасайды.

42. Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің жарияланған құндылығы ақпараты ДПО Актілерінде қамтылатын, жеткізілетін ел атаған құндылықтың шекті сомасынан аспайды.

43. «Консигнация» топтастырылған жөнелтілімдер қызметі және тікелей пошта контейнерлерін жіберу шарт қызметтері болып табылады.

44. Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдерінде (құндылығы жарияланбаған және жарияланған) осы Қағидаларда белгіленген жіберуге тыйым салынғандар және шектеу қойылғандар ескеріле отырып, халықаралық және ішкі пошта жөнелтілімдерінде жіберілуі көзделген салынымдар жіберіледі.

45. Егер Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасымен өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасы ішінде жіберілетін пошталық ақша аударымының сомасына шектеу қойылмайды.

46. Пошталық ақша аударымдары Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында және «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңының 16-бабына сәйкес басқа валюталарда қабылданады.

Пошталық ақша аударымдарын шетел валютасында жүзеге асыру кезінде жөнелтуші (алушы) «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 маусымдағы Заңы 19-бабының талаптарына сәйкес қосымша мәліметтер мен құжаттарды ұсынады.

47. Пошта аударымдарын жүзеге асыру үшін ақша Бланк толтырыла отырып, қолма-қол және қолма-қол ақшасыз тәсілдермен қабылданады. Қолма-қол ақшасыз тәсіл кезінде ақша аударымы пошта операторының банктік шотына ақша және комиссиялық сыйақы сомасы түскеннен кейін ғана жүргізіледі.

48. Қазақстан Республикасы аумағынан тыс жерде пошталық ақша аударымын тағайындалған оператор бір пошта аударымының шекті сомасын, ресімдеу тәртібін, жіберу, төлеу, конвертациялау және өзара есеп айырысу тәсілін ескере отырып, ДПО Актілері және тиісті халықаралық шарттар негізінде қабылдайды.

(Жалғасы 14-бетте)

(Жалғасы. Басы 13-бетте)

49. Пошта операторының гибридтік жөнелтілімді жіберу бойынша қызмет көрсетуі жөнелтілімді кейінгі кезеңде тіркелетін немесе тіркелмейтін хат (пошта карточка) түрінде жеткізілетін, бастапқы кезеңде ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды және басқа да электрондық тасымалдағыштарды қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында жіберу не кейінгі кезеңде электрондық поштаға немесе электрондық абоненттік пошта жәшігіне ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды және басқа да электрондық жеткізгіштерді қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында жеткізілетін хатты (пошта карточкасын) бастапқы кезеңде жіберу арқылы жүзеге асырылады.

50. Бастапқы кезеңде пошта операторының ақпараттық жүйесі қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында жіберілетін тіркелетін немесе тіркелмейтін хаттарға (пошта карточкасына) пошта операторының қызметтерін пайдаланушы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 21-бабына сәйкес, куәландырушы орталықта алған электрондық цифрлық қолтаңбамен қол қояды және олар ақпаратты қорғау жөніндегі шаралар сақталып жіберіледі.

51. Пошта операторының ақпараттық жүйесіне пошта жөнелтілімі түрінде әрі қарай жеткізу үшін жолданған электрондық хат (хабар) қосымша құралдар мен әдістерді пайдаланбай-ақ қабылдау үшін қолжетімді түрде алынған электрондық хаттың (хабардың) мазмұны жазылған қағаз жеткізгіште басып шығарылады.

Электронды хатты (хабарды) басып шығарған кезде, қағаз тасымалдағышта жөнелтушінің электрондық хаты (хабары) және электрондық цифрлық қолтаңбаны тексеру нәтижесі туралы ақпарат бастапқы құжат болып табылатындығы көрсетіле отырып, қосымша ақпарат көрсетіледі.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушымен жасалған шарт талаптары бойынша пошта операторы қағаз тасымалдағышқа пошта операторының пошта штампелінің бедерін қояды.

52. Электрондық құжат нысанында жіберілетін тіркелетін немесе тіркелмейтін хаттар (пошта карточкалары) мына ақпаратты қамтуы керек: жөнелтушінің және адресаттың пошта индексі, жөнелтушінің және адресаттың мекенжай деректері.

53. Пошта операторының ақпараттық жүйесі жөнелтушіге тіркелетін хат (пошта карточкасы) қабылданғаны, жеткізілгені, табыс етілгені немесе қайтарылғаны туралы немесе электрондық хат (хабар) нысанында жіберілетін тіркелмейтін хат (пошта карточкасы) қабылданғаны туралы электрондық нысанда хабарлама жібереді.

54. Бастапқы кезеңде ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды қолдану арқылы электрондық хат (хабар) нысанында электрондық поштаға немесе электрондық абоненттік пошта жәшігіне жіберілетін және жеткізілетін хаттар (пошта карточкасы) жеткізілгені не адресат хатты (пошта карточкасын) оқығаны туралы хабарламаны алған кезде адресатқа жеткізілген болып есептеледі.

55. Бастапқы кезеңде электрондық құжат нысанында жіберілетін тіркелетін хаттар (пошта карточкалары):

1) адресаттан (немесе оның уәкілетті өкілінен) тіркелетін хат (пошта карточкасы) табыс етілгені туралы қолхат алынса;

2) адресаттың абонементтік жәшігіне дейін жеткізілсе, адресатқа табыс етілген (жеткізілген) болып есептеледі.

56. Адресат тіркелетін хатты (пошта карточкасын) алғаны туралы хабарлама электрондық түрде қалыптасады және ақпараттық жүйеге немесе пошта операторының ақпараттық жүйесінде жеткізілгені/табыс етілгені туралы тиісті статус пайда болғаннан кейін пошта операторының қызметтерін пайдаланушының электрондық абоненттік жәшігіне жіберіледі.

57. Қайтарылған жағдайда, гибридтік пошта жөнелтілімдері жасалған шартта өзге талап айтылмаса, пошта операторының қызметтерін пайдаланушының ақпараттық жүйесіне қайтару туралы статусты қабылдағаны туралы растауды алғаннан кейін жойылуы тиіс.

3-параграф. Пошта жөнелтілімдерінің техникалық сипаттамалары (буып-түю, өлшемдері мен массасы)

58. Пошта жөнелтілімдерінің буып-түйілуі салыным сипатына, жіберілу шарттарына және жол ұзақтығына сәйкес келеді, өңдеу және жіберу кезінде салынымдардың бүліну, оған орауышын, мөрін, пломбасын, байламын, таспасын бүлдірместен қол сұғу, сондай-ақ басқа жөнелтілімдерді бүлдіру және пошта операторының жұмыскерлеріне қандай да бір зиян келтіру мүмкіндігін болдырмайды.

59. Конверттер және пошта карточкалары, ұзақ пакеттерді, сәлемдемелерді, бандерольдерді буып-түюге арналған ыдыс осы Қағидалар мен Дүниежүзілік пошта одағының (бұдан әрі - ДПО) актілерінің талаптарына сәйкес келуі тиіс. Буып-түю материалы ретінде:

1) хаттар үшін - пошта конверттері;

2) құндылығы жарияланған хаттар үшін - пошта конверттері, полиэтилен конверттер және салынымның сақталуын қамтамасыз ететін басқа да ұқсас материалдар;

3) бандерольдер мен ұсақ пакеттер үшін - полиэтилен пакеттер, пошта конверттері, футляр, картон қораптар, ағаш (фанер) не металл жәшіктер;

4) сәлемдемелер үшін - сәлемдеме жәшіктері (картон, ағаш, фанер және полимер) қолданылады.

Әрбір пошта операторы қолданылатын буып-түю материалдары мен ыдыстардың тізбесін дербес айқындайды және пошта жөнелтілімдері пошта операторы белгілеген буып-түю материалдары мен ыдыстардың тізбесіне сәйкес ыдыста ғана қабылдайды.

60. Заттар мен тауарлардың пошта жөнелтілімінің орауышы, ыдысы ішінде қозғалуына жол берілмейді. Бандерольге бірнеше заттар салынған жағдайда, олар алдын ала байланады.

Массасы бес жүр грамнан асатын тіркелмейтін және тапсырысты бандерольдер айқастырылып кендір жіппен буылады және (немесе) лентаға белгілі бір пошта операторына тиесілі екендігін білдіретін белгі жазылған тиісті жабысқақ таспа жапсырылады.

61. Бандероль салынымы жөнелтушінің нұсқауы бойынша түтікше етіп оралады және қағаз немесе басқа таспамен қосымша бекітіледі, ұзындығы қырық бес сантиметрден астам болған кезде ол қатты затқа оралады.

62. Сәлемдемелер салынымының ерекшеліктеріне қарай, оларды буып-түю кезінде мына шарттар сақталады, оларды орындау қажеттілігі туралы жөнелтушіге ескертіледі:

1) осал және сынатын заттар қатты ыдысқа ағаш үгіндісімен аралас салынады немесе жоңқамен, мақтамен және өзге толтырғышпен салынады;

2) фильмдер, фильмдер мен киношежіренің бастапқы материалдары, магнит таспалары, компакт-кассеталар, компакт-дискілер арнайы ыдысқа салынады;

3) тұқым, дән, жаңғақ, кептірілген жеміс, ұн және басқа да сусымалы заттар тығыз матадан, үлдіршектен істелген қапшықтарға, мықты қағаз пакеттерге бөлек оралады да, жәшікке немесе картон қорапқа салынады;

4) көшеттер үсті матамен тігілген себетке немесе желдеткіш тесіктері бар себеттерге салынады. Себеттің (жәшіктің) түбіне тығыз полиэтилен үлдіршек салынады;

5) құрғақ бояу ұнтақтары (анилин көктігі сияқты), майлы, сұйық, сұйық күйге айналатын заттар (май сылаулар, жұмсақ сабындар, сағыздар, сироптар, қайнатпалар, бал және басқалар) жабық шыны емес ішкі ыдыстарға жауып бекітіледі, сосын олар екінші мықты жәшікке салынып, екі арасына сәйкесінше ағып кетуден сақтандыратын және тартып алғыш материалмен толтырылады;

6) тірі аралар, сүліктер және жәндіктер құрылғысы шығып кету мүмкіндігін болдырмайтын торкөзді тесіктері бар жәшіктерге салынады. Аралары бар сәлемдемелер ауа еркін кіретін көлеңкелі орында сақталады, мұндай сәлемдемелерді тығыз жабылатын шкафтарға салуға тыйым салынады. Жіберу үшін бірінші рет қолданылатын контейнерлер мен буып-түю материалы пайдаланылады. Тасымалдау үшін буып-түю материалына араларды, бал араларын және аналық бал араларды, бал ара-листорездерді салар алдында оған профилактикалық дезинфекция және дезакаризация жасалады;

7) фабрикалық өңдеуден өтпеген аң және кеміргіштер терілері, сондай-ақ жүн, қылшық, шаш, мамық салынған сәлемдемелер алдымен матаға (қапқа, полиэтилен үлдіршекке) оралады, сосын жәшікке немесе картон қорапқа салынады;

8) радиолампалар мен басқа дәл өлшейтін аспаптар (өлшеуіш және басқалар) жұмсақ төсеніштен толтырылған қатты ыдысқа немесе орнықтыратын арнайы жүйесі бар жәшіктерге салынады;

9) тірі өсімдіктер (жүзім сабағы, көшет және басқалар), сондай-ақ сынбайтын ірі габаритті үшкір ұштары мен қырлары жоқ, өздерінің көлемі жағынан белгіленген көлемдердегі сәлемдеме ыдысына сыймайтын заттар жіберу үшін қаптық материалға (матаға) оралған күйде қабылданады;

10) тұтас және сынбайтын, сондай-ақ бөлшектенбейтін, өткір қырлары жоқ, өлшемі мен массасы осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілгеннен асып түсетін заттар (сызу тақтасы, балалар шанасы, чемодандар, бидондар және өзге де) жәшіктерде немесе матада буып-түйілмей ашық жіберіледі. Автодөңгелектер таза күйінде ғана қабылданады. Пошта жөнелтілімдерін буып-түю үшін қолданылатын мата тұтас кесектен тұратын ашық бір түсті болады;

11) жаңа піскен жеміс-жидектердің қатты сорттары салынған сәлемдемелер ағаш немесе фанер жәшіктерде қабылданады, олардың бүйір қабырғаларында желдеткіш тесіктері немесе көлденең ойықтары болады;

12) қымбат бағалы металдардың орауышы мықты металл жәшіктен немесе ағаш жәшіктен болуы тиіс, оның қабырғасының қалыңдығы он килограмға дейінгі сәлемдеме үшін кем дегенде бір сантиметр және салмағы он килограмнан жоғары сәлемдеме үшін бір жарым сантиметр болуы керек. Қажет болған жағдайда, буып-түю қосарланған орауышты құрайтын тігісі жоқ екі қаптан тұрады. Егер фанерден жасалған ағаш жәшіктер қолданылса, осы жәшіктің шеттері темір бұрыштамамен бекітілген жағдайда олардың қалыңдығы кемінде бес миллиметр болады;

13) белгіленген өлшемдеріне жауап беретін және салыным сақталуын қамтамасыз ететін, зауыттық орауыштағы (ағаш немесе мықты картон жәшіктердегі) бөлінбейтін заттарды жерүсті көлігімен жіберу үшін қосымша буып-түюсіз қабылдауға рұқсат етіледі.

63. Ішкі пошта жөнелтілімдерінің өлшемдері мен шекті массасы Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 4-қосымшада келтірілген.

64. Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің өлшемдері мен шекті массасы Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 2-қосымшада келтірілген.

5-тарау. Пошта жөнелтілімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету тәртібі

1-параграф. Пошта жөнелтілімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымдарын қабылдау, өңдеу

65. Пошта жөнелтілімі, пошталық ақша аударымы адресатқа жеткізілген және (немесе) пошта операторы оларды табыс еткен сәтке дейін жөнелтушіге тиесілі.

66. Жөнелтілімдерді беретін кезде пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар мынаны білуі қажет:

1) пошта маркалары, оның ішінде электрондық маркалар пошта конвертінің, пошта карточкасының, бандерольдердің, ұсақ пакеттің оң жақ жоғарғы бұрышына орналастырылады;

2) пошта маркаларын бірінің үстіне бірін жапсыруға жол берілмейді;

3) айналымнан шығарылған, бүлінген (былғанған, жыртылған, желімделген, қандай да бір тәсілмен белгі соғылған) пошта маркалары төлеуге жарамсыз;

4) шетелдік пошта маркалары ішкі және халықаралық хат-хабарды жіберуге жарамсыз;

5) тіркелмейтін хаттарды топтамамен жіберуге тізім жасалмайды;

6) пошта жөнелтілімін, пошталық ақша аударымын, жеделдетілген және курьерлік пошта жөнелтілімін қабылдау туралы түбіртекке телнұсқа берілмейді;

7) көшелерге (көпшілік орындарда) орнатылатын пошта жәшіктеріне стандартты пошта конверттеріндегі тіркелмейтін хаттар мен пошта карточкалары ғана салынады. Басқа өлшемдегі пошта конверттеріндегі хаттар пошта операторының өндірістік объектісінің операциялық залдарына орнатылған арнайы пошта жәшіктеріне салынады немесе операциялық терезесіне беріледі.

8) пошта жөнелтілімдерінде жіберуге тыйым салынған және шектеу қойылған заттар мен нәрселердің тізбесі.

67. Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының пошта жөнелтілімдерін қабылдайтын кезде операторлар өзінің өндірістік объектілерінен тыс басқа жерлерде де пошта жөнелтілімін қабылдайтын өзге орын мен уақытты (курьер арқылы офисте немесе үйінде, пошта операторының қызметтерін пайдаланушымен жасалған шартта аталған өзге жерде) белгілейді.

68. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін тапсыру кезінде жөнелтуші:

1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес пошта жөнелтілімінің орауышын таңдайды;

2) ілеспе бланкіні толтырады, ал халықаралық жөнелтілімдер үшін қосымша - кедендік декларацияны толтырады;

3) осы Қағидалармен көзделген жағдайларда, салыным тізімдемесін жасайды және салыстыру үшін жөнелтілімді ашық күйде көрсетеді;

4) жөнелтушіні сәйкестендіру үшін жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсетеді, түбіртектің жыртпалы бөлігінде, ілеспе бланкіде немесе жөнелтілімнің бет жағына өз қолын қойып, «Жіберуге тыйым салынған салынымдар жоқ. Буып-түюге қойылатын талаптармен таныстым» деген мәтінді растайды, бұл ретте толтырылғаннан кейін түбіртектің жыртпалы бөлігі осы Қағидалардың 136-тармағында көзделген, белгіленген мерзімде сақталады;

5) мынадай сәлемдемелерді тапсырғанда ветеринариялық анықтаманы (ішкі пошта жөнелтілімдері үшін) немесе ветеринариялық сертификатты (халықаралық пошта жөнелтілімдері үшін) көрсетеді:

бал арасы салынғанда;

фабрикалық өңдеуден өтпеген аң және кеміргіштер терісі салынғанда;

жүн, қыл, қауырсын, түбіт салынғанда;

6) карантинге жатқызылған өнім салынған ішкі пошта жөнелтілімдерін жіберу кезінде жөнелтуші «Өсімдіктер карантині туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 13-бабының 4-тармағына сәйкес карантиндік сертификатты көрсетеді, халықаралық пошта жөнелтілімдерін жіберу кезінде жөнелтуші фитосанитарлық сертификатты көрсетеді;

7) жаңа піскен көкөніс пен жемістің қатты сорттары салынған пошта жөнелтілімдерін жіберу кезінде жеткізу мерзімі жеті күнтізбелік күннен асатын жағдайда мүмкін болатын шығындарды өзінің жауапкершілігіне алатындығын растайды;

8) жіберуге тыйым салынған заттардың жоқтығына көз жеткізу мақсатында бандерольдердің, сәлемдемелердің, ұсақ пакеттердің ішіндегі салынымды көрсетеді;

9) адресатқа жеткізу және (немесе) табыс ету мүмкін болмаған жағдайда, пошта жөнелтіліміне қатысты шараларды қабылдау қажеттігі туралы өкімді пошта операторына жазба түрде береді.

10) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріне жіберу кезінде осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, бір данада қолхат толтырады. Қолхаттың көшірмесі пошта жөнелтіліміне салынады, ал түпнұсқасы пошта операторының өндірістік объектісінде сақталады.

69. Жөнелтуші дербес деректерін жинауға, пайдалануға және сақтауға келісім беруден бас тартқан жағдайда, пошта операторы пайдаланушыға тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жіберу қызметін көрсетуден бас тартады.

Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін қабылдау кезінде пошта операторы алушының дербес деректерін оның келісімінсіз жинауды, жинақтауды, пайдалануды және сақтауды жүзеге асырады.

70. Ашық түрде мыналар қабылданады:

1) құндылығы жарияланған және салыным тізімдемесімен берілетін ішкі пошта жөнелтілімдері және кедендік декларациямен - халықаралық жөнелтілімдер;

2) салынымына тізімдеме міндетті түрде жасай отырып, үшінші тұлғалар атынан жіберілетін сәлемдемелер;

3) әуе көлігімен жіберілетін тіркелетін пошта жөнелтілімдері;

4) жеке тұлғалар жіберетін тіркелетін пошта жөнелтілімдері.

Пошта операторының жұмыскері пошта жөнелтілімінде пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған және шектеу қойылған заттар мен нәрселер жіберілуіне жол бермеу мақсатында пошта жөнелтілімінің ішіндегісін мұқият қарап тексеруді жүзеге асырады.

71. Жабық түрде мыналар қабылданады:

1) жеке тұлғалардан осы Қағидалардың 68-тармағы 4) тармақшасының шарттарын сақтай отырып, жарияланған құндылығынсыз ішкі пошта жөнелтілімдері және халықаралық тапсырысты пошта жөнелтілімдері;

2) заңды тұлғалардан фирмалық мөрдің сүргіштік бедерімен мөрленген (немесе пломбасымен пломбаланған) «Жіберуге тыйым салынған салынымдар жоқ» деп расталған жазбасы бар, құндылығы жарияланған ішкі және халықаралық хаттар, бандерольдер және сәлемдемелер.

Осы тармаққа осы Қағидалардың 68-тармағы 8) тармақшасының әрекеті қолданылмайды.

72. «Өз қолына табыс етілсін» деген белгімен ішкі тапсырысты хаттар және алғаны туралы тапсырысты хабарламалары бар пошта карточкалары, жеке тұлғаларға (пошта жөнелтілімінде көрсетілген тұратын жері бойынша) жіберілетін құндылығы жарияланған хаттар қабылданады.

«Өз қолына табыс етілсін» белгісі бар халықаралық пошта жөнелтілімдері осы қызмет түрін ұсынатын елдерге жіберуге қабылданады.

73. Осы Қағидалардың 181-тармағында көрсетілген тұлғалардың өкілдерінен мемлекеттік құпияларды қамтымайтын «Үкіметтік» - «Правительственное» белгісі бар хаттар, пошта карточкалары, бандерольдер мен сәлемдемелер пошта операторының кез келген өндірістік объектісінде қолданыстағы тарифтер бойынша төлеммен қабылданады.

74. Пошта жөнелтілімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымын әскери бөлімшелер мен мекемелер атына жолдаған кезде мынаны басшылыққа алу қажет:

1) межелі пункті көрсетілген әскери бөлімшелер мен мекемелерге пошта жөнелтілімдерінің, жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымының барлық түрі қабылданады;

2) тіркелетін пошта жөнелтілімдері жөнелтушінің нұсқауы бойынша алғаны туралы хабарламамен қабылданады;

3) үстеме төлемді пошта жөнелтілімдері қабылданбайды;

4) «Дала поштасы» деген мекенжаймен тек тіркелмейтін және тапсырысты хаттар мен пошта карточкалары, құндылығы жарияланған хаттар, сондай-ақ пошталық ақша аударымдары қабылданады.

Заңды тұлғалардан әскери бөлімшелер командирлерінің атына тіркелмейтін және тапсырысты бандерольдер, сондай-ақ сәлемдемелерді қабылдау рұқсат етіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде жазасын өтеп жатқан адамдардың пошта жөнелтілімдерін осы мекемелердің уәкілетті тұлғалары тікелей оларға қызмет көрсететін өндірістік объектіге тапсырады.

75. Франкирлеу машиналарын қолданатын заңды тұлғалар жазба хат-хабарды пошта операторының оларға қызмет көрсететін өндірістік объектісіне тапсырады.

76. Жөнелтуші бір немесе бірнеше мекенжайға бес немесе одан да көп тіркелетін пошта жөнелтілімін, пошталық ақша аударымын жіберетін кезде, жөнелтуші пошта операторы айқындайтын нысанда тізімдер жасайды және оны электронды түрде не қағаз жеткізгіште ұсынады.

77. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушының қалауы бойынша құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімдері үстеме төлеммен қабылданады. Бұл ретте, пошта операторы адресатқа пошта жөнелтілімін тапсырған кезде жөнелтуші айтқан үстеме төлем сомасын одан алуды және оны жөнелтуші көрсеткен мекенжайға салып жіберуді міндетіне алады. Үстеме төлемді пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының бүкіл аумағы бойынша және пошта операторларымен тиісті шарттар жасалған елдерге де жіберу үшін қабылданады.

78. Үстеме төлемді пошталық ақша аударымы үшін төлем осы Қағидалардың 158-тармағына сәйкес жүргізіледі. Адресат үстеме төлемнің жалпы сомасын (аударым үшін алымды қосқанда) үстеме төлемді пошта жөнелтілімі табыс етілгенге дейін төлейді.

79. Ішкі және халықаралық тіркелетін пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымын берген кезде жөнелтуші қалауы бойынша адресаттың пошта жөнелтілімін алғаны туралы өзіне хабарлама жолдануын сұрайды. Хабарлама үшін төлем пошта жөнелтілімін және пошталық ақша аударымын өткізу кезінде төленеді.

80. Ішкі пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарлама тіркелетін немесе тіркелмейтін пошта жөнелтілімі түрінде, халықаралық пошта жөнелтілімдері үшін - тіркелмейтін пошта жөнелтілімі түрінде жіберіледі, олар қағаз тасымалдағышта не электрондық поштаны, электрондық абоненттік пошта жәшігін, телекоммуникацияны, ұялы байланысты пайдалану арқылы электронды нысанда жіберіледі.

81. Пошта операторының жұмыскері құндылығы жарияланған хаттар мен бандерольдерді, жай және құндылығы жарияланған сәлемдемелерді буып-түюі және сүргі соғылуы (пломбалауы) жөнелтушінің қатысуымен пошта жөнелтілімдерін қабылдау процесінде орындалады.

82. Пошта операторының жұмыскерлері өндірістік объектілеріндегі пошта жөнелтілімдерінің кейінгі өңдеу, сұрыптау және тасымалдау операцияларына өткізу процесінде сақталуын қамтамасыз етеді.

83. Ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында бал аралары, фабрикалық өңдеуден өтпеген аң және кеміргіштер терілері, сондай-ақ жүн, қылшық, шаш, мамық салынған ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген), Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары мен олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға сәйкес берілген, ветеринариялық құжаттармен бірге жүреді.

2-параграф. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау және (немесе) тапсыру

84. Пошта жөнелтілімдерін тасымалдау пошта операторына тиесілі көлік құралдарымен және әртүрлі көлік түрлерінің тасымалдаушыларына тиесілі көлік құралдарымен жүзеге асырылады. Пошта операторлары өздеріне тиесілі көлік құралдарына пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды білдіретін көрсеткіш орнатады.

85. Ұлттық пошта операторы пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды облыстар аралығындағы қалааралық, облыс ішіндегі қалааралық, қалалық, қала маңындағы, сондай-ақ елді мекендерді аудандар немесе облыс орталықтармен, республикалық маңызы бар қалалармен (астанамен) байланыстыратын маршруттар бойынша жүзеге асырады.

86. Маршрутты және көлік қозғалысының кестесін жасауды пошта операторы пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтерінің сапа көрсеткіштеріне, пошта жөнелтілімдерін өңдеудің, тасымалдаудың және жеткізудің ішкі нормативтері мен бақылау мерзімдеріне сәйкес жүргізеді.

87. Тасымалдау және (немесе) тапсыру процесі сұрыптау, жіберу, межелі пунктіне тасымалданатын тіркелетін пошта жөнелтілімдері жүкқұжаттарында атап-атап ресімделіп (тіркеліп) және жұмыскерлердің алғаны туралы қолымен расталып жүргізіледі.

Пошта операторы пошта жөнелтілімдерінің барлық түрін тасымалдау және (немесе) тапсыру процесінде ілесіп жүруді және олардың сақталуын, сондай-ақ тасымалдау маршруты мен кестесінің сақталуын қамтамасыз етеді.

3-параграф. Пошта жөнелтілімдерін және (немесе) пошталық ақша аударымдарын жеткізу және (немесе) табыс ету

88. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушыға жіберілген жазбаша хат-хабарды, мерзімді баспа басылымдарын салу үшін абоненттік пошта жәшіктері сақталуын қамтамасыз ететін ақаусыз күйде және пошташыға қолжетімді жерде болады.

89. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар Заңның 5-бабы 1-тармағының 20) тармақшасына сәйкес пошта саласындағы уәкілетті орган бекітетін абоненттік пошта жәшіктерін орналастыру, күтіп-ұстау және олардың техникалық сипаттамалары жөніндегі талаптарды сақтайды.

90. Пошта операторының өндірістік объектісіндегі абонементтік жәшіктерді пайдалану пошта операторының қызметтерін пайдаланушының жазбаша өтініші бойынша ақыға жүзеге асырылады. Бірнеше пошта операторының қызметтерін пайдаланушының бір абонементтік жәшікті пайдалануына, сондай-ақ оны абоненттеу кезеңінде басқа адамға пайдалануға беруіне жол берілмейді.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушының жәшікті әрі қарай пайдаланудан бас тартқан жағдайда, осы нөмірі өтініш берілген сәттен бастап бір ай өткеннен соң немесе абоненттеу мерзімі аяқталғанда басқа пошта операторының қызметтерін пайдаланушының пайдалануына беріледі. Абоненттеу мерзімі немесе абоненттеуді тоқтату туралы өтініште көрсетілген күн өткеннен кейін келіп түскен хат-хабар қайтарылады немесе кері мекенжайы болмаса таратылмағандар қатарына тапсырылады.

91. Абоненттік пошта жәшіктері және абонементтік жәшіктер арқылы мына пошта жөнелтілімдері жеткізіледі:

1) тіркелмейтін хаттар;

2) тіркелмейтін пошта карточкалары;

3) тіркелмейтін бандерольдер;

4) пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымын алғаны туралы хабарламалар;

5) тіркелетін пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымы туралы алғашқы хабарламалар;

6) өлшемдері абонементтік немесе абоненттік пошта жәшіктеріне салуға мүмкіндік бермейтін тіркелмейтін пошта жөнелтілімдері туралы алғашқы хабарламалар;

7) адресаттың қолхатсыз алуға келісетіні туралы өтініші болған жағдайда, тапсырысты хаттар, бандерольдер, пошта карточкалары;

8) жаздырып алынатын мерзімді баспа басылымдары.

92. Адресатқа пошта жөнелтілімінде көрсетілген тұратын жері бойынша мыналар табысталады:

1) салмағы бес жүз грамға дейінгі тапсырысты пошта жөнелтілімдері («М» қаптарынан және ұсақ пакеттерден басқа);

2) пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымдарын алғаны туралы тапсырысты хабарламалар;

3) жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері.

93. Егер сапаны жақсаруға және тәуекелдерді азайтуға септігін тигізетін болса, пошта операторы пошта жөнелтілімдерін табыс ету (жеткізу) технологиясын өзгертеді.

94. Пошта операторы абоненттің пошта жәшіктері бұзылған болса немесе пошта жөнелтілімдерінің және мерзімді баспа басылымдарының сақталуын қамтамасыз етпейтін болса, пошта жөнелтілімдерін және мерзімді баспа басылымдарын жеткізу үшін оларды қолданбайды. Бұл жағдайда пошта жөнелтілімдері мен мерзімді баспа басылымдары пошта операторының қызметтерін пайдаланушыға пошта операторының өндірістік объектісінде беріледі.

95. Пошта операторы адресатты пошта операторының қызметтерін пайдаланушы көрсеткен деректемелерге (телефон нөмірі, электрондық пошта) телекоммуникацияны, ұялы байланысты, электрондық поштаны пайдаланып пошта жөнелтілімінің келіп түскені туралы хабардар етеді. Мұндай жағдайларда, қағаз тасымалдағыштағы хабарлама абоненттік пошта жәшігіне және абонементтік жәшікке дейін жеткізілмейді.

96. Заңды тұлғаның атына жолданған тіркелмейтін хат-хабарлар, пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарламалар, тіркелетін пошта жөнелтілімдері туралы хабарламалар пошта операторының өндірістік объектілерінде беріледі немесе заңды тұлғаның абоненттік пошта жәшігіне пошташы жеткізеді. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін жеткізу тәртібі пошта операторы мен заңды тұлға арасында жасалған шартпен айқындалады.

97. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін алушы - заңды тұлғалар өзі уәкілетті еткен тұлғаның атына пошта жөнелтілімдерін алу құқығына сенімхат ресімдейді. Сенімхат уәкілетті тұлғаның өзінде қалады және оны тіркелетін пошта жөнелтілімін әрбір алу кезінде көрсететін болады, ал сенімхаттың көшірмесі пошта операторының өндірістік объектісінде қалады.

Тіркелетін жөнелтілімдерді заңды тұлғамен жасасқан пошта операторының шарты бойынша жеткізгенде жөнелтілімдерді оның уәкілетті тұлғасына сенімхатпен беру тәртібі осы шарт талаптарымен айқындалады.

98. Заңды тұлғаларға тиесілі ғимараттарда, үй-жайларда (жатақханаларда, интернаттарда, балалар үйінде, қонақ үйлерде, сауықтыру және емдеу мекемелерінде және басқалар) тұратын жеке тұлғаларға тіркелмейтін пошта жөнелтілімдері, пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламалар, тіркелетін пошта жөнелтілімдері және пошталық ақша аударымдары туралы хабарламалар осы Қағидалардың 96-тармағында көрсетілген тәртіппен жеткізіледі.

99. Тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін, пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарламаларды, тіркелетін пошта жөнелтілімдері және пошталық ақша аударымы туралы хабарламаларды елді мекендерден тыс жерлердегі адресаттарға:

отар жайылымындағы малшыларға, фермалар, өндірістік учаскелерде және бригадаларда жүрген ауыл шаруашылығы ұйымдарының жұмыскерлеріне;

айдындағы балықшыларға;

орман учаскелеріндегі, геологиялық партиялардағы (экспедициядағы) жұмыскерлерге;

теміржол айырығындағы жұмыскерлерге;

қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазалау мерзімін өтеп жатқан адамдарға;

елді мекендерден тыс жерлердегі өзге де адресаттарға осы адресаттар жұмыс істейтін заңды тұлғаға дейін жеткізуді пошта операторы жүзеге асырады.

100. Елді мекендердің аумағына жатпайтын саяжай учаскелеріне жолданатын пошта жөнелтілімдерін пошта операторы пошта байланысының жақын маңдағы өндірістік объектісіне дейін жібереді. Мұндай пошта жөнелтілімдері адресаттарға пошта операторының өндірістік объектілерінде беріледі.

101. Жеке құрамға, әскери бөлімшелерге жолданған пошта жөнелтілімдері, оның ішінде жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері адресаттың өзіне де, әскери пошташыға немесе бөлімшелердің, мекемелердің уәкілетті тұлғаларына да беріледі, ал қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріндегі адамдарға жолданғандар көрсетілген мекемелердің уәкілетті тұлғаларына ғана беріледі.

102. Пошта операторының өндірістік объектілерінде:

1) құндылығы жарияланған хаттар мен бандерольдер;

2) үстеме төлемді пошта жөнелтілімдері;

3) сәлемдемелер;

4) пошталық ақша аударымдары;

5) әскери бөлімшелер мен қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарға жолданған пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымдары;

6) салмағына қарамастан ұсақ пакеттер;

7) электронды тасымалдағыштағы немесе ашық түрде қағаз тасымалдағышта басып шығарылған электрондық пошта хабарлары;

8) ашық түрдегі факсимильді байланыс жөнелтілімдері;

9) ақаулы пошта жөнелтілімдері;

10) «М» қаптары;

11) бастапқы жеткізу кезінде алушының болмауы себебінен табыс етілмеген, сондай-ақ салмағы 500 грамм астам тапсырысты пошта жөнелтілімдері беріледі.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерін пошта операторы осы халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберілетін және кеден одағынан рұқсат алынған тауарларға қатысты кедендік төлемдер мен салық төленген жағдайда алушыларына береді.

Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 318 шешімімен бекітілген, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасында және Еуразиялық экономикалық одақтың кеден аумағында карантиндік фитосанитариялық бақылануы (қадағалануы) тиіс, Карантинге жатқызылған өнімнің (карантинге жатқызылған жүктердің, карантинге жатқызылған материалдардың, карантинге жатқызылған тауарлардың) тізбесіне енгізілген карантинге жатқызылған өнімді қамтитын халықаралық пошта жөнелтілімдерін беру өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның мемлекеттік инспекторлары тексеріп қарағаннан кейін жүзеге асырылады.

Пошта операторы тіркелмейтін пошта жөнелтілімдерін (оның ішінде үстеме төлемді) беруді пошта операторының қызметтерін пайдаланушының нұсқауы бойынша поштаматтар желісі арқылы жүзеге асырады.

103. Тіркелетін пошта жөнелтілімдері, пошталық ақша аударымдары адресатқа, оның заңды өкіліне және сенім білдірген адамына, адресаттың немесе оның өкілінің жеке басын куәландыратын мына құжаттардың бірін көрсеткенде ғана беріледі:

1) Қазақстан Республикасы азаматының паспортын;

2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін;

3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;

4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

5) шетелдік паспорт;

6) туу туралы куәлік.

Сенім білдірілген адам тиісті өкілеттіктерді растау үшін пошта операторына сенімхаттың түпнұсқасын қосымша көрсетеді.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушы пошта жөнелтілімін алу кезінде ұсынған құжаттың деректерін, тіркелген немесе нақты тұрып жатқан жердің мекенжайын көрсетеді.

Пошталық ақша аударымдары Бланк толтырыла отырып беріледі.

104. Тіркелетін пошта жөнелтілімін алған кезде пошта операторының қызметтерін пайдаланушы осы Қағидалардың 31-тармағының алтыншы бөлімімен көзделген жағдайларды қоспағанда, жөнелтілімді алғаны туралы қолхат береді.

Тіркелмейтін пошта жөнелтілімінде көрсетілген тікелей адресатқа (алушыға) беріледі не табыс етіледі. Пайдаланушылардан алған, пошта жөнелтілімдерін алуға арналған нотариалды куәландырылған сенімхатты көрсетуді қоспағанда, пошта жөнелтілімінде көрсетілмеген адамға тіркелетін пошта жөнелтілімін беруге не табыс етуге жол берілмейді.

105. Жеке тұлғаның - адресаттың нұсқауы бойынша және пошта операторының мүмкіндігі болса, осы Қағидалардың 4), 9) және 10) тармақшасынан басқа, 102-тармағында аталған пошта жөнелтілімдері қосымша ақыға пошта жөнелтілімінде көрсетілген тұратын жері бойынша жеткізіліп беріледі.

106. Тіркелетін пошта жөнелтілімдері:

1) адресаттың өзіне;

2) пошта жөнелтілімдерін, жеделдетілген және курьерлік пошта жөнелтілімдерін алуға Қазақстан Республикасының заңнама талаптарына сәйкес ресімделген адресаттың нотариалды куәландырылған сенімхатын және оған теңелген сенімхатты ұсынушыға осы Қағидалардың 103-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін сенім білдірілген тұлға көрсеткенде;

3) кәмелетке толмаған он алты жасқа дейінгі жасөспірімдердің ата-аналарына (асыраушыларына, қамқоршыларына) сенімхатсыз, осы Қағидалардың 103-тармағында аталған құжаттардың бірін және адресатқа жақын екенін растайтын құжаттарды көрсеткенде;

4) қабілеті жоқ тұлғалардың ата-аналарына (асыраушыларына, қамқоршыларына) сенімхатсыз, адресатқа жақын екенін растайтын осы Қағидалардың 103-тармағында аталған құжаттардың бірін көрсеткенде;

5) мектеп, интернаттардың, балалар үйлерінің және басқа осындай мекеме - заңды тұлғалар өкілдеріне, соңынан он алты жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарға беру үшін - сенімхаттар бойынша, сондай-ақ осы Қағидалардың 99-тармағында көрсетілген басқа да жеке тұлғаларға қол қойғызып табыс етіледі.

107. «Өз қолына табыс етілсін» деген белгісі бар тапсырысты хаттар және тапсырысты пошта карточкалары, құндылығы жарияланған хаттар адресаттың өзіне, оның заңды өкіліне немесе сенім білдірген тұлғасына хабарлама бланкісіне қол қойғызып табыс етіледі.

108. Осы Қағидалардың 99-тармағында көрсетілген адресаттарға жеткізілетін пошта жөнелтілімдерін, тіркелетін пошта жөнелтілімдері мен пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарламаларды табыс етуді қарамағында адресаттар жұмыс істейтін заңды тұлғалар жүзеге асырады.

109. Тіркелетін пошта жөнелтілімін алудан бас тартқан жағдайда, адресат пошта жөнелтілімінде немесе хабарламаға қол қойып тиісті белгі жасайды. Егер адресат тіркелетін пошта жөнелтілімін алудан бас тартса және қолын қойып тиісті белгі жасамаса, пошта операторының жұмыскері пошта жөнелтілімінде және хабарламада «Адресат пошта жөнелтілімінен және қол қоюдан бас тартты» деп белгі жасайды.

110. Салынымдарының тізімдемесі бар пошта жөнелтілімдері мен ақаулы тіркелетін пошта жөнелтілімдерін пошта операторының жұмыскері адресатқа тапсыру кезінде ашады.

Салыным тізімдемесіне сәйкес келмеген немесе бұзылған жағдайда, пошта операторының өндірістік объектісінің басшысы, жұмыскері мен адресат қол қоятын акті жасалады. Актінің бір данасы ақаулы пошта жөнелтілімінің салымымен бірге адресатқа тапсырылады.

Адресат актіге қол қоюдан бас тартқан жағдайда, пошта операторының жұмыскері «Адресат қол қоюдан бас тартты» деген белгі жасайды. Акт қызметтік тексеру және (немесе) өтемақыны төлеуге негіздеме болады. Пошта жөнелтілімінің буып-түю материалы (тысы) заттай дәлел ретінде пошта операторының өндірістік объектісінде қалады.

Пошта жөнелтілімін ашудан бас тартқан жағдайда, адресат хабарламаға тиісті белгі жасайды, бұл келешекте адресаттың шағымын, наразылығын қанағаттандырудан бас тартуға негіздеме болып табылады.

111. Адресаттың талап етуі бойынша түзу орауыштағы үстеме төлемді пошта жөнелтілімі оның үстеме төлем сомасы төлегеннен кейін ғана ашылуы мүмкін. Үстеме төлем сомасы төленгенге дейін адресат жөнелтушінің мекенжай деректері туралы ақпаратты пошта операторынан алады.

Осы Қағидалармен айқындалған тәртіпте адресатқа берілген кезде түзу күйдегі үстеме төлемді пошта жөнелтілімі кері қабылданбайды және пошта операторына жіберілген заттардың түрі, өлшемі, ассортименттері бойынша шағымдар, наразылықтар қабылданбайды.

112. Ақаулы пошта жөнелтілімдерін, оның ішінде үстеме төлемді ақаулы пошта жөнелтілімдерін адресаттың көзінше пошта операторының жұмыскері ашады. Үстеме төлемді ақаулы пошта жөнелтілімі ашылғанға дейін үстеме төлем сомасы төленбейді.

Салыным тізімдемесіне сәйкес келген, салынымы бұзылмаған не зақымдалмаған жағдайда, акт жасалынбайды және адресат үстеме төлем сомасын төлейді.

Салынымы кем шыққан, ауыстырылған, толықтай не ішінара бүлінген жағдайда акті жасалады, оның бір данасы адресатқа беріледі. Актінің екінші данасы бар пошта жөнелтілімі жөнелтушіге жіберген жеріне пошта операторының бөлімшесінде қызметтік тексеру жүргізу үшін қайтарылады.

Үстеме төлем [illegible] (немесе) ДПО [illegible] сәйкес табыс [illegible]

6-тарау. Халықаралық пошта жөнелтілімдерін қабылдау, өңдеу және табыс ету тәртібі

113. Тағайындалған оператор және пошта операторы халықаралық пошта жөнелтілімін қабылдау, өңдеу, тасымалдау және (немесе) беру, жеткізу және (немесе) табыс ету бойынша операцияларды ДПО актілеріне сәйкес жүзеге асырады.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерін қабылдау кезінде ішкі пошта жөнелтілімдерін салуға тыйым салулардан басқа, оларға қосымша ДПО ақпараты (циркуляры) негізінде жіберілетін елде қолданыстағы тыйым салулар туралы мәліметтерді басшылыққа алу қажет.

114. Тағайындалған оператор және пошта операторы халықаралық пошта жөнелтілімдері ДПО Актілерінде көзделген ілеспе құжаттармен бірге жіберілуін қамтамасыз етеді.

Мұндай жөнелтілімдерді ресімдеу осы Қағидаларда және ДПО Актілерінде айқындалған талаптарға сәйкес жүргізіледі.

115. Халықаралық пошта жөнелтілімдерін халықаралық пошта алмасу орындарында «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексімен және Халықаралық пошта жөнелтілімдерімен жіберілетін тауарларға қатысты кедендік операциялардың ерекшеліктері туралы келісіммен көзделген жағдайларда мемлекеттік кірістер органдары тексеріп қарайды.

116. Мемлекеттік кірістер органдары халықаралық жазбаша хат-хабарды, сондай-ақ кедендік бақылауға жатпайтын, кедендік рәсімдер жүргізілмейтін, оларға қатысты кедендік операциялар жасалмайтын, Еуразиялық кедендік одақ елдері аумағы шегінде жіберілетін пошта жөнелтілімдерінің барлық түрін тексеріп қарамайды.

117. Жеке және заңды тұлғалардан ашық түрде мыналар қабылданады:

1) кедендік декларацияларды немесе жапсырма толтырылған ұсақ пакеттер;

2) құндылығы жарияланған хаттар, салынымдардың сипаттамасы туралы жіберушіден сұралған, ілеспе бланкі мен кедендік декларациялары толтырылған сәлемдемелер.

Заңды тұлғалардан өздерінің мөрлерімен мөрленген немесе пломбаланған сәлемдемелер ілеспе бланкілер мен кедендік декларацияларды қоса бере отырып, пошта операторы айқындаған нысандағы тізім бойынша жабық түрде қабылданады.

118. «Өз қолына табыс етілсін» белгісі бар халықаралық пошта жөнелтілімдері қызметтің осындай түрін көрсететін елдерге қабылданады. Үстеме төлемді халықаралық пошта жөнелтілімдері тиісті келісімдер (шарттар) жасалған елдерге қабылданады.

119. Хабарламасы бар тіркелетін халықаралық пошта жөнелтілімдерін жібергенде жөнелтуші адресаттың пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабарламасын алады. Хабарламаның ақысы пошта жөнелтілімін бергенде төленеді. Халықаралық пошта жөнелтілімдерін алғаны туралы хабарлама тіркелмейтін пошта жөнелтілімі болып табылады.

7-тарау. Пошта жөнелтілімдерін алу, өңдеу және тексеру тәртібі, сондай-ақ пошта жөнелтілімдерін сақтау мерзімдері

120. Пошта операторының өндірістік объектісіне келіп түскен пошта жөнелтілімдері олардың сыртқы тысының жай-күйі, сондай-ақ олардың буып-түйілуі және жіберу дұрыстығына тексеріп қаралады.

Сыртқы тысының ақаулығы, мөрлердің, пломбалардың, байлауларының, ілгекті-пломбалау құрылғыларының бұзушылығы, массасының сәйкес еместігі және өзге бұзушылықтар анықталған жағдайда, нысаны пошта операторының ішкі құжаттармен белгіленетін акт жасалады және ол ақаулы пошта жөнелтілімі алынған өндірістік объекті басшысының атына жолданады.

121. Келіп түскен акті бойынша пошта операторының өндірістік объектісінде тексеру жүргізіледі. Тексеру қорытындысы және қабылданған шаралар туралы актіні жасаған (жолдаған) өндірістік объектіге хабарланады.

122. Пошта операторлары мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдауды жүзеге асыратын көлік ұйымдары (тасымалдаушылар) арасында алмасу және актілерді қарау мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасау тәртібі пошта операторы мен көлік ұйымы (тасымалдаушы) арасында жасалған шарттармен анықталады.

123. Ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдері, межелі жердегі пошталық ақша аударымдары, сондай-ақ қабылдау орнына қайтарылған немесе жөнелтуші көрсеткен мекенжай бойынша жіберілген жөнелтілімдер табыс ету мүмкін болмаған жағдайда отыз күнтізбелік күн, жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері - жеті күнтізбелік күн сақталады, бұл мерзім шартта өзгеше айтылмаса, жөнелтушіге нұсқаулықтар немесе қосымша ақпарат үшін өтініш білдіру қажет болған жағдайда он төрт күнтізбелік күнге ұзартылуы мүмкін.

«Соттың шақыру қағазы. Тапсырысты хабарламамен», «Шақыру қағаз. Тапсырысты хабарламамен» белгісі бар тапсырысты хаттардың сақталу ұзақтығы пошта операторының өндірістік объектісіне келіп түскен күннен бастап жеті күнтізбелік күн.

124. Тіркелетін пошта жөнелтілімдері (тапсырысты хаттардан, бандерольдер мен пошта карточкаларынан басқа) сақталғаны үшін адресаттан пошта операторы белгілеген тарифтер бойынша ақы алынады.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушының өтініші негізінде пошта операторы жеделдетілген және курьерлік пошта байланысы жөнелтілімдерінен басқа, пошталық ақша аударымының, пошта жөнелтілімінің сақталу мерзімін сақталғаны үшін ақы өндіріп, қосымша отыз күнтізбелік күнге ұзартады. Ұзарту жағдайында сақтаудың жалпы мерзімі алпыс күнтізбелік күннен аспайды.

«Талап етілгенге дейін» деп жолданған тіркелмейтін хаттардың сақталғаны үшін төлемақы алынбайды.

«Талап етілгенге дейін» деп жолданған тіркелетін пошта жөнелтілімдерінің сақталғаны үшін төлем адресаттан өндіріп алынады, ал қайтарып берген жағдайда - пошта операторлары бекіткен тарифтерге сәйкес жөнелтушіден алынады.

8-тарау. Пошта жөнелтілімдерін қайта жіберу және қайтару тәртібі

125. Табыс етілмеген пошта жөнелтілімдері мынадай жағдайларда жөнелтілімдерде көрсетілген кері мекенжайлары бойынша қайтарылады:

1) жөнелтушінің өтініші бойынша;

2) адресат пошта жөнелтілімін, пошталық ақша аударымын алудан бас тартқан жағдайда;

3) сақтау мерзімі өткеннен соң;

4) адресат болмаған немесе қайтыс болған жағдайда;

5) пайдаланушының мекенжайын оқу мүмкін болмаған жағдайда (жуылып кеткен, жыртылған және т.б), адресаты, мекенжайы болмағанда немесе толық көрсетілмегенде;

6) абонементтік жәшікті абономенттеуші адресат болмағанда немесе дұрыс көрсетілмеген жағдайда;

7) пошта операторы өз міндеттемесін орындау мүмкін болмайтын өзге де жағдайларда.

126. Мекенжайының өзгергені туралы, пошта жөнелтілімін немесе пошталық ақша аударымын қайта жіберу немесе қайтару туралы өтініш берген кезде, пошта операторының қызметтерін пайдаланушы жіберілгені туралы түбіртекті, осы Қағидалардың 104-тармағында көрсетілген құжаттардың бірін, ал тізім бойынша қабылданған пошта жөнелтілімдеріне - осы тізімді көрсетеді. Бұл ретте, өтініште ұсынылған құжат туралы мәлімет көрсетіледі.

Пошта операторы адресаттың өтініші бойынша пошта жөнелтілімі межелі жерге келіп түскен немесе адресат өзінің атына пошта жөнелтілімі келіп түскені туралы ақпаратты (қағаз тасымалдағыштағы немесе электронды нысандағы) көрсеткен жағдайда пошта жөнелтілімін қайта бағыттауды (қайта жіберуді) жүзеге асырады.

127. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін қайтару және жаңа мекенжай бойынша жіберу (қайта жіберу) үшін жөнелтушіден немесе адресаттан қайтару немесе қайта жіберу сәтінде қолданыстағы бекітілген тарифтер бойынша ақы өндіріліп алынады, жөнелтушінің өтінішінде арнайы көрсетілген жағдайда адресаттан қайта жіберу үшін төлемақы алынуы мүмкін.

Алушының мекенжайын оқу мүмкін болмау (жуылып кеткен, жыртылған) себебінен пошта жөнелтілімдерін қайтару үшін ақы алынбайды.

128. Төленбеген пошталық ақша аударымдары заңды тұлғаларға есеп айырысу шотына ақша аудару арқылы қайтарылады, жеке тұлғаларға - жөнелтушіге қолма-қол немесе есеп шотына аудару арқылы (өтініш бойынша) төленеді, осы аударымдар үшін төленген ақы қайтарылмайды.

129. Пошта жөнелтілімі таратылмағандар қатарына мынадай жағдайларда беріледі:

1) адресат пен жөнелтушінің қажетті мекенжай деректерінің болмауы (немесе сәйкес келмеуі);

2) адресат пен жөнелтушінің пошта жөнелтілімін алудан бас тартуы;

3) осы Қағидалардың 124-тармағында белгіленген сақтау мерзімі өткен соң және қайтарылған пошта жөнелтілімін алуға пошта операторының қызметтерін пайдаланушы келмеуі.

130. Пошта жәшіктерінен алынған мекенжайсыз немесе мекенжайы толық емес, түсініксіз, мекенжайы қысқартылған тіркелмейтін хаттар, пошта карточкалары және бандерольдер, мекенжайы жоқ (бүлінген) межелі жерге жіберуге немесе жөнелтушіге қайтаруға болмайтын пошта жөнелтілімдері, сондай-ақ алудан бас тарту себебінен адресаттарға табыс етілмеген қосымша төленетін пошта жөнелтілімдері таратылмағандар ретінде уақытша сақтауға тапсырылады.

Пошта жәшіктерінен хат-хабармен бірге алынған құжаттар (жеке куәліктер, паспорттар, әскери билеттер және басқалар) тиісті мекемелер мен ұйымдарға беріледі.

Бір жыл бойы талап етілмеген пошталық аударымдар пошта операторында сақталады және өтініштері негізінде адресатқа немесе жөнелтушіге мерзімінде төлемеу себептері зерделенгеннен кейін төленеді. Бір жылдан кейін талап етілмеген жағдайда пошта аударымының сомасы пошта операторының бюджетіне аударылады, олар бойынша өндірістік құжаттама ағымдағы архивте үш жыл бойы сақталады. Жөнелтуші немесе адресат бір жыл өткен соң талап етілмеген пошта аударымын алуға келген жағдайда, пошта операторы пошта аударымының жөнелтушісін немесе адресатын сәйкестендіруді жүргізгеннен кейін аударымды беру немесе бермеу туралы шешім қабылдайды.

131. Таратылмаған пошта жөнелтілімдері уақытша сақтауға келіп түсуіне қарай, бірақ тоқсанына бір рет, пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар мекенжайын немесе оларды адресатқа жеткізуге (табыс етуі) немесе жөнелтушіге қайтаруға қажетті өзге де мәліметтер алу мақсатында ашып қаралуы тиіс.

Егер алдын ала зерделеу нәтижесінде таратылмаған пошта жөнелтілімдері адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін заттардан немесе нәрселерден тұратындығы анықталатын болса, онда пошта жөнелтілімдері бөлініп алынады және оны ашпастан құзыретті органдар жояды. Мұндай пошта жөнелтілімдерін жою қажетті қауіпсіздік шаралары сақталып жүргізіледі.

Таратылмаған пошта жөнелтілімдерін ашу, алып тастау немесе аспай жою фактісі бойынша пошта операторының өндірістік объектісінің басшысы (оның орынбасары) және жұмыскері, ал қажет болған жағдайда, жергілікті атқарушы билік органдарының өкілі, ішкі істер органының өкілі де қол қоятын акті жасалады.

Егер тіркелетін пошта жөнелтілімін ашу кезінде таратылмағандар ішінен пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың мекенжайы анықталған болса, онда ол актінің бір данасымен бірге қапқа салынып, адресатқа қайта жіберіледі немесе жөнелтушіге қайтарылады, осындай тәртіппен табылған ақшалай сома (жіберу үшін ақысы шегеріліп) қайта жіберіледі.

Анықталған мекенжай бойынша пошта жөнелтілімін қайтару немесе жіберу үшін пошта операторының қызметтерін пайдаланушыдан ақы өндіріп алынады, оның мөлшері қайтарылған (жіберілген) күні қолданыстағы тарифтер бойынша анықталады.

132. Табыс етілмеген халықаралық сәлемдемелер сақтау мерзімі өткеннен соң халықаралық пошта жөнелтілімдерін өңдеу үшін белгіленген, олар алынған өндірістік объектілерге (халықаралық пошта алмасу орындарына) осы Қағидалардың 131-тармағына сәйкес әрі қарай өңдеу үшін қайтарылады.

9-тарау. Операциялық күнді өткізу тәртібі

133. Операциялық күнді өткізу пошта операторының өндірістік объектілерінде орналастырылатын операциялық терезе арқылы жүзеге асырылады.

134. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушыларға пошта операторы белгілеген барлық жұмыс уақыты ішінде қызмет көрсетіледі. Пошта операторы жұмыскерлерінің операцияларды жүргізу тәртібі пошта операторының құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады. Операциялық күнді өткізу кезіндегі үзіліс белгіленген жұмыс режиміне сәйкес, сондай-ақ пошта операторының өндірістік объектісінде техникалық ақаулар, іркілу немесе жоспарлы, жоспардан тыс техникалық қызмет көрсету жағдайында жүзеге асырылады.

135. Операциялық күннің аяқталуы өндірістік объектінің жұмыс уақытының белгіленген режимі негізінде белгіленген уақытта жүзеге асырылады.

136. Пошта байланысы қызметтерін көрсетуге байланысты өндірістік құжаттаманы және пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың дербес деректері туралы ақпаратты (қағаз немесе электрондық түрдегі) пошта операторы пошта байланысының қызметтері көрсетілген күннен бастап үш жыл бойы сақтауы тиіс.

137. Операциялық күнді өткізу, сондай-ақ пошта операторының жұмыскерлері жұмыс орындарында операциялар жүргізу тәртібін белгілейтін пошта операторының құжаттарын пошта операторының тиісті атқарушы (жеке-дара, алқалық) органы бекіту тиіс.

10-тарау. Пошта жөнелтілімдерін кідірту, қарау және алу тәртібі, сондай-ақ пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған және шектеу қойылған заттар мен нәрселердің тізбесі

1-параграф. Пошта жөнелтілімдерін кідірту, қарау және алу тәртібі

138. Пошта жөнелтілімдерін кідірту (тыйым салу) қажетті жағдайларда Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 4 шілдедегі Қылмыстық-процестік кодексінің 246-бабына сәйкес тергеушінің прокурор санкциясы алынған қаулысы арқылы жүзеге асырылады. Қаулы пошта операторының өндірістік объектісінің басшысына жолданады.

Пошта жөнелтілімдерін ашу олар анықталған жерде уәкілетті органдар өкілдерінің және пошта операторы жұмыскерлерінің қатысуымен жүзеге асырылады.

139. Пошта операторы ішкі пошта жөнелтілімдерін оларда жіберуге тыйым салынған салынымдардың бары туралы негіздемелі болжам (органолептикалық көрсеткіштермен) пайда болған жағдайда, оны тапқан жерде, сондай-ақ техникалық құралдар мен жабдықты қолданғаннан кейін кідірту бойынша шаралар қабылдайды. Мұндай пошта жөнелтілімдерін уақытша сақтау қоғамдық қауіпсіздікті, сақталуын және есепке алынуын қамтамасыз ете отырып, пошта операторының өндірістік объектісінде жүзеге асырылады, онда бөгде адамдардың кіруіне тыйым салынады.

140. Пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың пошта жөнелтілімдерінде анықталу және осындай пошта жөнелтілімдерінің кідіртілу фактісі туралы пошта операторы құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдарды тез арада хабардар етеді.

Көрсетілген органдардың қызметкерлері пошта операторының өндірістік объектісі басшысының қатысуымен үш данада тиісті акті жасай отырып, тыйым салынған заттар мен нәрселерді алады, актінің бір данасы жөнелтушіге жіберіледі, екінші данасы алуды жүзеге асырған органға беріледі және үшінші данасы пошта операторының өндірістік құжаттарына қоса тіркеледі.

141. Пошта жөнелтілімдерінде табылған улы жәндіктер мен өсімдіктер түріне қарай «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 1-бабы 1-тармағының 41) тармақшасына және «Ветеринария туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 1-бабы 21) тармақшасына сәйкес айқындалған уәкілетті мемлекеттік органдарға беріледі.

142. Пошта жөнелтілімдерінде табылған Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы жөнелтушісіне қайтарылады немесе адресатқа пошталық ақша аударымы түрінде қайта жіберіледі, бұл ретте табылған сомадан пошталық ақша аударымы үшін белгіленген тариф мөлшерінде сома өндіріп алынады.

Пошта жөнелтілімдерінен алынған шетел валютасы Қазақстан Республикасының ұлттық валютасына конвертация жасалатын күнгі нарықтық бағам бойынша конверттеледі және пошталық ақша аударымы үшін белгіленген тариф мөлшерінде сома шегеріліп, жөнелтушіге немесе адресатқа пошталық ақша аударымымен жіберіледі.

143. Пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың алынғаны туралы пошта операторы он күнтізбелік күн мерзімінде пошта жөнелтілімін жөнелтушіге, егер аталған заттарды табу фактісі бойынша құқық қорғау және арнайы мемлекеттік органдар өзге шешім қабылдамаса, жазбаша түрде хабарлайды.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінде пошта желілері арқылы жіберуге тыйым салынған заттардың табылу фактісі туралы пошта операторы Қазақстан Республикасының мемлекеттік кірістер органдарын тез арада хабардар етеді.

2-параграф. Ішкі пошта жөнелтілімдерінде жіберуге тыйым салынған заттар мен нәрселер

144. Ішкі пошта жөнелтілімдерінде мына заттар мен нәрселерді жіберуге жол берілмейді:

1) әскери қолға ұстайтын атыс қаруы, азаматтық және қызметтік қару, оқ-дәрілер, олардың қосалқы және жинақтаушы бөлшектері, спорттық садақтар мен арбалеттер, жарық, түтін және дыбыс дабылдарын беруге арналған қару, электрлік қару, электр соққыш құрылғылар мен ұшқынды разрядниктер, қылыш жүзді суық қару, кистендер, кастеттер, сурикендер, бумерангтер және спорттық снарядтарды қоспағанда, ұрып соғуға, лақтыруға, сұғып кесуге бейімделген басқа да заттар, қос мақсатта қолданылатын арнайы техникалық құралдар және олардың жинақтаушы бөлшектері;

2) есірткі заттары, психотроптық заттар, прекурсорлар және олардың баламалары;

3) ядролық материалдар, радиоактивтік, күшті әсер ететін, күйдіргіш, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, қопару құралдары, пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар және басқа да қауіпті заттар;

4) улар, улы жәндіктер, улы заттар, улы өсімдіктер мен улы өсімдіктің тұқымдары;

5) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасы және шетел валютасы;

6) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгерту, тұтастығына қол сұғу, мемлекет қауіпсіздігін бұзу, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық артықшылық, қаталдық, зорлық және порнография насихатталатын немесе үгіттелетін баспа басылымдары, бейнелеу материалдары, кино-, фото-, аудио- және бейнематериалдар;

7) тез бұзылатын тамақ өнімдері;

8) өзінің сипаты немесе буып-түйілуі жағынан пошта қызметкерлеріне қауіп төндіретін, басқа пошта жөнелтілімдерін және пошта жабдығын былғайтын немесе бүлдіретін заттар.

145. Ерекшелік ретінде мыналарды жіберуге қабылдауға рұқсат етіледі:

1) құндылығы жарияланған хаттар мен сәлемдемелерде - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі және кассалық операцияларын «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жүзеге асыратын заңды тұлғалар жіберетін банкноттар, монеталар және құндылықтар;

2) басқа да барлық жөнелтуші - салынымы бар құндылығы жарияланған хаттарда Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 наурыздағы № 253 қаулысымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркелімінде № 7926 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы [illegible] нған банкноттары мен монеталары [illegible] ның тозған және бүлінген банкноттар [illegible] жіберілетін тозған банкноттар мен ақ[illegible] публикасы [illegible]

146. Құндылығы жарияланған ішкі бандерольдерде, хаттарда және сәлемдемелерде конвертпен немесе конвертсіз хаттарды, жөнелтуші мен адресат болып табылмайтын басқа да тұлғалар арасында алмасу жасалатын өзге де құжаттар мен хат-хабарларды жіберуге жол берілмейді. Сәлемдемелерде мерзімді баспа басылымдарын жіберуге жол берілмейді.

Ішкі пошта жөнелтілімдерінің барлық түрінде Қазақстан Республикасының басқа пошта операторы қабылдаған және жіберуге ресімдеген пошта жөнелтілімдерінің кез келген түрін салуға жол берілмейді.

3-параграф. Халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберуге тыйым салынған заттар мен нәрселер

147. Халықаралық пошта жөнелтілімдерінде мына заттар мен нәрселерді жіберуге жол берілмейді:

1) әскери қолға ұстайтын атыс қаруы, азаматтық және қызметтік қару, оқ-дәрілер, олардың қосалқы және жинақтаушы бөлшектері, спорттық садақтар мен арбалеттер, жарық, түтін және дыбыс дабылдарын беруге арналған қару, электрлік қару, электр соққыш құрылғылар мен ұшқынды разрядниктер, қылыш жүзді суық қару, кистендер, кастеттер, сурикендер, бумерангтер және спорттық снарядтарды қоспағанда, ұрып соғуға, лақтыруға, сұғып кесуге бейімделген басқа да заттар, қос мақсатта қолданылатын арнайы техникалық құралдар, олардың жинақтаушы бөлшектері;

2) есірткі заттары, психотроптық заттар мен прекурсорлар;

3) ядролық материалдар, радиоактивтік, күшті әсер ететін, күйдіргіш, жарылғыш, тез тұтанатын заттар, қопару, пиротехникалық заттар мен олар қолданылып жасалған бұйымдар және басқа да қауіпті заттар;

4) улар, улы жәндіктер, улы заттар, улы өсімдіктер мен улы өсімдіктердің тұқымдары;

5) Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының және шетел валютасының Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі құндылығын жарияланған хаттар мен жөнелтілімдер де, сондай-ақ нумизматикалық мақсатта жіберілетін ақша белгілерін қоспағана Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының және шетел валютасының ақша белгілері (банкноттар мен монеталар);

6) маралдардың, ақбөкендердің, теңбіл бұғылардың мүйіздері мен тұяқтары, сондай-ақ теңбіл бұғының терісі (Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығарған кезде), Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген аңдар мен өсімдіктер дериваттары;

7) Қазақстан Республикасының конституциялық құрылымын күшпен өзгерту, тұтастығына қол сұғу, мемлекет қауіпсіздігін бұзу, соғыс, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, таптық және рулық артықшылық, қаталдық, зорлық және порнография насихатталатын немесе үгіттелетін баспа басылымдары, бейнелеу материалдары, кино-, фото-, аудио- және бейнематериалдар;

8) бал арасы, сүліктер мен жібек құрттарынан, осы жәндіктерді зерттеуге арналған және ресми танылған мекемелер арасында алмасу жасалатын паразиттер мен зиянды жәндіктерді жойғыштардан басқа, тірі аңдар;

9) өзінің сипаты немесе буып-түйілуі жағынан пошта жұмыскерлеріне қауіп төндіретін, басқа пошта жөнелтілімдерін және пошта жабдығын былғайтын немесе бүлдіретін заттар;

10) тез бұзылатын тамақ өнімдері;

11) монеталар, банк билеттері, кредиттік билеттер немесе алушыға арналған қандай да бір құндылықтар, жол чектері, қымбат металдар мен тастар және солардан жасалған бұйымдар;

12) жеткізілетін елге әкелуге немесе айналымға енгізуге тыйым салынған заттар мен нәрселерді жіберуге жол берілмейді.

148. Жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге сәйкес (Санкт-Петербург қ., 2010 жылғы 18 маусым) Еуразиялық экономикалық одақ елдері шегінде мына заттар мен нәрселерді жіберуге жол берілмейді:

1) Еуразиялық экономикалық одақ аумағына (аумағынан) әкелуге, әкетуге, транзит жасауға тыйым салынған немесе шектеу қойылған қарудың кез келген түрлері және олардың оқ-дәрілері, сондай-ақ олардың құраушы бөлшектері;

2) жарылғыш заттар, жарылғыш құрылғылар, жару құралдары;

3) шартты түрдегі патогенді және патогенді организмдер, биологиялық материалдар, жұқпалы және паразитарлық аурулардың қоздырғыштары;

4) тез бұзылатын тауарлар;

5) алкогольді өнімдер мен этил спирті, сыра;

6) темекі бұйымдарының кез келген түрлері және темекі қоспалары;

7) зергерлік бұйымдарды қоспағанда, кез келген түрдегі және күйдегі асыл тастар мен табиғи алмастар;

8) есірткі заттары, психотроптық заттар мен олардың прекурсорлары, сондай-ақ тұқымдарын, ұрықтарын және спораларын қоса алғанда, кез келген түрдегі және күйдегі, есірткі заттарын, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларын құрайтын өсімдіктер мен саңырауқұлақтар;

9) озонды бұзатын заттар;

10) қауіпті қалдықтар;

11) есірткі заттары мен психотроптық заттардың прекурсорлары болып табылмайтын улы заттар.

149. Құндылығы жарияланған халықаралық бандерольдерде, ұсақ пакеттерде, хаттарда және сәлемдемелерде конвертпен немесе конвертсіз хаттарды, жөнелтуші мен адресат болып табылмайтын басқа тұлғалар арасында алмасу жасалатын өзге де құжаттар мен хат-хабарларды жіберуге жол берілмейді. Сонымен қатар, ұсақ пакеттер мен сәлемдемелерде мерзімді баспа басылымдарын жіберуге жол берілмейді.

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің барлық түрінде Қазақстан Республикасының басқа пошта операторы қабылдаған және жіберуге ресімдеген пошта жөнелтілімдерінің кез келген түрін салуға жол берілмейді.

4-параграф. Ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдерінде жіберуге шектеу қойылған заттар

150. Ішкі және халықаралық пошта жөнелтілімдерінде пошта желілері арқылы жіберуге белгілі бір шарттар болған жағдайда қабылданатын заттар мен нәрселер тізбесіне мыналар жатады:

1) «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасы 2006 жылғы 15 желтоқсандағы Заңының 32-бабының 2-тармағына сәйкес мәдени құндылықтар (Қазақстан Республикасынан тыс жерге шығаратын кезде) - облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың жергілікті атқарушы органдары беретін, мәдени құндылықтарды уақытша әкету құқығына берілетін куәлік негізінде;

2) өсімдіктер, өсімдік тектес өнімдер, сондай-ақ жануарлар, жануар тектес шикізаттар - ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

3) радиоэлектронды құралдар мен жоғары жиілікті құрылғылар (Қазақстан Республикасына кіргізетін кезде) - байланыс саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

4) Қазақстан Республикасының аумағында тіркелмеген дәрі-дәрмектер (Қазақстан Республикасына кіргізетін кезде) - денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның рұқсаты бойынша;

5) халықаралық пошталық қатынаспен жіберілетін, Қазақстан Республикасының аумағында қайтыс болғандардың мәйіті салынған урналар - мына құжатпен:

өлімі туралы дәрігерлік куәлік және егер сойылған болса, медициналық ұйым берген хаттамадан үзінді көшірме, консулдық заңдастыру не арнайы мөртабан (апостиль) немесе азаматтық хал актілерді жазу органдары беретін өзге құжаттар болған жағдайда;

6) мемлекеттік наградалар (ордендер, медальдар, белгілер, атаулы заттар) - Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы жіберуге құндылығы жарияланған халықаралық пошта жөнелтілімдерінде осындай наградаларды алып жүрген тұлғалардың меншік құқығын растайтын марапаттау туралы құжатты көрсеткенде ғана рұқсат етіледі;

7) ақпарат жазбасымен жіберілетін электрондық ақпарат тасымалдағыштар (дискеттер, компакт-дискілер, қатты дискілер және флэш жинақтаушылар) - жабдық, құрылғы немесе олар пайдаланылып жазба жасалған операциялық жүйе типі туралы мәліметтер болған кезде. Тасымалдағышта ақпарат болмаған жағдайда да, зауыттық паспорты қоса беріледі немесе ақаулылығы жоқтығы туралы белгілер жасалады.

151. Жеке тұлғалардың жеке пайдалану үшін тауарларды кеден одағының кедендік шекарасы арқылы өткізу және оларды шығаруға байланысты кедендік операцияларды жасау тәртібі туралы келісімге сәйкес (Санкт-Петербург қ., 2010 жылғы 18 маусым) Еуразиялық экономикалық одақ елдері шегінде мына салынымдарды жіберуге шектеу қойылады:

1) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкетуге шектеу қойылған, шифрлайтын (криптографиялық) құралдар;

2) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелуге шектеу қойылған азаматтық мақсаттағы радиоэлектронды құралдар және (немесе) жоғары жиілікті құрылғылар, оның ішінде басқа тауарларға кіріктірілгендер немесе құрамына кіретіндер;

3) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы әкету кезінде өткізуге шектеу қойылған минералогия және палеонтология бойынша коллекциялар мен коллекциялау заттары;

4) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы өткізуге шектеу қойылған 1973 жылғы 3 наурыздағы Жоғалу қаупінде тұрған жабайы фауна мен флораның түрлерімен халықаралық сауда жасау туралы конвенцияның құзыретіне кіретін жабайы фауна мен флораның түрлері;

5) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы әкету кезінде өткізуге шектеу қойылған, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы және Ресей Федерациясының Қызыл кітаптарына енгізілген, сирек кездесетін және жоғалу қаупінде тұрған жабайы аңдар мен жабайы өсетін өсімдіктер түрлері, олардың бөліктері және (немесе) дериваттары;

6) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы әкету кезінде өткізуге шектеу қойылған ұлттық архив қорының құжаттары, архивтік құжаттардың түпнұсқалары.

152. Ішкі пошта жөнелтілімдерінде жаңа піскен көкөніс пен жемістердің қатты сорттары салынған сәлемдемелер тиеудің кепілді нормасы шегінде ұшақтардың тікелей рейсімен жіберу ескеріліп қабылданады, ал теміржол көлігімен - мұндай сәлемдемелер жеті тәулік бойы жүріп өтетін жағдайда қабылданады, егер осы мерзімнен асатын болса салынымының болуы ықтимал бүлінуін жөнелтуші өз мойнына алады.

11-тарау. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың өтініштері мен шағымдарын қарау тәртібі

153. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар қызметтердің көрсетілу сапасы және тіркелетін пошта жөнелтілімдерін іздеу мәселесі бойынша пошта операторына:

1) еркін нысанда, қызметтердің көрсетілуі сапасы жөнінде шағымдар мен наразылықтар;

2) еркін нысанда, көрсетілетін қызметтер, тіркелетін пошта жөнелтілімдерін іздестіру және олардың тұрған жері жөнінде өтініштер мен сұрау салулар береді.

154. Тіркелетін пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын іздестіру жөніндегі өтініштер мен сұрау салулар алты күнтізбелік ай ішінде, жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері бойынша - жөнелтілімдер берілген күннен кейінгі күннен бастап төрт күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

Тіркелетін ішкі пошта жөнелтілімдері және пошталық ақша аударымдарын жіберу бойынша қызметтерді көрсету сапасы жөніндегі шағымдар мен наразылықтар екі күнтізбелік ай ішінде, жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдерін жіберу бойынша қызметтерді көрсету сапасы бойынша - жөнелтілімдер берілген күннен кейінгі күннен бастап бір күнтізбелік ай ішінде қабылданады.

Тіркелмейтін ішкі жөнелтілімдердің уақтылы жеткізілмеуі (табыс етілмеуі) туралы шағымдар мен наразылықтар жіберу және алу күндерін растайтын, пошта жөнелтілімінің пошта штемпелінің бедері бар орауышын көрсеткенде қабылданады.

155. Тіркелмейтін пошта жөнелтілімдеріне іздеу салынбайды, жөнелтушіге немесе адресатқа тіркелетін пошта жөнелтілімдері жеткізілгені туралы ақпарат берілмейді.

Тіркелетін ішкі пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын іздестіру туралы өтініштер мен сұрау салулар олардың жүріп өту мерзімі өткен кезде және осы Қағидалармен көзделген пошта операторы пошта жөнелтілімдері мен пошталық ақша аударымын қабылдауы, жіберуі және жеткізуі жөніндегі құжаттар сақталатын мерзім ішінде қарауға қабылданады.

Мекенжайды өзгерту, пошта жөнелтілімін немесе пошталық ақша аударымын қайта жіберу немесе қайтару туралы өтінішті пошта операторы пошта жөнелтілімі немесе пошталық ақша аударымы өтініш берген сәтте адресатқа шынында табыс етілмеген жағдайда, жөнелтушіден немесе адресаттан қабылдайды.

156. Пошта операторының өндірістік объектісінің қызмет көрсету сапасына шағымдар пошта операторының қызметтерін пайдаланушы пайдаланған күннен немесе ниеті болған күннен бастап жеті күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

Өтінішті пошта операторының қызметтерін пайдаланушылар жазбаша түрде не электрондық құжат түрінде береді, пошта операторы міндетті түрде тіркеуі тиіс және «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 12 қаңтардағы Заңының 8-бабымен және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы Заңымен көзделген мерзімдерде қаралады.

Пошта операторының қызметтерін пайдаланушылардың өтініштеріне жауаптарды пошта операторлары «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» 2010 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңдарымен белгіленген мерзімде, ал тіркелетін халықаралық пошта жөнелтілімдері бойынша - ДПО Актілерімен көзделген мерзімдерге сәйкес береді.

157. Пошта операторына пошта жөнелтілімі немесе пошталық ақша аударымы, жедел және курьерлік пошта байланысының жөнелтілімдері қабылданған жер бойынша өтініштер мен шағымдар беріледі. Пошта жөнелтілімінің толық дұрыс деректері болған жағдайда межелі жер бойынша өтініш беруге жол беріледі.

Түбіртек пен тізім көшірмесі, ал халықаралық жөнелтілім болғанда - кедендік декларацияның көшірмесі де қоса берілетін өтініште, шағым немесе арызда мыналар көрсетіледі:

1) пошта жөнелтілімінің немесе пошталық ақша аударымының түрі;

2) түбіртек бойынша нөмірі;

3) қабылданған күні мен орны;

4) жеткізілетін жері;

5) жарияланған құндылығы;

6) адресаттың мекенжайы мен толық атауы.

Пошта операторы өтінішті алған кезде өтініш иесіне пошта түбіртегін, тізім және декларация көшірмесін қайтарып береді.

Өтінішпен, шағым немесе арызбен жеке тұлғаның өзі емес, оның сенімді тұлғасы жүгінген жағдайда, онда өтінішке нотариалды куәландырылған сенімхат тіркеледі.

12-тарау. Пошта байланысы қызметтерін ұсынуға байланысты өзге де ережелер

1-параграф. Пошта байланысы қызметтерін төлеу тәртібі

158. Пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын жіберу үшін төлем жасау пошта операторы мен қызметтерді пошта операторының қызметтерін пайдаланушы арасында жасалған шартпен белгіленген өзге жағдайлардан басқа жағдайларда, оларды қабылдау сәтінде жүзеге асырылады.

159. Пошта байланысының көрсетілетін қызметтері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен қолма-қол ақша немесе қолма-қол ақшасыз есеп айырысу арқылы төленеді. Пошта төлемінің белгілері, оның ішінде пошта төлемінің мемлекеттік белгілері жазбаша хат-хабарды жіберу, оның ішінде шетелге жолдау ақысы төленген фактіні растайды.

160. Құндылығы жарияланған жөнелтілім үшін пошта байланысы қызметтерінің төлеміне салмағына қарай жіберу және жөнелтілімнің құндылығын жариялау ақысы кіреді.

Құндылығы жарияланған халықаралық сәлемдемелер үшін пошта байланысы қызметтерінің төлеміне салмағына қарай жіберу үшін салмақ алымы, құндылығын жариялау және экспедициялық алым кіреді.

161. Пошта байланысы қызметтерінің төлемақы мөлшерін де пошта операторы пошта жөнелтілімдерін жіберу тәсілін (әуе немесе жерүсті жолымен) қолданатын жөнелтушінің мәртебесіне (жеке немесе заңды тұлға) қарай (пошта саласындағы уәкілетті орган бекітетін пошта байланысының әмбебап көрсетілетін қызметтеріне арналған тарифтерден басқа) анықтайды.

162. Қолданыстағы тарифтерге сәйкес осал, қомақты, ірі габаритті сәлемдемелерді, сондай-ақ «Абайлаңыз» - «Осторожно» белгісі бар сәлемдемелерді жіберу үшін қосымша ақы алынады.

163. Жеке тұлғалардан қабылданған төленбеген немесе толық төленбеген ішкі жай хаттар, пошта карточкалары және бандерольдер межелі пунктіне дейін жіберіледі, бірақ ондай пошта жөнелтілімдерін адресат қосымша төленетін пошта жөнелтілімдеріне арналған тариф сомасына дейін қосымша төленгеннен кейін береді. Мұндай жөнелтілімдер қайтарылған жағдайда, төлем жөнелтушіден өндіріліп алынады.

164. Заңды тұлғалардың төленбеген немесе жартылай төленген пошта жөнелтілімдері маркаға белгі соғып өңдеудің бірінші кезеңінде жөнелтушіге қайтарылады.

165. Қосымша төленетін пошта жөнелтілімдерінде жөнелтушінің мекенжайы болмаған немесе адресат оларды алудан бас тартқан кезде, мұндай пошта жөнелтілімдері таратылмағандар қатарына өткізіледі.

166. Заңды және жеке тұлғалар пошта жәшіктеріне салған, төленбеген немесе жартылай төленген халықаралық хаттар, карточкалар және бандерольдер толық төленуі үшін маркаларына белгі соғылмай жөнелтушілерге қайтарылады.

167. Тағайындалған оператор халықаралық жазбаша хат-хабар төлемі ретінде купон сатқан шетелдік пошта әкімшілігінің пошта штемпелінің бедері басылған халықаралық қайтарым купонын қабылдайды.

168. Ұлттық пошта операторы құны ДПО Актілерімен белгіленетін халықаралық қайтарым купондарын сатады.

169. Халықаралық қайтарым купондары Тағайындалған оператордың өндірістік объектісінде әуе көлігімен жіберілетін, салмағы жиырма грамға дейінгі бір тіркелмейтін халықаралық хатты төлеу тарифі есебінен Қазақстан Республикасының пошта маркаларына алмастырылады.

2-параграф. Пошта төлемінің белгілері

170. Ішкі және халықаралық жазба хат-хабарды жіберу ақысы пошта операторының пошта төлемінің белгілерімен және Ұлттық пошта операторының пошта төлемінің мемлекеттік белгілерімен расталады.

Пошта жөнелтілімінде пошта төлемінің белгілері болмаған немесе белгіленген тариф жартылай төленген кезде, пошта операторы мұндай пошта жөнелтілімін жөнелтушіге қайтарады.

171. Пошта операторы пошта саласындағы уәкілетті органмен келісілген пошта байланысының белгілерін пайдаланады. Пошта байланысы қызметтеріне ақы төленгенін растайтын, жазбаша хат-хабар жөнелтілімдеріне пошта операторы желімдейтін пошта төлемінің белгілері ретінде пошта маркалары, блоктары, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, электрондық және өзге де белгілер қолданылады.

172. Ластанған, бүлінген, пайдаланылған (белгі соғылған), айналымнан алынған пошта төлемінің белгілері, сондай-ақ басқа мемлекеттердің пошта төлемінің белгілері пошта байланысының көрсетілетін қызметтерін төлеу үшін қабылданбайды.

173. [illegible]

(Соңы 15-бетте)

(Соңы. Басы 13-14-беттерде)

қолданылады. Пошта операторының қызметтерін пайдаланушы пошта төлемінің белгілерін пошта операторынан сатып алған жағдайда пошта операторына пошта жөнелтілімін оған тиесілі пошта жәшігі немесе операциялық терезе арқылы тапсыруға міндетті.

Пошта жәшігінен басқа пошта операторының пошта төлемінің белгілері жасалған пошта жөнелтілімін алған кезде, пошта жөнелтілімі пошта жөнелтілімін алуды жүзеге асырған пошта операторы пошта жөнелтілімінде көрсетілген мекенжай бойынша пошта операторының қызметтерін пайдаланушыға кері қайтаратын болады.

174. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерін пошта байланысы саласындағы уәкілетті орган бекітетін түрлері мен көлеміне сәйкес шығаруды, сондай-ақ оларды өткізуді Ұлттық пошта операторы жүзеге асырады.

175. Пошта төлемінің мемлекеттік белгілері ретінде пошта маркілері мен блоктары, маркалы конверттер және (немесе) пошта карточкалары, франкирлеу машиналарының бедерлері, пошта саласындағы уәкілетті орган айналымға енгізетін Ұлттық пошта операторының қызметтеріне ақы төленгенін растайтын электрондық және өзге де белгілер қолданылады.

Пошта төлемінің мемлекеттік белгілерінде мемлекеттің атауы («Қазақстан» және латын транслитерациясымен «Kazakhstan»), сондай-ақ тақырыптың, суреттің атауы мемлекеттік тілде жазылады, төлем сомасы (номиналы) араб цифрларымен немесе латын әріптерімен басылады, шығарылған жылы (немесе тіркеу нөмірі) көрсетіледі.

176. Өткізілген пошта төлемінің белгілері, оның ішінде пошта төлемінің мемлекеттік белгілері кері қабылданбайды және айырбасталмайды.

3-параграф. Франкирлеу машиналары

177. Ішкі және халықаралық тіркелмейтін және тапсырысты пошта жөнелтілімдері франкирлеу машиналарының бедерін оларға қою арқылы төленеді.

Франкирлеу машиналарын пошта операторының қызметтерін пайдаланушы болып табылатын заңды тұлғалар пошта операторында тіркей және оларды пайдалануға шарт жасаса отырып қолданады.

178. Франкирлеу машинасы клишесінің бедері қызыл түсті болады, онда:

1) пошта операторының ішкі құжаттарында көрсетілген тиісті жазбалары бар пошта маркасының шартты белгісі;

2) пошта штемпелінің бедері;

3) жөнелтушінің мекенжайы болады.

179. Хатқа франкирлеу машинасы клишесінің бедерін басу мүмкін болмаған жағдайда, франкирлеу машинасы клишесінің бедері басылған қағаз кесінділер жапсырылады.

180. Франкирлеу машинасының пайдалану мерзімі аяқталған, басқа заңды тұлғаға берілген (сатылған) жағдайда, машина клишесі пошта операторының тиісті бөлімшесіне жою үшін еркін нысанда жасалған акті бойынша берілуі тиіс.

4-параграф. Өзге де ережелер

181. «Үкіметтік» - «Правительственное» қосымша жазбасы (белгісі) бар пошта жөнелтілімдері Қазақстан Республикасының мына лауазымды тұлғаларынан қабылданады:

1) Қазақстан Республикасының Президенті;

2) Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі;

3) Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы және төрағасының орынбасары;

4) Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің төрағасы және төрағасының орынбасары;

5) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы;

6) Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Басшысы;

7) Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің төрағасы және төрағасының орынбасары;

8) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы және төрағасының орынбасары;

9) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің төрағасы;

10) Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының төрағасы;

11) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасарлары;

12) Қазақстан Республикасы Бас прокуроры және Бас прокурорының орынбасары;

13) Қазақстан Республикасының Президентіне есеп беруші органдардың басшылары;

14) Қазақстан Республикасының министрлері, орталық атқарушы органдардың ведомство басшылары;

15) Қазақстан Республикасы Парламенті Комитеттерінің төрағалары;

16) Астана және Алматы қалаларының, Қазақстан Республикасы облыстарының әкімдері.

«Үкіметтік» - «Правительственное» разрядындағы пошта жөнелтілімдері бірінші кезекте өңделеді және жеткізіледі.

182. Адресатқа тапсырысты хат немесе бандерольді, құндылығы жарияланған пошта жөнелтілімі, жеделдетілген және курьерлік пошта жөнелтілімі және пошталық ақша аударымы табыс етілетін сәтке дейін жөнелтуші түбіртекті қоса бере отырып, өз тілегін жазбаша түрде жазып, пошта операторы белгілеген қосымша ақыға:

1) өзінің пошта жөнелтілімін және пошталық ақша аударымын қайтару туралы өкім ете;

2) пошта жөнелтілімін, пошталық ақша аударымын басқа тұлғаға және басқа мекенжай бойынша табыс ету немесе оны сол адамға, бірақ басқа мекенжай бойынша жеткізу туралы өкім ете;

3) межелі жердегі пошта операторының өндірістік объектісінде пошта жөнелтілімінің, пошталық ақша аударымының сақталу мерзімін келіп түскен күннен бастап алпыс күнтізбелік күнге дейін ұзарта;

4) жөнелтілімді қайтарудан бас тарта алады.

183. Халықаралық пошта жөнелтілімін жөнелтуші пошта операторы арқылы өзі жіберген пошта жөнелтілімін қайтару немесе мекенжайын өзгерту туралы өкім ете алады.

Жөнелтуші халықаралық сәлемдеме адресатқа тапсырылмаған жағдайда не істеу керектігі туралы оны жіберген кезде өкім жасай алады, бұл туралы ілеспе мекенжай қағазының бет жағына белгі жасалады.

184. Тіркелмейтін хаттар мен бандерольдер белгіленген жеріне жіберілетін сәтке дейін жазбаша өтініші бойынша жөнелтушіге қайтарылып беріледі, бұл ретте қайтарғаны үшін ақы алынбайды, пошта төлемінің мемлекеттік белгілерімен төленген сома қайтарылмайды.

Жөнелтілімдерді қабылдап алған өндірістік объектіден әлі жіберілмеген тіркелетін пошта жөнелтілімін пошта операторына түбіртектің түпнұсқасын (топтамалы пошта жөнелтілімдері кезінде - тізімін де) қайтарып бере отырып, жөнелтуші жазбаша өтініші бойынша кері алуына болады.

Жөнелтушіге пошта төлемінің мемлекеттік белгілері мен қосымша көрсетілген қызметтер ақысынан басқа, төленген сомасы қайтарылып беріледі.

185. Адресат қосымша төлемге мынадай жазбаша:

1) өндірістік объектіде өз атына келген пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын түскен күннен бастап алпыс күнтізбелік күн ішінде сақтау туралы;

2) өз атына келген пошта жөнелтілімдерін және пошталық ақша аударымдарын басқа мекенжайға жіберу немесе жеткізу туралы;

3) үйге жеткізіп берілетін болса, өз атына «Талап етілгенге дейін» деп келген пошта жөнелтілімдерін үйге жеткізу туралы;

4) жеткізілмеген жөнелтілімдерді қайтарудан бас тартуы туралы өкім ете алады.

Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 1-қосымша
Нысан

Пошталық ақша аударымы бланкісі

Пошталық ақша аударымын қабылдауға (беруге) арналған бланк/Бланк на прием (выдачу) почтового перевода денег

Операцияның коды және код атауы/Код и наименование кода операции ____________
Пошталық ақша аударымының нөмірі/
Номер почтового перевода денег ____________
Аударым референсі/Референс перевода ____________
Тіркелетін пошта жөнелтілімінің ШПИ/
ШПИ регистрируемого почтового отправления ____________
Сомасы (сандармен және жазбаша)/Сумма (цифрами и прописью): ____________
Комиссия (сандармен және жазбаша)/Комиссия (цифрами и прописью): ____________
Жиыны (сандармен және жазбаша)/Итого (цифрами и прописью): ____________
Жіберуші/Отправитель
ТАӘ/Атауы /ФИО/Наименование ____________
ЖСК/ИИК ____________
ЖСН/БСН/ИИН/БИН ____________
АЖК/Код ____________
Мекенжайы/Адрес ____________
Пошта индексі/Почтовый индекс ____________
Телефон нөмірі/Номер телефона ____________
Құжат типі/Тип документа ____________
Құжат нөмірі/Номер документа ____________
Құжат сериясы/Серия документа ____________
Құжаттың берілген күні/Дата выдачи документа ____________
Құжатты берген орган/Орган выдачи документа ____________
Алушы/Получатель
ТАӘ/Атауы/ФИО/Наименование ____________
Мекенжайы/Адрес ____________
Пошта индексі/Почтовый индекс ____________
Телефон нөмірі/Номер телефона ____________
Сенімхат арқылы/По доверенности: ____________
Сенімхат нөмірі/Номер доверенности: ____________
Сенімхаттың берілген күні/Дата доверенности: ____________
Сенімхат мерзімі/Срок доверенности: ____________
ТАӘ/Атауы/ФИО/Наименование: ____________
ЖСК/ИИК ____________
ЖСН/БСН/ИИН/БИН ____________
Банктің атауы/Наименование Банка ____________
Банктің БСК/БИК Банка ____________
БеК/Кбе
Құжат типі/Тип документа ____________
Құжат нөмірі/Номер документа ____________
Құжат сериясы/Серия документа ____________
Құжаттың берілген күні/Дата выдачи документа ____________
Құжатты берген орган/Орган выдачи документа ____________

Аударымның мақсаты/Цель перевода Безвозмездный перевод
ТТК/КНП ____________
Пошталық ақша аударымын тағайындау/
Назначение почтового перевода денег ____________
Қосымша қызметтер/Дополнительные услуги: ____________
Жазбаша хабар/Письменное сообщение ____________
Хабарландырудың түрі/Вид уведомления ____________

Осы арқылы мен жасайтын операция террористік немесе экстремистік қызметті қаржыландыруға және терроризм не экстремизмге өзге де жәрдемдесуге, кәсіпкерлік қызметпен, тіркеу куәлігін, хабарландыру туралы куәлікті, келісімшарттың есептік нөмірін талап ететін валюталық операцияларды жүзеге асыруға байланысты емес екендігін растаймын. Мен жасайтын операция туралы ақпаратты құқық қорғау органдарына және Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне олардың талап етуі бойынша беруге операторға рұқсатымды беремін.

«Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес операторға маған қызметтер көрсету кезінде менің дербес деректерімді қоса алғанда, мен туралы кез келген ақпаратты барлық дереккөзден жинауына және оларды өңдеуіне сөзсіз келісімімді беремін.

Деректердің дұрыстығын растаймын.

Настоящим подтверждаю, что совершаемая мною операция не связана с финансированием террористической или экстремистской деятельности и иным пособничеством терроризму либо экстремизму, предпринимательской деятельностью, осуществлением валютных операций, требующих регистрационного свидетельства, свидетельства об уведомлении, учетного номера контракта. Разрешаю оператору предоставить информацию о совершаемой мною операции в правоохранительные органы и Национальный Банк Республики Казахстан по их требованию.

В соответствии с Законом Республики Казахстан «О персональных данных и их защите» даю оператору безусловное согласие на сбор из всех источников и обработку любой информации обо мне, включая мои персональные данные, при оказании мне услуг.

Подтверждаю корректность данных.

Жіберушінің (алушының) қолы/ Подпись отправителя (получателя) ____________
Жіберушінің (алушының) ТАӘ/
ФИО отправителя (получателя): ____________
(жазбаша/прописью)
Аударымды қабылдаған (берген) оператордың ____________ ТАӘ және қолы/
Ф.И.О. и подпись оператора, принявшего (выдавшего) перевод: ____________
Қабылданған (берілген) күні мен уақыты/Дата, время приема (выдачи) ____________
ОПШ/ПМБ
Аударымды қабылдаған (берген) өндірістік объектінің коды, атауы/
Код, наименование производственного объекта принявшего (выдавшего) перевод: ____________

Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 2-қосымша

Халықаралық пошта жөнелтілімдерінің өлшемдері мен шекті массасы

Р/с №	Жөнелтілім түрі	Шекті массасы (грамм және килограмм)	Буып-түйілген күйдегі өлшемдері
1	2	3	4
1.	Пошта карточкасы	-	Ең кіші өлшемі: 90х140 мм; Ең үлкен өлшемі: 120х235 мм
2.	Кіші пішімді хат	Ең көп салмағы: 100 гр.	Ең кіші өлшемі: 90х140 мм; Ең үлкен өлшемі:165х245 мм. Ең үлкен қалыңдығы: 5 мм.
3	Үлкен пішімді хат	Ең көп салмағы: 500 гр.	Ең кіші өлшемі: 90х140 мм; Ең үлкен өлшемі: 305х381 мм. Ең үлкен қалыңдығы: 20 мм.
4.	Зағиптарға арналған басылымдар (секограммалар) салынған бандероль	5 кг 7 кг	Ең үлкен өлшемі: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) қосындысы 90 см-ден аспауы тиіс; ең үлкен өлшемі 60 см. Рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы - 104 см-ден аспайды; ең үлкен өлшемі - 90 см. Ең кіші өлшемі: 14х9 см, рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы - 17 см. Ең ұзын өлшемі - 10 см-ден аспайды.
5.	Ұсақ пакет	2 кг	Ең үлкен өлшемі: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) қосындысы - 90 см-ден аспауы тиіс; ең үлкен өлшемі 60 см. Рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы - 104 см-ден аспайды. Ең ұзын өлшемі - 90 см. Ең кіші өлшемі: 14х9 см, рулон үшін ұзындығы мен екі еселенген диаметрінің қосындысы - 17 см. Ең ұзын өлшемі - 10 см-ден аспайды.
6.	Бір мекенжайға және бір адресатқа арналған баспа басылымдары салынған арнайы қап («М» қабы)	30 кг	
7.	Сәлемдеме	20 кг	- өлшемдерінің бірінің ұзындығы 1,50 метр немесе ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 3 метрден аспауы тиіс. - өлшемдерінің бірінің ұзындығы 1,50 метр немесе ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 2 м-ден аспауы тиіс.
8.	Жеделдетілген пошта байланысының пакеті	2 кг	Ең кіші өлшемі: 165х220 мм Ең үлкен өлшемі: 395х475 мм
9.	Жеделдетілген пошта байланысының сәлемдемесі	30 кг	Ең үлкен өлшемі: өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см-ден немесе ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс.
10.	Топтастырылған «Консигнация» жөнелтілімдері	31,5 кг	Ең үлкен өлшемі: өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см-ден немесе ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс.

Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 3-қосымша
Нысан

Пошта жөнелтілімінің бланкісі

Мекенжай жазба белгісі/Адресный ярлык			
Кімнен	____________	жарияланған құндылық сомасы	
От кого		сумма объявленной ценности	
Мобильді телефон нөмірі Номер мобильного телефона	____________	үстеме төлем сомасы сумма наложенного платежа	
Қайдан	____________		
Откуда	____________		
индекс			пошталық тіркеу нөмірі № номер почтовой регистрации №
Табыс етілмеген жағдайда жөнелтушінің өкімі:			
Распоряжение отправителя в случае невыдачи:			
	бірінші жеткізуден кейін жөнелтушіге қайтарылсын		
	возвратить отправителю после первой доставки		
	сақтау мерзімі өткеннен соң жөнелтушіге қайтарылсын		
	возвратить отправителю по истечении срока хранения	**Кімге**	____________
	қайтарылмасын/ не возвращать	**Кому**	____________
Жіберуге тыйым салынған салымдар жоқ **Запрещенных к пересылке вложений нет**		Мобильді телефон нөмірі Номер мобильного телефона	____________
Жеке куәліктің нөмірі/номер удостоверения личности:		**Қайда**	____________
		Куда	____________
Жөнелтушінің қолы/подпись отправителя:			
Дербес деректерімді жинауға және өндеуге келісемін		индекс	
На сбор и обработку персональных данных согласен			
Табыс етілмеу себебі/причина невручения:			адресаттың болмауы /отсутствие адресата
	сақтау мерзімі өткендіктен/по истечению срока хранения		мекенжайды дұрыс көрсетпеу/неправильное указание адреса
	жөнелтушінің өтініші бойынша /по заявлению отправителя		басқа да/другое
	адресаттың алудан бас тартуы /отказ адресата от получения		оператордың қолы/подпись оператора

Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 4-қосымша

Ішкі пошта жөнелтілімдерінің өлшемдері мен шекті массасы

Р/с №	Жөнелтілім түрі	Шекті массасы (грамм және килограмм)	Буып-түйілген күйдегі өлшемдері
1	2	3	4
1.	Пошта карточкасы	-	105х148 мм
2.	Хат	250 гр	Ең үлкен өлшемі: 110х220 мм Ең үлкен өлшемі: 229 х324 мм
3.	Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының пакеті	2000 гр	Ең үлкен өлшемі: 229х324 мм Ең үлкен өлшемі: 395х475 мм
4.	Бандероль Мына бандерольдерді қоспағанда:	2000 гр	Ең үлкен өлшемі: үш өлшемнің (ұзындығы, ені, биіктігі) бірінің ең үлкен шамасы - 35 см. Үш өлшемнің қосындысы 65 см-ден аспауы тиіс. Түтікше тәрізді етіп оралған бандероль үшін - ұзындығы 70 см, диаметрі 15 см. Түтікше тәрізді етіп оралған бандероль салымын (карталар, схемалар және т.б.) бүктеуге болмайтын болса, 150 см-ге дейінгілер қабылданады. Ең кіші өлшемі: (қалыңдығы кез келген аз мөлшерде болғанда) бір өлшемі - 10 см, басқа өлшемі - 5 см-ден кем емес, ал түтікше тәрізді етіп оралған болса, ұзындығы - 10 см, диаметрі - 5 см.
	а) тұқым салынған	1 кг	
	б) бір кітап салынған	3кг	
	в) зағиптар үшін шығыңқы әріптері бар қағаздар мен кітаптар салынған	5 кг 100 г дейін шекті массадан асуы рұқсат етіледі.	
5.	Сәлемдеме	14 кг	Ең үлкен өлшемі: 80х80х50 см. Ең кіші өлшемі (бал аралары салынған сәлемдемелерден басқа) бір өлшемі - 10 см, қалған өлшемдерінің әрқайсысы 5 см-ден кем емес. Әуе кемесімен жіберілетін бал арасы салынған сәлемдемелердің бір жағының ұзындығы кемінде 30 см болады.
6.	Тікелей пошта контейнерлері	500 кг	
7.	Жеделдетілген және курьерлік пошта байланысының сәлемдемесі	14	Ең үлкен өлшемі: өлшемдерінің бірінің ұзындығы 150 см және ұзындықтарының қосындысы және ұзындығынан басқа бағыттағы шеңберінің ең үлкен ұзындығы 300 см-ден аспауы тиіс.

Ескертпе:

Стандартты хаттардың өлшемдері мен массасы: 114х162х5 мм,110х220х5 мм, 162х229 мм және массасы 20 гр-ға дейін.

Ұсақ сәлемдемелердің массасы: 3 кг-ға дейінгі, ең ұзын жағы 35 см-ден аспайтын, ал үш өлшемінің қосындысы 65 см-ден аспайтын сәлемдемелер.

Ірі габаритті сәлемдемелер: сәлемдемелердің бір жағы 80х80х50 см-ден асады. Ең үлкен өлшемі: 230х180х110 см.

Ірі габаритті сәлемдемелерді қабылдау оларды пошта операторының бөлінген өндірістік объектілері арқылы тапсыру және алу шартымен ғана жүргізіледі.

Пошта байланысы қызметтерін ұсыну қағидаларына 5-қосымша
Нысан

ҚОЛХАТ

Мен, ____________ мекенжай бойынша тұратын, азамат (азаматша) ____________
сотталған ____________ жіберілетін
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
____
(сәлемдемеде, бандерольде деп көрсету)

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан адамдардың атына жіберілетін ішкі пошта жөнелтілімдерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген), сотталғандардың өздерінде болуға, пошта жөнелтілімдерімен алуға рұқсат етілетін заттар мен нәрселердің тізбесінде көрсетілген заттар мен нәрселер салынды деп осы қолхатты беремін.

Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде бас бостандығынан айырылып жазасын өтеп жатқан адамдардың атына жіберілетін ішкі пошта жөнелтілімдерде Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17 қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген) көрсетілмеген заттарды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне жеткізуге әрекеттену үшін қылмыстық және әкімшілік жауапкершілік туралы таныстым.

____
(тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
(анық жазу), қолы)

____
(күні)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 27 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14370 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 ақпан №15 Астана қаласы

Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы

«Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 9 - бабының 5) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде электрондық және қағаз данасын баспа басылымдарында ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі
Н.ЕРМЕКБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
____________ Д. Абаев
2017 жылғы 2 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
____________ А. Мырзахметов
2017 жылғы 6 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
____________ Е. Сағадиев
2017 жылғы 28 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
____________ Е. Біртанов
2017 жылғы 7 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі
____________ Т. Дүйсенова
2017 жылғы 10 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
____________ Ж. Қасымбек
2017 жылғы 13 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
____________ Б. Сұлтанов
2017 жылғы 17 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі
____________ С. Жасұзақов
2017 жылғы 16 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
____________ Б. Атамқұлов
2017 жылғы 27 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
____________ А. Мұхамедиұлы
2017 жылғы 24 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
____________ Қ. Әбдірахманов
2017 жылғы 28 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
____________ Т. Сүлейменов
2017 жылғы «___» ________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
____________ Қ. Қасымов
2017 жылғы 24 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
____________ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 23 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы
____________ М. Құсайынов
2017 жылғы 15 наурыз

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрінің
2017 жылғы 22 ақпандағы №15 бұйрығымен бекітілді

Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асырудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуының мониторингін жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

2. Мониторинг мақсаты – ақпаратты жинақтау негізінде волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуына талдау жүргізу, жалпы үрдістерді анықтау және волонтерлік қызметті дамыту бойынша ұсынымдар әзірлеу.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) волонтерлік акция – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы орындайтын нақты әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндетті шешуге бағытталған іс-шара;

2) волонтерлік бағдарлама (жоба) – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы орындайтын іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер көрсетіле отырып, әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге бағытталған жүйелі шаралар кешені;

3) волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың мониторингі (бұдан әрі – мониторинг) – волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың іске асырылуы туралы ақпаратты талдау және жинақтау процесі;

4) волонтерлік қызмет субъектілері – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес волонтерлік қызметті жүзеге асыратын (волонтерлер, волонтерлер тобы, волонтерлік ұйымдар, волонтерлік қызметті үйлестірушілер) жеке және заңды тұлғалар.

4. Осы Қағидаларды іске асыру мақсатында Заңның 8-бабының 1) тармағының 6) тармақшасына сәйкес мониторинг орталық атқарушы органдармен жүзеге асырылады.

2-тарау. Волонтерлік бағдарламаларды (жобаларды) және волонтерлік акцияларды іске асыру мониторингін жүзеге асыру тәртібі

5. Мониторинг бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған, мемлекеттік органдардың, үкіметтік емес, соның ішінде волонтерлік ұйымдардың интернет-ресурстарында орналастырылған ақпарат, бақылаулар және әлеуметтік зерттеулер деректері, волонтерлік қызмет субъектілері туралы деректер негізінде жүргізіледі.

6. Мониторинг келесі кезеңдерден тұрады:

1) волонтерлік қызмет субъектілерімен өткізілетін волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және волонтерлік акциялар туралы (атауы, күні, уақыты және өткізілетін жері);

волонтерлік қызметті ұйымдастырушылар туралы (орталық және жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару, волонтерлерді жеке немесе волонтерлік ұйымдар арқылы тартатын жеке тұлғалар) туралы;

волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік акциялардың жоспарланған мақсаттардың, міндеттердің күтілетін нәтижелеріне сәйкестігі туралы;

волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және волонтерлік акциялар бағытталған адрестік топтардың атауы және саны туралы ақпарат жинақтау;

2) мониторинг қорытындылары бойынша ақпаратты өңдеу және талдау;

3) жүргізілген талдау негізінде есептік ақпарат әзірлеу. Есептік ақпарат келесі құрам бойынша әзірленеді:

волонтерлік қызметтің қазіргі жағдайын баяндау;

оң тәжірибені сипаттау;

туындаған мәселелерді баяндау;

волонтерлік қызметті ұйымдастыруға бағытталған азаматтық бастамаларды дамыту және қолдау бойынша ұсыныстар беру;

волонтерлік қызметтің ролін арттыруға бағытталған шаралар әзірлеу және қабылдау бойынша ұсыныстар беру;

мәселелерді шешу жолдары бойынша ұсыныстар беру.

7. Орталық атқарушы органдар жүргізілген мониторинг нәтижелері бойынша ақпаратты волонтерлік қызмет саласындағы уәкілетті органға жарты жылда 1 рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне ұсынады.

8. Волонтерлік қызмет саласында уәкілетті орган мониторинг нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасындағы волонтерлік қызмет туралы қорытынды ақпаратты дайындайды және Қазақстан Республикасы Үкіметіне жарты жылда 1 рет есепті кезеңнен кейінгі айдың 25 күніне енгізеді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №15100 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДІН ІСТЕРІ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2017 жылғы 22 ақпан №16 Астана қаласы

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларды бекіту туралы

«Волонтерлік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Заңының 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Азаматтық қоғам істері комитетіне заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде электрондық және қағаз данасын баспа басылымдарында ресми жариялау үшін және Қазақстан Республикасы нормативті құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Дін істері және азаматтық қоғам министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрі
Н.ЕРМЕКБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
____________ Д. Абаев
2017 жылғы 2 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
____________ А. Мырзахметов
2017 жылғы 6 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі
____________ Е. Сағадиев
2017 жылғы 28 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі
____________ Е. Біртанов
2017 жылғы 7 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі
____________ Т. Дүйсенова
2017 жылғы 10 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
____________ Ж. Қасымбек
2017 жылғы 13 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
____________ Б. Сұлтанов
2017 жылғы 17 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі

____________ С. Жасұзақов
2017 жылғы 16 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрі
____________ Б. Атамқұлов
2017 жылғы 27 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі
____________ А. Мұхамедиұлы
2017 жылғы 24 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі
____________ Қ. Әбдірахманов
2017 жылғы 28 наурыз

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
____________ Т. Сүлейменов
2017 жылғы «___» ________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
____________ Қ. Қасымов
2017 жылғы 24 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
____________ Қ. Бозымбаев
2017 жылғы 23 ақпан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы
____________ М. Құсайынов
2017 жылғы 15 наурыз

Қазақстан Республикасының Дін істері және азаматтық қоғам министрінің
2017 жылғы 22 ақпандағы №16 бұйрығымен бекітілді

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидалар

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2016 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Волонтерлік қызмет туралы» Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабының 3) тармақшасына сәйкес әзірленді және Волонтерлік бағдарламалардың (жобалардың) және волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) волонтер – волонтерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлға;

2) волонтерлер тобы – осы Заңда белгіленген нормалар қолданылатын, волонтерлік қызметті бірлесіп жүзеге асыру мақсатында құрылған жеке тұлғалардың тіркелмеген ерікті қоғамдастығы;

3) волонтерлік акция – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы орындайтын нақты әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндетті шешуге бағытталған іс-шара;

4) волонтерлік бағдарлама (жоба) – волонтерлік ұйым және (немесе) волонтерлер және (немесе) волонтерлер тобы орындайтын іс-шаралар мен күтілетін нәтижелер көрсетіле отырып, әлеуметтік бағыттағы, қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге бағытталған жүйелі шаралар кешені;

5) волонтерлік қызмет субъектілері – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес волонтерлік қызметті жүзеге асыратын (волонтерлер, волонтерлер тобы, волонтерлік ұйымдар, волонтерлік қызметті үйлестірушілер) жеке және заңды тұлғалар.

6) волонтерлік қызметті есепке алу тізілімі (бұдан әрі – деректер тізілімі) – волонтерлер, волонтерлер топтары, волонтерлік ұйымдар, волонтерлік қызметті үйлестірушілер мен ұйымдастырушылар, волонтерлік бағдарламалар (жобалар), волонтерлік акциялар, олардың өткізілу орны мен уақыты, оларды өткізуге қойылатын талаптар туралы мәліметтер қамтылған деректер тізілімі;

7) волонтерлік қызметті ұйымдастырушы – волонтерлерді өзі дербес не волонтерлік ұйымдар арқылы тартатын орталық және жергілікті атқарушы органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, өзге де ұйымдар, сондай-ақ жеке тұлғалар;

8) волонтерлік ұйым – Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес құрылған және волонтерлік қызметті жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым (діни бірлестіктерді, тұтыну кооперативтерін, сондай-ақ саяси партиялар немесе кәсіптік одақтар нысанындағы қоғамдық бірлестіктерді қоспағанда);

2-тарау. Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу тәртібі

3. Орталық атқарушы органдар волонтерлік қызмет туралы деректер қалыптастыру мақсатында волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін (бұдан әрі – деректер тізілімі) жүргізеді. Деректер тізілімі орталық атқарушы органдармен өз өкілеттілігі шегінде олардың интернет-ресурстарында волонтерлік қызмет субъектілері, волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және волонтерлік акциялар туралы осы Қағидалардың 1 қосымшасына сәйкес деректер енгізу арқылы қалыптастырылады.

4. Деректер тізілімін жүргізуге жауапты қызметкер орталық атқарушы органның басшылығымен анықталады. Жауапты қызметкер туралы ақпарат (тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), байланыс деректері, электронды адресі) орталық атқарушы органның интернет-ресурсында орналастырылады.

5. Деректер тізіліміне ақпарат енгізу үшін волонтерлік қызмет субъектілері қызмет бағытына байланысты сәйкесінше орталық атқарушы органдарға өз еркімен волонтерлік қызмет субъектілері туралы (осы Қағидалардың 2, 3, 4, 5 және 6 қосымшаларына сәйкес), волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және волонтерлік акциялар туралы (осы Қағидалардың 7 және 8 қосымшаларына сәйкес) ақпарат ұсынады.

6. Волонтерлік қызметті есепке алу хабарлау сипатында болады.

7. Орталық атқарушы органның жауапты қызметкері электронды поштамен волонтерлік қызмет субъектілері, волонтерлік бағдарламалар (жобалар) және волонтерлік акциялар туралы ақпараттарды алған кезде ақпарат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде деректер тізіліміне енгізеді.

8. Деректер өзгерген жағдайда волонтерлік қызмет субъектілері орталық атқарушы органның жауапты қызметкерінің электронды поштасына хабарлау арқылы орталық атқарушы органды хабардар етеді.

9. Орталық атқарушы органның жауапты қызметкері волонтерлік қызмет субъектілерінен өзгерістер туралы ақпарат келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде деректер тізіліміне өзгерістерді енгізеді.

10. Волонтерлік қызмет субъектілері волонтерлік қызметті тоқтатқан жағдайда деректер тізілімінен шығару үшін орталық атқарушы органды хабардар етеді.

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
1 қосымша
Үлгі

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімі

№	Волонтерлік қызмет субъектілерінің атауы	Байланыс ақпараты, web-сайт (болған жағдайда)	Волонтерлік бағдарламаның (жобаның)/ волонтерлік акцияның атауы	Волонтерлік бағдарламаның (жобаның)/ волонтерлік акцияның мақсаты, негізгі міндеттері және жүзеге асыру әдістері	Волонтерлік бағдарламаның (жобаның)/ волонтерлік акцияның мақсатты тобы	Күтілетін нәтижелер	Волонтерлік бағдарламаның (жобаның)/ волонтерлік акцияның өткізілу орны және уақыты	Волонтерлік бағдарламаның (жобаның)/ волонтерлік акцияны өткізу талаптары
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
2 қосымша
Үлгі

Волонтер сауалнамасы

Өзіңіз туралы мәлімет	
Фамилиясы	
Аты-жөні	
Тегі (болған жағдайда)	
Волонтерлік қызметтегі тәжірибесі	
Байланыстың қай түрі Сізге ыңғайлы:	
Телефон	Email
Волонтерлік қызметті іске асыру бойынша ақпарат:	
Қазіргі уақытта Сіздің қатысып жүрген негізгі қызмет түрлерін көрсетіңіз:	
1) әлеуметтік қызмет көрсетуге, әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарға, өмірлік қиын жағдайға қалған балаларға көмек көрсетуге қатысу	
2) қарттар, мүгедектер, мүгедектер үшін қол жетімді ортаны ұйымдастыру, әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интеграциялау мен тәрбиелеуге ықпал ету	
3) төтенше апаттардан, экологиялық, техногенді және өзге де шиеленістерден зардап шеккен, әлеуметтік шиеленістер, бақытсыз жағдайлардан, құқық бұзушылық құрбандары, босқындар мен амалсыз қоныс аударушылар, сондай-ақ сырттан көмек пен қолдауға мәжбүр азаматтардың өзге түрлері мен топтарына көмек көрсетуге қатысу	
4) орталық және жергілікті атқарушы органдарына төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жоюға ықпал етуге қатысу	
5) хабарсыз кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысы мен оқшау соғыстарға қатысушылардың сүйектерін іздеуге қатысу	
6) қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды абаттандыруға қатысу	
7) тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени мекендеу ортасын қалпына келтіру мен сақтау үшін мүмкіндіктер жасауға қатысу	
8) білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді танымал етуге, инновацияларды дамытуға қатысу	
9) дене шынықтыруды, спорт пен белсенді демалысты дамыту мен танымал етуге, өңірлік, өңіраралық, республикалық қоғамдық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу	
10) саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу	
11) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, волонтерлік лагерьлер қызметін қоса алғанда, өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, археологиялық қазбаларға, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіруге, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, конгресс-көрме қызметіне қатысу	
12) халықтар арасындағы татулықты, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, этносаралық, діни шиеленістерді болғызбауға қатысу	
13) волонтерлік қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түрлері болып табылады	
Волонтер ретіндегі өз реліңізді қысқаша сипаттап беріңіз	
1) Өз саласындағы кәсіби маман 2) Басшы/көшбасшы 3) Менеджер 4) Жаттықтырушы/оқытушы 5) Логистик 6) Хатшы	
Сіздің қолжетімділігіңіз	
Қай уақытты Сізге волонтер қызметін атқарған ыңғайлы?	1) еңбек демалысы/демалыс уақытында 2) мейрам күндері 3) жазғы уақытта 4) басқа уақытта
Түсініктемелер	

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
3 қосымша
Үлгі

Волонтерлік топтың сауалнамасы

Волонтерлік топ туралы мәлімет	
Волонтерлік топ басшысының фамилиясы	
Волонтерлік топ басшысының аты	
Волонтерлік топ басшысы әкесінің аты (болған жағдайда)	
Волонтерлік топ басшысының волонтерлік қызметтегі тәжірибесі	
Волонтерлік топ тізімі	
1	
2	
3…	
Байланыстың қай түрі Сізге ыңғайлы:	
Телефон	Email
Волонтерлік қызметті іске асыру бойынша ақпарат:	
Қазіргі уақытта Сіздің қатысып жүрген негізгі қызмет түрлерін көрсетіңіз:	
1) әлеуметтік қызмет көрсетуге, әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарға, өмірлік қиын жағдайға қалған балаларға көмек көрсетуге қатысу	
2) қарттар, мүгедектер, мүгедектер үшін қол жетімді ортаны ұйымдастыру, әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интеграциялау мен тәрбиелеуге ықпал ету	
3) төтенше апаттардан, экологиялық, техногенді және өзге де шиеленістерден зардап шеккен, әлеуметтік шиеленістер, бақытсыз жағдайлардан, құқық бұзушылық құрбандары, босқындар мен амалсыз қоныс аударушылар, сондай-ақ сырттан көмек пен қолдауға мәжбүр азаматтардың өзге түрлері мен топтарына көмек көрсетуге қатысу	
4) орталық және жергілікті атқарушы органдарына төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жоюға ықпал етуге қатысу	
5) хабарсыз кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысы мен оқшау соғыстарға қатысушылардың сүйектерін іздеуге қатысу	
6) қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды абаттандыруға қатысу	
7) тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени мекендеу ортасын қалпына келтіру мен сақтау үшін мүмкіндіктер жасауға қатысу	
8) білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді танымал етуге, инновацияларды дамытуға қатысу	
9) дене шынықтыруды, спорт пен белсенді демалысты дамыту мен танымал етуге, өңірлік, өңіраралық, республикалық қоғамдық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу	
10) саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу	
11) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, волонтерлік лагерьлер қызметін қоса алғанда, өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, археологиялық қазбаларға, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіруге, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, конгресс-көрме қызметіне қатысу	
12) халықтар арасындағы татулықты, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, этносаралық, діни шиеленістерді болғызбауға қатысу	
13) волонтерлік қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түрлері болып табылады	
Түсініктемелер:	

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
4 қосымша
Үлгі

Волонтерлік ұйымның сауалнамасы

Волонтерлік ұйым туралы ақпарат	
Ұйым атауы	
Ұйымның негізгі қызмет түрлері	
Web-сайт (болған жағдайда)	
Ұйым басшысы туралы ақпарат	
Ұйым басшысының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)	
Байланыс ақпараты	
Волонтерлік қызметтегі тәжірибесі	
Ұйымдағы волонтерлер саны	
Түсініктемелер:	

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
5 қосымша
Үлгі

Волонтерлерді үйлестірушінің сауалнамасы

Волонтерлерді үйлестіруші туралы ақпарат	
Тегі	
Аты	
Әкесінің аты (болған жағдайда)	
Волонтерлік қызметтегі жұмыс тәжірибесі	
Волонтерлерді үйлестіруші ролiндегі жұмыс тәжірибесі	
Байланыстың қай түрі Сізге ыңғайлы:	
Телефон	Email
Қазіргі уақытта Сіздің қатысып жүрген негізгі қызмет түрлерін көрсетіңіз:	
1) әлеуметтік қызмет көрсетуге, әлеуметтік қорғалмаған тұрғындарға, өмірлік қиын жағдайға қалған балаларға көмек көрсетуге қатысу	
2) қарттар, мүгедектер, мүгедектер үшін қол жетімді ортаны ұйымдастыру, әлеуметтік бейімдеу бойынша жұмыстарға, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды интеграциялау мен тәрбиелеуге ықпал ету	
3) төтенше апаттардан, экологиялық, техногенді және өзге де шиеленістерден зардап шеккен, әлеуметтік шиеленістер, бақытсыз жағдайлардан, құқық бұзушылық құрбандары, босқындар мен амалсыз қоныс аударушылар, сондай-ақ сырттан көмек пен қолдауға мәжбүр азаматтардың өзге түрлері мен топтарына көмек көрсетуге қатысу	
4) орталық және жергілікті атқарушы органдарына төтенше жағдайлардың алдын алу және салдарын жоюға ықпал етуге қатысу	
5) хабарсыз кеткен адамдарды, Ұлы Отан соғысы мен оқшау соғыстарға қатысушылардың сүйектерін іздеуге қатысу	
6) қоршаған ортаны қорғауға және сақтауға, аумақтарды абаттандыруға қатысу	

(Соңы 16-бетте)

(Соңы. Басы 15-бетте)

7) тарихи және мәдени мұраны сақтау, тарихи-мәдени мекендеу ортасын қалпына келтіру мен сақтау үшін мүмкіндіктер жасауға қатысу	
8) білім беруді, ғылымды, мәдениетті дамытуға, білімді танымал етуге, инновацияларды дамытуға қатысу	
9) дене шынықтыруды, спорт пен белсенді демалысты дамыту мен танымал етуге, өңірлік, өңіраралық, республикалық қоғамдық және халықаралық дене шынықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу	
10) саламатты өмір салтын насихаттау бойынша жұмыс жүргізу, әлеуметтік мәні бар аурулардың таралуына қарсы іс-қимыл жөніндегі профилактикалық жұмысты ұйымдастыру және жүргізу	
11) егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, волонтерлік лагерьлер қызметін қоса алғанда, өңірлік, өңіраралық, республикалық және халықаралық мәдени, бұқаралық және басқа да ойын-сауық және қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуге қатысу, археологиялық қазбаларға, тарихи ғимараттардың қасбеттерін қалпына келтіруге, мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған жазғы сауықтыру лагерьлерінің жұмысына, конгресс-көрме қызметіне қатысу	
12) халықтар арасындағы татулықты, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, этносаралық, діни шиеленістерді болғызбауға қатысу	
13) волонтерлік қызметтің Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де түрлері болып табылады	
Түсініктемелер:	

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
6 қосымша
Үлгі

Волонтерлік қызметті ұйымдастырушының сауалнамасы

Ұйымдастырушы туралы ақпарат (жеке тұлғаларға)
Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Байланыс ақпараты
Ұйымдастырушы туралы ақпарат (заңдық тұлғаларға)
Ұйымның атауы
Ұйымның негізгі қызмет түрлері
Web-сайт (бар болған жағдайда)
Байланыс ақпараты
Ерте іске асырылған бағдарламалардың (жобалардың), акциялардың тәжірибесі туралы қысқаша сипаттау беріңіз (егер болса)
Түсініктемелер:

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
7 қосымша
Үлгі

Волонтерлік бағдарлама (жоба)

Бағдарламаның (жобаның) атауы	
Бағдарламаны (жоба) ұйымдастырушы	
Бағдарлама (жоба) мақсаты	
Негізгі міндеттер	
Бағдарламаны (жобаны) іске асыру бойынша әдістер	
Күтілетін нәтижелер	
Бағдарламаның (жобаның) мақсатты тобы	
Бағдарламаға (жобаға) қатысушылар саны	
Бағдарламаны (жобаны) іске асыру мерзімі	
Волонтерге, волонтерлік топқа, үйлестірушіге ұсынылатын жұмысбастылық	
Түсініктемелер:	

Волонтерлік қызметті есепке алу тізілімін жүргізу жөніндегі үлгілік қағидаларына
8 қосымша
Үлгі

Волонтерлік акция

Акцияның атауы	
Акцияны ұйымдастырушы	
Акция мақсаты	
Негізгі міндеттер	
Күтілетін нәтижелер	
Акцияның мақсатты тобы	
Қатысушы волонтерлер саны	
Акцияны өткізу күні және уақыты	
Акцияны өткізу орны	
Акцияны ұйымдастырушы тарапынан акцияны өткізуге қойылатын талаптар	
Ұзақтылығы/ кезеңділігі	
Волонтерге, волонтерлік топқа, үйлестірушіге ұсынылатын жұмысбастылық	

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №15101 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 2 қараша №470 Астана қаласы

«Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №222 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 2- тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №222 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10889 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларында:

2-тармақтың 18- тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«18) жоғары өрмелеу жұмыстары – жердің, аралық жабынның немесе жұмыс төсемі бетінен 2 м астам биіктікте орындалатын жұмыстар, олардың бетінде монтаждау немесе жөндеу кезінде тікелей конструкциялармен немесе жабдықтармен жұмыстар жүргізіледі. Бұл ретте жұмыс істеушілерді құлап кетуден сақтандыратын негізгі құралдар – сақтандыру арқаны және оны бекіту тәсілі болып табылады;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушы 2015 жылғы 24 ақпандағы №128 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10634 болып тіркелген) бекітілген Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы №175 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10987 болып тіркелген) Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесіне сәйкес зиянды және қауіпті еңбек жағдайында жұмыс істейтін жұмысшылар мен мамандар міндетті медициналық қарап тексеруден өтеді.».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
____________ Ж.Қасымбек
2016 жылғы 11 қараша

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
____________ Қ.Бишімбаев
2016 жылғы 17 қараша

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14536 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 7 қараша №478 Астана қаласы

Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін бекіту туралы

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес **бұйырамын**:

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштері бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛГЕН»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі
Қ. Бишімбаев ____________
2016 жылғы 7 қараша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2016 жылғы 7 қарашадағы №478 бұйрығымен бекітілген

Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың
нысаналы көрсеткіштері

№ р/с	Көрсеткіштердің атауы	Көрсеткіштер
1	2020 жылға дейінгі электр энергиясын өндірудің жалпы көлеміндегі жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын объектілер өндіретін электр энергиясы көлемінің үлесі	3 %
2	2020 жылға дейінгі жаңартылатын энергия көздерін, оның ішінде түрлері бойынша пайдалану объектілерінің жиынтық белгіленген қуаттылығы, оның ішінде:	1700 МВт
1)	Жел электрстанциялары	933 МВт
2)	Күн энергиясының фотоэлектр түрлендіргіштерін пайдаланатын күн электрстанциялары	467 МВт
3)	Гидроэлектр станциялары	290 МВт
4)	Биогаз қондырғылары	10 МВт

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 7 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14489 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 9 қараша №482 Астана қаласы

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы

«Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 6-бабының 10-3) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
Қ.Бишімбаев____________
2016 жылғы 9 қараша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2016 жылғы 9 қарашадағы №482 бұйрығымен бекітілген

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау туралы» 2009 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Заң) 6-бабының 10-3) тармақшасына сәйкес әзірленді және жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) – қалыптастырылатын және уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында орналастырылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізімі.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын өзге де ұғымдар мен анықтамалар Қазақстан Республикасының жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы заңнамасына сәйкес қолданылады.

2-тарау. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесін қалыптастыру тәртібі

3. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым (бұдан әрі – энергия өндіруші ұйым) оны Тізбеге қосу үшін уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

1) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші ұйымды Тізбеге қосуға өтінім;

2) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін салу үшін жер учаскесін беру туралы жергілікті атқарушы орган шешімінің көшірмесін;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жаңа объектіні салуға техникалық-экономикалық негіздемелерге немесе жобалау-сметалық құжаттамаларына ведомстводан тыс кешенді сараптаманың оң қорытындысының көшірмесін;

4) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін электр желілеріне қосуға техникалық шарттың көшірмесін;

5) өтінім берілген электрлік қуаты 5 МВт және одан жоғары «Электр станцияларының қуатын беру схемасының» Жүйелік операторының келісу хатының көшірмесін;

6) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісінің электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесін (бұдан әрі – ЭКЕАЖ) жүйелік оператордың ықпалдастырылған ЭКЕАЖ қосуға техникалық шарттың көшірмесін;

7) энергия өндіруші ұйымның құрылтай құжаттарының көшірмелерін;

8) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін қосу туралы жасалған шарттың көшірмесін ұсынады.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 4 шілдедегі Заңы 2-бабының 2-тармағына сәйкес егер жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі қолданыстағы негізгі генерациялайтын жабдықты ауыстыра отырып, реконструкцияланған болса, онда реконструкцияланатын объектіде пайдалануға берілетін жаңа жабдықтың құны осы объектіні реконструкциялау жұмыстары басталған сәтінде реконструкциялау объектісінің баланстық құны кемінде елу пайыз құрайтынын растайтын аудиторлық ұйым қорытындысының көшірмесі қосымша ұсынылады.

4. Заңның 6-бабы 5) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган бекітетін Жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерін орналастыру жоспарында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының бар болуы энергия өндіруші ұйымды Тізбеге қосу үшін негіз болып табылады.

5. Өтінім беруші осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттардың біреуін ұсынбаған жағдайда, уәкілетті орган олар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қайтару себептерін көрсете отырып, өтінімді қайтарады.

Өтінім беруші уәкілетті органның ескертулерін жойғаннан кейін өтінімді қайта жолдайды.

6. Уәкілетті орган осы Қағидалардың 3-тармағында көрсетілген құжаттар қоса берілген энергия өндіруші ұйымның өтінімін оны алған сәттен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарастырады және оны мақұлдаған жағдайда, энергия өндіруші ұйымды Тізбеге қосады.

7. Уәкілетті орган энергия өндіруші ұйымды Тізбеге қосқан сәттен бастап бес жұмыс күн ішінде ол туралы энергия өндіруші ұйымға және қаржы-есеп айырысу орталығына жазбаша хабарлайды.

8. Тізбе қалыптастырылады және уәкілетті органның интернет-ресурсында орналастырылады.

Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың
тізбесін қалыптастыру қағидаларына қосымша
Нысан

Тізбеге энергия өндіруші ұйымды қосуға өтінім

____
(энергия өндіруші ұйымның толық атауы)

ұйымды жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдардың тізбесіне қосуды сұрайды.

Осы өтінімге жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі бойынша мынадай ақпарат қоса беріледі:

1. Энергия өндіруші ұйым туралы жалпы мәліметтер (атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, орналасқан жері, Қазақстан Республикасындағы пошталық мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы нақты мекенжайы, Қазақстан Республикасындағы байланыс телефоны, электрондық поштаның мекенжайы).

2. Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі (бұдан әрі – Объект) туралы деректер:

1) Объектінің атауы (электр энергиясын өндіру үшін жаңартылатын энергия көздерінің қай түрін пайдаланатындығына байланысты);

2) Объектінің генерациялайтын жабдығының пайдаланылатын жаңартылатын энергия көздерінің түрлері бойынша бөле отырып, белгіленген жиынтық қуаты;

3) Объектіні пайдалануға берудің жоспарланған күні;

4) Объектіні пайдаланудың жоспарланған мерзімі (жылмен);

5) Объектінің қуатын пайдаланудың болжамды коэффициенті;

6) Объектіні пайдалануға қабылдағаннан кейінгі 15 жыл ішінде және Объектіні пайдаланудың жоспарланған барлық мерзімі ішінде өндірілетін электр энергиясының болжамды көлемі;

7) жер учаскесінің кадастрлық нөмірін (болған жағдайда) көрсете отырып, Объектінің орналасқан ауданының мекенжайы, алаң ауданы туралы мәліметтер;

8) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі орналасқан жер учаскесіне өтінім берушінің күні, пайдалану немесе жекеменшік құқығын және оның қолданылу мерзімін көрсете отырып, құқық белгілейтін құжаттары туралы мәліметтер;

9) айларға бөле отырып және контрагенттерді көрсете отырып, екіжақты шарттар бойынша тұтынушыларға сатылған электр энергиянын нақты көлемі туралы ақпарат.

3. Объектінің жабдықтары туралы деректер:

1) Объектідегі генерациялайтын жабдықтың жеке бірлік қуатын көрсете отырып, генерациялайтын жабдықтың саны және түрі;

2) Объект жабдығын пайдаланудың болжамды мерзімі (аймен).

4. Жобаның қаржылық-экономикалық көрсеткіштері:

1) Объектіні салуға немесе қайта құруға жоспарланған инвестиция көлемі (жобаны әзірлеу құнын, жабдық құнын, жеткізу құнын, кедендік төлемдер шығынын және салу-монтаждау жұмыстарының құнын көрсете отырып);

2) жобаны қаржыландыру құрылымы (өзіндік және қарыз қаражат көлемін көрсете отырып);

3) жобаның өтімділігінің жоспарланған болжанған қарапайым мерзімі.

5. __________ (Өтінім беруші) осы өтініммен электр энергияны шарттық бағалар бойынша сатып жатқан немесе сатқан екіжақты шарттардың жоқтығын растайды.

6. Қоса берілетін құжаттар тізімі:

____
____.

____
(Басшы немесе уәкілетті тұлға, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы, күні)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 9 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14497 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 11 қараша №486 Астана қаласы

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде квоталар бірліктерін және өзге де көміртегі бірліктерін өзара тануды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы11 мамырдағы №153-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

1. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде квоталар бірліктерін және өзге де көміртегі бірліктерін өзара тануды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 11 мамырдағы №153-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7703 болып тіркелген, 2012 жылғы 25 тамызда №551-556 (27629) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін**:**

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде квоталар бірліктерін және өзге де көміртегі бірліктерін өзара тануды жүзеге асыру қағидаларында:

4-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) оның негізінде көміртегі бірліктерімен мәмілелер бойынша операциялар жүзеге асырылатын көміртегі бірліктері мемлекеттік тізілімінің болуы;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қазақстан Республикасынан тыс шығарылған парниктік газдар шығарындыларына квоталар бірліктерін тануға қатысты талаптар мен шарттар Қазақстан Республикасының шет ел мемлекеттерімен екі жақты немесе көп жақты шарттарды жасасу арқылы жүзеге асырылады.»;

6-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
М.МЫРЗАҒАЛИЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 13 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14511 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 15 қараша №491 Астана қаласы

«Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №285 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 15 сәуірдегі №285 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11067 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда «Әділет» ақпараттық–құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Озонды бұзатын заттарды тұтынуды есепке алу қағидаларында:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Қағидалар құрамында ОБЗ бар өнім, жабдық және қалдықтар меншігінде немесе өзге де заңды пайдалануында бар, сондай-ақ ОБЗ өндірумен, ОБЗ әкелумен және әкетумен, ОБЗ пайдалана отырып жұмыстарды жүргізумен, құрамында ОБЗ бар жабдықты жөндеумен, монтаждаумен, қызмет көрсетумен айналысатын заңды тұлғаларға және дара кәсіпкерлерге қолданылады.

Есепке алуға жататын ОБЗ тізбесі осы Қағидаларға қосымшада келтірілген.»

10-тармақ алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
М.МЫРЗАҒАЛИЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 13 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14516 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 15 қараша №492 Астана қаласы

«Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы №189 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 50-бабының 2 тармағына сәйкес **бұйырамын:**

1.«Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 13 наурыздағы №189 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10838 болып тіркелген, 2016 жылғы 21 сәуірдегі №75 (28803) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Теңізді тазарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу үшін қажетті материалдар мен заттарға нормативтер мен талаптарда:

2 - тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Теңіз құрылыстары, магистральды мұнай құбырлары, теңіз порттары Заңның 95-бабының 5 тармағына және 95-1- бабының 4, 10-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы №262 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14018 болып тіркелген) Мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жоюға арналған дисперегенттердің тізбесіне сәйкес бірінші және екінші деңгейлі мұнай төгілуін жоюға арналған қажетті материал және заттармен жабдықталады.»;

8 - тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 21 маусымдағы №262 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14018 болып тіркелген) Мұнайдың теңізге және Қазақстан Республикасының ішкі су айдындарына авариялық төгілуін жою үшін қолдануға рұқсат етілген диспергенттер;»;

1-қосымша алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары -
Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі
_____________ А.Мырзахметов
2016 жылғы 30 қараша

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
_____________ Ж.Қасымбек
2016 жылғы 24 қараша

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі
_____________ Қ.Қасымов
2016 жылғы 25 қараша

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 26 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14571 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 17 қараша №496 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрініңөзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасыныңзаңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен бастап оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Тізбенің 1, 5, 7 және 9-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
М. МЫРЗАҒАЛИЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а.
2016 жылғы 17 қарашадағы №496 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы №147-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7702 болып тіркелген, 2012 жылғы 15 тамызда №268-270 (27087-27089)) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2.«Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктердің бірліктерін квоталар бірліктеріне ауыстыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы №148-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7688 болып тіркелген, 2012 жылғы 4 шілдеде №211-212 (27030-27031)) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктердің бірліктерін квоталар бірліктеріне ауыстыру қағидаларында:

2-тармақтың 3-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) парниктік газдар шығарындыларын және сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктер бірліктері – шығарындыларды азайту бірліктері, шығарындыларды сертификатталған азайту бірліктері, шығарындыларды ішкі азайту бірліктері және парниктік газдар сіңірулерінің бірліктері.».

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Парниктік газдар шығарындыларын және сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктер бірліктерін квоталар бірліктеріне айырбастау тиісті қосалқы шотта және Қазақстан Республикасының көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі шотта бірліктердің тиісті саны болған кезде жүзеге асырылады.»

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторы көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі өтініш берушінің есеп шотында парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктер бірліктерінің қажетті мөлшері болмаған жағдайда айырбастаудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.».

15-тармақ алып тасталсын.

3. «Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарауға және мақұлдауға, есепке алуға, есептілік пен мониторингке дайындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 11 мамырдағы №150-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7689 болып тіркелген, 2012 жылғы 22 тамызда №280-281 (27099-27100) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарауға және мақұлдауға, есепке алуға, есептілік пен мониторингке дайындау қағидалары осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. «Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды әзірлеу тәртібін және олардың жүзеге асырылуы мүмкін экономика салалары мен секторларының тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 14 мамырдағы №156-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7730 болып тіркелген, 2012 жылғы 23 тамызда №282-283 (27101-27102) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды әзірлеу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) базалық сценарий – парниктік газдар шығарындыларын және (немесе) сіңірулерін азайтудың қол жеткізілген көлемі салыстырылатын ұсынылған ішкі жоба болмаған жағдайда, парниктік газдар шығарындыларының деңгейін немесе парниктік газдар сіңірулерінің деңгейін бейнелейтін сценарий;

2) парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе)парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтужөніндегі ішкі жоба (бұдан әрі – ішкі жоба) - парниктік газдар шығарындыларын азайтуға немесе парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған парниктік газдар шығарындыларын ішкі азайту тетігі негізінде жүзеге асырылатын және базалық сценарийде сәйкестендірілген жағдайларды өзгертетін қызметтер немесе қызмет түрлері.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Ішкі жобаларды әзірлеуді жобаның өтініш берушісі жүзеге асырады.»;

4-тармақтың 4) және 5) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«4) ұлттық немесе халықаралық әдістемелердің негізінде парниктік газдарды азайтуға және сіңірулерін ұлғайтуға қатысты сандық бағалау және мониторинг рәсімдерін әзірлеу;

5) ұлттық немесе халықаралық әдістемелердің негізінде жобалық құжаттаманы және жобаның мониторинг жоспарын дайындау.».

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Жобаның өтініш берушісі жобаның базалық сценарийіне мыналардың негізінде бағалау жүргізеді:

1) көздерден және (немесе) олардың сіңірулерінің абсорбциясынан парниктік газдардыңнақты шығарындылары туралы мәліметтер;

2) жобаны іске асыру шартына қатысты мүмкін болатын белгісіздіктер есебі;

3) экономикалық қызметтің тиісті түрлері бойынша реттейтін норманың стратегиялық жоспарлар, бағдарламалар және іс-қимылдар есебі;

4) бекітілген ұлттық немесе халықаралық әдістемелердің бірі.».

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Жобаның өтініш берушісі парниктік газдар шығарындыларын азайтудың немесе олардың сіңірулерін жобаның базалық сценарийімен салыстырғанда ұлғайтудың мөлшерлік анықтау рәсімін әзірлейді.»;

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Жобаның өтініш берушісімен әзірленген немесе қолданылған мониторинг және мөлшерлік анықтау рәсімінің сипаттамасы осы Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес нысан бойынша құрылатын мониторингі жоспарына енгізіледі.»;

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ішкі жоба өтініш берушісі туралы ақпарат: жеке тұлғаның ТАӘ немесе заңды тұлғаның атауы; тіркеу деректері; мекенжайы; жоба бойынша байланысатын тұлға; негізгі қызмет түрі.».

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ішкі жобалар жүзеге асырылуы мүмкін экономика секторлары мен салаларының тізбесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Экономика салалары:

1) тау-кен өндіру және металлургия (шахталық метанды кәдеге жарату жобалары бөлігінде);

2) ауыл шаруашылығы;

3) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;

4) орман және далалы аумақтарды көгалдандыру;

5) жердің тозуының алдын алу;

6) жаңартылатын энергия көздері;

7) коммуналдық және өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу;

8) көлік;

9) энергия тиімді жұмсалатын құрылыс;

10) энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру.».

5. «Сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 14 мамырдағы №157-ө бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7729 болып тіркелген, 2012 жылғы 18 тамызда №276-278 (27095-27097) «Егемен Қазақстан» газетінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу қағидалары осы тізбеге 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

6. «Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 12 ақпандағы №76 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10447 болып тіркелген, 2015 жылғы 27 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыру қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) базалық сценарий – парниктік газдар шығарындыларын және (немесе) сіңірулерін азайтудың қол жеткізілген көлемі салыстырылатын ұсынылған ішкі жоба болмаған жағдайда, парниктік газдар шығарындыларының деңгейін немесе парниктік газдар сіңірулерінің деңгейін бейнелейтін сценарий;

2) жобалық кезең – жоба нәтижелерін мерзімді растау және бекіту негізінде көміртегі бірліктерін жобалық шығарылымы жүргізілетін немесе жүргізілуі мүмкін болатын мерзім;

3) жобалық көміртегі бірліктері - шығарындыларды ішкі азайту бірліктері, шығарындыларды азайту бірліктері, шығарындыларды сертификацияланған азайту бірліктері;

4) жобалық тетік - Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасында және/немесе Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген тәртіппен және өлшемшарттарға сәйкес парниктік газдар шығарындыларын азайтуға немесе сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған жобаларды әзірлеу мен іске асырудың бірізді процесі;

5) парниктік газдар сіңірулерінің базалық деңгейі - парниктік газдар сіңірулерін ұлғайтуға бағытталған жобаларды іске асырмастан пайдаланудың қолданыстағы жағдайларында белгілі бір кезеңде көміртегінің қостотығы баламасы тоннасында көрсетілген парниктік газдар сіңірулерінің шамасы;

6) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайту - базалық сценарийге қатысты парниктік газдар сіңірулерінің есептік ұлғаюы;

7) парниктік газдар шығарындыларын азайту - базалық сценарийге қатысты парниктік газдар шығарындыларының есептік төмендеуі;

8) парниктік газдар шығарындыларының базалық деңгейі - белгілі бір кезеңде осы объектіде қолданыстағы технологияларды, жабдықтарды пайдалану шартымен және парниктік газдар шығарындыларын азайтуға бағытталған жобаны іске асырмастан басқа да аса ықтимал жағдайларда осы газдар шығарындыларын объекті өндірген көміртегінің қостотығы баламасы тоннасында көрсетілген парниктік газдар шығарындыларының шамасы;

9) 1 трэк - Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киото хаттамасында (бұдан әрі - Киото хаттамасы) белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда елдің өзінде осы жобаларды верификациялауға және шығарындыларды азайтудың тиісті бірліктер санын айналымға енгізуге мүмкіндік беретін бірлесіп жүзеге асыру тетігі бойынша жобаларды жүзеге асыру тәсілі;

10) II трэк - бірлесіп жүзеге асыру тетіктері бойынша жобаларды жүзеге асыру тәсілі, оның шеңберінде аталған жобалар уәкілетті халықаралық органның қадағалауымен верификациялау рәсімінен өтеді;

11) әкімшілендіру субъектісі - мұнай-газ, электр энергетикасы, тау-кен өндірісі, металлургия, химия, өңдеу сияқты реттелетін қызмет салаларында құрылыс материалдарын: цемент, әк, гипс және кірпіш өндіру бөлігінде парниктік газдар шығарындылары жылына көміртегі қостотығының оннан жиырма мың тоннасына дейін баламасын құрайтын қондырғы операторы»;

14-тармақмынадай редакцияда жазылсын:

«14. Жоба Киото хаттамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес болған жағдайда, уәкілетті орган парниктік газдар шығарындылары және сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктердің бірінің шарттарында жобаны іске асыруды тану туралы шешім қабылдайды.»;

19, 20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда жобалық тетіктердің тиісті түрі бойынша жобалық құжаттаманың және мониторинг жоспарының валидациясын валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган жүргізеді.

20. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерін ұлғайту мониторингі базалық деңгейдің белгіленген жобалық ұсыныстарына қатысты мониторинг жоспары негізінде жүзеге асырылады.

21. Уәкілетті органға жобаны іске асыру нәтижесі бойынша есептілік беру кезінде жобаның өтініш берушісі тиісті жобалық тетік бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкес мақұлданған мониторинг жоспарынан кез келген елеулі ауытқулықтар туралы ақпарат береді.»;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе олардың сіңірулерін ұлғайту бойынша мерзімді есептерде мәлімделген нәтижелер Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын жобаларда кездескен жағдайда верификациялауға жатады.»;

27. I трэк бойынша бірлесіп жүзеге асыру тетіктерінің жобалары бойынша верификацияны валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдар жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

«3-тарау. Әкімшілендіру субъектілерінің парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерін реттеу саласындағы жобалық тетіктерді іске асыруға қатысу тәртібі

36. Әкімшілендіру субъектілері бірлесіп жүзеге асыру, таза дамыту тетіктері бойынша жобаларға Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 4 мамырдағы №2260 Жарлығымен ратификацияланған Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі Негіздемелік Конвенциясына сәйкес белгіленген мөлшерді анықтау жөніндегі халықаралық рәсімнен Қазақстан Республикасы өтіп, операцияларды халықаралық тіркеу журналына ел бойынша тиісті деректерді ұсынғаннан кейін ғана қатысады.

37. Әкімшілендіру субъектілері парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіруге бағытталған жобаның өтініш берушісі ретінде қатысады.

38. Уәкілетті орган әкімшілендіру субъектісі ұсынған парниктік газдарды түгендеу туралы есеп негізінде Кодекстің 94-2-бабына сәйкес әкімшілендіру субъектісінің парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптарға сәйкестігін анықтайды. Егер парниктік газдар шығарындыларының көлемі жылына көміртегі қос тотығының жиырма мың тоннасына барабар мөлшерден асқан жағдайда, әкімшілендіру субъектісі Кодекстің 94-2-бабымен белгіленген тәртіппен уәкілетті органға ағымдағы жылдан бастап тиісті қондырғыға (қондырғыларға) парниктік газдар шығарындыларына квотаны ресімдеуге құжат тапсырады.

39. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі жобалар парниктік газдар шығарындыларын квоталау жөніндегі талаптардың қолданысына түсетін қондырғыларға қатысты Қазақстан Республикасының аумағында жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырыла алмайды».

7. «Шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туындыларды құру және айналымы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 12 ақпандағы №79 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10449 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 наурызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоса беріліп отырған Шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы бекіту қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туындыларды құру және айналымы қағидаларында:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. ОсыШығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы бекіту қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 17-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленген және шығарындылардың белгіленген мөлшері бөліктерін, азайту бірліктерін, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдарды сіңіру бірліктерін және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында көзделген басқа да туынды бірліктерді құру және айналымы тәртібін айқындайды (бұдан әрі - көміртегі бірліктері).

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының аумағындағы көміртегі бірліктерін құру және онымен жұмыс жасау Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы №147-ө бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №7702 болып тіркелген) Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымы болып табылатын оператор қалыптастыратын және жүргізетін Қазақстан Республикасының көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі жүргізілетін операциялар негізінде жүзеге асырылады.».

8. «Парниктік газдар шығарындылары және сіңірулері көздерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 5 наурыздағы №176 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10673 болып тіркелген, 2015 жылғы 20 сәуірде«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдар шығарындылары және сіңірулері көздерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау қағидалары осы тізбеге 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

9. «Парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оны бақылау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №221 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10850 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 мамырда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Парниктік газдарды түгендеу мониторингі мен оны бақылау қағидаларында:

3-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қондырғы операторы – меншігінде немесе өзге заңды пайдалануында қондырғысы бар жеке немесе заңды тұлға;»;

3-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) парниктік газдар шығарындыларының мониторинг жоспары (бұдан әрі – мониторинг жоспары) – тиісті кезеңге немесе парниктік газдар шығарындыларын азайту және сіңірулерін ұлғайту бойынша жобалар мен бағдарламаларды іске асыру мерзіміне бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде қондырғы операторы әзірлейтін құжат;»;

3-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«12) куәландыру деңгейі – парниктік газдарды түгендеу туралы есепті верификациялау кезінде ондағы айтарлықтай қателіктерді, кемшіліктерді немесе қате түсіндірулерді және Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі №502 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11818 тіркелген) Парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысандарына сәйкестігін анықтау үшін верификация және валидация жөніндегі органнан талап етілетін деректер дәйектілігінің дәрежесі.»;

6,7 және 8 - тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қондырғы операторы валидацияланған мониторинг жоспарын тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылатын алғашқы жылының бірінші сәуіріне дейін әзірлейді және уәкілетті органға ұсынады.

7. Қондырғы операторы парниктік газдар мониторингін валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган растаған мониторинг жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Мониторинг жоспарынан кез келген ауытқулар, парниктік газдар шығарындыларының көлемін анықтауда табылған қателерді қондырғы операторы парниктік газдарды түгендеу туралы есепті растауды жүзеге асыратын валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген ұйымдарға қолжетімді болып табылатын оның ішкі құжаттамасында тіркейді.

8. Мониторинг жоспарын қондырғы операторы тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарының бүкіл қолданылу кезеңі ішінде қолданады.»;

16-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қондырғы паспортының деректері;»;

17-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қондырғы және оның операторы жөніндегі сәйкестендіру деректері, оның ішінде атауы, мекенжайы, есептілік бойынша байланысатын тұлға, парниктік газдар шығарындылары квоталанатын қызмет түрі, есептік жыл;»;

18 және 19-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Парниктік газдарды түгендеу туралы қондырғы операторларының жыл сайынғы есептерін растауды валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдар жүргізеді. Бұл ретте әкімшілендіру субъектілері ұсынатын парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептер верификациялауға жатпайды.»;

19. Парниктік газдарды түгендеу туралы жыл сайынғы есепті верификациялау есептік жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтары мен 1 сәуірі аралығындағы кезеңде жүргізіледі.»;

20-тармақ алып тасталсын;

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Парниктік газдарды түгендеуді бақылауды уәкілетті орган парниктік газдарды түгендеу туралы жыл сайынғы верификацияланған есептіңКодекстің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкестігін, онда ұсынылған деректер мен ақпараттардың толықтығын қарау арқылы жүзеге асырады.»;

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қондырғы операторы есептік жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін парниктік газдарды түгендеу туралы верификацияланған жыл сайынғы есепті ұсынады немесе Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрының жүйесінде есептің электрондық нысанын толтырады.».

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 10 мамырдағы №147-ө бұйрығымен бекітілді

Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы қағидалар Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 17-бабының 29) тармағына сәйкес әзірленген және көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімін (бұдан әрі – Мемлекеттік тізілім) жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) айналымға енгізу – Мемлекеттік тізілім шоттарының бірінде көміртегі бірліктерін бастапқы шығару;

2) беру – Мемлекеттік тізілімдегі көміртегі бірліктерін бір тұлғаның шотынан екінші тұлғаның шотына аудару;

3) күшін жою – көміртегі бірліктерінің қолданыстағы мерзімінің аяқталуына байланысты, сондай-ақ олардың иесінің бастамасы бойынша ерікті негізде айналымнан шығару;

4) операцияларды халықаралық тіркеу журналы – Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі жөніндегі Негіздемелік конвенциясының хатшылығымен басқарылатын және операциялардың шынайылығын тексеру мақсатында жүзеге асырылатын көміртегі бірліктерінің ұлттық тізілімінде көміртегі бірліктермен жүргізілген операцияларды тіркеудің халықаралық жүйесі;

5) сатып алу – көміртегі бірліктермен жасалынған мәмілелер нәтижесінде Мемлекеттік тізілімдегі шотқа көміртегі бірліктерін алу;

6) парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өтеу – Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде жүзеге асырылатын, есептік жылдағы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепке сәйкес тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарының (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) көміртегі бірліктерін жыл сайынғы айналымнан алып тастау (есептен шығару);

7) қондырғы операторының шотын бұғаттау – Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 94-2-бабының 3-тармағында көрсетілген талап етілетін құжаттарды бергенге дейін қондырғы операторының шотына салынған көміртегі бірліктерін пайдалануды уақытша тоқтату.

3. Мемлекеттік тізілімді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымы болып операторқұрайды және жүргізеді.

4. Мемлекеттік тізілім операторы көміртегі бірліктерінің нақты есебін қамтамасыз ету мақсатында әрбір көміртегі бірлігіне оның шығарылу сәтіне қарай бірегей сәйкестендіру нөмірін береді.

5. Көміртегі бірлігінің бірегей сәйкестендіру нөмірі мыналарды:

1) көміртегі бірліктерінің түрін (квоталар бірлігі, шығарындыларды ішкі азайту бірлігі);

2) көміртегі бірлігінің айналымға енген жылын;

(Соңы 17-бетте)

(Соңы. Басы 16-бетте)

3) көміртегі бірлігінің шығарылу мерзімі біткен жылын көрсетеді.

6. Мемлекеттік тізілім операторы квоталар бірліктерін, шығарындылардың ішкі азайту бірліктерін, шығарындыларды азайту бірліктерін, шығарындыларды сертификатталған азайту бірліктерін, парниктік газдар сіңірулерінің бірліктерін, квоталардың белгіленген мөлшерін айналымға енгізу, сақтау, беру, жою мен квота бірліктерін өтеу бойынша операцияларды жүзеге асырады.

7. Белгіленген мөлшер бірліктерімен, шығарындыларды азайту бірліктерімен, айналымға енгізу бойынша операцияларды Мемлекеттік тізілім операторы Қазақстан Республикасы осындай операцияларды климаттың өзгеруі саласындағы халықаралық шарттарға сәйкес жүргізу құқығына ие болғаннан кейін жүргізеді.

8. Мемлекеттік тізілім операторы белгіленген мөлшер бірліктері, шығарындыларды азайту бірліктері, шығарындылардың сертификатталған азайту бірліктері, сіңіру бірліктері бойынша басқа ұлттық тізілімдермен бірге деректермен алмасу операцияларын халықаралық тіркеу журналы арқылы жүзеге асырады.

2-тарау. Мемлекеттік тізілімді жүргізу тәртібі

9. Мемлекеттік тізілім операторы Мемлекеттік тізілім шоттарының және қосалқы шоттардың мынадай түрлерін:

1) квота бірліктерін шығару шотын;

2) көміртегі бірліктерінің күшін жою шотын;

3) көміртегі бірліктерін өтеу шотын;

4) мемлекеттік тізілім операторының шотын;

5) қондырғылар операторларының шотын;

6) парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерін ұлғайту бойынша жобаның өтініш берушісінің шоттарын (бұдан әрі – жобаның өтініш берушісінің шоттары);

7) Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорының шотын, олар мыналардан тұрады:

жаңа қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің қосалқы шотын;

Кодекстің 94-4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қосымша квота берудің қосалқы шотын;

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде іске қосылуы Кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілендіру субъектілерінің қондырғылары үшін парниктік газдар шығарындыларына қосалқы шотын;

парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдардың сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобалар үшін көміртегі бірліктерін берудің қосалқы шотын;

аукцион шарттарындағы квота сатылымының қосалқы шотынашады.

10. Мемлекеттік тізілім операторы квоталар бірліктерін шығарудың, Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорының шоттарын бекітілген Ұлттық жоспардың негізінде оның күшіне енген күнінен бастап үшжұмыс күні ішінде ашады.

11. Квоталар бірліктерін айналымға енгізуді Мемлекеттік тізілім операторы Ұлттық жоспармен анықталған квоталардың жалпы көлеміне тең мөлшерде квоталар бірліктерін шығару шотында оның күшіне енген күнінен бастап үшжұмыс күні ішінде жүргізеді.

12. Мемлекеттік тізілім операторы Ұлттық жоспардың квоталар қорының тең көлемі мөлшерінде квоталар бірліктерін шығару шотынан Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорының шотына осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген қосалқы шотқа оны әрі қарай бере отырып, оның күшіне енген күнінен бастап үшжұмыс күні ішінде квоталар бірліктерін аударуды жүргізеді.

Үш жұмыс күні ішінде Мемлекеттік тізілім операторы аукцион шарттарында квоталар сатуға арналған мөлшерде аукцион шарттарымен квоталарды сату қосалқы шотынан мемлекеттік тізілім операторының шотына квота бірліктерін аударуды жүргізеді.

13. Мемлекеттік тізілім операторы Ұлттық жоспары күшіне енген күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде қондырғылар операторларына шоттар ашу үшін мынадай құжаттарды тапсыру туралы хабарлама жолдайды:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлға үшін;

3) мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі* – заңды тұлға үшін;

Ескертпе: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады.

4) қондырғы операторының Мемлекеттік тізілім шотын жүргізуге уәкілетті өкілдеріне тұлғаны растайтын құжаттардың көшірмелерімен қоса берген сенімхаты.

Қондырғы операторы мемлекеттік тізілім операторынан хабарлама алғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде осы тармақта көрсетілген құжаттарды ұсынады.

14. Мемлекеттік тізілім операторы Ұлттық жоспар күшіне енген күнінен бастап сегіз жұмыс күні ішінде қондырғылар операторларының шоттарын ашады.

15. Мемлекеттік тізілім операторы квоталар бірліктерін шығару шотынан қондырғы операторының шотына Ұлттық жоспар күшіне енген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде Ұлттық жоспарда көрсетілген көлемдерге сәйкес квоталар бірліктерін аударады.

16. Мемлекеттік тізілім операторы қондырғы операторының қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға (бұдан әрі – уәкілетті орган) парниктік газдар шығарындыларының валидацияланған мониторинг жоспарын және қондырғының верификацияланған паспортын Ұлттық жоспардың қолданылуының бірінші жылының 1 сәуіріне дейінгі мерзімде бермегені туралы уәкілетті органнан хабарлама алған күнінен кейін үш жұмыс күні ішінде қондырғы операторының шотын бұғаттайды.

17. Мемлекеттік тізілім операторы осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды қондырғы операторының бергені туралы уәкілетті органнан хабарлама алған соңүш жұмыс күні ішінде қондырғы операторының шотынан бұғатты алып тастайды.

18. Мемлекеттік тізілім операторы осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың толық еместігі және (немесе) сәйкес еместігі туралы уәкілетті органнан хабарлама соң кейін үшжұмыс күні ішінде қондырғы операторының шотын бұғаттайды.

19. Мемлекеттік тізілім операторы 16-тармақта көрсетілген қондырғы операторының қажетті пысықталған құжаттарды бергені туралы уәкілетті органнан хабарлама алған соңүшжұмыс күні ішінде қондырғы операторының шотынан бұғатты алып тастайды.

20. Жаңақондырғылар немесе пайдаланылуы Ұлттық жоспардың қолданылуы кезеңінде Кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілендіру субъектілері қондырғыларының (бұдан әрі – әкімшілендірудің квоталатын субъектісі) операторы шот ашу үшін Мемлекеттік тізілім операторына мынадай құжаттарды ұсынады:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі – жеке тұлға үшін;

3) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі* – заңды тұлға үшін;

Ескертпе: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады.

4) қондырғы операторының Мемлекеттік тізілім шотын жүргізуге уәкілетті өкілдеріне тұлғаны растайтын құжаттардың көшірмелерімен қоса берген сенімхатын ұсынады;

21. Мемлекеттік тізілім операторы жаңа қондырғылар немесе квоталанатын әкімшілендіру субъектісі операторынан осы Қағидалардың 20-тармағында көрсетілген қажетті құжаттарды алған соңүшжұмыс күні ішінде оларға шот ашады.

22. Мемлекеттік тізілім операторы қондырғы операторының тиісті шотын ашқан күнінен бастап үшжұмыс күні ішінде жаңа қондырғыларға парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің қосалқы шотынан жаңа қондырғы операторының шотына және пайдаланылуы Ұлттық жоспардың қолданылуы кезеңінде Кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін квоталанатын әкімшілендіру субъектісінің шотына парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің қосалқы шотынан квоталар бірліктерін аударуды жүргізеді.

23. Мемлекеттік тізілім операторы квоталардың қосымша көлемін берудің оң шешімі туралы уәкілетті органнан хабарлама алған соң үшжұмыс күні ішінде қондырғы операторының шотына квотаның тиісті көлемін салады.

24. Мемлекеттік тізілім операторы қондырғы операторының, оның атауы немесе ұйымдастыру-құқықтық нысанының ауысқаны туралы уәкілетті органнан хабарлама алғаннан кейін бесжұмыс күні ішінде Мемлекеттік тізілімге тиісті өзгерістер енгізеді.

25. Мемлекеттік тізілім операторы қондырғы операторының таратылғаны туралы уәкілетті органнан хабарлама алғаннан кейін үшжұмыс күні ішінде парниктік газдар шығарындыларына қолданылмаған квоталар көлемін жұмысы таратылған қондырғы операторының шотынан Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорының шотына аударады.

Мемлекеттік тізілім операторы осы тармақтың бірінші абзацында қарастырылған квоталар бірліктерін көшіру туралы уәкілетті органнан хабарлама алғаннан кейін үшжұмыс күні ішінде тиісті квоталар бірліктерін Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорынан уәкілетті органның шешімінде көрсетілген қосалқы шотқа аударуды жүзеге асырады.

26. Мемлекеттік тізілім операторы уәкілетті органнан тиісті хабарлама алғаннан кейін үшжұмыс күні ішінде көміртегі бірліктерінің көлемі ең көп қосалқы шоттан толықтыруды талап ететін қосалқы шотқа көміртегі бірліктерін аударады.

27. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдардың сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобаларды уәкілетті орган мақұлдағаннан кейін ішкі жобаның өтініш берушісі Мемлекеттік тізілімде шот ашу үшін Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторына мынадай құжаттарды:

1) еркін нысандағы өтініш;

2) жеке тұлға үшін – тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

заңды тұлға үшін – мемлекеттік тіркеу(қайта тіркеу) туралы анықтама немесе куәліктің көшірмесі*;

Ескертпе: «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлға қызметін тоқтатқанға дейін жарамды болып табылады.

3) қондырғы операторының Мемлекеттік тізілім шотын жүргізуге уәкілетті өкілдеріне тұлғаны растайтын құжаттардың көшірмелерімен қоса берген сенімхаты;

4) парниктік газдар шығарындыларының ішкі азайту жобасын мақұлдау туралы құжатты ұсынады.

28. Мемлекеттік тізілім операторы жобаның өтініш берушісінің шотын осы Қағидалардың 27-тармағында көрсетілген құжаттарды өтініш беруші ұсынғаннан кейін үшжұмыс күні ішінде ашады.

29. Мемлекеттік тізілім операторы үшжұмыс күні ішінде парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобалар үшін көміртегі бірліктерін берудің қосалқы шотынан жобаның өтініш берушісінің шотына ішкі азайту бірліктерін аударады.

30. Ұлттық жоспарға сәйкес айналымға енгізілген көміртегі бірліктерінің көлемін өзгертуді Мемлекеттік тізілім операторы оған қабылданған түзетулерге сәйкес жүзеге асырады.

31. Қондырғы операторларының шоттары арасындағы сатып алынған және (немесе) сатылған квоталар бірліктерін беруді Мемлекеттік тізілім операторы биржалық мәмілені (тауарлық биржада сатылған жағдайда) есепке алу парағын және квоталарды тікелей сату және (немесе) сатып алуды жүргізу қорытындысы бойынша мәліметтер негізінде (тікелей сату және (немесе) сатып алу жағдайында) уәкілетті органның хабарламасын алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

32. Жобаның өтініш берушісінің шотынан шығарындыларды ішкі азайту бірліктерін беруді Мемлекеттік тізілім операторы жобаның өтініш берушісі және сатып алушының сұратуларын алған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде жүргізеді.

33. Қондырғы операторының шотынан көміртегі бірліктерін айналымнан алып тастау (есептен шығару) үшін Көміртегі бірліктерін квоталарды өтеу шотына беруді Мемлекеттік тізілім операторы қондырғы операторы иесініңсұрау салуы бойынша тиісті сұрау салуды алғаннан кейін үшжұмыс күні ішіндежүргізеді.

34. Мемлекеттік тізілім операторы көміртегі бірліктер айналымнан шығару үшін пайдаланылмаған квоталар көлемін оларды қолданылу мерзімінің аяқталуы бойынша қондырғылар операторларының және мемлекеттік тізілім операторының шоттарынан оларды әрі қарай күшін жою шотына беру үшін Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорына аударады.

35. Көміртегі бірліктерінің күшін жою шотына ерікті түрде аудару олардың иесінің Мемлекеттік тізілім операторына жолдаған сұрау салуы бойынша жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 2-қосымша

Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2012 жылғы 11 мамырдағы №150-ө бұйрығымен бекітілді

Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарауға және мақұлдауға, есепке алуға, есептілік пен мониторингке дайындау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарауға және мақұлдауға, есепке алуға, есептілік пен мониторингке дайындау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды қарау және мақұлдау, есепке алу, есептілік пен мониторингті дайындау тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) шағын масштабты жоба – 15 мегаваттқа дейін қуатты энергия көздерінің жаңарылуымен байланысты немесе жылына шартты отынның 7380 тоннасына дейінгі көлемде энергияның тұтылуын төмендетумен энергия тиімділігін жақсартуға немесе жобалық кезең ішінде көміртегінің қос тотығы 60 метрикалық килотонна эквивалентіне дейінгі шекте парниктік газдар шығарындыларын азайту мүмкіндігін беруге бағытталған жоба;

2) базалық сценарий – парниктік газдар шығарындыларын және (немесе) сіңірулерін азайтудың қол жеткізілген көлемі салыстырылатын ұсынылған ішкі жоба болмаған жағдайда парниктік газдар шығарындыларының деңгейін немесе парниктік газдар сіңірулерінің деңгейін бейнелейтін сценарий;

3) жобаның өтініш берушісі - жобаны қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қарауына және мақұлдауына ұсынатын жеке немесе заңды тұлға;

4) жобаның типі - кәдімгі жоба, аз ауқымды жоба, байланысқан жоба, жерді пайдалануды өзгертуге немесе орманды өңірін көбейтуге қатысты жоба;

5) жобалық кезең –жоба нәтижелерін мерзімді растау және бекіту негізінде көміртегі бірліктерінің жобалық шығарылымы жүргізілетін мерзім;

6) ағып кету - жоба қызметімен негізделген, бірақ оның шегіне енгізілмеген жобаны іске асыру орнынан тыс парниктік газдар шығарындыларына және сіңірулеріне әсер етуі;

7) маңыздылық деңгейі - парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаны іске асырудың верификация есебі туралы қорытындыны дайындау үшін қолданылатын бастапқы сандық мағына;

8) мониторинг - парниктік газдар шығарындыларын және сіңірулерін немесе парниктік газдар шығарындыларын немесе/және сіңірулермен байланысты ілеспе деректерді ішкі жобалар бойынша өткізілетін үздіксіз немесе кезеңдік бағалау;

9) ішкі жоба (бұдан әрі - жоба) - парниктік газдар шығарындылары ішкі тетігінің және базалық сценарийде сәйкестендірілген шарттардың өзгеруі негізінде жүзеге асырылатын парниктік газдар шығарындыларының азаюына немесе парниктік газдар шығарындылары сіңіруінің ұлғаюына бағытталған қызметтер немесе қызмет түрлері.

2-тарау. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларын қарауға және мақұлдауға дайындау тәртібі

3. Жобаны іске асыру туралы шешім қабылдау үшін жобаның өтініш берушісі мынадай құжаттарды ұсынады:

1) жобаның тұжырымдамасы (жобалық идея);

2) жобалық құжаттама;

3) мониторинг жоспары.

4. Уәкілетті орган жобаны қарау және мақұлдауды бір немесе екі сатыда өткізеді.

5. Бір сатылық қарау рәсімі кезінде жобаның өтініш берушісінен жобаны алдын ала мақұлдау туралы шешім қабылдау және жобалық құжаттама мен мониторинг жоспарын әзірлеудің негізділігін анықтау үшін жобаның тұжырымдамасы (жобалық идея) талап етілмейді.

6. Екі сатылы қарау рәсімі кезінде уәкілетті орган біріншіден жобаның тұжырымдамасын (жобалық идея) қарастырады. Жоба алдын ала мақұлданған жағдайда, жобаның өтініш берушісі әрі қарай уәкілетті органға ұсыну үшін жобалық құжаттама мен мониторинг жоспарын әзірлеу жұмыстарына кіріседі.

7. Бір сатылық қарау рәсімі мынадай аз ауқымды жобаларға, басымды ішкі жобаларға қатысты қолданылады:

1) жел энергиясын пайдалану жобалары;

2) күн энергиясын пайдалану жобалары;

3) шағын су электр станцияларын қалпына келтіру және құру;

4) биогазды пайдалану жобалары;

5) көмір жылу электр станцияларын газға көшіру;

6) қоқыс метанын кәдеге жарату;

7) қоғамдық автокөлікті газға және электрге ауыстыру;

8) мұнай кен орындарындағы ілеспе газды кәдеге жарату;

9) көмір шахталарының метанын және кокстық газын кәдеге жарату;

10) феррохром өндірісінде бөлінген газды кәдеге жарату.

8. Жобаның өтініш берушісі жобаны мүдделі тараптардың талқылау мүмкіндігі үшін жобалық құжаттама мен мониторинг жоспарын уәкілетті органға ұсынудан бұрын 20 күнтізбелік күннен кешіктірмей жобалық құжаттамаға, сондай-ақ мониторинг жоспарына қоғамдық қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

9. Жобаны талқылау нәтижесін жобаның өтініш берушісі жобалық құжаттамада көрсетеді.

10. Жобалық құжаттама және мониторинг жоспары уәкілетті органға қарастыруға берілгенге дейін валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органмен (бұдан әрі – аккредиттелген орган) валидациялауға жатады.

11. Қарауға ұсынылған жоба тұжырымдамасы бойынша шешімді уәкілетті орган оларды алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қабылдайды.

Қарауға ұсынылған жоба тұжырымдамасы және мониторинг жоспары бойынша шешімді уәкілетті орган оларды алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қабылдайды.

12. Жобаны мақұлдау туралы шешімді осы Қағидалардың 10- тармағында аталған құжаттар негізінде уәкілетті орган қабылдайды.

13. Жобаны қабылдамау туралы шешімді уәкілетті орган мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) жобаның өтініш берушісімен ұсынылған құжаттар толық емес, тиісті түрде дайындалмаған немесе дәйексіз мәліметтерден тұрса;

2) жобалық құжаттамада көрсетілген орын бойынша жобаны іске асыру мүмкіншіліктері болмаса.

14. Жобаны уәкілетті органның мақұлдауы уәкілетті органмен белгіленген тәртіпте жобаларды іске асыру және парниктік газдар шығарындыларын азайтудың ішкі бірліктерін алу үшін негіз болады.

3-тарау. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобаларды есепке алу тәртібі

15.Уәкілетті орган мақұлданған жобаларды есепке алуды жүзеге асырады.

16. Уәкілетті органның интернет-ресурсында барлық мақұлданған жобалар бойынша ақпарат орналастырылады, онда мынадай мәліметтер:

1) жобаның атауы;

2) жобаның өтініш берушісі туралы мәлімет;

3) жоба жүзеге асырылатын болжамды орын;

4) жоба бойынша өтініш берілген парниктік газдар шығарындыларын азайту көлемі көрсетіледі.

4-тарау. Парниктік газдар шығарындыларын азайту жөніндегі ішкі жобалардың есептілігі мен мониторинг тәртібі

17. Мақұлданған жобалар бойынша шығарындыларды ішкі азайту бірліктерін алу үшін олардың жүзеге асыру кезеңінде парниктік газдар шығарындыларын азайту және /немесе сіңірулерін ұлғайту мониторингі жүргізіледі, сонымен қатар уәкілетті органға жобаны іске асыру туралы жыл сайынғы есептер ұсынылады.

18. Жобаның өтініш берушісі уәкілетті орган мақұлдаған мониторинг жоспары негізінде барлық көміртегі бірліктерін шығару кезеңі барысында парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе/және сіңіруін ұлғайтуға мониторинг жүргізеді.

19. Жобалар бойынша қолданылатын мониторинг рәсімдері:

1) мониторинг мақсатын;

2) өлшем бірліктерін қоса алғандағы деректер және ақпараттар түрін;

3) деректер көзін (көздері);

4) мониторинг тәсілін (есептеу, өлшеу әдісі);

5) қолданылатын мониторинг әдістемелерін;

6) мониторинг өткізу әдісі және кезеңділігін;

7) мониторингке қатысушылардың міндеттерін;

8) мониторингтік ақпаратты басқару жүйесін анықтайды.

20. Мониторинг өткізу шеңберінде шығарындыларды азайту немесе сіңіруін ұлғайтуға бағытталған жобаның әрбір парниктік газдар бойынша сандық баға жүргізіледі, кейіннен олар көміртегі қос тотығының тонна эквивалентіне ауыстырылады.

21. Өлшеу жабдықтарын және мониторинг өткізуге арналған жабдықтарды қолданған кезде жобаның өтініш берушісі аталған өлшеу жабдықтарын калибрлеуді қамтамасыз етеді.

22. Егермақұлданған парниктік газдар шығарындыларын есептеудің бекітілген әдістемесі болмаған жағдайда, жобаның өтініш берушісі уәкілетті органның өзінің келісімі бойынша әдістемесін әзірлеуге құқылы.

23. Уәкілетті органға жыл сайынғы есепті дайындау және ұсынуды жобаның өтініш берушісі өткен есепті жыл үшін жүзеге асырады.

24. Жобаларды іске асыру туралы есептерді ұсыну ерікті болып саналады. Ұсынбау немесе уақтылы ұсынбау жобаның өтініш берушісінің бұзушылығы ретінде қарастырылмайды.

25. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға ұсынылатын жобаларды іске асыру туралы есептер мынадай ақпараттан тұрады:

1) жобаға өтініш беруші туралы деректер;

2) жобаны қысқаша сипаттау, оның ішінде жобаның атауы, типі, көлемі, ауқымы мен шекарасы, өткізілу орны, көміртегі бірліктерін шығару кезеңінің ұзақтылығы және жоба бойынша атқарылатын жұмыстардың түрі;

3) есептік кезеңді көрсету;

4) жоба шеңберінде өткізілетін мониторинг бойынша парниктік газдар шығарындылары немесе/және сіңірулері туралы деректер, есептік кезеңдегі көміртегі қос тотығының тонна эквивалентіндегі көлемін көрсету;

5) есептік кезеңде жобаны іске асыру барысында парниктік газдар шығарындыларын азайту немесе/және сіңіруін ұлғайту туралы қол жеткізілген деректер;

6) мәлімделген парниктік газдар шығарындылары немесе/және сіңіруінің верификациясы туралы мәлімет;

7) жобаның базалық сценарийінің сипаттамасы;

8) мақұлданған жобалық құжаттама мен мониторинг жоспарынан жобаны іске асыру кезінде пайда болған айтарлықтай кез келген ауытқушылықтар туралы ақпарат;

9) парниктік газдар шығарындыларын немесе/және сіңірулерін есептеудің негізі ретінде қолданған өлшемшарттарды, рәсімдер мен құжаттарды сипаттау;

10) жобаға өтініш берушінің қолы (ТАӘ), мөр;

11) есепті валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген орган растады.

верификацияны жүзеге асыратын аккредиттелген органның толық атауы, БСН;

аккредиттеу туралы куәліктің нөмірі және мерзімі немесе күні, сериясы;

аккредиттелген органның заңды мекенжайы;

телефон, факс;

электрондық мекенжайы;

верификацияға жауапты адамның ТАӘ көлемдегі: _____ тонна көміртегі қос тотығының парниктік газдар шығарындылары;

______ тонна көміртегінің қос тотығына тең келетін ПГ жалпы шығарындылары растауы;

аккредиттелген орган басшысының қолы (ТАӘ), мөр.

26. Жобаны іске асыру туралы есеп уәкілетті органға тапсырылғанға дейін аккредиттелген ұйымның верификациясына жатады.

27. Жобаларды іске асыру туралы есеп верификациясын өткізу деңгейі 5% құрайды.

28. Уәкілетті орган жобаны іске асыру туралы есепті бекіту немесе бекітпеу туралы шешімді оны алған күннен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде қабылдайды.

29. Уәкілетті орган жобаны іске асыру туралы есепті бекітпеу туралы шешімді мынадай жағдайларда қабылдайды:

1) есепте дәйексіз ақпарат ұсыну;

2) жобаның өтініш берушісінің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды сақтамауы;

3) верификация болмаған жағдайда;

30. Жобаны іске асыру туралы есеп бекітілген жағдайда, жобаның өтініш берушісі жобаны іске асыру туралы бекітілген есепте берілген мөлшерде шығарындыларды ішкі азайту бірлігін алу құқығына ие болады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 17 қарашадағы №496 бұйрығының тізбесіне 3- қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2012 жылғы 14 мамырдағы №157-ө бұйрығымен бекітілген

Сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегібірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сауда мақсаты үшін парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алуды және есептілікті жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасында сауда мақсатында парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг, есепке алу және есептілікті жүргізу тәртібін және олармен жүргізілетін операцияларды анықтайды және белгіленген мөлшер бірліктеріне, квоталар бірліктеріне, шығарындылардың ішкі азайту бірліктеріне, шығарындылардың азайту бірліктеріне, шығарындыларды азайтудың сертификатталған бірліктері мен сіңірулер бірліктеріне қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) есептік кезең - Қазақстан Республикасындағы парниктік газдар шығарындыларын квоталау бойынша талаптарға түсетін қондырғы операторының парниктік газдарды түгендеу бойынша есеп ұсынатын күнтізбелік жылы;

2) парниктік газдар шығарындыларына квоталарды өтеу – Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде жүзеге асырылатын, есепті жылдағы парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есепке сәйкес тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квота бөлудің ұлттық жоспарының көміртегі бірліктерін жыл сайынғы айналымнан алып тастау (есептен шығару);

3) көміртегі бірліктерін есепке алу - Қазақстан Республикасымен айналымға енгізілген көміртегі бірліктері, сондай-ақ көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінде көміртегі бірліктерімен жасалатын операция жөніндегі ақпаратты есепке алу;

4) жойылған көміртегі бірліктері - айналымнан толық шығарылған көміртегі бірліктері;

5) халықаралық көміртегі бірліктері - белгіленген мөлшер бірліктері, шығарындыларды азайту бірліктері, шығарындыларды азайтудың сертификатталған бірліктері, сіңірулер бірліктері және олардан туындаған басқа көміртегі бірліктері.

3. Халықаралық көміртегі бірліктерін және көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі арқылы олармен жүргізілетін операцияларды мониторингтеу операцияларды халықаралық тіркеу журналымен оларды мақұлдау бойынша операциялар, сондай-ақ Біріккен Ұлттар Ұйымының Климаттың өзгеруі туралы негіздемелік конвенциясына Киотохаттамасы аясында белгіленген талаптарына сәйкес рәсімдер шеңберінде іскеасырылады.

2-тарау. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша мониторинг жүргізу тәртібі

4. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері және көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі бойынша олармен жүргізілетін операциялар арқылы ішкі және сыртқы мониторинг жүзеге асырылады.

5. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктерінің ішкі мониторингін Қазақстан Республикасы көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторы олармен жүргізілетін операцияларды автоматты түрде тексеру арқылы жүргізеді.

6. Парниктік газдар шығарындылары көміртегі бірліктерінің және олармен жүргізілетін операциялардың сыртқы мониторингін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган оны жүргізуге халықаралық сарапшылар мен валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органдарды тарту арқылы ұйымдастырады.

3-тарау. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегібірліктері бойынша есепке алу тәртібі

7. Қазақстан Республикасында парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша есепке алу көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі арқылы жүзеге асырылады.

8. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторы әрбір парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктеріне бірегей сәйкестендіру нөмірін береді.

9. Қазақстан Республикасының айналымға енгізетін және айналымнан шығаратын парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктерін жеке есепке алу мақсатында көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімініңшоттарыныңжәне қосалқы шоттардың мынадай түрлерін:

1) квота бірліктерін шығару шотын;

2) көміртегі бірліктерін жою шотын;

3) квоталарды өтеу шотын;

4) квоталарды мынадай қосалқы шоттардан тұратын парниктік газдар шығарындыларына Ұлттық жоспардың квоталар көлемі қорының шотын:

жаңа қондырғыларға парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу қосалқы шотын;

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 94-4 бабының 1-тармағымен (бұдан әрі – Кодекс) көзделген жағдайда қосымша квоталарды беру қосалқы шотын;

квоталарды парниктік газдар шығарындыларына бөлу Ұлттық жоспарының қолданылу кезеңінде Кодекстің 94-2 бабының 1-тармағының талаптарына сәйкес келетін әкімшілендіру, пайдалану субъектілерін орнату үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу қосалқы шотын;

парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдар сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобаларға арналған көміртегі бірліктерін беру қосалқы шотын;

аукцион жағдайларында квоталарды сату қосалқы шотын;

5) квоталанатын қондырғылар операторларының қосалқы шотын;

6) парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобаның өтініш берушісінің(бұдан әрі - жобаның өтініш берушісінің қосалқы шотын;

7) мемлекеттік тізілім операторының шоты бойынша операцияларды ашады және қызмет көрсетеді.

10. Қондырғы операторлары жыл сайын ұсынатын верификацияланған есептер негізінде өтелетін бірліктер есебін мемлекеттік тізілімінің операторы жүргізеді.

4-тарау. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегібірліктері бойынша есептілік тәртібі

11. Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторы қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органға парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері және олармен жүргізілген операциялар бойынша есептерді тоқсан сайын ұсынады.

12. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктері бойынша көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімі операторының есептеріне мынадай ақпараттар енгізіледі:

1) шоттардың нөмірлері;

2) Көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміндегі шоттар иелерінің атаулары мен байланыс деректері;

3) шоттардағы көміртегі бірліктерінің әртүрлі типтерінің саны;

4) тізілімдер мен шот ұстаушы туралы деректерді көрсете отырып, көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізіліміне басқа мемлекеттердің көміртегі бірліктерінің тізілімі мен таза даму тетігінің тізілімінен берілген шығарындыларды азайту бірліктері мен шығарындыларды азайтудың сертификатталған бірліктерінің саны;

5) тізілімдер мен шот ұстаушы туралы деректерді көрсете отырып, басқа мемлекеттердің көміртегі бірліктерінің тізілімінен берілген шығарындыларды азайту бірліктерінің саны;

6) жойылған көміртегі бірліктерінің саны;

7) парниктік газдар шығарындыларына өтелген квоталардың саны.

8) тауарлық биржада болған сауда-саттық және сатылған квоталар бірліктерінің саны;

9) тауарлық биржада сату үшін жоспарланған болмаған сауда-саттық және квоталар бірліктерінің саны.

13. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар алған қондырғылар операторларының квоталар бірліктері мен шоттарына қатысты есепкемынадай қосымша ақпарат енгізіледі:

1) квота бірліктерінің бірыңғай сәйкестендіру нөмірі;

2) қондырғы нөмірі;

3) парниктік газдар шығарындыларына берілген квоталар бірліктерініңкөлемі;

4) қондырғылар бойынша расталған парниктік газдар шығарындыларының көлемі (есептік жылдар бойынша);

5) қондырғылар бойынша өтелген квоталардың көлемі (есептік жылдарбойынша);

6) квоталанатын қондырғы шығарындылары бойынша мониторинг және есеп беруге қатысты талаптарды операторлардың орындауы туралы ақпарат.

14. Қазақстан Республикасының аумағында іске асырылатын парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерін ұлғайту бойынша ішкі жобалар операторлары мен бірлесіп жүзеге асыру жобалары операторларының шоттарына қатысты есепке мынадай ақпарат енгізіледі:

1) жобалардың атаулары мен олардың орналасқан жерлері, жобаны іске асыру нәтижелері бойынша көміртегі бірліктерін қолданысқа енгізу күні;

2) шығарындыларды азайтудың ішкі бірліктері мен шығарындыларды азайту бірліктерінің айналымға енгізілген бірліктерінің саны.

15. Парниктік газдар шығарындыларының көміртегі бірліктерімен сауда жасау жүйесінің айқындығын қамтамасыз ету мақсатында көміртегі бірліктерінің мемлекеттік тізілімінің операторы өзінің интернет-ресурсында тоқсан сайын жаңартылатын есептерді жариялап отырады.

Өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің және Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесіне 4-қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015жылғы 5 наурыздағы №176 бұйрығымен бекітілген

Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау қағидаларын бекіту туралы

1-тарау. Жалпы ережелер

1.Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастрын жүргізу және ұстау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 158-2-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген және парниктік газдар шығарындылары және сіңірулері көздерінің мемлекеттік кадастрын (бұдан әрі – мемлекеттік кадастр) жүргізу мен ұстау тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) парниктік газдар шығарындылары – парниктік газдардың атмосфераға белгілі бір учаскеде және уақыттың белгілі бір кезеңі ішінде босап шығуы;

2) парниктік газдар сіңірулері – атмосфералық ауадан парниктік газды сіңіретін процесс, тетік немесе табиғи кешен.

3. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) мемлекеттік кадастрды әзірлеуді және жүргізуді ұйымдастырады.

2-тарау. Мемлекеттік кадастрды жүргізу және ұстау

4. Парниктік газдар шығарындылары көздерінің және сіңірулерінің мемлекеттік кадастры парниктік газдар шығарындыларының көздері, қондырғы операторлары, парниктік газдар шығарындылары мен сіңірулерінің мөлшері туралы мәліметтерді қамтиды.

5. Мемлекеттік кадастрды жүргізуге мынадай іс-шараларды:

1) қондырғы операторларының парниктік газдар шығарындылары бойынша қағаз немесе электронды түрдегі есептілігін алуды;

2) алған деректерді өңдеу және мемлекеттік кадастрға енгізуді;

3) парниктік газдар шығарындыларын және сіңірулерін талдау және болжамдауды іске асыру кіреді.

6. Мемлекеттік кадастрды жүргізу есептік кезеңнен кейінгі жыл ішінде жүзеге асырылады.

7. Мемлекеттік кадастрды жүргізу кезінде «Парниктік газдарды түгендеу туралы есептің нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 28 шілдедегі №502 бұйрығымен (бұдан әрі - №502 бұйрық) бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11818 болып тіркелген) нысандар бойынша әзірленген парниктік газдарды түгендеу туралы табиғат пайдаланушылардың есептері пайдаланылады.

Қондырғы операторы уәкілетті органға немесе уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне қағаз түрінде есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін парниктік газдарды түгендеу туралы есепті жібереді.

Бұл ретте әкімшілендіру субъектілері ұсынатын парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептер верификациялауға жатпайды.

Қондырғы операторы қағаз түрінде ұсынған парниктік газдар шығарындыларын түгендеу туралы есептерде көрсетілген деректердіМемлекеттік кадастр операторы Мемлекеттік кадастрға енгізеді.

8. Есепті электронды нысанда берген кезде Қондырғы операторы Мемлекеттік кадастрда тіркеледі және №502 бұйрықпен бекітілген есеп нысанын толтырады.

9. Кодекстің 94-2-бабының талаптарына түсетін қондырғы операторы есеп нысанын толтырғаннан кейін оны валидация және верификация жөніндегі органға верификациялауға жібереді.

Валидация және верификация жөніндегі аккредителген орган Мемлекеттік кадастрда есептік жылдағы есептердегі қондырғы операторларының мәліметтерін растайды. Есептерге түзету енгізу қажеттілігі туындаған жағдайда, валидация және верификация жөніндегі аккредителген орган оны қондырғы операторына пысықтауға жібереді.

Қондырғы операторыМемлекеттік кадастрға есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін парниктік газдарды түгендеу туралы есепті электронды түрінде жібереді.

10. Әкімшілендіру субъектісі есептің электронды нысанын толтырғаннан кейін Мемлекеттік кадастрдағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне есептік кезеңнен кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін верификациялаусыз жібереді.

11. Уәкілетті орган есепті №502 бұйрыққа сәйкестігіне, валидация және верификация жөніндегі аккредиттелген органның верификациясы болуына қарайды және оны берген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тіркейді. Есеп №502 бұйрыққа сәйкес келмеген және верификация болмаған жағдайда, есепті пысықтауға жібереді.

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері есепті №502 бұйрыққа сәйкестігіне қарайды және оны берген күнінен бастап күнтізбелік 30 күн ішінде тіркейді. Есеп №502 бұйрыққа сәйкес келмеген жағдайда, оны пысықтауға жібереді.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 20 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14537 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 8 желтоқсан №520 Астана қаласы

«Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 23 шілдедегі №143-Ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2009 жылғы 23 шілдедегі №143-Ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5741 болып тіркелген, 2009 жылы 14 тамызда «Заң газеті» газетінде №123 (1546) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын және қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу туралы»;

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қосымша берілген:

1) Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу»;

2) Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік экологиялық сараптамаға жататын I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу»;

1-тармақта:

4) және 8) тармақшалар алып тасталсын;

2-тармақта:

12) және 13) тармақшалар алып тасталсын.

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру үшін I санаттағы объектілерді қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлуде:

атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсаттар беру үшін I санат объектілерін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық бөлімшелері арасында бөлу».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің міндетін атқарушы
Б.ЖАҚСАЛИЕВ

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылғы 30 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14635 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 8 желтоқсан №522 Астана қаласы

«Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №435 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Мемлекеттік экологиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүргізуге қатысты құжаттардың нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №435 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11863 болып тіркелген, 2015 жылғы 25 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын қадағалау жөнінде тексеріс нәтижелері туралы актінің нысаны осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін ресми жариялауға мерзімді баспа басылымдарында, және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
Б.ЖАҚСАЛИЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
_______________Қ.Бишімбаев
2016 жылғы 10 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №522 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 26 маусымдағы №435 бұйрығына 4 қосымша

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын сақтау жөніндегі тексерістің нәтижелері туралы акті

20__ жылғы «___» ________ ______________________

«____» сағат «_____» минут жасалған орны

____

____

бақылау органының атауы

____

____

тексеру жүргізген адамның (адамдардың) тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) және лауазымы 20__ жылғы «___» ________ тексеру тағайындау туралы №____ актінің негізінде, ______________________________

______________ _____________________________________ қатысуымен

тексеру жүргізу кезінде болған жеке немесе заңды тұлға өкілінің лауазымы

____

тексеру жүргізілген орын

____

тексерілетін субъектінің атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) тексеру жүргіздім.

Экологиялық заңнаманың сақталуын тексеру барысында мынадай бұзушылықтар анықталды:

№	Бұзушылықтың сипаттамасы	Табиғатты қорғау заңнамасының нормалары

2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік Кодексінің 152-бабы 4 тармағына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, тексеру нәтижесінде анықталған бұзушылықтар бойынша қосымша уақыт және (немесе) қаржы шығындары қажет болған жағдайда, қарсылықтар болмаған кезде тексерілетін субъект тексеруді жүргізген мемлекеттік органның басшысымен келісілетін мерзімдерді көрсете отырып, анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде қабылданатын шаралар туралы ақпаратты үш жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынуға құқылы.

____

тексеру парағының атауы және бұзушылық анықталған талаптардың тармақтары

____тексеруді жүргізген лауазымды

адамның (адамдардың) қолы

Тексеру нәтижелері туралы актімен таныстым, акт бойынша

ескертулер мен қарсылықтар _______________________________

____

тексерілетін субъект өкілінің, сондай-ақ тексеруді жүргізу

кезінде қатысқан адамардың актімен танысуы немесе танысудан бас

тартуы туралы мәліметтер, олардың қолы немесе қол қоюдан бас тартуы

Қосымшаларының көшірмелерімен бірге актінің бір данасын алдым ______________

(қолы)

____

тексерілетін субъекті өкілінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын

куәландыратын құжатта көрсетілсе)

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14695 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 9 желтоқсан №524 Астана қаласы

«Мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау графигін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №276 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау графигін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №276 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11283 болып тіркелген, 2015 жылғы 23 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мұнайды магистральдық мұнай құбырларымен тасымалдау графигін қалыптастыру қағидаларында:

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жүк жөнелтуші - Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларға немесе келісімшарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында мұнайды өндіруді жүзеге асыратын тұлға немесе оны заңды негіздерде сатып алған тұлға, мұнайды тасымалдау жөніндегі табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерін пайдалануға немесе пайдалануға ниеттенген, олар уәкілеттік берген тұлға;».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
______________ Ж.Қасымбек
2016 жылғы 9 желтоқсан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Қаржы министрі
______________ Б.Сұлтанов
2016 жылғы 20 желтоқсан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14711 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 12 желтоқсан №526 Астана қаласы

«Еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен теміржол эстакадалары қуаттарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №277 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен теміржол эстакадалары қуаттарын пайдалану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі №277 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11213 болып тіркелген, 2015 жылғы 12 маусымда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Еркін өткізу қуаты болған жағдайда магистральдық құбырлар мен теміржол эстакадалары қуаттарын пайдалану қағидаларында:

2-тармақтың 1) мен 2) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жүк жөнелтуші - Қазақстан Республикасында жер қойнауын пайдалану құқығына арналған лицензияларға немесе келісімшарттарға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында мұнайды өндіруді жүзеге асыратын тұлға немесе оны заңды негіздердесатып алған тұлға мұнайды магистральдық құбырлар бойынша тасымалдау және/немесе теміржол эстакадаларында мұнайды ағызу/құю жөніндегі, табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерін пайдалануға ниеттенген, олар уәкілеттік берген тұлға;

2) мұнай тасымалдаушы ұйым - табиғи монополиялар саласында мұнайды магистральдық құбырлар бойынша тасымалдау және/немесе теміржол эстакадаларында мұнайды ағызу/құю жөніндегі қызметтерді көрсететін магистральдық құбырдың және/немесе теміржол эстакадасының меншік иесі;».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай өнеркәсібін дамыту департаменті Қазқстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
______________ Ж.Қасымбек
2016 жылғы 9 желтоқсан

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 20 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14712 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 14 желтоқсан №533 Астана қаласы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

бұйырамын:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Жаңартылатын энергия көздері жөніндегі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушы
М.ДОСМҰХАМБЕТОВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
_________________ Т.Сүлейменов
2016 жылғы 29 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика Министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 14 желтоқсандағы №533 бұйрығына қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. «Электр желілік қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы №210 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10899 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 23 маусымда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Электр желілік қағидаларда:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Техникалық шарттар талаптары орындалғаннан кейін, қуатты қосу және беру схемасына сәйкес іске асырылған электр станциясының кешенді сынаулары жүргізіледі.»;

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінде қуат теңгерімін басқару тәуліктік кестелер негізінде ұйымдастырылады. Электр станциялары жүктеме мен айналатын резервтің берілген тәуліктік кестесін орындайды. Электр энергиясы желісін пайдаланушылар өздері мәлімдеген активті қуатты тұтынудың сағаттық кестесін асырмайды.».

2. «Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №118 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10622 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 16 сәуірде жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті айқындау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) газ – шикі, тауарлық, сұйытылған мұнай және сұйытылған табиғи газ;

2) жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясын шартты тұтынушылар (бұдан әрі – шартты тұтынушылар) – көмірді, газды, құрамында күкірт бар шикізатты, мұнай өнімдері мен ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар; Қазақстан Республикасынан тысқары жерден электр энергиясын сатып алатын электр энергиясы нарығының субъектілері; 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілгендерді қоспағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциялары;

3) жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы (бұдан әрі – қаржы-есеп айырысу орталығы) – жүйелік оператор құратын және уәкілетті орган айқындайтын, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің электр желілеріне берілген электр энергиясын Заңда көзделген тәртіппен орталықтандырылған сатып алуды және сатуды жүзеге асыратын заңды тұлға;

4) жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тариф – осы Қағидаларға сәйкес қаржы-есеп айырысу орталығы өздігінен белгілейтін жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының сатуына арналған тариф;

5) жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар – қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын шығындары, электр энергиясын өндіру-тұтынуды теңгерімдеуді ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындар, резервтік қорды қалыптастыруға жұмсалатын шығындар және оның қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

6) жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйым – жаңартылатын энергия көздерін пайдалана отырып, электр және (немесе) жылу энергиясын өндіруді жүзеге асыратын заңды тұлға;

7) операциялық шығындар – қаржы-есеп айырысу орталығының қызметін жүзеге асыруға байланысты шығындар;

8) техникалық экономикалық негіздемедегі тариф (бұдан әрі – ТЭН-дегі тариф) – уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органмен келісілген және бекітілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасы деңгейінен аспайтын тариф;

9) тіркелген тариф – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын Заңда белгіленген тәртіппен қаржы-есеп айырысу орталығының сатып алуына арналған тариф;

10) уәкілетті орган – жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) электр энергиясын тұтыну аймағы – жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісі өндірген электр энергиясын тұтынуға кедергі келтіретін техникалық сипаттағы шектеулері жоқ Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің бір бөлігі;

12) резервтік қор – жаңартылатын энергия көздерін қолдау жөніндегі қаржы-есеп айырысу орталығы қалыптастыратын қор, оның ақшасы арнайы банктік шотта сақталады және кассалық алшақтықтарды және қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіретін ұйымдар алдындағы, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген, шартты тұтынушыларға берілген электр энергиясы үшін олардың тарапынан төлем жасалмау немесе төлемді кідірту салдарынан туындайтын берешекті жабуға ғана пайдаланылады.»;

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Қаржы-есеп айырысу орталығы болжамдалған жылдың он бесінші қаңтарынан кешіктірмей жаңартылатын энергия көздерінің барлық түрлерінен өндірілген және Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикасы жүйесіне берілген электр энергиясының бір киловат-сағатына шаққандағы жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындар туралы ақпаратты, сондай-ақ есепті жылға арналған электр энергиясын тұтыну аймақтары бойынша жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті жариялайды.

9. Тұтыну аймағына байланысты болжамдалған жылға арналған жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифі Қағидалардың 7-тармағында көзделген есептерге сәйкес мынадай формула бойынша айқындалады:

$T_{Zi} = (ОЗ_{ҚЕО} + З_{бал} + З_{РҚ} + З_{тір})/V_{жиынт}$, мұндағы:

T_{Zi} – Z_i тұтыну аймағы үшін есептелген жаңартылатын энергия көздерін қолдау тарифі;

$ОЗ_{ҚЕО}$ – Z_i тұтыну аймағына жататын қаржы-есеп айырысу орталығының операциялық шығындары;

$З_{бал}$ – Z_i тұтыну аймағына жататын, электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерге жұмсалатын шығындар;

(Соңы 18-бетте)

(Соңы. Басы 17-бетте)

$З_{РҚ}$ – Z_i тұтыну аймағына жататын, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 29 шілдедегі №361 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №14210 болып тіркелген) бекітілген Резервтік қорды қалыптастыру және пайдалану қағидаларына сәйкес анықталатын, резервтік қорды қалыптастыруға жұмсалатын шығындар;

Z_i – тұтыну аймағы;

$З_{тір}$ –Z_i тұтыну аймағында жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндіретін электр энергиясын сатып алуға жұмсалатын қаржы-есеп айырысу орталығының жылдық шығындары, ол былайша қалыптастырылады:

уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органмен келісілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде бекітілген босату тарифі жоқ жаңадан іске қосылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның тіркелген тарифі бойынша немесе (не);

уәкілетті немесе жергілікті атқарушы органмен келісілген және бекітілген жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының техникалық-экономикалық негіздемесінде босату тарифі бар жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымның ТЭН-дегі тарифі бойынша;

$З_{тір}=(З_{тір.гидро}*V_{п+1}+…+З_{тір.гидро}*V_{п+N}+З_{тір.жел}*V_{п+1}+…+З_{тір.жел}*V_{п+N}+З_{тір.күн}*V_{п+1}+…+З_{тір.күн}*V_{п+N}+З_{тір.био}*V_{п+1}+…+З_{тір.био}*V_{п+N})+(З_{тэн.гидро1}*V_{п+1}+…+З_{тэн.гидроN}*V_{п+N}+З_{тэо.жел1}*V_{п+1}+…+З_{тэн.желN}*V_{п+N}+З_{тэо.күн1}*V_{п+1}+…+З_{тэн.күнN}*V_{п+N}+З_{тэо.биогаз1}*V_{п+1}+…+З_{тэн.биогазN}*V_{п+N})$, мұндағы:

$З_{тір\ гидро}$ – шағын ГЭС үшін тіркелген тариф;

$З_{тір.жел}$ – жел электр станциялары үшін тіркелген тариф;

$З_{тір.күн}$ – күн электр станциялары үшін тіркелген тариф;

$З_{тір.био}$ – биогазды электр станциялары үшін тіркелген тариф;

$З_{тэн.гидро1}$ – 1-ші шағын ГЭС үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.гидроN}$ – N-ші шағын ГЭС үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.жел1}$ – 1-ші жел электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.желN}$ – N-ші жел электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.күн1}$ – 1-ші күн электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.күнN}$ – N-ші күн электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.био1}$ – 1-ші биогазды электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$З_{тэн.биоN}$ – N-ші биогазды электр станциясы үшін ТЭН-дегі тариф;

$V_{п+1}$ – жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын 1-ші объекті өндірген және босатқан электр энергиясының көлемі;

$V_{п+N}$ – жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын N-ші объекті өндірген және босатқан электр энергиясының көлемі;

$V_п$ – жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын әрбір объекті өндірген және босатқан электр энергиясының көлемі;

$V_{жиынт}$ – Z_i тұтыну аймағындағы шартты тұтынушыларға сатылатын жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясының жылдық жиынтық көлемі.»;

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ай сайын қаржы-есеп айырысу орталығына электр энергиясы берілген айға дейін күнтізбелік он күн бұрын, алдағы айға арналған және ағымдағы жылдың соңына дейін айларға бөлінген оны шығарудың, желілерге жіберудің болжамды көлемдері туралы ақпарат береді.»;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Жаңартылатын энергия көздерін қолдауға арналған тарифті анықтау кезінде өзіндік құнында мынадай шығындар есепке алынады:

1) қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын сатып алу шығындары;

2) электр энергиясын өндіру-тұтыну теңгерімін ұйымдастыру жөніндегі қызметтерге жұмсалған шығындар;

3) қаржы-есеп айырысу орталығының операциялық шығындары;

4) резервтік қорды қалыптастыруға жұмсалатын шығындар.

15. Қаржы-есеп айырысу орталығының операциялық шығындары жыл сайын есептеледі және оны қаржы-есеп айырысу орталығы ағымдағы жылдың жиырмасыншы желтоқсанына дейінгі мерзімде алдағы жылға бекітеді.».

3. «Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын тіркелген тарифтер және жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектісін салу жобасының уәкілетті немесе жергілікті атқарушы орган бекіткен және олармен келісілген техникалық-экономикалық негіздемесінде белгіленген босату бағасының деңгейінен аспайтын тарифтер бойынша сатып алуы, қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуы шарттарының үлгі нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы №163 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10780 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 тамызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдаланатын энергия өндіруші ұйымнан электр энергиясын тіркелген тарифтер бойынша сатып алуының үлгі шартында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) шарт – Сатушы мен Сатып алушының арасында жасалған осы электр энергиясын сатып алу-сату шарты;

2) ЖЭК электр станциясы – берілетін электр энергиясын өндіретін ЖЭК пайдалану объектісі;

3) берілетін электр энергиясы – беру нүктесіне берілген, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары мен талаптарына сәйкес келетін, электр станциясы өндірген барлық электр энергиясы;

4) беру нүктесі – электр станциясын энергия беруші ұйымның электр желілеріне қосу нүктесі;

5) коммерциялық есепке алу аспабы – беру нүктесінде орнатылған, заңнамада белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген, берілетін электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

6) берілетін ай – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-де басталатын және тиісті айдың соңғы күні сағат 00.00-де аяқталатын ЖЭК-ті пайдалану объектілерінен берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін күнтізбелік ай, оның нәтижелері бойынша берілетін электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің түпкілікті есебі жүргізіледі;

7) жұмыс күні – Сатып алушы үшін жұмыс күні болып табылатын күн;

8) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталған күн – электр станциясының электр қондырғыларын кешенді сынау басталған күн;

9) Жүйелік оператордың ұлттық диспетчерлік орталығы (бұдан әрі – ЖО ҰДО) – электр энергиясын теңгерімдеу мен оның сапасын қамтамасыз етуді қоса алғанда, Қазақстанның БЭЖ жедел басқаруға және оның жұмысының сенімділігіне жауапты, Жүйелік оператордың құрылымына кіретін бөлімше;

10) жүйелік оператор – орталықтандырылған жедел-диспетчерлік басқаруды, басқа мемлекеттердің энергия жүйелерімен қатарлас жұмысты қамтамасыз етуді, энергия жүйесіндегі теңгерімді ұстап тұруды, жүйелік қызметтер көрсетуді және электр энергиясының көтерме нарығы субъектілерінен қосалқы қызметтерді сатып алуды, сондай-ақ электр энергиясын ұлттық электр желісі бойынша жеткізуді, оған техникалық қызмет көрсетуді және пайдалану дайындығында ұстап тұруды жүзеге асыратын ұлттық компания;

11) электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі (бұдан әрі ЭКЕАЖ) - электр энергиясын есепке алу деректерін өлшеуге, жинауға, өңдеуге, сақтауға және жіберуге арналған өлшеу құралдары мен аппараттық-бағдарламалық кешендер жиынтығы.

Осы Шартта пайдаланылған өзге де түсініктер ЖЭК пайдалануды қолдау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылады.»;

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2 тармақтарымен толықтырылсын:

«2-1. Қосымша құн салығын ескермегенде электр энергиясының 1 (бір) киловатт-сағатына _____ (__________) құрайтын тіркелген тариф - шарт бойынша электр энергиясының бағасы болып табылады. Тіркелген тарифті жыл сайын индекстеу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 наурыздағы №271 қаулысымен бекітілген Тіркелген тарифтерді айқындау қағидаларымен белгілеген тәртіпте жүргізіледі (ЖЭК пайдалану объектісінде электр энергиясын ЖЭК әртүрлі түрін пайдалану арқылы өндіруге арналған техникалық құрылғылар пайдаланылған жағдайда немесе электр энергиясын ЖЭК бір түрін пайдалану арқылы өндіруге арналған, бірақ қаржы-есеп айырысу орталығы әртүрлі тіркелген баға бойынша сатып алуға жататын техникалық құрылғыларды пайдаланған жағдайда, электр энергиясының бағасы ЖЭК қолданылатын түрлерінің және фотоэлектрлік модульдер типтерінің белгіленген қуатына байланыстырылып жеке көрсетіледі).

2-2. Сатушы электр энергиясын ЖЭК-тің мынадай электр станциясында (бұдан әрі – электр станциясы) өндіретін болады:

1) атауы – __________ ;

2) электр станциясының түрі (пайдаланылатын ЖЭК түріне байланысты) – _________ (күн электр станциялары үшін қосымша түрде фотоэлектрлік модуль типі мен қолданылатын кремнийдің өндіруші-елі көрсетіледі);

3) электр станциясы орналасқан алаңдар – кадастрлық нөмірі:– _________, жер учаскесінің жалпы ауданы – __________ гектар;

4) пайдаланылатын ЖЭК түрлері бойынша бөлінген, электр станциясының өндіруші жабдығының жиынтықтық белгіленген қуаты (МВт);

5) электр станциясының белгіленген қуатын пайдаланудың болжамдық коэффициенті ___.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Сатушы:

1) ай сайын, жеткізу айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштері негізінде анықталған, жеткізу айында электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымның желісіне жіберудің іс жүзіндегі тәулік сайынғы сағатпен есептегендегі көлемі туралы ақпаратты Сатып алушыға беруге;

2) ай сайын, жеткізу айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға жеткізілген электр энергиясының көлемін көрсете отырып, жеткізу айында жеткізілген электр энергиясының көлемдерін салыстырып-тексеру актісін ұсынуға;

3) ай сайын беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей Сатып алушыға электр энергиясының электр желілеріне берілген іс жүзіндегі көлемі үшін шот-фактураны және салыстырып-тексеру актісін ұсынуға;

4) жыл сайын 1 - 31 қаңтар аралығындағы кезеңде өткен қаржы жылына өзара есеп айырысуларды салыстырып-тексеруді жүргізуге;

5) электр станциясын коммерциялық пайдаланудың жоспарланған күні басталғанға дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Сатып алушыға айларға бөлінген, ағымдағы күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезеңге электр энергиясын шығарудың, оны желіге жіберудің болжамды көлемі туралы ақпарат беруге;

6) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталғаннан кейін Сатып алушыға ай сайын, беру айы басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын алдағы беру айына арналған электр энергиясын шығарудың, оны желіге жіберудің болжамды көлемі туралы ақпаратты (электр энергиясын берудің бір айлық кестесі) беруге;

7) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталғаннан кейін Сатып алушыға жыл сайын, жиырмасыншы желтоқсанға қарай айларға бөлінген, алдағы жылға арналған электр энергиясын шығарудың болжамды көлемі, оны желіге жіберу туралы ақпаратты беруге;

8) электр станциясын коммерциялық пайдалану басталғаннан кейін Сатып алушыға беру айынан кейінгі айдың бесі күнінен кешіктірмей - электр энергиясын желіге жіберудің іс жүзіндегі айлық, тәуліктік, сағаттық көлемін ұсынуға;

9) егер өз бастамасы бойынша осы Шартты біржақты тәртіппен бұзу туралы шешім қабылдаса, ол болжамды бұзу күніне дейін күнтізбелік отыз күн бұрын Сатып алушыны жазбаша хабардар етуге;

10) өз атауының, заңды мекенжайының, нақты орналасқан жерінің және шарттың талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелердің өзгергені туралы Сатып алушыны дереу хабардар етуге;

11) электр станциясының коммерциялық пайдаланылуына дейін өз ЖЭК пайдалану объектісінде ЭКЕАЖ-нің жұмыс істеуін қамтамасыз етуге міндетті. ЭКЕАЖ Жүйелік оператордың өңірлік диспетчерлік орталықтарына деректерді дистанциялық жіберу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс;

12) электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісіне қол қойылған күннен бастап және ЖЭК-ті пайдалану объектісін кешендік сынау басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қаржы-есеп айырысу орталығына оған қатысты осы сатып алу шарты жасалған ЖЭК пайдалану объектісі үшін Өтініш беруші мен энергия беруші ұйым арасында қол қойылған, ЖЭК-ті пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу құралдарын орналастыру схемасын қамтитын, электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдау актісінің көшірмесін ұсынуға;

13) ЖЭК объектісінің энергия қондырғылары пайдалануға кезең-кезеңмен енгізілген жағдайда, ЖЭК объектісінің энергия қондырғыларын кешенді сынаудың аралық актісінің көшірмесін оған қол қойылған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде, бірақ кешендік сынау өткізілген жеткізу айы аяқталғанға дейін кешіктірмей ұсынуға;

14) кешендік сынау өткізу басталар алдында 10 (он) күнтізбелік күн ішінде жүйелік оператормен келісілген кешендік сынаулар бағдарламасының көшірмесін және ЭКЕАЖ-ні пайдалануға енгізу актісінің көшірмесін ұсынуға;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр энергиясы өндірісінің тәуліктік графиктерінің сақталуын қамтамасыз етуге;

16) егер электр станциясының белгіленген қуаты бір мегаваттан кем болмайтын шаманы құраса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес электр станцияларының генерациялайтын қондырғыларының жүйелік оператор белгілеген жұмыс режимдерін сақтауға;

17) ЖЭК пайдалану объектісінде ЖЭК әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, электр энергиясы өндірісіне арналған техникалық құрылғыларды пайдаланған жағдайда немесе ЖЭК бір түрін пайдаланатын, бірақ қаржы-есеп айырысу орталығы әртүрлі тіркелген тарифтер бойынша сатып алуы тиіс, электр энергиясы өндірісіне арналған техникалық құрылғыларды пайдаланған жағдайда, ЖЭК-ті пайдалану объектісін коммерциялық есепке алу аспаптарымен, өндірілген электр энергиясының жеке түрде есепке алынуы қамтамасыз етілетіндей жабдықтауға міндетті.»;

7-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Сатушыдан көлемдерді салыстырып-тексеру актісін алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде оған қол қоюға немесе егер ол Сатушының электр энергиясының жеткізілген көлемі туралы деректерімен келіспесе, сол мерзімде Сатушыға бас тартудың негізділігін растайтын құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, өзінің жазбаша дәлелді бас тартуын жіберуге;»;

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жеткізу айы аяқталған кезден бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң он бес жұмыс күні ішінде тиісті көлемдерді салыстырып-тексеру актісінде көрсетілген электр энергиясының жеткізу айында жеткізілген барлық көлемі үшін Сатушыға ақы төлеуге;»;

мынадай мазмұндағы 11-1, 11-2 және 11-3-тармақтармен толықтырылсын:

«11-1. Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес тұтынушылармен жасалған екіжақты шарттарға сай, Сатушы осы шарттың қолданылу кезінде өндірілетін электр энергиясын шарт бағалары бойынша өткізген жағдайда, Сатып алушы осы шартты біржақты тәртіпте бұзуы тиіс.

11-2. Жеткізетін электр энергиясының көлемін есепке алу жеткізу нүктесінде орнатылған Сатушының коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсетулері негізінде жүргізіледі.

11-3. ЭКЕАЖ-дің өз объектісінде жұмыс істеуін қамтамасыз еткеннен кейін, Сатып алушы Сатушы жеткізетін электр энергиясының көлемдерін және Сатушы мен Сатып алушы арасындағы коммерциялық өзара есеп айырысуларды есепке алу және анықтау үшін ЭКЕАЖ деректерін пайдалануға құқылы.»;

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Электр станциясын қоса алғанда, ЖЭК пайдалану объектілерінен алынатын электр энергиясы теңгерімсіздігін қаржылық реттеуді Сатып алушы Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №112 бұйрығымен бекітілген Электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10532 болып тіркелді) сәйкес жүзеге асырады.»;

мынадай мазмұндағы 28-тармақпен толықтырылсын:

«28. Осы Шарттың барлық талаптары тұрақты болып табылады, Қазақстан Республикасы заңнамаларының өзгеруіне тәуелді емес және тек Сатып алушымен келісім бойынша ғана өзгертілуі мүмкін.»;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қаржы-есеп айырысу орталығының жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын шартты тұтынушыларға сатуының үлгі шартында:

1-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясын шартты тұтынушылар (бұдан әрі – шартты тұтынушылар) – көмірді, газды, құрамында күкірт бар шикізатты, мұнай өнімдері мен ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар; Қазақстан Республикасынан тысқары жерден электр энергиясын сатып алатын электр энергиясы нарығының субъектілері; 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілгендерді қоспағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциялары;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) есепті кезең – тиісті айдың бірінші күні сағат 00.00-ден бастап тиісті айдың соңғы күні сағат 24.00-ге дейін берілетін электр энергиясын іс жүзінде беретін күнтізбелік ай, оның нәтижелері бойынша берілетін электр энергиясының сатып алу-сату көлемінің түпкілікті есебі жүргізіледі;»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Сатып алушы:

1) ай сайын ЖЭК объектілерінен электр энергиясы берілген айға дейін күнтізбелік 10 күн бұрын электр энергиясын шығарудың, энергия беруші ұйымдардың желісіне жіберудің болжамды көлемдері немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерден қабылдау туралы ақпаратты Сатушыға беруге;

2) жыл сайын жиырмасыншы желтоқсанға қарай алдағы жылға арналған электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің болжамды жылдық ай сайынғы көлемдері туралы ақпаратты Сатушыға жіберуге;

3) жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілерінен беру айы аяқталғаннан кейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, Сатушыға жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын есепті кезең ішінде бергені үшін ақы төлеуге;

4) тиісті шот-фактураны алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Сатушыны хабардар етуге және Сатушыға наразылықтарын көрсетіп, жазбаша өтініш беруге, егер Сатып алушы шығарылған шот-фактураның дұрыстығына қарсы болса, ол Сатушыны хабардар етеді;

5) электр энергиясының дау айтылып отырған көлеміне қатысты Сатушы мен Сатып алушы арасындағы осы көлемге қатысты дау реттелгеннен кейін, 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей дау реттелгеннен кейін келесі айда электр энергиясының Тараптармен келісілген көлеміне ақы төлеуге;

6) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 (жиырма бесіне) дейін тоқсан сайын келіспеушіліктерді көрсете отырып немесе онсыз салыстырып-тексеру жүргізуге міндетті;

7) Жаңартылатын энергия көздері объектілерінен алынатын электр энергиясын жеткізудің есепті айынан кейінгі айдың бесіне дейін, ай сайын Сатушыға электр энергиясын шығарудың, желіге босатудың немесе электр энергиясын Қазақстан Республикасының шегінен тыс қабылдаудың нақты көлемдері туралы ақпаратты ұсынуға міндетті.»;

4. «Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 2 наурыздағы №164 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10662 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 тамызда жарияланған):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жаңартылатын энергия көздерін пайдалану объектілері өндірген электр энергиясын қаржы-есеп айырысу орталығының орталықтандырылған сатып алу және сату қағидаларында:

1-тармақтың 5) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) жаңартылатын энергия көздерінен алынатын электр энергиясын шартты тұтынушылар (бұдан әрі – шартты тұтынушылар) – көмірді, газды, құрамында күкірт бар шикізатты, мұнай өнімдері мен ядролық отынды пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар; Қазақстан Республикасынан тысқары жерден электр энергиясын сатып алатын электр энергиясы нарығының субъектілері; 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға берілгендерді қоспағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар гидроэлектр станциялары;»;

4-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) 2016 жылғы 1 қаңтардан кейін пайдалануға енгізілген гидроэлектрстанцияларды есепке алмағанда, жиынтық қуаты отыз бес мегаваттан асатын, бір гидроторапта орналасқан қондырғылары бар және (немесе) реттеудің тәуліктік көлемінен астамын қамтамасыз ететін су қоймалары бар гидроэлектрстанциялары.

Гидроэлектрстанциясының су қоймасының сыйымдылығы су қоймасына құйылатын өзен ағысының есептік қамтамасыз етілуінің тәуліктік көлемінен асып түсетін болса, ол реттеудің тәуліктік көлемінен астам көлемді қамтамасыз етеді деп есептеледі.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. ЖЭК пайдаланатын барлық энергия өндіруші ұйымдарда өзінің ЖЭК пайдалану объектісінде коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі бар. Коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесінде деректерді өңірлік диспетчерлік орталықтарға қашықтықтан беру мүмкіндігі болуға тиіс.

Электр энергиясын шоғырландыруға арналған құрылғылармен, дербес қоректендіру көздерімен, сондай-ақ резервтік қоректендіруші электр желілерімен жабдықталған ЖЭК пайдалану объектілерінде электр энергиясын коммерциялық есепке алудың автоматтандырылған жүйесі аталған құрылғылар босататын және (немесе) тұтынатын электр энергиясын коммерциялық есепке алуды қамтамасыз етеді.

ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар ЖЭК пайдалану объектісінде ЖЭК әртүрлі түрлерін пайдалана отырып, электр энергиясы өндірісіне арналған техникалық құрылғыларды пайдаланған жағдайда немесе ЖЭК бір түрін пайдаланатын, бірақ қаржы-есеп айырысу орталығы әртүрлі тіркелген тарифтер бойынша сатып алуы тиіс, электр энергиясы өндірісіне арналған техникалық құрылғыларды пайдаланған жағдайда, ЖЭК-ті пайдалану объектісін коммерциялық есепке алу аспаптарымен, өндірілген электр энергиясының жеке түрде есепке алынуы қамтамасыз етілетіндей жабдықтайды.»;

10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Қаржы-есеп айырысу орталығы Өтінімді және ұсынылған құжаттарды алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзім ішінде қарастырады. Өтініш беруші Заңның 7-1 бабының 7-тармағында көзделген құжаттардың қайсыбірін ұсынбаған жағдайда немесе құжаттарды толық көлемде ұсынбаған жағдайда, қаржы-есеп айырысу орталығы аталған құжаттар келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде себептерін көрсетіп, Өтінімді қайтарады. Өтініш беруші Өтінімді және қоса берілген құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келтіру мақсатында Өтінім қайтарылған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде Өтінімді жетіспейтін құжаттармен толықтырады және/немесе Қаржы-есеп айырысу орталығының ескертулерін жояды.

11. Қаржы-есеп айырысу орталығы мына талаптар орындалған кезде:

1) өтініш беруші Заңның 7-1-бабы 7-тармағында көзделген құжаттарды тапсырса;

2) ЖЭК пайдалану объектісі мен Өтініш беруші тізбеге енгізілсе;

3) қаржы-есеп айырысу орталығы мен Өтініш беруші арасында Өтінімде көрсетілген ЖЭК пайдалану объектісінде өндірілген электр энергиясын сатып алудың қолданыстағы шарты болмаса;

4) өтініш беруші өндірілген электр энергиясын сатуды Заңның 9-бабының 1-тармағына сәйкес таңдаса;

5) өтініш беруші Қағидалардың 8, 10 және 14-тармақтарының талаптарын орындаса Өтініш берушімен электр энергиясын сатып алу шартын жасасады.»;

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Өтініш беруші қаржы-есеп айырысу орталығынан сатып алу шартының екі данасын алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күннен аспайтын мерзімде оларға қол қояды және қаржы-есеп айырысу орталығына жібереді.»;

16-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасының сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы заңнамасына сәйкес бекітілген, оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау актінің көшірмесі - сатып алу шартына қол қойылған күннен бастап 36 (отыз алты) ай ішінде;»;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) оған қатысты сатып алу шарты жасалатын ЖЭК пайдалану объектісі үшін энергия беруші ұйым мен Өтініш беруші арасында қол қойылған, ЖЭК пайдалану объектісінде коммерциялық және техникалық есепке алу аспаптарын орналастыру схемасын қамтитын электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісінің көшірмесі - электр энергиясын коммерциялық есепке алу схемасын қабылдап алу актісіне қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және ЖЭК пайдалану объектісін кешенді сынау басталғанға дейін;»;

22, 23 және 24-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Егер пайдалануға берілген ЖЭК пайдалану объектісінің іс жүзіндегі параметрлері сатып алу шартында көрсетілген параметрлерден өзгеше болса, қаржы-есеп айырысу орталығы мен өтініш беруші ЖЭК пайдалану объектісінің сипаттамасын іс жүзіндегі мән-жайлармен сәйкес келтіру үшін ЖЭК пайдалану объектісін пайдалануға қабылдау бекітілген актісінің көшірмесі қаржы-есеп айырысу орталығына ұсынылған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде сатып алу шартына тиісті қосымша келісім жасайды.

23. ЖЭК пайдалану объектісінің электр қондырғыларын кешенді сынау аяқталғаннан кейін сатып алу шартын жасаған өтініш беруші қаржы-есеп айырысу орталығына мынадай ақпаратты:

1) электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың болжамды көлемі, электр энергиясын жеткізудің алдағы жеткізу айына арналған бір айлық тәуліктік сағаттық кестелері - ай сайын, жеткізу айына дейін күнтізбелік он күн қалғанда;

2) электр энергиясын өндірудің, желіге босатудың алдағы бір жылға арналған, айларға бөлінген болжамды көлемі - жыл сайын, жиырмасыншы желтоқсанға қарай;

3) электр энергиясын жеткізудің алдағы тәулікке арналған тәуліктік болжамды кестелері - күн сайын, Астана уақыты бойынша 11 сағат 00 минутқа дейін;

4) электр энергиясын желіге босатудың іс жүзіндегі бір айлық көлемі - жеткізу айынан кейінгі айдың бесінші күнінен кешіктірмей;

5) электр энергиясын желіге босатудың іс жүзіндегі тәулік сайынғы сағаттық көлемі – күн сайын Астана уақыты бойынша 10 сағат 00 минутқа дейін үнемі жіберіп тұрады.

24. ЖЭК пайдалану объектісінің электр қондырғыларын кешенді сынау аяқталғаннан кейін сатып алу шартын жасаған Өтініш беруші өңірлік электр желілік компаниясына және жүйелік операторға электр энергиясын желіге жеткізудің тәуліктік (алдағы тәулікке арнап Астана уақыты бойынша 11 сағат 00 минутқа дейін) және айлық (ай басталғанға дейін күнтізбелік он күн бұрын) кестесін үнемі жіберіп тұрады.»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Өтініш беруші электр энергиясын өндірудің тәуліктік кестелерінің сақталуын қамтамасыз етеді. ЖЭК пайдалану объектілерінен алынатын электр энергиясының теңгерімсіздіктерін қаржылық реттеуді қаржы-есеп айырысу орталығы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығының жұмыс істеу қағидаларына сәйкес ЖЭК қолдауға арналған тариф бойынша жүзеге асырады.»;

30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Қаржы-есеп айырысу орталығы, жүйелік оператор мен энергия беруші ұйымның уәкілетті жұмыскерлері тиісті өтініш берушіде қолданылатын қауіпсіздік техникасына қойылатын талаптарды сақтаған және ЖЭК объектісіне бару уақыты мен күні өтініш берушімен келісілген жағдайда, сатып алу шартын жасаған өтініш беруші олардың ЖЭК пайдалану объектісі қосылған электр желілеріне, ЖЭК пайдалану объектісіне, сондай-ақ электр энергиясын коммерциялық есепке алу аспаптарына қол жеткізуін қамтамасыз етеді.»;

33-тармақ алып тасталсын;

60-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«60. Шартты тұтынушылар:

1) ай сайын жеткізу айына дейін күнтізбелік 10 (он) күн қалғанда қаржы-есеп айырысу орталығына электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушыларға жеткізудің немесе Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден қабылданатын болжамды ай сайынғы көлемдері туралы ақпаратты жібереді;

2) жыл сайын жиырмасыншы желтоқсанға дейін қаржы-есеп айырысу орталығына алдағы жылы электр энергиясын шығарудың, желіге жіберудің, энергия беруші ұйымдар мен тұтынушыларға жеткізудің болжамды көлемдері туралы ақпаратты жібереді;

3) ай сайын, ЖЭК объектілерінен алынатын электр энергиясын жеткізудің есепті айынан кейінгі айдың бесіне дейін қаржы-есеп айырысу орталығына электр энергиясының шығарылуының, электр энергиясының Қазақстан Республикасы шегінен тыс желіге босатылуының немесе қабылдануының іс жүзіндегі көлемдері туралы ақпаратты ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 61-1 тармақпен толықтырылсын:

«61-1. ЖЭК пайдаланатын энергия өндіруші ұйымдар өндіретін, желіге босатылатын электр энергиясы көлемінің нақты мәні және шартты тұтынушылардың желіге босататын электр энергиясының көлемдері (электр энергиясының импортын қоса алғанда) есепті айда жүйелік оператор қалыптастыратын, Қазақстан Республикасының электр энергиясының көтерме нарығындағы электр энергиясын өндіру-тұтынудың нақты теңгерімімен анықталады.»;

71 және 72-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Егер осы Заңның 7-1-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес ЖЭК электр энергиясын сатудан қаржы-есеп айырысу орталығы алған ақша сомасы ағымдағы тоқсанда ЖЭК пайдалануды қолдауға жұмсалатын шығындарды өтеу үшін қажетті шамадан кем болса немесе асып кетсе, қаржы-есеп айырысу орталығы қайта есептеуді жүргізеді және келесі тоқсанға электр энергиясын шартты тұтынушылар арасында шығындарды қайта бөледі.

72. Шартты тұтынушының нарықтан шығуы, таратылуы себебі бойынша одан ақша толық алынбаған жағдайда, қаржы-есеп айырысу орталығы жоғарыда көрсетілген тұтынушыға есептелген электр энергиясының тиісті үлесін барлық шартты тұтынушыларға Қазақстан Республикасында электр энергиясын тұтынудың жалпы көлеміне қатысты олардың тұтыну көлеміне пропорционалды түрде бөледі.».

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 2 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14760 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 23 желтоқсан №556 Астана қаласы

«Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептемеге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 14 ақпандағы №16-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептемеге қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2013 жылғы 14 ақпандағы № 16-ө бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8376 болып тіркелген, 2013 жылы 3 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінің № 162 (28101) нөмірінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптарды бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 30) тармақшасына, сондай-ақ «Мемлекеттік статистика туралы» 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**»;

бұйрықтың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бұйрыққа қоса тіркелген өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптар бекітілсін.»;

Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке қойылатын талаптардың қосымшасы осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
Н. Айдапкелов ______________
2016 жылғы 13 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2016 жылғы 23 желтоқсандағы №556 бұйрығына қосымша

Өндірістік экологиялық бақылау нәтижелері бойынша есептілікке
қойылатын талаптардың қосымшасы
Нысан

Өндірістік экологиялық бақылау туралы есептілік

Нысанның индексі: ӨЭБ

Есепті кезең: тоқсан сайын, жыл сайын

Ақпарат ұсынатын тұлғалар тобы: арнайы табиғат пайдалануды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар

Нысан қайда ұсынылады: қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшелеріне

Нысанның берілетін мерзімі тоқсандық есептері есепті тоқсан аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингі шеңберінде операциялық экологиялық мониторинг және эмиссиялар мониторингі бойынша тоқсандық және жылдық есептерді есепті тоқсан аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде ұсынылады;

Каспий теңізінің қазақстандық секторында мұнай операцияларын жүргізу кезінде өндірістік экологиялық мониторингті шеңберінде әсер ету мониторингі бойынша жылдық есепті кезең аяқталғаннан кейін 3 ай ішінде ұсынылады.

1- кесте

1. Жалпы мәліметтер

№ р/н	Өндірістік объектінің атауы (орналасқан жері)	Өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы	Өндірістік экологиялық бақылау жиілігі
1	2	3	4

2- кесте

2. Зертхана туралы мәліметтер

№ р/н	Аккредиттелген сынақ зертханасының атауы	Аккредиттелген сынақ зертханасы аттестатының нөмірі және мерзімі	Сынақ зертханасының аккредиттелген саласы
1	2	3	4

3- кесте

3. Эмиссия мониторингі
3.1. Атмосфералық ауа

Шығарынды көзінің атауы (шығарынды көзінің нөмірі)	Ластаушы заттардың атауы	Белгілен ген норматив, грамм/секунд, тонна/жыл	Мониторингтің нақты нәтижесі (грамм/секунд, тонна/тоқсан, тонна/жыл)	Шекті жол берілген шығарындыларды сақтау	Заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.2. Су ресурстары

Әсер ету көздерінің атауы (бақылау нүктелері)	Ластаушы заттардың атауы	Белгіленген норматив, миллиграмм/текше дециметр, тонна/жыл	Мониторингтің нақты нәтижесі миллиграмм/ текше дециметр, тонна/тоқсан, тонна/жыл	Шекті жол берілген шығарындыларды сақтау немесе асыру	Заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

Қалдықтарды сақтау және көму орнының атауы (орналасқан жері)	Қалдықтардың түрлері	Қауіптілік деңгейі	Эмиссия нормативі (тонна/жыл)	Қалдықтарды нақты орналастыруы (тонна/жыл)	Қалдықтарды кәдеге жарату/ өңдеу бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.4. Жердің ластану деңгейінің мониторингі

Әсер ету көзініңатауы (бақылау нүктелері)	Ластаушы заттардың атауы	Белгіленген норматив (миллиграмм/килограмм)	Мониторингтің нақты нәтижесі (миллиграмм/ килограмм)	Шекті жол берілген шығарындыларды сақтау немесе асыру	Заң бұзушылықты жою бойыншаіс-шаралар
1	2	3	4	5	6

3.5. Радиациялық мониторинг

Әсер ету көзінің атауы (бақылау нүктелері)	Белгіленген норматив (өлшем бірлігі микрозиверт/ сағатына)	Мониторингтің нақты нәтижесі (өлшем бірлігі микрозиверт/ сағатына)	«Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» нормативінің мөлшерден асуы немесе сақталуы	Заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар
1	2	3	4	5

4-кесте

4. Санитариялық-қорғау аймағы шекарасында әсер ету мониторингі
4.1. Атмосфералық ауа

Сынамалар алынатын нүкте	Ластаушы заттардың атауы	Нақты шоғырлану	Шекті жол берілген шоғырлану мөлшері (барынша бір реттік, миллиграмм/ текше метр)	Шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі	Заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар
1	2	3	4	5	6

4.2. Су ресурстары

Сынамалар алынатын нүкте	Ластаушы заттардың атауы	Нақты шоғырлану	Шекті жол берілген шоғырлану мөлшері (миллилитр/ литр)	Шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі	Заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар
1	2	3	4	5	6

4.3. Топырақ жамылғысы

Сынамалар алынатын нүкте	Ластаушы заттардың атауы	Нақты шоғырлану	Шекті жол берілген шоғырлану мөлшері, миллиграмм/килограмм	Шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі	Заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар
1	2	3	4	5	6

Жетекшісі______________________________________ _____________________
(Тегі,аты,әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)
Орындаушы____________________________________ _____________________
(Тегі,аты,әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)
Ұйымның атауы____
БСН/ЖСН____
Ұйымның мекенжайы____
Ұйымның телефон нөмірі_____________________________________
М.О.

Ескерту: Өндірістік экологиялық бақылау бойынша есептілікті толтыру бойынша анықтама осы есептіліктің қосымшасына сәйкес келтірілген.

Өндірістік экологиялық бақылау бойынша есептілікті толтыру бойынша анықтама

1. Өндірістік экологиялық бақылау туралы есептілік нысаны 2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 17-бабының 30) тармақшасына сәйкес әзірленген.

2. Өндірістік экологиялық бақылау туралы есептілік (бұдан әрі – Есептілік) тоқсан сайын, есепті тоқсан аяқталғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне ұсынылады.

3. Нысан мынадай түрде толтырылады:

«Жалпы мәліметтер» деген 1-кестеде:

1-бағанда рет бойынша № толтырылады;

2-бағанда өндірістік объектінің атауы (орналасқан орны) көрсетіледі;

3-бағанда өндірістік процестің қысқаша сипаттамасы көрсетіледі;

4-бағанда өндірістік экологиялық бақылау жиілігі көрсетіледі;

«Зертхана туралы мәліметтер» деген 2-кестеде:

1-бағанда рет бойынша № толтырылады;

2-бағанда аккредиттелген сынақ зертханасының атауы көрсетіледі;

3-бағанда аккредиттелген сынақ зертханасы аттестатының нөмірі және мерзімі көрсетіледі;

4-бағанда сынақ зертханасының аккредиттелген саласы аккредиттеу саласының көшірмелерімен қоса көрсетіледі;

«Эмиссия мониторингі» деген 3-кестеде:

3.1. Атмосфералық ауа

1-бағанда шығарынды көзінің атауы көрсетіледі (шығарынды көзінің нөмірі шекті жол берілген шығарындылар жобасына сәйкес көрсетіледі);

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда эмиссиялардың белгіленген нормативі (грамм/секунд, тонна/жыл) көрсетіледі;

4-бағанда мониторингтің нақты нәтижесі (грамм/секунд, тонна/тоқсан, тонна/жыл көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шығарындыларды сақтау немесе асыру көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар көрсетіледі;

3.2. Су ресурстары:

1-бағанда әсер ету көздерінің атауы көрсетіледі (шығару нүктесіндегі ластаушы заттардың шоғырлану нормативтерін сақтау үшін бақылау нүктелері шекті жол берілген шығарындылар жобасына сәйкес көрсетіледі);

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда белгіленген норматив (миллиграмм/текше дециметр, тонна/жыл) көрсетіледі;

4-бағанда мониторингтің нақты нәтижесі (миллиграмм/текше дециметр, тонна/тоқсан, тонна/жыл) көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шығарындыларды сақтау немесе асыру көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар көрсетіледі;

3.3. Өндіріс және тұтыну қалдықтары

1-бағанда қалдықтарды сақтау және көму орнының атауы (орналасқан жері) көрсетіледі;

2-бағанда қалдықтардың түрлері көрсетіледі;

3-бағанда қауіптілік деңгейі көрсетіледі;

4-бағанда эмиссия нормативтері (тонна/жыл) көрсетіледі;

5-бағанда қалдықтарды нақты орналастыру (тонна/жыл) көрсетіледі;

6-бағанда қалдықтарды кәдеге жарату/өңдеу бойынша іс-шаралар көрсетіледі;

3.4. Жердің ластану деңгейінің мониторингі

1-бағанда әсер ету көзінің атауы (бақылау нүктелері) көрсетіледі;

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда белгіленген норматив (миллиграмм/килограмм) көрсетіледі;

4-бағанда мониторингтің нақты нәтижесі (миллиграмм/килограмм) көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шығарындыларды сақтау немесе асыру, фондық шоғырлану көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар көрсетіледі;

3.5. Радиациялық мониторинг

1-бағанда әсер ету көзінің атауы көрсетіледі;

2-бағанда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы №155 бұйрығымен бекітілген «Радиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10671 тіркелген) гигиеналық нормативтеріне (бұдан әрі - нормативтер) сәйкес белгіленген өлшем бірліктері көрсетіледі;

3-бағанда нормативтерге сәйкес есептелінетін мониторингтің нақты нәтижесі көрсетіледі;

4-бағанда нормативтерге сәйкес есептелінетін нормативтердің сақталуы немесе асуы көрсетіледі;

5-бағанда заң бұзушылықты жою бойынша іс-шаралар көрсетіледі.

«Санитариялық-қорғау аймағы шекарасында әсер ету мониторингі» деген 4-кестеде:

4.1. Атмосфералық ауа

1-бағанда сынамалар алынатын нүкте көрсетіледі;

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда нақты шоғырлану көрсетіледі;

4-бағанда шекті жол берілген шоғырлану мөлшері (барынша бір реттік, миллиграмм/ текше метр) көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі;

4.2. Су ресурстары

1-бағанда сынамалар алынатын нүкте көрсетіледі;

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда нақты шоғырлану көрсетіледі;

4-бағанда шекті жол берілген шоғырлану мөлшері, (миллилитр/литр) көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі;

4.3. Топырақ жамылғысы

1-бағанда сынамалар алынатын нүкте көрсетіледі;

2-бағанда ластаушы заттардың атауы көрсетіледі;

3-бағанда нақты шоғырлану көрсетіледі;

4-бағанда шекті жол берілген шоғырлану мөлшері, миллиграмм/килограмм көрсетіледі;

5-бағанда шекті жол берілген шоғырланудың асып түсуі, еселігі көрсетіледі;

6-бағанда заң бұзушылықтарды жою және экологиялық жағдайды жақсарту бойынша ұсыныстар көрсетіледі.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 19 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14696 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 26 желтоқсан №563 Астана қаласы

«Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №301 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11229 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 тамызда «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 11) тармақшасы алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрі
___________________ Д.Абаев
2016 жылғы 27 желтоқсан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
_________________ Т.Сүлейменов
2016 жылғы 29 желтоқсан

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
______________ Қ.Бишімбаев
2016 жылғы « » _______________

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 26 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14731 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 28 желтоқсан №570 Астана қаласы

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервінен квоталар бөлудің әдістемесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервінен квоталар бөлу әдістемесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Климаттың өзгеруі жөніндегі департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2016 жылғы 28 желтоқсандағы №570 бұйрығымен бекітілген

Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервінен квоталар бөлудің әдістемесі

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы квоталар көлемінің резервінен квоталар бөлудің әдістемесі (бұдан әрі - Әдістеме) Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес тиісті кезеңге бекітілген Парниктік газ шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспарындағы (бұдан әрі – Ұлттық жоспар) квоталар көлемінің резервінен квоталарды бөлу кезінде қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) қолдануы үшін әзірленді.

2. Әдістеме тиісті Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде қолданылады.

3. Парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлудің ұлттық жоспары мыналар:

1) жаңа қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу;

2) Кодекстің 94-4-бабының 1-тармағында көзделген жағдайларда қосымша квоталар беру;

3) Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде пайдаланылуы Кодекстің 94-2-бабы 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілік субъектілерінің қондырғылары үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталар бөлу;

4) парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) парниктік газдарды сіңіруді ұлғайту жөніндегі ішкі жобалар үшін көміртегі бірліктерін беру;

5) аукцион шартымен квоталарды сату үшін квоталар резервінің көлемін (бұдан әрі – Резерв) қамтиды.

4. Квоталар көлемінің резервін басқаруды қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады.

Осы Әдістеменің 3-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген резерв қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдардың шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысындағы ұйымына сатуды ұйымдастыру үшін беріледі.

Резервтегі парниктік газдарға квоталарды сатудан алынған қаражат мемлекеттік бюджеттің кірісіне түседі.

5. Резервтен квоталар алуға негізделген парниктік газдар шығарындыларының көлемінің есептеулерін жасаған кезде тиісті Ұлттық жоспарда квоталау мақсатында қарастырылған парниктік газдар шығарындылары ескеріледі.

6. Осы Әдістемеде пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Кодекске сәйкес қолданылады.

2-тарау. Ұлттық жоспардағы квоталар көлемінің резервінен квоталарды бөлу

7. Резервтегі квоталар көлемі Резерв санаттары арасында тең бөліктермен мынадай формула бойынша бөлінеді:

$V_i = V / n$; мұндағы,

V_i - Резервтің бір санаты үшін Резервтегі квоталар көлемі,

V^i = Резерв көлемі,

n = Резерв санаттарының саны.

8. Жаңа қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларына квоталарды бөлу, сұртылғын квота көлемін негіздейтін, верификацияланған есептер негізінде Резервтен жүзеге асырылады.

Жаңа қондырғылар үшін Резерв санатында қалған квоталар көлемі мынадай түрде есептеледі:

$V_{ai} = V_a - \sum a_i$; мұндағы,

V_{ai} – жаңа қондырғылар үшін Резервте қалған квоталар көлемі;

V_a – Резервтегі жаңа қондырғылар үшін квоталар көлемі;

a_i – жаңа қондырғы үшін сұратылған квоталар көлемі.

9. Реттелетін қондырғылар үшін парниктік газдар шығарындыларына қосымша квоталарды бөлу Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 28 шілдедегі №292 бұйрығымен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларына квоталарды беру, өзгерту және өтеу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде №14012 болып тіркелген) айқындалатын тәртіппен Резервтен жүзеге асырылады.

Қосымша квоталарды беру үшін Резерв санатында қалған квоталар көлемі мынадай түрде есептеледі:

$V_{bi} = V_b - \sum b_i$; мұндағы,

V_{bi} – қосымша квоталарды беру үшін Резервтегі қалған квоталар көлемі;

V_b – қосымша квоталарды беру үшін Резервтегі квоталар көлемі;

b_i – сұратылған қосымша квотаның көлемі.

10. Ұлттық жоспардың қолданылу кезеңінде Кодекстің 94-2-бабының 1-тармағының талаптарына түсетін әкімшілендіру субъектілерінің қондырғылары үшін квоталар бөлу, сұратылған квота көлемін негіздейтін, верификацияланған есептер негізінде Резервтен жүзеге асырылады

Қосымша квоталарды беру үшін Резерв санатында қалған квоталар көлемі мынадай түрде есептеледі:

$V_{ci} = V_c - \sum c_i$; мұндағы,

V_{ci} – реттелетін санатқа көшетін әкімшілендіру субъектілеріне беру үшін Резервте қалған квоталар көлемі;

V_c – реттелетін санатқа көшетін әкімшілендіру субъектіліріне беру үшін Резервтегі квоталар көлемі;

c_i – реттелетін санатқа көшетін әкімшілендіру субъектілеріне беру үшін сұратқан квоталар көлемі.

11. Парниктік газдар шығарындыларын азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту жөніндегі ішкі жобалардың өтініш берушілері үшін квоталарды бөлу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 мауысымдағы №841 қаулысымен бекітілген Парниктік газдар шығарындыларын азайту мен сіңіруге бағытталған жобаларды қарау, мақұлдау және іске асыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша квоталарды беру үшін Резерв санатында қалған квоталар көлемі мынадай түрде есептеледі:

$V_{di} = V_d - \sum d_i$; мұндағы,

V_{di} – шығарындыларды азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту бойынша ішкі жобалардың өтініш берушілері үшін Резервте қалған квоталар көлемі;

V_d – шығарындыларды азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту бойынша ішкі жобалардың өтініш берушілері үшін Резервтегі квоталар көлемі;

d_i – шығарындыларды азайту және (немесе) сіңірулерді ұлғайту бойынша ішкі жобалардың өтініш берушілер сұратылған квоталар көлемі.

12. Кодекстің 94-5-бабы 3-тармағының 5) тармақшасында көзделген аукцион шартымен сату үшін квоталар көлемін бөлу қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның парниктік газдар шығарындыларын реттеу жөніндегі ведомстволық бағынысты ұйымына беру жолымен сатуды ұйымдастыру үшін жүзеге асырылады.

Квоталарды аукцион шартымен сату үшін Резервте қалған квоталар көлемі мынадай түрде есептеледі:

$V_{ei} = V_e - \sum e_i$; мұндағы,

V_{ei} – аукцион шартымен сату үшін Резервтегі қалған квоталар көлемі;

V_e – аукцион шартымен сату үшін Резервтегі квоталар көлемі;

e_i – аукцион шартымен сатылған квоталар көлемі.

13. Осы Әдістеменің 3-тармағында көрсетілген Резерв санаттарының бірінде квоталар көлемі көзделген көлемнің бірден бесін құраған жағдайда, уәкілетті органның хабарлауы бойынша Көміртегі бірліктері мемлекеттік тізілімінің операторы осы Әдістеменің 3-тармағында көрсетілген Резерв санаттарында қалған барлық квоталар көлемін осы Әдістеменің 7-тармағында көрсетілген формула бойынша қайта бөледі.

Сонымен бірге, аукцион шартымен квоталарды сатуға қарастырылған квоталар көлемі қайта бөлуге жатпайды.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 қаңтарда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14750 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 28 желтоқсан №573 Астана қаласы

«Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №762 бұйрығына толықтыру енгізу туралы

бұйырамын:

1. «Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №762 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №12753 тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 19 қаңтарда жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қалдықтарды жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу әдістемесі:

мынадай мазмұндағы 3-тараумен толықтырылсын:

«3. Қаптама, электр және электронды құрал-жабдық, сынапты шамдар, термометрлер, батареялар, пластмасса бұйымдары, импортталатын қаптамадағы тауарлар қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін төлемақыны есептеу

10. Қаптама, электр және электронды құрал-жабдық, сынапты шамдар, термометрлер, батареялар, пластмасса бұйымдары өндірушілер (импорттаушылар) үшін, сондай-ақ қаптамадағы тауарларды импорттаушылар үшін ағымдағы банк шотына енгізуге жататын төлемақы сомасын өндірушілер (импорттаушылар) өздігінен есептейді.

11. Қаптама, электр және электронды құрал-жабдық, сынапты шамдар, термометрлер, батареялар, пластмасса бұйымдарына, импортталатын қаптамадағы тауарларға қатысты төлемақыны есептеукелесі нұсқада жүргізіледі:

$C_0 = m * C_{АЕК} * 0$

мұндағы, C_0–қаптама, электр және электронды құрал-жабдық, сынапты шамдар, термометрлер, батареялар, пластмасса бұйымдарының, импортталатын қаптамадағы тауарлардың қалдықтарын жинауды, тасымалдауды, қайта өңдеуді, залалсыздандыруды, пайдалануды және (немесе) кәдеге жаратуды ұйымдастырғаны үшін өндірушілер (импорттаушылар) төлеуге тиіс төлемақы.

m – өндірілетін (импортталатын) қаптаманың, электр және электронды құрал-жабдықтың, батареялардың, пластмасса бұйымдарының, импортталатын қаптамадағы тауарлардың салмағы (тоннада) немесе өндірілетін (импортталатын) сынапты шамдардың және термометрлердің саны (данада);

$C_{АЕК}$– бір айлық есептік көрсеткіш сомасы.».

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі ресмі жариялау және қосу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
__________________ Ж.Қасымбек
2017 жылғы 11 қаңтар

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14767 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2016 жылғы 30 желтоқсан №581 Астана қаласы

«Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №121 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. «Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы №121 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №10558 болып тіркелген, 2015 жылғы 16 сәуірде «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларында:

7-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі баспа және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
____________ Н.Айдапкелов
2016 жылғы 30 желтоқсан

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2016 жылғы 30 желтоқсандағы №581 бұйрығына қосымша

Бірыңғай электр энергетикасы жүйесінің, электр станцияларының, аудандық қазандықтардың, электр және жылу желілерінің жұмысындағы технологиялық бұзушылықтарға тергеп-тексеру жүргізу және оларды есепке алу қағидаларына
7-қосымша
Нысан

Технологиялық бұзушылықтар туралы есептілік

Есепті кезең 20__ жылғы «____»__________ бастап 20__ жылғы «____»__________ дейін.
Көрсеткіші: ТБ-1
Кезеңділігі: ай сайын
Ұсынатын тұлғалар тобы: энергия беруші және энергия өндіруші ұйымдар
Қайда ұсынылады: энергетикалық қадағалау және бақылау жөніндегі мемлекеттік орган немесе жергілікті атқарушы орган (құзыреті бойынша)
Тапсыру мерзімі: есепті кезеңінен кейінгі айдың жетінші жұлдызына дейін ай сайын

Авариялар									І дәрежелі істен шығулар								
Жыл басынан бастап барлығы	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Оның ішінде		Жеткіліксіз жіберілген				Жыл басынан бастап барлығы	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Оның ішінде		Жеткіліксіз жіберілген			
			2.1	2.2	Электр энергиясы		Жылу энергиясы					2.1	2.2	Электр энергиясы		Жылу энергиясы	
					Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде						Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде

кестенің жалғасы

ІІ дәрежелі істен шығулар												Жазатайым оқиғалар					Өрт		
Жыл басынан бастап барлығы	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Оның ішінде					Жеткіліксіз жіберілген				Жыл басынан бастап барлығы	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Оның ішінде өліммен аяқталатын		Жыл басынан бастап барлығы	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде
			2.1	2.2	2.3; 2.4	2.5; 2.9; 2.10	басқалары	Электр энергиясы		Жылу энергиясы					Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде			
								Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде	Есеп беру кезеңінде	Өткен жылдың тиісті кезеңінде								

Есеп беру айына нысанды толтыру жабдықтың жұмысындағы технологиялық бұзушылықтар жөніндегі есептік құжаттар негізінде жүргізіледі.

Кестеге 6-10 кВ кабельдік желілерден басқа, кернеуі 0,4 кВ электр станцияларының, кернеуі 20 кВ және төмен электр желілерінің электр техникалық жабдығы өшуінің ІІ дәрежелі жіктелген істен шығулар енгізілмейді.

Басшы ______________________________
(Т.А.Ә. қолы)
____
Бас бухгалтер ______________________________
(Т.А.Ә. қолы)
____

М.О. (бар болған жағдайда)

«Технологиялық бұзушылықтар туралы есептілік» нысанын толтыру бойынша түсініктеме

1. «Авариялар» бөлімінде:

«Жыл басынан бастап барлығы» бағанында жыл басынан бастап авариялар саны көрсетіледі;

«Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңінде және өткен есептік жылдан кейінгі жылдың тиісті кезеңінде болған авариялар саны көрсетіледі;

«Оның ішінде» бағанында осы Қағидаларға 2-қосымшаның 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген технологиялық бұзушылықтар жіктеу себептерінің белгілері бойынша болған авариялар саны көрсетіледі;

«Жеткіліксіз жіберілген» кіші бөлімінде «Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі авариялар салдарынан болған жеткіліксіз жіберілген электр және жылу энергиясы көрсетіледі.

2. «І дәрежелі істен шығулар» бөлімінде:

«Жыл басынан бастап барлығы» бағанында жыл басынан бастап І дәрежелі істен шығулар саны көрсетіледі;

«Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі болған және өткен жылдың тиісті кезеңінде болған І дәрежелі істен шығулар саны көрсетіледі;

«Оның ішінде» бағанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілері көрсетіледі;

«Жеткіліксіз жіберілген» бөліміндегі «Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі І дәрежелі істен шығулар салдарынан болған жеткіліксіз жіберілген электр және жылу энергиясы көрсетіледі.

3. «ІІ дәрежелі істен шығулар» бөлімінде:

«Жыл басынан бастап барлығы» бағанында жыл басынан бастап ІІ дәрежелі істен шығулар саны көрсетіледі;

«Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі ІІ дәрежелі істен шығулар саны көрсетіледі;

«Оның ішінде» бағанында осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілген технологиялық бұзушылықтардың ұйымдастырушылық себептерінің жіктеу белгілері көрсетіледі;

«Жеткіліксіз жіберілген» кіші бөліміндегі «Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі ІІ дәрежелі істен шығулар салдарынан болған жеткіліксіз жіберілген электр және жылу энергиясы көрсетіледі.

4. «Жазатайым оқиғалар» бөлімінде:

«Жыл басынан бастап барлығы» бағанында жыл басынан бастап жазатайым оқиғалар саны көрсетіледі;

«Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі болған жазатайым оқиғалар саны көрсетіледі;

«Оның ішінде өліммен аяқталатын» бағанында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі өліммен аяқталатын жазатайым оқиғалар саны көрсетіледі;

5. «Өрт» бөлімінде:

«Жыл басынан бастап барлығы» бағанында жыл басынан бастап өрт саны көрсетіледі;

«Есеп беру кезеңінде» және «Өткен жылдың тиісті кезеңінде» бағандарында есеп беру кезеңіндегі және өткен жылдың тиісті кезеңіндегі өрт саны көрсетіледі.

Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 7 ақпанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №14770 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2015 жылғы 31 наурыз №253 Астана қаласы

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы

«Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 17) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Қоса беріліп отырған Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Электр энергетикасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруын;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
В.ШКОЛЬНИК

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2015 жылғы 31 наурыздағы №253 бұйрығымен бекітілген

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары

Жалпы ережелер

1. Осы Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 5-бабының 17) тармақшасына сәйкес әзірленді және электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы электр қондырғыларын және қайта жаңғыртылатын электр станцияларын, электр және жылу желілерін пайдалануға, жөндеуге, монтаждауға, реттеуге және сынауға байланысты персоналына қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ІІ, ІІІ және өзге рұқсат тобы бар жұмысшы – электр қауіпсіздігі бойынша ІІ, ІІІ және өзге рұқсат тобынан төмен емес жұмысшы;

2) алғашқы рет рұқсат беру – наряд немесе нұсқау бойынша жұмысқа алғаш рет рұқсат беру;

3) авариялық дайындық – жөндеуді жалғастыру тұтынушыларды шектеуге (ажыратуға) немесе энергия объектісі (электр станциясы, қосалқы станция), энергия жүйесі (бірлестігі) жұмысының сенімділігін күрт төмендетуге әкеп соғуы мүмкін жағдайларда жабдықтың немесе электр беру желілерінің (бұдан әрі – ЭБЖ) жұмыс жағдайын қалпына келтіруге қажетті уақыт;

4) әкімшілік-техникалық персонал – бірлестіктер, кәсіпорындар, цехтар, зертханалар қызметтері мен бөлімшелерінің, электр желілері аудандары мен учаскелерінің басшылары, бастықтары, аталған адамдардың орынбасарлары, сондай-ақ әкімшілік функциялар жүктелген мамандар;

5) бағытталған кернеу астындағы әуе желісі – кернеуі 110 килоВольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары басқа әуе желісінің (бұдан әрі – ӘЖ) осінен жалпы ұзындығы 2 километрден кем болмайтын қашықтықта барлық ұзындық бойымен немесе жекелеген учаскелерде өтетін ӘЖ және байланыс әуе желісі (бұдан әрі – БӘЖ), м:

110 кВ ӘЖ үшін – 100;
220 кВ ӘЖүшін – 150;
500 кВ ӘЖүшін – 200;
1150 кВ ӘЖ үшін – 250;

6) биіктікте атқарылатын жұмыстар – топырақ, жабын немесе жұмыс төсемі бетінен монтажды аспаптардан немесе тікелей конструкция, жабдық, машиналар мен механизм элементтерінен 5 метр (бұдан әрі – м) және одан жоғары биіктікте атқарылатын жұмыстар. Бұл ретте жұмысшыны жұмыстың барлық сәттерінде және орын ауыстыру кезінде биіктіктен құлаудан сақтаудың негізгі құралы сақтандыру белдігі болып табылады;

7) бригада (наряд немесе нұсқау бойынша) – жұмысты жүргізуші немесе бақылаушыны қоса алғанда, құрамында екі немесе одан көп адамы бар бригада;

8) бұрмаланбаған электр өрісінің кернеуі – жұмыс процесінде адам болатын аймақта анықталатын, адамның қатысуымен бұрмаланбаған электр өрісінің кернеуі;

9) жалғау – тарату қондырғысының (бұдан әрі – ТҚ), генератордың, қалқанның, жинақ шиналарына жалғанған және электр станциясының, шағын станцияның және өзгелердің маңында орналасқан бір мақсаттағы, атаудағы және кернеудегі электр тізбегі (жабдық және шиналар);

10) жедел персонал – энергетикалық қондырғыларды жедел басқаруды (тексеру, жедел қайта қосу, жұмыс орнын дайындау, жұмыс істейтін персоналды жіберу және оларды қадағалау) жүзеге асыратын персонал;

11) жедел-жөндеу персоналы – өзіне бекітілген көлемдегі электр қондырғыларына жедел қызмет көрсету үшін арнайы оқытылған және дайындалған жөндеу персоналы;

12) жергілікті кезекші персоналсыз электр қондырғысы – ӘЖ және кәбіл желісінің (бұдан әрі – КЖ) жедел-шығу бригадалары немесе жедел-жөндеу жұмыстарының персоналы қызмет көрсететін электр қондырғысы;

13) жөндеу персоналы – электр станциялары мен шағын станциялардың электр қондырғыларын, ӘЖ, КЖ, ӘЖС, кәбілдік байланыс желісін (бұдан әрі – КБЖ), релелік қорғанысты, автоматиканы, өлшеу құралдарын, найзағайдан қорғау мен оқшаулағышты, диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарына пайдалану-жөндеу қызметін көрсетумен және оларды жөндеумен айналысатын мамандар мен жұмысшылар, электр зертханаларының персоналы;

14) жұмыс орны – жұмысты орындау үшін персоналдың кіруіне рұқсат етілетін электр қондырғысы учаскесі;

15) жұмыс орнын дайындау – жұмыстарды жұмыс орнында қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз ету бойынша техникалық іс-шаралардың орындалуы;

16) қолданыстағы электр қондырғысы – кернеуде тұрған, не коммутациялық аппараттардың қосылуымен кернеу берілетін электр қондырғысы немесе оның учаскесі;

17) жүк көтергіш машиналар – крандардың барлық түрі, кран-экскаваторлар (арқанға ілінген ілгекпен жұмыс істеуге арналған экскаваторлар), жүк көтергіштер, жүк пен адамдарды көтеруге арналған жүкарбалар;

18) кәбілдік электр беру желілерінің және кәбілдік байланыс желілерінің күзет аймағы – шеткі кәбілден арасы КЖ үшін 1 м және КБЖ үшін 2 м қашықтықта желінің екі жағынан тік жазықтықпен шектелген КЖ-нің жерастын бойлайтын жер телімі;

19) кәсіпорын – кәсіпорындар, ұйымдар мен басқа да заңды тұлғалар;

20) кезекші персонал – ауысымдағы кезекшіліктегі және жедел басқаруға және жедел ауыстырып қосуға жіберілген персонал: диспетчерлер, кезекші инженерлер мен техниктер, ауысым бастықтары, үй және басқару қалқандарындағы кезекшілер, жедел-шығу бригадаларының мүшелері;

21) кернеудегі жұмыс – жұмыс кернеуінде тұрған тоқ өтетін бөліктерге жақындау арқылы немесе осы тоқ өтетін бөліктерге рұқсат етілгеннен аз қашықтықта орындалатын жұмыс;

22) коммутациялық аппарат – электр тізбегін коммутациялауға және тоқты (ажыратқаш, жүктеме ажыратқышы, бөлгіш, айырғыш, автомат, өшіргіш, пакет ажыратқыш, сақтандырғыш және өзгелерін) өткізуге арналған электр аппараты;

23) күрделі схемасы бар электр қондырғысы – қарапайым схемасы бар электр қондырғыларына қарағанда барынша дамыған шина жүйесі бар кернеуі 1000 вольттан (бұдан әрі – В) жоғары ТҚ.

24) қайтадан жіберу – осы наряд бойынша бұрын жұмыстар жүргізілген жұмыс орнына қайта жіберу;

25) қайталама (көмекші) тізбек – электр станциясының (шағын станцияның) басқару, автоматика, өлшеу, қорғаныс және сигнал беру аспаптары мен қондырғыларын біріктіретін қысқыштар мен электр өткізгіштер қатарының жиынтығы;

26) қарапайым және көрнекті схемасы бар электр қондырғысы – шиналарының айналма жүйесі жоқ, жеке секцияланған немесе секцияланбаған шина жүйелері бар кернеуі 1000 В-тан жоғары ТҚ, барлық ӘЖ және КЖ, кернеуі 1000 В-қа дейінгі барлық электр қондырғылары;

27) механизмдер – гидравликалық көтергіштер, телескоптық мұнаралар, экскаваторлар, тракторлар, автотиегіштер, бұрғылау-кран машиналары, механикалық жетекті жылжымалы баспалдақтар және өзгелері;

28) рұқсаттама-наряд (наряд) – жұмысты қауіпсіз жүргізуге, оның мазмұнын, орнын, басталу және аяқталу уақытын, қажетті қауіпсіздік шараларын, бригаданың және жұмыстың қауіпсіз орындалуына жауапты адамдардың құрамын анықтайтын арнайы бланкіде жасалған өкім;

29) өкім – жұмыстың мазмұнын, орнын, уақытын, қауіпсіздік шараларын (егер олар қажет болса) және оны орындау тапсырылған адамдарды анықтайтын, жұмыстың қауіпсіз орындалуы үшін берілетін ауызша тапсырма;

30) тоқ өткізбейтін бөлік – авариялық жұмыс тәртібінде кернеуде болатын электр қондырғысының бөлігі, мысалы, электр машинасының корпусы;

31) тоқ өткізгіш бөлік – кернеуде тұрған электр қондырғысының бөлігі;

32) экрандау аймағы – электр өрісіне жақын орналасқан ғимараттар мен құрылыстардың, сондай-ақ электр өрісінің кернеуі 5 кВ/метрден (бұдан әрі – кВ/м) аспайтын жабдыққа арналған жерге қосылған металл конструкцияларының, іргетастарының, күш трансформаторлары мен ірі габаритті объектілердің кеңістігі;

33) әуе электр беру желілерінің әуе байланыс желілерінің күзет аймағы – шеткі өткізгіштерден бастап желінің екі жағында бойлай орналасқан ауытқусыз жағдайында болатын сызықтық жазықтықпен шектелген ӘЖ аймағы бойынша жер телімі және әуе кеңістіктер түрінде, м;

кернеуі 1 кВ-ға дейін ӘЖ және БӘЖ үшін – 2;
1-20 кВ болатын ӘЖ үшін – 10;
35 кВ болатын ӘЖ үшін – 15;
110 кВ болатын ӘЖ үшін – 20;
220 кВ болатын ӘЖ үшін – 25;
500 кВ болатын ӘЖ үшін – 30;
1150 Кв болатын ӘЖ үшін – 55;

Шеткі өткізгіштерден басталатын екі желіні бойлай орналасқан ауытқусыз жағдайында болатын тік жазықтықпен шектелген су қоймаларының үстінен әуе кеңістігі түрінде су қоймаларымен (өзендер, арналар, көлдер және тағы басқа) өтетін ӘЖ ауысуы бойының аймағы кемелер жүретін ұзындығы 100 м су қоймалары үшін, кемелер жүрмейтін су қоймалары үшін бойлайтын күзет аймақтарын орнатуға ескертілген құрлықтан өтетін ӘЖ;

34) әуе электр беру желісі – ашық ауада орналасқан және инженерлік құрылыстардағы (көпірлердегі, жол өтпелеріндегі және өзгелердегі) тіректер немесе кронштейндерге және бағаналарға оқшаулағыштар мен арматураның көмегімен бекітілген сымдар бойынша электр энергиясын беруге арналған қондырғы;

35) электр қондырғысы – электр энергиясы өндірілетін, өзгертілетін, берілетін, таратылатын, тұтынылатын қондырғы;

36) электр өрісіне әсер ету аймағы – электр өрісінің кернеуі 5 кВ/м-ден асатын кеңістік;

4. Қауіпсіз еңбек жағдайы мен қорғауды қамтамасыз ету бойынша міндеттер кәсіпорынның жұмыс берушісіне жүктеледі.

Кәсіпорынның жұмыс берушісі электр қондырғыларын пайдалану кезінде қолданыстағы еңбек жағдайына байланысты, осы Қағидаларға қайшы келмейтін қауіпсіздік техникасының қосымша талаптарын көздеуі мүмкін. Қауіпсіздік техникасы талаптары қауіпсіздік техникасы бойынша тиісті нұсқаулықтарда қамтылған және кәсіпорын жұмысшыларына өкім, нұсқау, нұсқама түрінде жеткізіледі.

5. Электр қондырғылары қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ететін техникалық жарамды қалыпта болады.

6. Электр қондырғылары сыналған, қорғаныс құралдарын, сондай-ақ жұмысшыларға алғашқы көмек көрсетуге арналған медициналық мақсаттағы бұйымдармен жинақталады.

7. Кәсіпорындарда осы Қағидаларды, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулардың талаптарын және нұсқамаларды өткізуге тұрақты бақылау жүзеге асырылады. Кәсіпорында электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы жағдайына осы мәселе бойынша өз құқықтары мен функцияларын кәсіпорынның басшы жұмысшысына немесе құрылымдық бөлімше басшысына өкімдік құжатпен тапсыратын жұмыс беруші жауаптылықта болады.

8. Жұмысшылар жұмыс сипатына сәйкес келетін кәсіби дайындыққа ие болуы қажет. Кәсіби дайындық болмаған жағдайда, олар жұмысшыларды даярлайтын арнайы орталықтарда (оқу комбинаттарында), оқу-жаттығу орталықтарында (өздігінен жұмысқа жіберілгенге дейін) оқиды.

9. Жұмысшыларды кәсіби даярлау, олардың біліктілігін арттыру, білімін тексеру және нұсқама беру Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкес жүргізіледі.

10. Өндірісте зардап шегушіге алғашқы көмек көрсету бойынша оқыту өздігінен жұмыс істеуге рұқсат берілгенге дейін жүргізіледі.

Персонал осы Қағидаларды және электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді білуге тиісті лауазымға немесе кәсіпке қойылатын талаптар шегінде тексеруден өтуі, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электр қондырғысына қызмет көрсететін персоналдың электр қауіпсіздігі бойынша тиісті тобы болуы қажет.

Жұмысшы осы Қағидалардың талаптарын, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқауларды, нысаналы нұсқама кезінде алған нұсқауларды сақтауы қажет. Нысаналы нұсқаманы тіркеу осы Қағидаларға 2-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес ресімделеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы бойынша білімді тексеруден өткен жұмысшыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электр қондырғыларында жұмыс істеудегі еңбек нормалары мен қағидаларын білуді тексеру туралы куәлік (бұдан әрі – куәлік) беріледі.

11. Арнайы жұмыстарды жүргізу құқығына ие жұмысшылардың куәлігінде осы туралы жазба бар.

12. Жұмысшылар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес, бұзушылықтарды, адамдардың өміріне қауіп төндіретін электр қондырғыларының, машиналардың, механизмдрдің, аспаптардың, қорғаныс құралдарының ақауын жою бойынша шараларды қабылдай алмаған жағдайда, бұл туралы өзінің тікелей басшысына хабарлайды.

13. Өндірістік қызметі электр қондырғыларымен байланысты жұмысшылардың осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес электр қауіпсіздігі бойынша тобы болуы қажет.

14. Арнайы жұмыстар қауіпсіздігі бойынша қосымша (жоғары) талап қойылатын жұмыстарды орындауға жіберілетін адамдардың куәлігі болуы қажет.

Арнайы жұмыстарға:

1) биіктікте атқарылатын жұмыстар;

2) тоқ өтетін бөліктердегі кернеудегі жұмыстар: оқшаулағыштарды және біріктіруші қысқыштарды тазалау, жуу және ауыстыру, сым арқанды майлау;

3) тереңдігі 2 метрден асатын құдықтардағы, шурфтардағы, қазылған жерлердегі және қазаншұңқырлардағы жұмыстар;

4) қысыммен жұмыс істейтін ыдыстарды жөндеу, жоғарылатылған кернеу жабдықтарын (мегаомметрлермен жұмыс істеуден басқа) сынау жатады.

15. Электр станцияларының және шағын станциялардың (басқару, релелік және сол сияқты қалқандарды қоспағанда) қолданыстағы электр жабдықтары бар үй-жайларда, жабық тарату қондырғыларында (бұдан әрі – ЖТҚ) және ашық тарату қондырғыларында (бұдан әрі – АТҚ), құдықтарда, туннельдерде және орларда болатын, сондай-ақ ӘЖ қызмет көрсетуге және күрделі жөндеуге қатысатын барлық персонал қорғаныс каскаларын пайдалануы қажет.

16. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында электр қондырғыларына жеке өзі қызмет көрсететін кезекші немесе жедел-жөндеу персоналы және ауысым бойынша аға жұмысшы IV топты, қалғандары ІІІ топты иеленуі қажет.

1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларындағы электр қондырғыларына жеке өзі қызмет көрсететін кезекші немесе жедел-жөндеу персоналы ІІІ рұқсат тобын иеленуі қажет.

17. Электр қондырғыларында, осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде кернеуде тұрған тоқ жүретін бөліктерге дейінгі рұқсат етілген қашықтыққа сәйкес, кернеуде тұрған қоршалмаған тоқ жүретін бөліктерге адамдардың, жүк көтергіш машиналардың, механизмдердің жақындауына жол берілмейді.

18. Электр станциялары мен шағын станциялардың электр қондырғыларын тексеріп-қарауды кезекшілікте тұрған кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан ІІІ рұқсат тобындағы жұмысшы, не әкімшілік-техникалық персоналынан шыққан V рұқсат тобы бар жұмысшы орындайды.

19. Осы электр қондырғыларына қызмет көрсетпейтін жұмысшылардың оған тек 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында IV рұқсат тобы бар және кернеуі 1000 В электр қондырғыларында ІІІ рұқсат тобы бар кезекші немесе жедел-жөндеу персоналының не жеке өзінің тексеріп-қарауға құқығы бар жұмысшының бірге жүруімен рұқсат етіледі.

Бірге ілесіп жүруші электр қондырғыларына жіберілген адамдардың қауіпсіздігін қадағалап отыруы және осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілгеннен аз қашықтықта тоқ өтетін бөліктерге олардың жақындамауы туралы ескертуі қажет.

20. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларын тексеріп-қарау кезінде осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілгеннен аз қашықтықта тоқ өтетін бөліктерге жақындауға кедергі келтіретін қоршауларымен немесе тосқауылдармен жабдықталмаған үй-жайларға, камераларға кіруге жол берілмейді. Қоршаулардың есіктерін ашуға және қоршаулар мен тосқауылдарға кіруге жол берілмейді.

1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларын тексеріп-қарау кезінде қалқандардың, жинақтардың, басқару пульттерінің және басқа да қондырғылардың есіктерін ашуға рұқсат етіледі. Тексеріп-қарау кезінде кез келген жұмыс түрлерін орындауға жол берілмейді.

21. 6-35 кВ электр қондырғыларында жерге тұйықталу кезінде тұйықталуды жою және кернеуге түскен адамдарды босату мақсатында жедел ауыстырып-қосу үшін анықталған тұйықталған жерге ЖТҚ-да 4 м-ден аз немесе АТҚ-да және ӘЖ-де 8 м-ден аз қашықтықта жақындауға рұқсат етіледі. Бұл ретте электр қорғаныс құралдарын пайдалану қажет.

22. 1000 В-тан жоғары қол жетектері бар айырғыштарды, бөлгіштерді және ажыратқыштарды диэлектрлік қолғап киіп қосу және ажырату қажет.

23. Сақтандырғыштарды ажыратылған кернеу кезінде ажырату және орнату қажет.

Схемасында кернеуді ажыратуға мүмкіндік беретін коммутациялық аппараттар болмаған кезде, жалғанған сақтандырғыштарды кернеуде, бірақ жүктемесіз ажыратуға және орнатуға рұқсат етіледі.

Қосалқы тізбектердегі, жарықтандыру желілеріндегі сақтандырғыштарды және кернеу трансформаторларының сақтандырғыштарын жүктемемен ауыстыруға рұқсат етіледі.

24. Кернеуде тұрған сақтандырғыштарды ажырату және орнату кезінде мыналарды:

1) 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында диэлектрлік қолғапты және қорғаныс көзілдірігін пайдалану арқылы оқшаулағыш қысқышты (қарнақты);

2) 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында оқшаулағыш қысқышты немесе диэлектрлік қолғапты және қорғаныс көзілдірігін пайдалану қажет.

25. 1000 В-қа дейінгі қалқандар мен жинақтарда жалғау сақтандырғыштарының бірінің үстінен бірі тік (фазалардың тік орналасуы) орналасуы және коммутациялық аппараттардың болмауы кезінде сақтандырғыштарды жүктемемен орнатуға және ажыратуға рұқсат етіледі. Бұл ретте көзді қорғау құралдарының орнына бетті қорғау құралдарын пайдалану қажет.

26. Жұмыстар жүргізіліп жатқан камералардан басқа, электр қондырғылары, камералар, қалқандар мен жинақ үй-жайларының есіктері құлыппен жабылады.

Діңгекті трансформаторлық шағын станцияларда, ауыстырып-қосу пункттерінде және қоршаулары, бөлгіш жетектері жоқ басқа да қондырғыларда, сондай-ақ қызмет көрсету алаңындағы стационарлық сатылар құлыппен жабылады. Стационарлық сатылар ажыратқыштармен бұғатталады.

27. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларының (ЖТҚ, КТҚ, АТҚ үй-жайлары мен камералары), сондай-ақ 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларынан тыс орналасқан 1000 В-қа дейінгі тарату қалқандары мен жинақтарының кілттері кезекші персоналдың есебінде болады. Жергілікті кезекшісі жоқ электр қондырғыларында кілт әкімшілік-техникалық персоналдың есебінде болады.

Кілттер бекітілетін жәшікте сақталады. Кілттің бір жинағы қосалқы болады. Кілт мыналарға:

1) жеке өзі тексеруге құқығы бар жұмысшыларға барлық үй-жайлардан;

2) жіберу кезінде жедел-жөндеу персоналынан шыққан жіберушіге, жұмыс басшысына және жүргізушісіне, бақылаушыға жұмыс істейтін үй-жайлардан қолхатпен беріледі.

Тексеріп-қарау немесе жұмыс аяқталғаннан кейін кілт күнделікті қайтаруға жатады. Электр қондырғыларында жергілікті кезекші персоналсыз жұмыс істеу кезінде кілт тексеріп-қараудан кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей немесе жұмыс аяқталғаннан кейін қайтарылады.

Электр желілері кәсіпорындарындағы ТҚ-ны жедел ауыстырып-қосу құқығына ие тұтынушылар персоналына, сондай-ақ кезекші, жедел-жөндеу және жеке өзі тексеріп-қарау құқығына ие әкімшілік-техникалық персоналға кілтты ұзақ мерзімге беру қажеттілігін кәсіпорынның техникалық басшысы анықтайды.

Кілтті беру және қайтару еркін нысандағы журналда немесе жедел журналда есепке алынады.

29. Жазатайым оқиға кезінде зардап шегушіні электр тоғы әсерінен босату үшін кернеу алдын ала келісімсіз дереу ажыратылады.

2. Жұмыстарды орындау қауіпсіздігін қамтамасыз ететін іс-шаралар

Бастапқы тізбектерге қатысты электр қауіпсіздігімен қамтамасыз ету шарттары бойынша электр қондырғыларындағы жұмыстар төрт санатқа бөлінеді:

1) кернеуді алу арқылы (бағытталған және бағытталмаған кернеу арқылы);

2) электр қорғаныс құралдарын пайдалану арқылы кернеуді ажыратпай;

3) тоқ өтетін бөлік шамасында кернеуді ажыратпай;

4) кернеудегі тоқ өтетін бөліктерден алшақ жерде.

Кернеуді ажырату санатында жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі электр қондырғысын ажырату, жұмыс орнында тоқ өтетін бөліктерге кернеу берілетін барлық жерден қорғаныс жерге қосуды орнату, жұмыс орнын қоршау арқылы қамтамасыз етіледі.

Бағытталған кернеу кезінде электр қауіпсіздігі осы Қағидалардың 311-325-тармақтарында көзделген шаралармен қамтамасыз етіледі.

32. Электр қорғау құралдарын пайдалану арқылы кернеуді ажыратпай санатында жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі кернеуде тұрған тоқ өтетін бөліктерден жұмыс істейтін оқшаулағышпен, негізгі және қосымша қорғау құралдарының көмегімен қамтамасыз етіледі.

33. Тоқ өтетін бөлік шамасында кернеуді ажыратпай санатында жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі жұмыс істеушінің арнайы киім жинағы мен арнайы құралдарды пайдалана отырып, жерге қосылған тоқ өтетін бөліктер мен конструкциялардан осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген қашықтықта оқшаулануымен қамтамасыз етіледі.

34. Тоқ өтетін бөліктерден алшақ жерде санатында жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі жұмыс аймағында тоқ өтетін бөліктердің стационарлық қорғаныс қоршауларымен қоршалуы немесе қауіпсіз арақашықтықта орналасуы арқылы қамтамасыз етіледі.

35. Жұмыс қауіпсіздігі бойынша ұйымдастырушылық іс-шараларға:

1) жұмысты жүргізуге наряд немесе өкім беру;

2) жіберуге келісім беру;

3) жұмыс орнына жіберу;

4) жұмысты орындау кезіндегі қадағалау;

5) басқа жұмыс орнына ауыстыру;

6) жұмыс үзілісін, жұмыстың аяқталуын ресімдеу жатады.

27. Жұмыстың қауіпсіз жүргізілуіне уәкілетті адамдар:

1) наряд, өкім беретін адам;
2) жұмыс басшысы;
3) жіберуге келісім беретін адам;
4) жіберуші;
5) жұмысты жүргізуші;
6) бақылаушы;
7) бригада мүшесі болып табылады.

37. Электр қондырғыларында жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге уәкілетті адамдар, бригада мүшелерін қоспағанда, кәсіпорын басшысының бұйрығымен тағайындалады.

38. Нарядты, өкімді беретін уәкілетті адам нарядта көрсетілген қауіпсіздік шараларының толықтығы, дұрыстығы, бригаданың сапалық және сандық құрамы үшін, сондай-ақ нарядта аталған жұмысшылардың электр қауіпсіздігі бойынша топтардың орындалатын жұмысқа сәйкестігі үшін жауаптылықта болады.

39. Қолданыстағы электр қондырғыларындағы жұмыстар наряд бойынша жүргізіледі, оның нысаны және оны толтыру бойынша нұсқаулар осы Қағидаларға 2-қосымшада келтірілген.

Осы Қағидаларда көзделген жағдайларда жұмыстарды нұсқау бойынша орындауға рұқсат етіледі.

1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында нарядты, өкімді беру V электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы бар, 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында VI рұқсат тобы бар әкімшілік-техникалық персоналдан шыққан жұмысшыларға ұсынылады.

Кейінге қалдырылмайтын жұмыстар кезінде кәсіпорын бойынша бұйрықпен (өкіммен) уәкілеттік берілген әкімшілік-техникалық персоналдан шыққан адамдар болмаған жағдайда, нарядтар мен нұсқауларды осы электр қондырғысының кезекші персоналынан шыққан VI рұқсат тобы бар жұмысшылардың беруіне жол беріледі, ол кәсіпорын бойынша нұсқаумен ресімделеді.

40. Жұмыстарды өз еркімен жүргізуге, сондай-ақ нарядпен немесе өкіммен айқындалған жұмыс орындары мен тапсырма көлемін кеңейтуге жол берілмейді.

41. Басқа наряд жұмыс істейтін аймақтағы электр қондырғыларында кез-келген жұмыстарды орындау, егер басшы тағайындалмаса, жұмыстардың басшысымен немесе жұмыстарды жүргізушімен келісіледі.

Келісу екі нарядтың жиегінде жұмыс басшыларының (жүргізушілерінің) қол қоюымен ресімделеді.

42. Басқа жұмыстар кезінде жұмыс басшыларын тағайындау қажеттілігін нарядты беретін адам анықтайды.

43. Кернеуі 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларындағы электр қауіпсіздігі бойынша V және VI рұқсат тобы бар мамандар жұмыс басшылары болып тағайындалады.

Жұмыс басшылары:

1) нарядта көрсетілген қауіпсіздік шараларын орындауды және олардың толықтығын, олар қабылдайтын қосымша қауіпсіздік шараларын;

2) бригаданың, оның ішінде жұмыстарға жіберуші мен жүргізуші жүргізетін нысаналы нұсқаманың толықтығы мен сапасын;

3) басқа өндірістік факторлардан жұмыс істейтіндердің электр қауіпсіздігі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

44. Жұмыс орнына жіберу шұғыл басқаруында электр қондырғысы бар және жұмыс уақытында:

1) ажырату мен жерге қосу көлемі бойынша кезекші және жедел-жөндеу персоналына тапсырма беруге;

2) ажырату мен жерге қосу бойынша алдын ала орындалған операциялардың көлемі бойынша осы персоналға хабарланатын мәліметтердің анықтығына;

3) жіберілетін бригадалардың уақыт үйлесіміне және жұмыс орнына;

4) осы электр қондырғысында жұмысқа жіберілген барлық бригадалардың жұмысы толық аяқталғаннан кейін электр қондырғысын қосуға жауапты болып табылатын кезекші персонал жүзеге асырады.

Жіберуге келісім осы Қағидаларға 2-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес ресімделеді.

45. Жіберушілерді кернеуі 1000 В–тан жоғары электр қондырғыларында электр қауіпсіздігі бойынша IV рұқсат тобы бар және кернеуі 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында электр қауіпсіздігі бойынша ІІІ рұқсат тобы бар жедел персонал арасынан тағайындайды. Жіберуші:

1) осы Қағидалардың талаптарына сәйкес, жұмыс орнын дайындау бойынша техникалық іс-шаралардың, нұсқаулардың сапалы орындалуын;

2) техникалық іс-шаралардың жұмыс сипатына және орнына сәйкестігін;

3) жұмысқа жіберуді;

4) оның бригада мүшелерінің нұсқамасын жүргізу толықтығы мен сапасын қамтамасыз етеді.

46. 1000 В-тан жоғары, сондай-ақ кернеуіне қарамастан ӘЖ-ның электр жабдығын күрделі жөндеу технологиялық карта немесе жұмыс жүргізу жобасы (бұдан әрі – ЖЖЖ) бойынша орындалады.

ЖЖЖ сондай-ақ сымдарда (сым арқандарда) және сымдардан, сым арқандардан жоғары орналасқан кернеудегі оған қатысты оқшаулағыштар мен арматурада жұмыстар жүргізу үшін, сондай-ақ күш трансформаторлары мен реакторлардың белсенді бөлігін қазып алуға байланысты орындалады.

47. Электр қондырғыларындағы жұмыстарға өтінімде жұмыстардың санаты және авариялық дайындық уақыты көрсетіледі.

48. Наряд екі данада жазылады, оның біреуі жұмыс басшысына (жүргізушісіне) (бақылаушысына), екіншісі – жергілікті кезекші персоналға (жіберушіге) немесе егер осы учаскеде кезекші персонал болмаса, нарядты берген адамға арналады.

49. Жұмыстарды жүргізуге наряд телефон немесе радио бойынша беріледі. Наряд үш данада – нарядты берген адам, жұмыс басшысы (жүргізушісі), жіберуші үшін жазылады.

Бұл жағдайда нарядты беруші бір дананы жазып береді, ал мәтінді телефонхат немесе радиохат түрінде қабылдайтын адам нарядтың екі данасын толтырады және кері тексеруден кейін нарядты берушінің қолының орнында оның фамилиясы мен аты-жөнін көрсетеді, жазба дұрыстығын өз қолымен растайды.

Жұмыс басшысы (жүргізушісі) және жіберуші міндеттерін қоса атқару кезінде наряд екі данада жазылады.

50. Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес, жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты жұмысшылардың бір міндетін қоса атқаруға рұқсат етіледі.

51. Жіберушіде жұмыстарды жүргізуге арналған қауіпсіздік шараларына сәйкес өшірілуі және жерге қосылуы қажет жабдықты жедел басқару құқығы және жіберушінің жедел басқаруында болмайтын объектілердегі жабдыққа қажетті өшірулер мен жерге қосуларды орындайтын жұмысшылармен жедел келіссөздерді жүргізу құқығы болған кезде жұмыс орнын дайындауға және жіберуге келісім беретін адамның жіберушінің міндеттерін қоса атқаруға рұқсат етіледі.

Жедел персонал арасынан шыққан жіберуші бригада мүшесінің міндетін атқара алады.

52. Барлық кернеудегі ӘЖ-де жұмыс орнын дайындау үшін кернеудің болмауын тексеру және коммутациялық аппараттармен операция жүргізбей, жұмыс орнында қозғалмалы жерге қосуды орнату қажет болға жағдайда, жіберушінің міндеттерін жөндеу персоналының арасынан шыққан жұмыстардың басшысына немесе жүргізушісіне қоса атқаруға рұқсат беріледі.

53. Жұмыстарды жүргізуші:

1) дайындалған жұмыс орнының жұмыс орындарын дайындау кезіндегі іс-шараларға және нарядтың жекелеген нұсқауларына сәйкес келуін;

2) бригада мүшелері нысаналы нұсқамасының анықтығын және толықтығын;

3) қажетті қорғау құралдарының, құрал-сайманның, мүкәммалдың және аспаптың болуын, ақаусыздығын және дұрыс пайдаланылуын;

4) жұмыс орнында қоршаулардың, плакаттардың, жерге қосулардың, бекіткіш құрылғылардың сақталуын;

5) жұмысты қауіпсіз жүргізуді және олардың өздерінің және бригада мүшелерінің осы Қағидалардың талаптарын сақтауын;

6) бригада мүшелерін үздіксіз бақылауды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Кернеуі 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында наряд бойынша орындалатын жұмыстарды жүргізушінің IV рұқсат тобы, ал кернеуі 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында – ІІІ рұқсат тобы болуы тиіс. Зиянды газдың пайда болуы, кернеулі жұмыстардың, кернеуі 1000 В-тан жоғары ӘЖ тіректерінде ілінген кернеуі 1000 В-қа дейінгі ӘЖ-нің сымын қайта тарту немесе ауыстыру бойынша жұмыстардың болуы мүмкін жер асты құрылыстарында жұмыстарды орындау кезінде жұмысты жүргізушінің IV рұқсат тобы болуы тиіс.

54. Бақылаушы электр қондырғыларында өздігінен жұмыс істеуге құқығы жоқ бригадаларды қадағалау үшін тағайындалады.

Бақылаушы:

1) дайындалған жұмыс орнының жұмыс орындарын дайындау кезіндегі іс-шараларға және нарядтың жекелеген нұсқауларына сәйкес келуін;

2) бригада мүшелері нысаналы нұсқамасының анықтығын және толықтығын;

3) жұмыс орнында орнатылған жерге қосулардың, қоршаулардың, плакаттар мен қауіпсіздік белгілерінің, жетектердің бекіткіш құрылғыларының болуын және олардың сақталуын;

4) электр қондырғысының электр тоғымен зақымдануға қатысты бригада мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Бақылаушы болып ІІІ рұқсат тобы бар жұмысшы тағайындалады.

Жұмыс технологиясына байланысты қауіпсіздік үшін жауапты бригаданы басқаратын, оның құрамына кіретін және жұмыс орнында үнемі болатын жұмысшы болып табылады.

55. Қолданыстағы электр қондырғыларында наряд бойынша мынадай санаттағы жұмыстар орындалады:

1) 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында, ТҚ-ның жинақ шиналарында және 1000 В-қа дейінгі тарату қалқандарында, сондай-ақ жинақ шиналарға кернеу берілетін олардың қосылыстарында кернеуді ажырату арқылы (бағытталған кернеу және бағытталмаған кернеу арқылы);

2) осы Қағидалардың 390-392-тармақтарында келтірілген электр өлшеу қысқаштары мен қарнақтары бар жұмыстарды, сондай-ақ ағымдағы пайдалану тәртібінде кезекші және жедел-жөндеу персоналы орындайтын жұмыстарды қоспағанда, электр қорғау құралдарын пайдалану арқылы кернеуді ажыратпай. Ағымдағы пайдалану тәртібінде кезекші және жедел-жөндеу персоналы орындайтын электр қорғаныс құралдарын пайдалану арқылы кернеуді ажыратпай орындалатын жұмыстардың тізбесі орын алған жағдайларға байланысты әзірленеді және оны кәсіпорынның техникалық басшысы бекітеді.

3) тоқ өтетін бөлік шамасында кернеуді ажыратпай. Сондай-ақ наряд бойынша кернеуді алуды талап етпейтін осы Қағидаларда көзделген жекелеген жұмыстар орындалады.

56. Кернеуде тұрған тоқ өтетін бөліктерден алшақ жердегі жұмыстарды, 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларындағы жұмыстарды (осы Қағидалардың 55-тармағында көрсетілген жұмыстардан басқа), электр қондырғысының жұмыс істемейтін бөлігіндегі жұмыстарды орындау кезінде нарядты немесе өкімді беру қажеттілігін бригада құрамына байланысты нарядты, өкімді беруші анықтайды.

57. Нарядты осы Қағидалардың 58-61-тармақтарында ескерілген жағдайларды қоспағанда, бір жерге қосылған бір немесе бірнеше жұмыс орындарына беруге рұқсат етіледі.

58. Кернеу барлық тоқ өтетін бөліктерден, оның ішінде ӘЖ және КЖ өткізгіштерінен ажыратылған және көршілес электр қондырғыларына кіру (1000 В-қа дейінгі жинақтар мен қалқандар кернеуде қалады) 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында барлық қосылыстарда бір мезгілде жұмыс істеу үшін бір нарядты беруге рұқсат етіледі. Бұл ретте жұмыс басшысын тағайындау қажет етілмейді.

59. Барлық секцияларды толығымен жөндеуге шығару кезінде шиналарының жалғыз жүйесі және секцияларының кез келген саны бар ТҚ 6-110 кВ-да шиналарда және осы секцияның барлық қосылыстарында жұмыс істеу үшін бір нарядты беруге рұқсат етіледі. Бригаданы осы секция шегінде түрлі жұмыс орындарына жайғастыруға рұқсат етіледі.

60. Агрегаттарды (қондырғыларды) жөндеуге шығару кезінде бір нарядты осы агрегаттардың (қондырғылардың) барлық электр қозғалтқыштарында жұмыс істеу үшін және бір нарядты осы агрегаттардың (қондырғылардың) электр қозғалтқыштарын қоректендіретін барлық қосылыстардағы ТҚ-да жұмыс істеу үшін беруге рұқсат етіледі.

Бір нарядты бір кернеулі электр қозғалтқыштарында және бір ТҚ-ның қосылыстарында жұмыс істеу үшін беруге рұқсат етіледі.

61. Бір нарядты бір электр қондырғысының бірнеше қосылыстарының түрлі жұмыс орындарындағы жұмыстарды бір мезгілде немесе кезекпен орындау үшін беруге:

1) күш және бақылау кәбілдерін төсеу және қайта төсеу, электр жабдығын сынау, қорғаныс, өлшеу, бұғаттау, автоматика, телемеханика, байланыс құрылғысын тексеру және басқасы кезінде;

2) туннельдегі, коллектордағы, құдықтағы, траншеядағы, қазаншұңқырдағы жеке кәбілді жөндеу кезінде;

3) жұмыс орындарының орналасуы жұмысты жүргізушіге бригадаға қадағалауды жүзеге асыруға мүмкіндік берген кезде, екі қазаншұңқырда немесе ТҚ-да және оның жанында орналасқан қазаншұңқырда орындалатын кәбілдерді (екіден аспайтын) жөндеу кезінде рұқсат етіледі.

Бұл ретте бригада мүшелерін түрлі жұмыс орындарына жайғастыруға рұқсат етіледі.

62. Бірнеше қосалқы станцияда немесе бір қосалқы станцияның бірнеше қосылыстарында бір нарядты бір жұмысты кезекпен жүргізу үшін беруге рұқсат етіледі.

Мұндай жұмыстарға:

1) оқшаулағыштарды сүрту;
2) қысқыштарды тарту;
3) сынамаларды іріктеу және майды толықтыру;
4) трансформаторлардың орамдарын қайта қосу;
5) релелік қорғаныс құралдарын, автоматиканы, өлшеу аспаптарын тексеру;
6) бөгде тоқ көзінен аса жоғары кернеумен сынау;
7) оқшаулағыштарды өлшеу қарнағымен тексеру;
8) КЖ бүлінген жерін іздеп табу жатады. Мұндай нарядтың жарамдылық мерзімі – күнтізбелік 1 күн.

Бір жұмыс басшысына, жіберушіге, жұмысты жүргізушіге (бақылаушыға) кезекпен жіберуге және ол бойынша жұмыс істеуге берілетін нарядтардың санын, нарядтың жарамдылық мерзімін нарядты беруші анықтайды. Нарядтың мерзімін ұзартуға рұқсат етілмейді.

64. Жұмыстары толығымен аяқталған нарядтар күнтізбелік 30 күн бойы сақталады.

65. Нарядтар:

1) қызмет көрсету персоналы бар электр станцияларында және қосалқы станцияларда (бұдан әрі – ҚС) жұмыс істеу кезінде - кезекшіде;

2) қызмет көрсету персоналынсыз ҚС-да және ӘЖ-де жұмыс істеу кезінде - нарядты берген адамда немесе диспетчерде (ОВБ кезекшісінде);

66. Өкім жұмысты жүргізушіге және жіберуші адамға беріледі, біржолғы сипатқа ие, оның жарамдылық мерзімі орындаушылардың жұмыс күнінің ұзақтығымен анықталады.

67. Нарядтар мен өкімдер бойынша есепке алу тәртібі осы Қағидаларға 3-қосымшада келтірілген.

68. Ұзақтығы 1 сағаттан аспайтын қысқа мерзімді жұмыстарды кезекшінің немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан адамның қадағалауымен өкім бойынша жөндеу персоналының, сондай-ақ кезекшінің немесе жедел-жөндеу персоналының орындауына рұқсат етіледі.

Аталған жұмыстарға:

1) кәбілді, сымды, шинаны электр қозғалтқышынан немесе ТҚ-дағы, релелік қорғаныс, автоматика, телемеханика және байланыс құрылғылары мен тізбектеріндегі, оның ішінде жоғары жиілікті қорғаныс пен байланыс сүзгілеріндегі жұмыстардың басқа да жабдығынан ажырату немесе оған жалғау;

2) ӘЖ 0,4 кВ, сондай-ақ барлық кернеудегі КЖ-дан ажырату немесе оған қосу, фазалау, КЖ тізбектерінің тұтастығын тексеру, трансформатордың тармағын ауыстыру, жеке оқшаулағышты және май өлшеуіш шыныларды сүрту, сынамаларды іріктеу және майды толықтыру, майды тазалау және құрғату үшін аппаратураны қосу және ажырату, ауа ажыратқышының манометрлерін ауыстыру, тоқ өтетін бөліктердің қызуын және дірілін тексеру, электр өлшеуіш қысқыштармен өлшеу, сымдар мен шиналардан бөгде заттарды, құлаған ағаштарды, бұтақтарды және өзгелерді ӘЖ сымдарынан алып тастау;

3) электр қондырғыларының, энергожүйелеріндегі диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарының (бұдан әрі – ДТБҚ), жылу автоматикасы мен мен өлшеу каналдары мен құрылғыларының қалыпты жұмысын, тұтынушыларды электрмен жабдықтауды бұзуға қауіп төндіретін немесе осындай бұзушылыққа әкеп соққан ақауларды жою бойынша кейінге қалдырылмайтын жұмыстар жатады.

69. Осы Қағидалардың 68-тармағында көрсетілген жұмыстарды орындау кезінде жұмыс істеушілердің саны қадағалауды жүзеге асыратын жұмысшыны қосапағанда, үш адамнан аспайды.

1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында жұмыс істеу кезінде жұмысты орындайтын немесе қадағалауды жүргізетін кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан аға жұмысшының IV рұқсат тобы, 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында – ІІІ рұқсат тобы боуы қажет. Бригаданың қалған мүшелері ІІІ рұқсат тобын иеленуі қажет. Тұтынушыға қуат беретін қосылыстардағы жұмыстарға соңғысының персоналы тартылады.

Жұмыс алдында жұмыс орнын дайындау бойынша барлық техникалық іс-шаралар орындалады, ол осы сәтте міндетті болмағандықтан, АТҚ-да арқанмен немесе баумен қоршалмайды.

Орындалуы 1 сағаттан (бұдан әрі – сағат) астам уақытты немесе үштен астам адамның қатысуын талап ететін осы Қағидалардың 68-тармағында аталған жұмыстар наряд бойынша жүргізіледі.

70. Бригаданың санын және оның құрамын электр қауіпсіздігі бойынша топтар есебінен жұмыс көлеміне, қауіпсіздік жағдайына, жұмыс басшысы, жұмысты жүргізуші (бақылаушы) тарапынан бригада мүшелерін қадағалауды қамтамасыз ету мүмкіндігіне байланысты нарядты берген адам анықтайды.

Наряд бойынша жұмыс істеу кезіндегі бригаданың ең аз саны – жұмысты жүргізушіні (бақылаушыны) қоса алғанда, екі жұмысшы.

Өкім бойынша жұмыс істеу кезінде мынадай жұмыстарды:

1) кернеуде болуына немесе болмауына қарамастан, коммутациялық аппараттардың жетектері мен агрегаттық шкафтарындағы жұмыстарды қоса алғанда, қосалқы тізбектерді, өлшеу аспаптарын, релелік қорғаныс, автоматика, телемеханика және байланыс құрылғыларын монтаждау, жөндеу және пайдалану, 1000 В-тан жоғары тоқ өтетін бөліктері жоқ немесе толығымен қоршалған немесе қоршауды қажет етпейтін биіктікте орналасқан жағдайда IV рұқсат тобы бар жұмысты жүргізушінің;

2) аса жоғары қауіпі жоқ үй-жайларда орналасқан 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында адамдардың электр тоғымен зақымдануына байланысты жұмысты жүргізуші құқығына ие ІІІ рұқсат тобы бар жұмысшының;

3) электр станциялары мен шағын станциялардың электр қондырғыларында:

АТҚ аумағын абаттандыру, шөпті шауып алу, жолдар мен өтпежолдарды қардан тазартуды;

ТҚ-дан тыс 2,5 м-ден аспайтын биіктікте орналасқан сымды радио- және телефон байланысы құрылғыларын жөндеу және оларға қызмет көрсетуді;

жабдық қаптамаларындағы жазбаларды және ТҚ камерасынан тыс қоршауларды жаңартуды;

трансформаторлардың, генераторлардың және басқа да жабдықтың құрғатылуын қадағалауды;

майды тазарту және құрғату кезінде май тазарту және өзге де қосалқы аппаратураға қызмет көрсетуді;

электр қозғалтқыштарындағы және желдеткіштердің механикалық бөліктеріндегі және трансформаторлардың, компрессорлардың май сорғыларындағы жұмыстарды;

ауа тазартатын сүзгілерді тексеру және ондағы сорбенттерді ауыстыру, камерадан тыс 2,5 м биіктікте орналасқан жарықтандыру аппаратын жөндеу және оған қызмет көрсетуді ІІІ рұқсат тобы бар жұмысшының;

4) ТҚ-дан тыс 2,5 м-ден аспайтын биіктікте орналасқан шамдарды ауыстыру және шырақтарды тазартуды;

тоқ өтетін бөліктер қоршалған 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларындағы үй-жайларды, сондай-ақ басқару қалқандары мен релелік үй-жайларды жинастыруды;

оңай өтетін жерде және қолайлы ауарайы кезінде ӘЖ-ні қарап-тексеруді;

ӘЖ тіректерінде тұрақты белгілерді қалпына келтіруді;

ӘЖ габариттерін бұрыш өлшеуіш аспаптармен өлшеуді;

ӘЖ тіректерінің айналасындағы алаңдарды өртке қарсы тазартуды;

ӘЖ тіректеріндегі құрсауларды бояуды ІІ рұқсат тобы бар жұмысшының жеке орындауына рұқсат етіледі.

71. Бригада құрамын өзгертуге нарядты (өкімді) берген жұмысшыға рұқсат етіледі.

Бригада құрамының өзгеруі туралы нұсқаулар телефон, радио арқылы немесе нарядта өзінің қолынан кейін өзгеріс туралы нұсқауды берген жұмысшының аты-жөнін жазатын жіберуші жұмыс басшысына қолма-қол (жүргізушіге) беріледі.

Жұмыс басшысы (жүргізуші) бригада құрамына кірген жұмысшыларға нұсқау беруі қажет.

72. Жұмыс орнына жіберу оған рұқсат беретін адамның келісімімен жүргізіледі.

73. Келісім рұқсат беретін адамның жеке өзіне телефон, радио, қолма-қол немесе аралық объектілердің кезекші персоналы арқылы беріледі.

Рұқсат беруге келісімді алдын ала беруге жол берілмейді.

74. Шағын станцияны, ӘЖ-ні және 10/0,4 кВ трансформаторлық шағын станцияны (бұдан әрі – ТС) авариялық өшіру және бригадамен байланыс болмаған кезінде жіберуге келісім осы жабдыққа нарядтарды беру құқығына ие және бригадамен зақымданған жерді іздеп табуға және жоюға шығатын адам арқылы беріледі. Бұл келісім ӘЖ-ні қуат көзі орталықтарынан ажыратқаннан және жерге қосқаннан кейін беріледі.

75. Бригаданы жіберу бір наряд, өкім бойынша жүргізіледі.

76. Жіберу алдында жедел журналдағы жазба бойынша, жедел схема немесе тұтынушылардың кезекші, жедел-жөндеу персоналының хабарламалары бойынша жеке тексеріп-қарау арқылы жұмыс орнын дайындау бойынша техникалық іс-шаралардың орындалғанына көз жеткізу қажет.

77. Жұмыс басшысы және жүргізушісі (бақылаушы) жіберу алдында жұмыс орнын жеке өзі тексеру арқылы жіберушінің жұмыс орнын қабылдауы қажет.

78. Нарядтар мен өкімдер бойынша жұмысқа жіберу тікелей жұмыс орнында жүргізіледі.

79. Бригаданы жіберу кезінде жіберуші:

1) бригада құрамының нарядта немесе өкімде көрсетілген атаулы куәліктер бойынша сәйкестігін тексеруі;

2) нұсқама жүргізуі, бригаданы наряд, өкім мазмұнымен таныстыруы, жұмыс орнының шекарасын көрсетуі, жұмыс орнына жақын орналасқан жабдықты және жөнделетін және көршілес қосылыстардың жақындауға рұқсат етілмейтін тоқ өтетін бөліктерін көрсетуі, басқа да қауіпті өндірістік факторларды көрсетуі;

3) егер жерге қосу жұмыс орнында көрінбесе, орнатылған жерге қосуларды көрсету немесе кернеудің жоқ екендігін тексеру арқылы, ал 35 кВ және одан төмен электр қондырғыларында тоқ өтетін бөліктерге қолды кейінгі тигізу арқылы кернеудің жоқ екендігін бригадаға дәлелдеуі;

4) нұсқама тақырыбын игеруге бригаданың 2-3 мүшесіне сауалнама жүргізуі қажет.

80. Жұмысты жүргізуші жіберу кезінде бригадаға жұмыс технологиясына, бригадалық қорғау құралдарын, құрал-сайманды, аспаптарды, тетіктер мен машиналарды пайдалануға байланысты қауіпсіздік шаралары бойынша нұсқау беру қажет.

81. Жіберу нарядтың екі данасында және нарядтар мен өкімдер бойынша жұмыстарды есепке алу журналында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ресімделеді. Жұмыс басшысы (жүргізушісі) жіберушінің міндетін қоса атқарған кезде, жіберу нарядтың бір данасында ресімделеді.

Өкім бойынша жұмысқа жіберу жедел журналда немесе нарядтар мен нұсқаулар бойынша жұмыстарды есепке алу журналында ресімделеді.

82. Жібергеннен кейін бригаданың электр қауіпсіздігі талаптарын сақтауын қадағалау жұмыс басшысына, бақылаушыға, жүргізушісіне (жұмыс басшысы тағайындалмаған кезде), ал жұмыс технологиясына, бригадалық қорғау құралдарын, құрал-сайманды, аспаптарды, тетіктер мен машиналарды пайдалануға байланысты қауіпсіздік бойынша жұмысты жүргізушіге жүктеледі.

83. Жұмыс басшысы, жұмысты жүргізуші (бақылаушы) үнемі жұмыс орнында болуы қажет. Аталған адамдардың кез келгеніне жұмыс орнынан уақытша кету қажет болған кезде бригаданы жұмыс орнынан шығару қажет (оны ТҚ-дан шығару, ӘЖ тірегінен персоналды алып тастау және басқалары).

84. Жұмыс басшысының, жүргізушісінің келісімімен бригаданың бір немесе бірнеше мүшесінің жұмыс орнынан уақытша кетуіне рұқсат етіледі.

1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында жұмыс орнында қалған бригада мүшелерінің саны жұмысты жүргізушіні қоса алғанда екі адамнан кем болмауы тиіс. Жұмыс басшысының, жүргізушісінің келісімімен ІІІ рұқсат тобы бар бригада мүшелері өздігінен, І және ІІ рұқсат тобы бар бригада мүшелері ІІІ рұқсат тобы бар мүшелердің еріп жүруімен ТҚ-дан шығып, жұмыс орнына орала алады.

Оралған бригада мүшелері жұмысқа жұмыс басшысының, жүргізушісінің келісімімен кірісе алады.

85. Бригаданы басқа жұмыс орнына ауыстыруды жіберуші немесе оның келісімімен жұмыс басшысы немесе жүргізушісі жүзеге асырады. Жұмысқа күнделікті жіберу және оның аяқталуы осы Қағидаларға 2-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес ресімделеді.

Өкім бойынша жұмыстар кезінде басқа жұмыс орнына ауыстыруды ресімдеу қажет етілмейді.

86. Жұмыс күні бойы жұмыстағы үзіліс кезінде бригада жұмыс орнында болмауы тиіс. Бұл ретте наряд жұмыс басшысында, жүргізушісінде (бақылаушыда) болады.

Үзілістен кейін бригада мүшелері жұмыс орнына жұмыс басшысысыз, жүргізушісісіз (бақылаушысыз) оралмайды. Үзілістен кейін жұмыс орнына жіберуді жұмыс басшысы, жүргізушісі (бақылаушы) бұған келісімді алмай және нарядтағы ресімдеусіз жүзеге асырады.

87. Жұмыстағы үзіліс кезінде жұмыс күнінің аяқталуына байланысты бригада жұмыс орнында болмауы тиіс.

Бұл ретте, егер жедел өтінімде көрсетілген авариялық дайындық уақыты жұмысты орындау уақытына сәйкес келсе, наряд жұмыс басшысында, жүргізушісінде (бақылаушыда) қалады. Кейінгі күндерге жіберуді жұмыс басшысы, жүргізушісі (бақылаушы) бұған келісімсіз және нарядтағы ресімдеусіз жүзеге асырады.

Авариялық дайындық уақыты жұмысты орындау уақытынан аз болса, жұмыс басшысы, жүргізушісі (бақылаушы) жұмыс күнінің аяқталуын өз нарядының данасында ресімдеу арқылы нарядты жіберушіге тапсыруы қажет. Кейінгі күндері дайындалған жұмыс орнына қайта жіберуді жіберуші бұған келісімді алмай, нарядта ресімдеу арқылы жүзеге асырады.

88. Жұмыс толық аяқталғаннан кейін жұмыс басшысы, жүргізушісі (бақылаушы) бригаданы жұмыс орнынан шығарып, бригада орнатқан жерге қосуды, қоршауларды, плакаттарды, жалаушаларды алып тастауы және нарядта жұмыстың толық аяқталғанын ресімдеуі қажет.

89. Жұмыстың толық аяқталғаны ресімделгеннен кейін жұмыс басшысы, жүргізушісі (бақылаушы) нарядты жіберушіге тапсырады.

90. Жіберуші өкім бойынша жұмыстың аяқталғаны туралы нарядты немесе хабарламаны алып, жұмыс орнын тексергеннен кейін осы ауысымда жіберуге келісім беретін жұмысшыға жұмыстың толық аяқталғаны туралы және электр қондырғысын қосу мүмкіндігі туралы хабарлайды.

91. Жұмыс орнын кернеуді алуды талап ететін жұмысқа дайындау үшін мынадай техникалық іс-шаралар орындалады:

1) қажетті ажыратулар жүргізілді және коммутациялық аппаратураны қате немесе өздігінен қосылуына кедергі келтіретін шаралар қабылданды;

2) коммутациялық аппаратураны қолмен басқару жетектерінде және қашықтықтан басқару кілттерінде қауіпсіздік плакаттары ілінді;

3) адамдарды электр тоғынан зақымданудан қорғау үшін жерге қосылатын тоқ өтетін бөліктерінде кернеудің жоқтығы тексерілді;

4) жерге қосу орнатылды (жерге қосатын пышақтар қосылды, тасымалды жерге қосу орнатылды);

5) қажетінше жұмыс орындары немесе кернеуде қалған тоқ өтетін бөліктер қоршалды және қоршауларда қауіпсіздік плакаттары ілінді. Жергілікті жағдайларға байланысты тоқ өтетін бөліктер оларды жерге қосу алдында және одан кейін қоршалады.

92. Кернеуді алуды талап ететін тоқ өтетін бөліктерде жұмыс істеу үшін:

1) жұмыс жүргізілетін тоқ өтетін бөліктер;

2) адамдардың, механизмдер мен жүк көтергіш машиналардың осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілгеннен аз қашықтықта жақындауға болатын қоршалмаған тоқ өтетін бөліктер ажыратылады.

Ажыратылған ӘЖ-де жұмыс істеу кезінде, осы ӘЖ элементтерінің кернеуде тұрған басқа ӘЖ-нің тоқ өтетін бөліктеріне осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінің үшінші бағанында көрсетілгеннен аз қашықтықта жақындау мүмкіндігі болған кезде, соңғылары ажыратылады. Жөнделіп жатқан ӘЖ-мен бірге ілінген БӘЖ де ажыратылады.

93. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында коммутациялық аппараттан жұмыс орнына кернеу берілетін әрбір жақтан шиналар мен сымдарды ажырату, ажыратқыштарды өшіру, сақтандырғыштарды алып тастау, сондай-ақ автоматты қосу аппараттарда орналасқан серіппелермен жүзеге асырылатындарды қоспағанда, жүктеме бөлгіштері мен айырғыштарын ажырату арқылы пайда болған көрінетін үзік болуы тиіс. Аралас ажыратқыштар тізбегіндегі байланыстың кепілдендірілген ажыратылған жағдайының сенімді механикалық көрсеткіші болған кезде, көрінетін ажыратудың болуы ажыратқыштарды итеру блоктарындағы КРУ-да элегазбен толтырылған КРУ-да рұқсат етіледі.

Кернеу трансформаторлары және жұмыстар үшін бөлінген электр қондырғысы учаскесіне байланысты күш трансформаторлары кері өзгеру мүмкіндігін болдырмау үшін 1000 В-қа дейінгі кернеу жағынан да ажыратылады.

94. Қолмен басқарылатын жүктеме айырғышы мен ажыратқышын (бөлгішін) ажыратқаннан кейін жұмыс орнын дайындау кезінде олардың өшірілген күйін көзбен қарап және шунтталатын бөгеттердің болмауына көз жеткізу қажет.

95. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында жұмыс орнына кернеу берілетін коммутациялық аппараттарды қате немесе өздігінен қосылуын болдырмау үшін мынадай шаралар қабылданады:

1) айырғыштарда, бөлгіштерде, жүктеме ажыратқыштарында қол жетектері ажыратылған күйінде механикалық құлыппен бекітілуі тиіс, басқа жағдайларда бір полюсті айырғыштардың шеттеріне диэлектрлік қалпақтар кигізілуі тиіс;

2) жедел қарнақпен басқарылатын айырғыштарда стационарлық қоршаулар механикалық құлыппен жабылған;

3) аралас ажыратқыштарда жетектер ажыратылған күйінде механикалық құлыппен бекітілген;

4) жүктен немесе серіппеден тұратын жүк және серіппелі жетектер жұмыссыз күйге келтірілген.

ЖТҚ итергіш арбалары бар коммутациялық аппараттарының қате қосылып кетуінің алдын алу бойынша шаралар осы Қағидалардың 225 және 226 тармақтарына сәйкес қабылданады.

96. 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында жұмыстар жүргізілетін тоқ өтетін бөліктердің барлық жағынан кернеу коммутациялық аппараттарды өшіру арқылы, ал схемада сақтандырғыштар болған жағдайда соңғысын алу арқылы алынады. Схемада сақтандырғыштар болмаған жағдайда, коммутациялық аппараттардың қате қосылуының алдын алу жетек тұтқыштарын немесе шкафтың есіктерін бекіту, бастырмаларды жабу, коммутациялық аппараттар түйіспелерінің арасында оқшаулағыш қаптамаларды орнату және тағы басқа сияқты шаралармен қамтамасыз етіледі. Қашықтықтан басқарылатын коммутациялық аппараттардың кернеуін ажырату кезінде қосқыш орауышты ажырату қажет.

97. Егер аппаратураны конструкциялық орындау және жұмыс сипаты мүмкіндік берсе, жоғарыда аталған шаралар кәбілді, сымды коммутациялық аппараттан, не жұмыс жүргізіліп жатқан жабдықтан шиналарға жалғау немесе ажыратумен ауыстырылады.

Жұмыс орнын дайындау кезінде кәбілді, сымды шиналарға жалғауды немесе ажыратуды жөндеу персоналынан шыққан ІІІ рұқсат тобы бар жұмысшы жедел-жөндеу персоналынан шыққан кезекшінің немесе жұмысшының қадағалауымен орындайды. Жұмыс орнына жақын тұрған тиіп кетуі мүмкін тоқ өтетін бөліктерден кернеу ажыратылады, не олар қоршалады.

98. Тексеру мүмкін болмайтын түйісулері (итерілмейтін үлгідегі автоматтар, пакеттік ажыратқыштар, жабық күйіндегі жапқыштар және өзгелері) бар 1000 В-қа дейінгі коммутациялық аппараттардың өшірілген күйі олардың қысқыштарындағы не шеткі шиналарындағы, осы коммутациялық аппараттармен қосылатын жабдық сымдарындағы немесе қысқыштарындағы кернеудің жоқтығын тексеру арқылы анықталады.

99. Қосу кезінде жұмыс орнына кернеу берілетін аралас ажыратқыш, айырғыш, бөлгіш және жүктеме ажыратқышы жетектеріне, қашықтықтан басқару кілттеріне, 1000 В дейінгі коммутациялық аппаратураларға (автоматтар, жапқыштар, ажыратқыштар) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ҚОСУҒА БОЛМАЙДЫ адамдар жұмыс істеп жатыр» белгісі (плакат) ілінеді.

Автоматтары, ажыратқыштары немесе жапқыштары жоқ 1000 В-қа дейінгі қосылыстарда плакаттар алынған сақтандырғыштарға ілінеді.

Жедел қарнақпен басқарылатын ажыратқыштарда плакаттар қоршауларға, ал бір полюсті ажыратқыштарда – әрбір ажыратқыштың жетегіне ілінеді. КТҚ-да плакаттар осы Қағидалардың 225 және 226-тармақтарына сәйкес ілінеді.

100. Бөлгіштердің пневматикалық жетегіне ауаның кіруін жауып тұратын ысырмаларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «АШУҒА БОЛМАЙДЫ Адамдар жұмыс істеп жатыр» белгісі (плакат) ілінеді.

101. КЖ немесе ӘЖ-де жұмыс істеу үшін өшірілген бөлгіш және ажыратқыш жетектеріне бригада жұмысшыларының санына қарамастан, осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ҚОСУҒА БОЛМАЙДЫ! ЖЕЛІДЕ ЖҰМЫС ЖҮРІП ЖАТЫР» бір белгісі (плакат) ілінеді.

102. Бұл плакат жіберуге келісім беретін және желіде жұмыс істеп жатқан бригадалардың санын есепке алуды жүргізетін жұмысшының нұсқауы бойынша ілінеді және алынады.

103. Кернеудің болмауын кернеу көрсеткішімен тексеру қажет. Оны қолдану алдындағы ақаусыздығы осы мақсаттарға арналған арнайы аспаптардың көмегімен немесе кернеуге жақын және одан тысқары орналасқан тоқ өтетін бөліктерге жақындаумен анықталады.

1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында кернеу көрсеткішін диэлектрлік қолғаптармен пайдалану қажет.

35 кВ және одан жоғары электр қондырғыларында кернеудің жоқтығын тексеру үшін оқшаулағыш қарнақты пайдалануға болады. Оны тоқ өтетін бөліктерге бірнеше рет жақындату қажет. Ұшқындау мен шыртылдаудың болмауы кернеудің жоқтығының белгісі болып табылады.

Бір тізбекті 500 кВ және жоғары ӘЖ-де тәжденудің болмауы кернеудің жоқтығының жеткілікті белгісі болып табылады.

104. Электр станциялары мен шағын электр станцияларының электр қондырғыларындағы кернеудің жоқтығын тексеру 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында IV рұқсат тобы бар және 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында ІІІ рұқсат тобы бар кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан бір жұмысшыға рұқсат етіледі.

ӘЖ-де кернеудің жоқтығын тексеруді 1000 В-тан жоғары ӘЖ-де IV және ІІІ рұқсат тобы бар, 1000 В-қа дейінгі ӘЖ-де ІІІ рұқсат тобы бар екі жұмысшы орындайды.

105. Дәлдеу схемасындағы кернеудің жоқтығын:

1) сыртқы қондырғының АТҚ, ЖТҚ және КТҚ-да, сондай-ақ тұман, жаңбыр, қар жауған кезде арнайы кернеу көрсеткіштері болмаған жағдайда ӘЖ-де;

2) 500 кВ және одан жоғары АТҚ-да және 500 кВ және одан жоғары екі тізбекті ӘЖ-де тексеруге рұқсат етіледі.

Дәлдеу схемасын тексеру кезінде ӘЖ мен КЖ кірмелеріндегі кернеудің жоқтығын желі орналасқан жедел басқарудағы кезекші растайды.

ӘЖ-де дәлдеу схемасын тексеру желілердің бағытын және сыртқы белгілерін, сондай-ақ тіректердегі желілердің диспетчерлік атауларына сәйкес келетін белгілерді тексеруден тұрады.

106. 6-20 кВ ӘЖ-де ағаш және темір-бетон тіректерден, сондай-ақ телескоптық мұнарадан орындалатын кернеудің жоқтығын тексеру кезінде сыйымдылықты тоқ ағымы принципіне негізделген көрсеткішпен оның жұмыс бөлігін жерге қосу арқылы көрсеткіштің талап етілетін сезімталдығын қамтамасыз ету қажет.

107. ӘЖ-де сымдарды әртүрлі деңгейде ілу кезінде кернеудің жоқтығын сілтеуішпен немесе қарнақпен төменгі сымнан бастап жоғарыға қарай тексеру қажет. Көлденең ілу кезінде тексеруді жақын тұрған сымнан бастау қажет.

108. Жерге қосылған нейтралы бар 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында екі полюсті сілтеуішті пайдалану кезінде кернеудің жоқтығын фазалар арасында, сондай-ақ жабдықтың немесе жерге қосушы (нольдеуші) сымның әрбір фазасы мен жерге қосылған элементінің арасында тексеру қажет. Алдын ала тексерілген Вольтметрді пайдалануға рұқсат етіледі. Кернеудің жоқтығын тексеру үшін бақылау қыздыру шамдарын пайдалануға жол берілмейді.

109. Аппараттың өшірілген күйі туралы сигнал беретін құрылғылар, бұғаттайтын құрылғылар, үнемі қосылып тұрған Вольтметрлер және басқалар кернеудің жоқтығын растайтын қосымша құралдар болып табылады және олардың көрсеткіштері негізінде кернеудің жоқтығы туралы қорытынды жасауға болмайды.

110. Жерге қосуларды тоқ өтетін бөліктерге кернеудің жоқтығын тексергеннен кейін тікелей орнату қажет.

111. Тасымалды жерге қосуды алдымен жерге қосушы қондырғыға, содан кейін кернеудің жоқтығын тексергеннен кейін тоқ өтетін бөліктерге орнату қажет.

ӘЖ-де сымдарды әртүрлі деңгейде ілу кезінде жерге қосуды төменгі сымнан бастап төменнен жоғарыға қарай орнату қажет.

Тасымалды жерге қосуды тоқ өтетін бөліктерге және бояудан тазартылған жерлердегі жерге қосушы шинаға (конструкцияға) қосу қажет.

(Жалғасы 20-бетте)

(Жалғасы. Басы 19-бетте)

Тасымалды жерге қосуды кері бірізділікпен, алдымен оны тоқ өтетін бөліктерден, содан кейін жерге қосушы қондырғыдан ажырату қажет.

112. Тасымалды жерге қосуларды орнату және ажырату 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында оқшаулағыш қарнақты пайдалану арқылы диэлектрлік қолғаппен орындалады. Тасымалды жерге қосулардың қысқаштарын осы қарнақпен немесе диэлектрлік қолғап киіп тікелей қолмен бекіту қажет.

113. Жерге қосу үшін, осы Қағидалардың 208-тармағында ескерілген жағдайды қоспағанда, осы мақсатқа арналмаған өткізгіштерді пайдалануға жол берілмейді.

114. 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында бір жерге тұйықтауды орнату жеткілікті болатын, жұмыс істеу үшін ажыратылған құрастырмалы шиналарды қоспағанда, осы жақтан кернеу берілетін жұмыс істеу үшін ажыратылған учаскенің барлық жағындағы барлық фазалардың (полюстердің) тоқ өткізгіш бөлшектері жерге қосылады.

Ажыратылған сызықтық айырғыштарда жұмыс істеу кезінде ӘЖ жақтағы сымдарда жерге қосу пышақтары болса да айырғышта қосымша жерге қосу орнатылады.

115. Жерге қосылған тоқ өтетін бөліктер кернеудегі тоқ өтетін бөліктерден көрінетін үзікпен бөлінеді. Осы Қағидалардың 93-тармағында көзделген жағдайларда көрінетін үзіктің болмауына рұқсат етіледі.

Электр қондырғыларына орнатылған жерге қосу тікелей жұмыс жүргізіліп жатқан тоқ өтетін бөліктерден ажыратылған ажыратқыштармен, айырғыштармен, бөлгіштермен немесе жүктеме ажыратқыштарымен, ажыратылған сақтандырғыштармен, бөлшектенген шиналармен немесе сымдармен бөлінеді.

116. 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында ТҚ-ның жинақ шиналарында, қалқандарында, құрастырмаларында шиналар жерге қосылады (оқшауланған сыммен орындалған шиналарды қоспағанда). Осы шиналардың қосылыстарын жерге қосу қажеттілігі мен мүмкіндігін нарядты (нұсқауды) беруші анықтайды.

117. Электр станциялары мен шағын станциялардың электр қондырғыларында, егер орындалатын жұмыс сипаты қажет етсе, жұмыс орнын дайындау кезінде орнатылған жерге қосуларды уақытша ажыратуға рұқсат етіледі (оқшаулағыш кедергісін өлше және өзгелері).

Жерге қосуды уақытша ажыратуды және қайтадан орнатуды кезекші, жедел-жөндеу персоналы не нарядты берушінің нұсқауы бойынша жұмыс басшысы, жүргізушісі орындайды.

Жерге қосуды уақытша ажыратуға, сондай-ақ осы операцияларды жұмыс басшысының, жүргізушісінің орындауына келісім жерге қосудың қайда және қандай мақсатта ажыратылғаны туралы жазбамен наряд жолына енгізіледі.

118. Жерге қосуды орнату қауіпті немесе мүмкін болмайтын конструкциялы электр қондырғыларында (мысалы, кейбір тарату жәшіктерінде, жеке типті КТҚ-да, фазалары тік орналасқан жинақтарда) жұмыс орнын дайындау кезінде жерге қосуды орнатпауға, тек айырғыштардың пышақтарына диэлектрлік қалпақтар кигізуге немесе коммутациялық аппараттардың түйіспелері арасына оқшаулағыш қаптама орнатуға рұқсат етіледі.

119. 1000 В-тан жоғары ӘЖ барлық ТҚ-да және желі ажыратылған секциялайтын коммутациялық аппараттарда жерге қосылады.

1) Тарамдары бар 35 кВ және одан жоғары ӘЖ екі жағынан жерге қосылған, ал шағын станцияларда жерге қосу ажыратылған желілік айырғыштарда орнатылған жағдайда, осы тарамдарға қосылған шағын станцияларда жерге қосуға болмайды;

2) 6-20 кВ ӘЖ-ні бір ТҚ-да немесе бір сециялайтын аппаратта не ТҚ-ға немесе секциялайтын аппаратқа жақын орналасқан тірекке жерге қосу қажет. Осы кернеудің қалған ТҚ-да және ӘЖ ажыратылған секциялайтын аппараттарда ӘЖ-де жұмыс орны мен осы ТҚ немесе секциялайтын аппараттар арасында жерге қосу орнатылған жағдайда оны жерге қосуға рұқсат етіледі. ӘЖ-де аталған жерге қосуларды жерге қосу қондырғылары бар тіректерде орнату қажет.

1000 В-қа дейінгі ӘЖ-де жерге қосуды жұмыс орнында орнату жеткілікті.

120. Осы Қағидалардың 130-тармағында көрсетілген жерге қосуларға қосымша әрбір бригаданың жұмыс орнында барлық фазалардың сымдары, ал қажет болған жағдайда арқандар да жерге қосылады.

121. Тегістегіш металл роликтерде немесе ұстап тұратын қысқЫштардың үстінде жатқан сымдар үшін осы роликтердің шетін немесе қысқаштарды жерге қосу жеткілікті. Роликтің шетінің немесе қысқаштың және ӘЖ металл тірегі конструкциясының, сондай-ақ жерге қосылған темір-бетон тірегінің арматурасының арасындағы табиғи металл байланысы кезінде роликті немесе қысқашты қосымша жерге қосу қажет етілмейді.

122. Сымдарды анкерлік аралықта монтаждау кезінде, сондай-ақ ӘЖ-нің монтаждалған бөлігінің анкерлік тіректерінде ілмектерді қосқаннан кейін сымдар (арқан) бастапқы анкерлік тірекке және соңғы аралық тіректің біріне жерге қосылады.

123. Найзағай разрядтарынан қуаттың және ӘЖ-нің дайын учаскесінің сымдарынан (арқандарынан) басқа шамадан тыс кернеудің келесі, монтаждалып жатқан учаскеге ауысуын болдырмау үшін, сымдарды (арқанды) монтаждалған анкерлік аралықтың соңғы анкерлік тірегінде, сондай-ақ ӘЖ-нің монтаждалған учаскесінде жерге қосуға жол берілмейді.

124. Жарылған сымдары бар ӘЖ-де әрбір фазада бір сымды жерге қосу қажет, оқшаулағыш кергіштер болған жағдайда, фазаның барлық сымдарын жерге қосу талап етіледі.

125. Бір тізбекті ӘЖ-де жұмыс орнында жерге қосуды жұмыс жүргізіліп жатқан немесе көрші тіректе орнату қажет. Жерге қосуды ӘЖ-нің бригада жұмыс істеп жатқан учаскесінің екі жағынан, жерге қосулардың арасы 2 километрден аспаған жағдайда орнатуға рұқсат етіледі.

126. ӘЖ тірегінен оқшауланған найзағайдан қорғайтын арқанда немесе тірек конструкцияларында жұмыс істеу кезінде, осы арқанға кемінде 1 м қашықтықта жақындау талап етілсе, арқан жерге қосылады. Жерге қосуды арқан оқшауланған аралық жағында немесе осы аралықта орнату қажет.

Егер осы арқанда көктайғақтың еруі көзделсе, жұмыс басталмастан бұрын арқан ажыратылады және оған кернеу берілетін жақтардан жерге қосылады.

127. Басқа ӘЖ-мен қиылысу аралығында, көп тізбекті ӘЖ-нің ажыратылған бір тізбегінде, бағытталған кернеу астындағы ӘЖ-де жұмыс істеу кезінде және осы Қағидаларға сәйкес фазамен жөндеу кезінде жерге қосуларды орнатуға қойылатын талаптар.

128. «ӘЖ-дегі тасымалды жерге қосуларды металл тіректерге – олардың элементтеріне, жерге қосатын еңістері бар темір-бетон және ағаш тіректерге – олардың бүтіндігін тексергеннен кейін осы еңістерге қосу қажет. Жерге қосатын еңістері жоқ темір-бетон тіректерде жерге қосуларды траверстерге немесе тіректің басқа металл элементтеріне қосуға болады.

Жерге қосылған нейтралы бар 1000 В-қа дейінгі электр желілерінде нольдік сымды қайтадан жерге қосу кезінде тасымалды жерге қосуларды осы сымға қосуға рұқсат етіледі.

Жұмыс орнындағы тасымалды жерге қосуды топыраққа кемінде 0,5 м-ге тік тығылған жерге қосушыға қосуға болады. Жерге қосуларды кездейсоқ үйілген топыраққа орнатуға жол берілмейді.

129. 1000 В-қа дейінгі ӘЖ-де тіректерден не телескоптық мұнарадан оқшаулағыш буынсыз орындалатын жұмыстар кезінде жерге қосу жөнделіп жатқан желінің сымдарына, сондай-ақ осы тіректерге ілінген барлық сымдарға, оның ішінде радиотрансляция және телемеханика желілерінің оқшауланбаған желілеріне орнатылады.

130. Электр станцияларының және шағын станциялардың 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында жерге қосуларды орнату және ажырату бойынша операцияларды кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан III рұқсат тобы бар бір жұмысшының орындауына рұқсат етіледі.

131. Электр станцияларының және шағын станциялардың 1000 В-тан жоғары электр қондырғыларында:

1) тасымалды жерге қосуларды екі жұмысшы – бірі IV рұқсат тобы бар (кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан), екіншісі – III рұқсат тобы бар, III рұқсат тобы бар жұмысшы жөндеу персоналынан, ал тұтынушылардың қосылыстарын жерге қосу кезінде тұтынушылар персоналынан болуы мүмкін. Алыстағы шағын станцияларда әкімшілік-техникалық персоналдың немесе диспетчердің нұсқауы бойынша жерге қосуларды орнату кезінде негізгі схемада екінші адам ретінде тұтынушылар персоналы арасынан III рұқсат тобы бар жұмысшыны тартуға рұқсат етіледі;

2) жерге қосатын пышақтарды жедел-жөндеу персоналынан шыққан IV рұқсат тобы бар бір жұмысшы қоса алады;

3) жерге қосатын пышақтарды өшіруді және ажыратуды кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынын шыққан III рұқсат тобы бар бір жұмысшы орындай алады.

132. Жөндеуге тапсыру үшін ажыратылған ӘЖ-де тасымалды жерге қосуларды орнатуды, содан кейін ажыратуды және тіректердегі жерге қосатын пышақтарды қосуды кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан: біріншісі - IV рұқсат тобы бар (1000 В-тан жоғары ӘЖ-де) немесе III рұқсат тобы бар (1000 В-қа дейінгі ӘЖ-де), екіншісі – III рұқсат тобы бар жұмысшылар орындауы қажет. Жөндеу персоналынан шыққан III рұқсат тобы бар екінші адамды, ал тұтынушыға қуат беретін ӘЖ-де тұтынушы персоналынан адамды пайдалануға рұқсат етіледі.

Жерге қосатын пышақтарды ажыратуды кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан III рұқсат тобы бар бір жұмысшыға рұқсат етіледі.

ӘЖ-нің жұмыс орындарында тасымалды жерге қосуларды жұмыс басшысы (жүргізушісі) III рұқсат тобы бар бригада мүшелерімен орната алады. Бұл тасымалды жерге қосуларды жұмыс басшысының (жүргізушісінің) нұсқауы бойынша III рұқсат тобы бар бригаданың екі мүшесі ажыратады.

133. ӘЖ-де кернеудің жоқтығын тексеру, жерге қосуларды орнату және ажырату кезінде екі жұмысшының бірі жерде тұрып басқасын қадағалауп тұруы қажет.

134. Кернеуде қалған тоқ өтетін бөліктерді уақытша қоршау үшін ағаштан немесе басқа да оқшаулағыш материалдардан жасалған қалқандар пайдаланылады.

Уақытша қоршауларды кернеуді ажыратпай орнату кезінде олардан тоқ өтетін бөліктерге дейінгі ара қашықтық осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілгеннен кем болмауы тиіс. 6-10 кВ электр қондырғыларында бұл ара қашықтық 0,35 м-ге дейін азайтылуы мүмкін.

Уақытша қоршауларға осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ТОҚТА! КЕРНЕУ» белгісі (плакаты) ілінеді.

135. 6-10 кВ электр қондырғыларында тоқ өтетін бөліктерді қалқандармен қоршауға жол берілмеген жағдайда, ажыратылғандардың және тоқ өтетін бөліктер (мысалға, ажыратылған айырғыштардың түйіспелері арасында) кернеуінде тұрғандардың арасында орналасқан оқшаулағыш қаптамаларды пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл оқшаулағыш қаптамалар кернеуде тұрған тоқ өтетін бөліктерге қатысты.

Қаптамаларды диэлектрлік қолғаптарды және оқшаулағыш қарнақтарды не қысқаштарды пайдалана отырып, IV және III рұқсат тобы бар (оның біреуі – кезекші немесе жедел-жөндеу персоналынан шыққан) екі жұмысшы орнатуы және ажыратуы қажет.

136. Жұмыс орнымен шектес камера, шкаф және панель қоршауларында осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінеді.

137. АТҚ-да жерден және іргетаста немесе жекелеген конструкцияларда орнатылған жабдықта жұмыс істеу кезінде жұмыс орны осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қоршалған кеңістік ішіне айнала ілінген плакаттары бар, өсімдік не синтетикалық талшықтардан жасалған арқанмен, жіппен немесе баумен қоршалады (өтетін жерді қалдыра отырып).

Арқанды ілу үшін жұмыс орнының аймағына кірмеген құрылымдар қоршалмаған кеңістікте қалған жағдайда, оларды пайдалануға рұқсат етіледі.

Желілік айырғыштарды қоспағанда, барлық АТҚ-дан кернеуді ажырату кезінде соңғылары осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоршалған кеңістіктің сыртына айнала ілінген белгілері (плакаттары) бар арқанмен қоршалады. АТҚ-да қосалқы тізбектерде нұсқау бойынша жұмыс істеу кезінде жұмыс орнын қоршау талап етілмейді.

138. ӘЖ мен КЖ-ден басқа электр қондырғыларында дайындалған жұмыс орындарында осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ЖҰМЫСТЫ ОСЫ ЖЕРДЕ ІСТЕ» белгісі (плакаты) ілінеді.

139. АТҚ-да жұмыс орнынан кернеуде тұрған олармен шектес учаскелерге өтуге болатын конструкциялар учаскелерінде осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жақсы көрінетін белгілер (плакаттар) орнатылады. Бұл плакаттарды жөндеу персоналынан шыққан III рұқсат тобы бар жұмысшы жіберушінің басшылығымен орнатады.

Көтерілуге рұқсат етілетін конструкциямен шектесетін конструкциялардың төменгі жағында осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «КӨТЕРІЛМЕ! МЕРТ БОЛАСЫҢ» белгісі (плакаты) ілінеді.

Жұмыстарды жүргізу үшін көтерілуге рұқсат етілген стационарлық сатылар мен конструкцияларда осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «ОСЫ ЖЕРДЕН КӨТЕРІЛ» белгісі (плакаты) ілінеді.

140. Жұмыс орындарын дайындау кезінде орнатылған плакаттар мен қоршауларды жұмыс толық аяқталғанға дейін алып тастауға және ауыстыруға жол берілмейді.

141. Электр қондырғыларында, егер түзелу кезінде кернеуде тұрған тоқ өтетін бөліктерге дейінгі ара қашықтық осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілгеннен кем болса, иілген күйінде жұмыс істеуге жол берілмейді. 6-110 кВ электр станцияларының және шағын станциялардың электр қондырғыларында қоршалмаған тоқ өтетін бөліктердің жанында жұмыс істеу кезінде осы бөліктердің артта немесе екі бүйір жағынан орналасуына жол берілмейді.

142. Кернеуде тұрған жабдық оқшаулағыштарына электр қорғаныс құралдарын пайдаланбай жақындауға жол берілмейді.

143. ӘЖ мен БӘЖ-де электрлік байланысты учаскелерді (сымдарды, арқандарды) қосу немесе ажырату алдында осы учаскелердің қуатын теңдестіру қажет. Қуаттарды теңдестіру осы учаскелерді өткізгішпен жалғау немесе жерге қосуларды бір жерге қосуға (жерге қосатын қондырғыға) жалғау арқылы оларды үзіктің екі жағынан (шамаланған үзік) орнату арқылы жүзеге асырылады.

144. Электр қорғаныс құралдарын (оқшаулағыш қарнақтар мен қысқыштарды, электр өлшеуіш қарнақтар мен қысқыштарды, кернеу көрсеткіштерін) пайдалану арқылы жұмыс істеу кезінде адамның тоқ өтетін бөліктерге осы құралдардың оқшаулағыш бөлігінің ұзындығымен анықталатын қашықтықта жақындауына рұқсат етіледі.

145. АТҚ және ӘЖ қиылысы аралығында сымдарды (арқандарды) және кернеуде тұрған сымдардан төмен орналасқан оған қатысты оқшаулағыштар мен арматураны жоғарыда орналасқан сымдардың кесіліп кетуінің алдын алу мақсатында ауыстырылатын сымдар (арқандар) арқылы ауыстыру кезінде өсімдік немесе синтетикалық талшықтардан жасалған арқандар ауыстырылады. Арқандарды екі жерде – қиылысқан жерінен екі жағынан шеттерін зәкірге, конструкцияға және басқаларына бекіте отырып ауыстырады. Сымды (арқанды) көтеру баяу және бірқалыпты жүзеге асырылады.

146. Сымдарда (арқандарда) және кернеуде тұрған сымдардан (арқандардан) жоғары орналасқан оған қатысты оқшаулағыштарда, арматурада жұмыс істеу кезінде сымдардың (арқандардың) түсіп кетуінің алдын алуға және бағытталған кернеуден сақтауға арналған шаралар қолданылады. Осындай жұмыстар кезінде сымдарды (арқандарды) қиылысатын сымдардан кернеуді ажыратпай жұмыс істеуге жол берілмейді.

147. Персонал электр қондырғысынан кернеу жойылғаннан кейін оның қайтадан ескертусіз берілетінін ескеруі қажет.

148. Тәуліктің түнгі уақыттарында жұмыс учаскелері, жұмыс орындары, оған өтетін жолдар мен кірер жерлер жарықтандырылады. Жарықтандыру біркелкі болуы, жарықтандыру қондырғылары жұмыс істеушілердің іс-әрекетін қарықтындырмауы тиіс. Жарықтандырылмаған жерлерде жұмыс істеуге жол берілмейді.

149. Найзағай жақындаған кезде ӘЖ, БӘЖ, АТҚ, ЖТҚ-да, ӘЖ-нің сыртқа шығарылған өткізгіштерінде және желілік айырғыштарында, ӘЖ учаскелеріне қосылған КЖ-да, сондай-ақ байланыс тораптарының үй-жайларындағы БӘЖ кірмелерінде және антенналық-діңгекті құрылыстардағы барлық жұмыстар, сондай-ақ 15 м/сек. және одан жоғары жел жылдамдығы кезінде 10 м биіктіктегі жүк көтергіш крандардың және 10 м/сек. және одан жоғары жел жылдамдығы кезінде телемұнаралардағы жұмыстар тоқтатылады.

150. Электр станцияларының, шағын станциялардың 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында және КЖ-да кернеуде жұмыс істеу кезінде:

1) жұмыс орнына жақын орналасқан, кернеуде тұрған, кездейсоқ тиіп кетуі мүмкін басқа тоқ бөліктерін қоршау;

2) диэлектрлік галош киіп немесе оқшаулағыш тіреуде не резеңке диэлектрлік кілемде тұрып жұмыс істеу;

3) оқшаулағыш саптары бар (бұрауышта, бұдан басқа білігі оқшауланады) құралды қолдану;

4) мұндай құрал болмаған кезде – диэлектрлік қолғапты пайдалану қажет.

Қысқа жеңді немесе түрілген жеңді киіммен жұмыс істеуге, сондай-ақ қол араны, егеулерді, металл сызғыштарды және басқа да құралдарды пайдалануға жол берілмейді.

151. Кәсіпорын персоналынан шыққан немесе басқа ұйымдардың жұмысшысына (іссапарға жіберілген персонал құқығында) кезекшінің рұқсатымен басқару қалқандарында және ТҚ-да орнатылған есептеуіштер мен басқа да өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін жеке өзінің жазып алуына рұқсат етіледі. Жергілікті кезекші персонал болған кезде бұл жұмысшының II рұқсат тобы, жергілікті кезекші персонал болмаған кезде – III рұқсат тобы болуы қажет.

152. АТҚ-да және 500 кВ және одан жоғары ӘЖ-де адам ағзасына кері әсерін тигізуге қабілетті және жерге қосылған немесе жерден оқшауландырылған электр өткізгіш объектілеріне жақындау кезінде биологиялық белсенді электр өрісінен жұмыс істейтін қорғаныс қамтамасыз етіледі.

153. Электр өрісінің әсер ету аймағындағы жұмыстар кезінде адамның осы аймақта болу уақыты шектеледі. 5 кВ/м дейінгі электр өрісінің кернеулігі кезінде онда жұмыс уақыты ішінде болуға рұқсат етіледі.

5-тен 20 кВ/метрге дейінгі (қоса алғанда) жоғары кернеудегі (кернеудің белгілі бір деңгейі үшін) электр өрісінде болуға рұқсат етілетін уақыт Т, сағат, мына формуламен есептеледі:

$T = 50/E - 2$

мұндағы E – бақыланатын аймақта әсер ететін электр өрісінің кернеулігі, кВ/м.

20-дан 25 кВ/м-ге дейінгі және одан жоғары кернеулік кезінде болу уақыты 10 минуттан аспайды. 25 кВ/м-ден жоғары кернеулік кезінде қорғаныс құралдарын қолдану қажет. Бұл ретте жұмыс ұзақтығы бір жұмыс күнімен шектеледі.

Осы тармақ талаптары персоналға электр разраядының әсер ету мүмкіндігінің алдын алу шарты кезінде жарамды.

154. Электр өрісінде болуға рұқсат етілетін уақыт жұмыс күні ішінде бір рет немесе бөлшектеп іске асырылады. Қалған жұмыс уақытында қорғаныс құралдарын пайдалану немесе 5 кв/м-ге дейінгі электр өрісінде болу қажет.

155. Электр өрісінің кернеулігі, сондай-ақ әсер ету және экрандау аймағының шекаралары өлшеу нәтижелері бойынша анықталады. Барлық жағдайларда бұрмаланбаған электр өрісінің кернеулігі жұмыс орындау процесінде адам болатын барлық аймақта өлшенеді.

Жабдық пен конструкцияларға көтерілмей жұмыс істеу кезінде өлшеулер:

1) қорғаныс құралдары болмаған кезде – жер бетінен 1,8 м биіктікте;

2) ұжымдық қорғаныс құралдарын пайдалану кезінде – жер бетінен 0,5, 1,0 және 1,8 м биіктікте жүргізіледі.

Конструкцияға немесе жабдыққа көтеріліп жұмыстарды орындау кезінде (қорғаныс құралдарының болуына қарамастан) өлшеулер жұмыс орны алаңынан 0,5, 1,0 және 1,8 м биіктікте және жабдықтың жерге қосылған тоқ өтетін бөліктерінен 0,5 м қашықтықта жүргізіледі.

156. Бақыланатын аймақта болу уақыты өлшенген кернеуліктің ең үлкен мәнінен шыға отырып белгіленеді.

157. Қорғаныс құралдары ретінде стационарлық, тасымалды және жылжымалы экрандаушы қондырғыларды, машиналар мен механизмдерде орнатылатын алмалы экрандаушы қондырғыларды, экрандаушы жиынтықтарды пайдалануға болады.

Машиналардың жерге қосылған кабиналары мен шанақтарында, механизмдерінде, жылжымалы шеберханалар мен зертханаларда, сондай-ақ темір-бетоннан жасалған ғимараттарда, темір-бетон жабыны, металл қаңқасы немесе жерге қосылған металл жабыны бар кірпіш ғимараттарда электр өрісі жоқ, және қорғаныс құралдарын пайдалануды талап етпейді.

158. Тасымалды және жылжымалы экрандаушы қондырғылар оларды орнату орнында жерге қосушы қондырғыға немесе жерге қосушы қондырғыға қосылған металл конструкцияға қимасы 10 шаршы миллиметрден кем болмайтын иілгіш мыс өткізгіш арқылы жерге қосылады.

Алмалы экрандаушы қондырғылар орнатылған машиналар мен механизмдердің гальвандық қосылыстары бар. Машиналар мен механизмдерді жерге қосу кезінде алмалы экрандаушы қондырғыларды қосымша жерге қосу талап етілмейді.

Жеке экрандаушы жиынтықтарды жерге қосу тоқ өткізгіш ұлтаны бар арнайы аяқ киімді пайдалану арқылы жүзеге асырылады. Оқшаулағыш тіректің (боялған металл, оқшаулағыш, ағаш төсем және өзгелері) үстінде тұрып немесе жерге қосылған конструкцияларға қоғалмаған қолмен (қолғапты немесе биялайды шешу кезінде) жақындауға байланысты, экрандаушы киім оның жерге қосылған конструкцияға немесе жерге қосатын қондырғыға 4 шаршы миллиметр қималы арнайы иілгіш мыс өткізгішке қосылуы арқылы қосымша жерге қосылады.

159. Экрандаушы жинақтарды кернеуі 1000 В-қа дейінгі тоқ өтетін бөліктерге жақындау мүмкіндігі болған кезде, сондай-ақ жабдықты сынау (сынақтарды аса жоғары кернеумен тікелей жүргізетін адамдар үшін) және электр дәнекерлеу жұмыстары кезінде пайдалануға жол берілмейді. Бұл жағдайларда жұмыс істеушілерді қорғау экрандаушы құрылғыларды пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

160. Өшірілген тоқ өтетін бөліктердің учаскелерінде жұмыс істеу кезінде бағытталған шаманы ажырату үшін оларды жерге қосу қажет. Өшірілген, бірақ жерге қосылмаған тоқ өтетін бөліктерге қорғаныс құралдарынсыз жақындауға жол берілмейді.

161. Электр өрісінің әсері аймағында орналасқан пневмодоңғалақты машиналар мен механизмдер жерге қосылады. Олардың бұл аймақта жылжуы кезінде бағытталған шаманы ажырату үшін шассиге немесе шанаққа жалғанған және жерге тиіп тұрған металл шынжырды пайдалану қажет.

162. Машиналар мен механизмдерге электр өрісі әсері аймағында жанар және жағар май құюға жол берілмейді.

163. Электр өрісі әсері аймағында орналасқан жабдық пен конструкцияларға көтерілу кезінде қорғаныс құралдары электр өрісінің кернеулігіне және ондағы жұмыс ұзақтығына қарамастан пайдаланылады. Телескоптық мұнара немесе гидрокөтергіш арқылы көтерілу кезінде олардың қоржындары (люлькалары) экранмен жабдықталады немесе экрандаушы жиынтықтар қолданылады.

164. Адам экрандау аймағында, АТҚ конструкциясының ішінде болған кезде, сондай-ақ газ релесіне және күш трансформаторы майы деңгейінің релесіне сатымен көтерілу кезінде электр өрісінің әсерінен қорғаныс құралдарын пайдаланбауға болады.

165. Барлық кернеудегі электр қондырғыларында адам ағзасына теріс әсерін тигізуге қабілетті биологиялық белсенді магниттік өрістен жұмыс істейтін қорғаныс қамтамасыз етіледі.

166. Биологиялық белсенді дегеніміз кернеулігі рұқсат етілген мағынадан асатын магниттік өріс.

167. Адамның магниттік өрісте болу ұзақтығына байланысты жалпы (барлық денеге) және локальді (қол-аяғына) әсер ету жағдайларына арналған магниттік өрістің рұқсат етілетін кернеулігі (бұдан әрі – Н) немесе индукциясы (бұдан әрі – В) осы Қағидаларға 4-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес магниттік өрістің рұқсат етілген деңгейімен анықталады.

Уақытша аралық ішіндегі магниттік өрістің рұқсат етілген деңгейлері интерполяциямен анықталады.

168. Персоналдың әртүрлі кернеудегі (магниттік өріс индукциясындағы) аймақтарда болу қажеттілігі кезінде осы аймақтарда жұмыстарды орындаудың жалпы уақыты ең жоғары кернеудегі (индукциядағы) аймақтар үшін шекті рұқсат етілгеннен аспайды.

169. Магниттік өрісте болуға рұқсат етілетін уақыт жұмыс күні ішінде бір рет және бөлшектеп іске асырылады. Еңбек және демалыс тәртібін өзгерту кезінде (мысалға, ауыспалы жұмыс кезінде) магниттік өрістің шекті рұқсат етілген деңгейі 8 сағаттық жұмыс күніне белгіленгеннен аспайды.

170. Магниттік өріс деңгейін бақылау:

1) жаңа электр қондырғыларын пайдалануға қабылдау және қолданыстағыларын кеңейту;

2) электр қондырғыларына жақын орналасқан персоналдың тұрақты немесе уақытша келуіне арналған үй-жайларды жабдықтау, жұмыс орындарын аттестаттау кезінде жүргізіледі.

171. Магниттік өріс деңгейі жұмысты орындау процесінде персонал болатын барлық аймақта, жұмысшылардың орынға жүру және жабдықты тексеріп-қарау бағыттарында анықталады.

Магниттік өріс кернеулігін (индукциясын) өлшеу жұмыс орны алаңының еденінен, жерден, үй-жай еденінен, ауыспалы көпір төсемінен және өзгелерден 0,5, 1,0 және 1,8 м биіктікте, ал магниттік өріс көзі жұмыс орнының үстінде орналасқан кезде жұмыс орны алаңының едені деңгейінде қосымша жүргізіледі.

172. Магниттік өріс кернеулігін (индукциясын) өлшеу электр қондырғысының ең жоғары жұмыс тоғы кезінде жүргізіледі немесе өлшенген мағынаны I max / I қатынасына көбейту арқылы ең жоғары жұмыс тоғына (I max) қайта есептеледі, мұндағы I – өлшеу сәтіне магниттік өріс көзіндегі тоқ.

173. Магниттік өріс кернеулігі (индукция) электр қондырғыларының тоқ өтетін бөліктерінен кемінде 20 м қашықтықта орналасқан, персонал тұрақты келетін, оның ішінде олардан қабырғамен бөлінген өндірістік үй-жайларда өлшенеді.

174. Магниттік өріс әсерінен қорғау шаралары ретінде стационарлық немесе тасымалды магниттік экрандар пайдаланылады.

Жұмыс орындары мен жұмыс істеушілердің қозғалу бағыттары осы Қағидалардың 170-тармағының талаптарын орындауды қамтамасыз ететін магниттік өріс көздерінен қашықта орналасуы тиіс.

175. Пайдалану жағдайлары бойынша персоналдың келуі талап етілетін, шекті рұқсат етілетіннен асатын магниттік өріс деңгейлері бар электр қондырғыларының аймақтары қоршалады және ескерту жазбаларымен немесе плакаттармен белгіленеді.

176. Электр және магниттік өріс әсері аймағында жұмыс істеу кезіндегі қосымша қауіпсіздік шаралары осы Қағидаларға 2-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес «Жекелеген нұсқаулар» жолында көрсетіледі.

177. АТҚ-да жұмыс орындарын аралау және оған бару кезінде персонал осы мақсаттарда әзірленген бағыттар бойынша жылжуы тиіс.

178. Өшірілген АӨӨ қондырғысы бар айналмалы қоздырылмаған генератор кернеуде тұрған генератор ретінде қарастырылады (айналмалы білік қондырғысынан айналу жағдайын қоспағанда).

179. Генераторды сынау кезінде оның схемасы немесе блок схемасы бөліктерінде арнайы қысқа тұйықтауышты орнатуға және ажыратуға оларды жерге қосқаннан кейін ажыратылған қоздырғышы және АӨӨ-нің өшірілген қондырғысы бар генератор айналымының жұмыстық жиілігі кезінде рұқсат етіледі.

Тоқтап тұрған блокты генератор схемасындағы жұмыстарды орындау кезінде, егер көтеруші трансформатор жоғарғы кернеу жағынан, ал тарамдардағы жеке мұқтаждық трансформаторлары төменгі кернеу жағынан жерге қосылса, оның сыртқа шығарылған өткізгіштерін жерге қосу талап етілмейді.

180. Өшірілген АӨӨ қондырғысы бар айналмалы қоздырылмаған генератор статорының тізбектерінде қалған кернеу мағынасин өлшеуге, фазалардың және өзгерудің кезектесу тәртібін анықтауға рұқсат етіледі.

Бұл жұмыстарды арнайы қызмет, зертхана, жөндеу ұйымдарының персоналы наряд бойынша электр қорғаныс құралдарын пайдалану арқылы немесе кезекші персоналдың қадағалауымен орындауы қажет.

181. Біліктегі кернеуді және жұмыс істеп тұрған генератор роторы оқшаулағышының кедергісін өлшеуді кезекші персоналдан шыққан жұмысшының жеке өзінің немесе мамандандырылған бөлімше персоналынан шыққан IV және III рұқсат тобы бар екі жұмысшының нұсқауы бойынша орындауына рұқсат етіледі.

182. Роторды жанасу шығырларын егеуді және тегістеуді, қоздырғыш коллекторын тегістеуді электр-техникалық емес персоналдан шыққан жұмысшының жеке өзі нұсқау бойынша орындауы қажет. Жұмыс істеу кезінде қорғаныс көзілдірігін кию қажет.

183. Жұмыс істеп тұрған генераторда щеткалы аппаратқа қызмет көрсетуге тек техникалық персоналдан шыққан жұмысшының жеке өзіне немесе осы мақсат үшін бөлінген III рұқсат тобы бар жұмысшыға рұқсат етіледі. Бұл ретте мынадай сақтық шараларын сақтау қажет:

1) машинаның айналмалы бөліктерінен сақтанып, бас киім киіп және түймеленген арнайы киімде жұмыс істеу;

2) диэлектрлік қолғапты кимей-ақ, диэлектрлік галошты немесе резеңке диэлектрлік кілемді пайдалану;

3) екі полюстің тоқ өтетін бөліктерін немесе тоқ өтетін және жерге қосылған бөліктерін бір уақытта қолмен ұстамау қажет.

184. Генераторлардың газ-май жүйесін пайдалану кезінде:

1) генератордың корпусындағы сутегіде оттегінің құрамы 1,0 %-дан, ал қалтқылы бекітпеде, үрлеу бағында және май тазалау қондырғысының сутегі бөлгіш бағында 2 %-дан асуына;

2) генератордың тоқ өткізгішіндегі сутегінің құрамы 1%-дан, ал мойынтірек картерлерінде 2%-дан асуына жол бермей жарылу қаупі бар газ қоспасының пайда болуының алдын алу қажет.

Май бағында сутегі болмау керек.

185. Генератордан сутегін немесе ауаны инертті газбен сығып шығару қажет, сығып шығарғаннан кейін оның машина шығысында анықталған ең аз концентрациясы:

1) ауаны сығып шығару кезінде көмірқышқыл газы – 85%-ды және сутегін сығып шығару кезінде 95%-ды;

2) ауа мен сутегін сығып шығару кезінде азот - 97%-ды құрайды. Ауаны және сутегін сығып шығару кезінде генераторды инертті газбен толық үрлеу газды талдаумен расталады.

186. Газ-май жүйесі генераторлары мен аппараттарының корпусын ашу алдында сутегі инертті газбен, ал инертті газ – ауамен сығып шығарылады. Дөңбек қалқандарды, люктерді және өзгелерді ауадағы көмірқышқыл газының немесе (азотты сығып шығару кезінде) оттегінің жоқтығын (көлемі бойынша кемінде 20%) талдау растағаннан кейін ғана ашуға рұқсат етіледі.

187. Тоқтап тұрған синхронды компенсатордың жанасқан шығыршықтарының камераларын сутегін сығып шығармай ашу алдында оның корпусынан камераға инертті газ берілгенге дейін оны компенсатор корпусынан бөліп тұратын бекітпе тығыздығын тексеру қажет.

Камераларда жұмыстарды оны инертті газбен үрлегеннен кейін (оны ауамен кейінгі сығып шығарусыз) және талдау жүргізгеннен кейін бастауға рұқсат етіледі.

188. Газ-май жүйесіндегі құбырларды және жабдықтарды жөндеуге шығару кезінде тығыз жабылмаған ысырмадан жөнделіп жатқан учаскелерге инертті газ бен сутегінің кіріп кету мүмкіндігін болдырмау үшін тығындар орнатылған.

Сутегіні құрайтын газ-май жүйесінің учаскелерінен 10 метр аспайтын арақашықтықта ашық отпен жұмыс істеу кезінде (электрлік дәнекерлеу, газбен дәнекерлеу және т.б.) наряд бойынша орындалуы тиіс және «Жеке нұсқаулар» деген жолда қауіпсіздікті сақтайтын қосымша шаралар (қоршаулар орнату, үй-жайларда сутегінің жоқтығын тексеру және т.б.) жазылады.

Сутегі толған генераторлардың корпусында, газ-май жүйесінің аппараттары мен құбырларда тікелей отпен жұмыс істеуге жол берілмейді.

Генераторлар мен газ-май жүйесі қондырғысының жанына осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша «СУТЕГІ. ӨРТ ҚАУІПТІ!» белгісі (плакаттары) ілінеді.

190. Тоқтап тұрған генератордың газ-май жүйесіндегі жөндеу жұмыстары өкім бойынша жүргізіледі.

191. Электролизді қондырғыны пайдалану кезінде жарылу қаупі бар сутегінің оттегімен немесе ауамен құрылуына жол берілмейді. Сутегінің тазалығы 98,5%-дан, ал оттегі - 98%-дан кем болмауы тиіс.

192. Егер қысым реттегіштерінің маңдай әйнектеріндегі сұйықтық көлемі көрінбесе, электролизерлердің жұмыс істеуіне жол берілмейді.

Сутегі және оттегі жүйелерінің арасындағы рұқсат етілетін ең жоғары қысым айырмасы 1961, 4 паскальдан (200 миллиметр су бағаны).

193. Электролиз қондырғысының аппараттары мен құбырлары (ресиверден басқа) іске қосу алдында азотпен үрлеп-тазартылады. Бұл аппараттарды көмірқышқыл газымен үрлеп-тазартуға жол берілмейді.

Электролиз қондырғысының (бұдан әрі – ЭҚ) ресиверлері азотпен немесе көмірқышқыл газымен үрлеп-тазартылады. Ішкі тексеріп-қарау қажеттілігі кезінде бір ресиверді немесе олардың тобын сутегіден тазарту үшін көмірқышқыл газымен немесе азотпен үрлеп-тазарту, басқа топтардан ілмекті арматурамен және ернемек шетінен шығып тұратын артқы ілмектері бар металл қақпақшамен өшіріп, содан кейін таза ауамен үрлеп-тазарту қажет.

Ресиверлерді инертті газбен, ауамен және сутегімен үрлеп-тазартуды олардың осы Қағидаларға 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген концентрацияға жеткенге дейін үрлеп-тазарту қажет.

Ресиверлерді үрлеп-тазарту үшін 0,05%-ға дейінгі көміртек тотығынан тұратын техникалық сұрыпты көмірқышқыл газын пайдалану кезінде оны тағамдық сұрыптың көмірқышқыл газынан бөлек сақтау қажет.

194. ЭҚ-ны 4 сағаттан астам уақытқа өшіру кезінде оның аппараттары мен құбырларын азотпен үрлеп-тазарту қажет. 1-4 сағатқа өшіру кезінде жүйе $(9{,}807 \div 19{,}614) \cdot 10^3$ паскаль (0,1-0,2 килограмм-күш/сантиметр^2) шегінде сутегі немесе оттегі қысымында болады. Қондырғыны кемінде 1 сағатқа өшіру кезінде аппаратураны газдардың номиналдық қысымында қалдыруға рұқсат етіледі, бұл ретте сутегі мен оттегі қысымы реттегіштеріндегі қысым айырмашылығын арттыру дабылы өшірілмейді.

Егер өшіру технологиялық режимнің бұзылуымен немесе өшіргеннен кейін электролизерден электролитті айдап шығару қажет болса, азотпен үрлеп-тазарту қажет.

195. Электролиз қондырғысының жабдығын ашып-зерттеумен байланысты дәнекерлеу немесе жөндеу жұмыстарын жүргізу кезінде үрлеп-тазартуды оның соңғы нүктесінің жүрісі бойынша сутегі толық жойылғанша жүргізу қажет.

196. ЭҚ үй-жайлардағы ашық отпен істелетін жұмыстар қондырғыны өшіргеннен кейін, ауада сутегінің жоқтығына талдау жүргізгеннен кейін және үздіксіз желдетуді қамтамасыз еткеннен кейін орындалады.

Жөнделетін қондырғы аппараттарында ашық отпен істелетін жұмыстарды орындау үшін, сол үй-жайда жұмыс істеп тұрған басқа қондырғы болған кезде, жұмыс істеп тұрған қондырғының құбырын жөнделіп жатқан қондырғыдан ажыратып, артқы ілмектері бар қақпақшаларды орнату қажет. Отпен істелетін жұмыстарды жүргізетін орын қалқандармен қоршалады.

Сутегіне толған аппараттарда жұмыс істеуге жол берілмейді.

197. Қатып қалған құбырлар мен ысырмаларды бумен немесе ыстық сумен жібітуге болады. Қосылыстардан газдың шығуын ағындының іздейтін арнайы құралдармен немесе сабын ерітіндісінің көмегімен анықтауға болады. Ағындыны жібіту немесе анықтау үшін ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

198. ЭҚ үй-жайында және ресиверлердің жанында темекі шегуге, ашық отты, электр жылыту құралдарын және жылжымалы шамдарды пайдалануға жол берілмейді.

Аппараттарды тексеріп-қарау және жөндеу кезінде ішкі жарықтандыру үшін металл торлармен қоршалған кернеуі 12 В-тан аспайтын жарылудан қорғайтын жылжымалы шамдарды пайдалану қажет.

199. ЭҚ үй-жайының ішінде және есіктерге ашық отты пайдалануға жол бермейтін белгілер ілінеді, сутегі ресиверлерінде осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбалар жасалады.

200. ЭҚ үй-жайында тез тұтанатын және жарылғыш заттарды сақтауға жол берілмейді.

201. Электролитпен жұмыс істеу кезінде арнайы қорғайтын киімді (мақта-матадан жасалған костюм, резеңке етік, резеңкеленген алжапқыш, резеңке қолғап) және көзілдірікті пайдалану қажет.

202. Тығыздықты өлшеу үшін электролит сынамасын ажыратылған қысым кезінде іріктеу қажет.

203. Электролизерлерге, әсіресе соңғы тақталарға қорғаныс құралдарынсыз жақындауға болмайды. Тартпа бұрандалардың төлкелеріне және монополярлық тақта астындағы оқшаулағыштарға сілтінің тиіп кетуіне жол берілмейді. Осы элементтерді оқшаулау бұзылған кезде электр доғасы пайда болады, бұл өртке немесе аварияға әкеп соғады.

Едендегі электролизерлердің алдында резеңке диэлектрлік кілем болуы тиіс.

204. ЭҚ жабдығы мен құбырлары, ресиверлер мен құбырлар ресиверлерден машина залына дейін ұзына бойы үздіксіз электр тізбегін құрайды және жерге қосатын қондырғыларға жалғанады. ЭҚ шегінде аппараттар мен құбырлар кемінде екі жерде жерге қосылады.

205. Сақтандырғыш қақпақшаны тексеру үшін қондырғы өшіріледі және азотпен үрлеп-тазартылады. Қондырғы жұмыс істеп тұрғанда қақпақшаларды сынауға жол берілмейді.

206. Қысымда тұрған аппараттар мен арматураның бұрандалары мен сомындарын тартуға жол берілмейді. Шлангылар мен жалғастықтар мықты бекітіледі.

207. ЭҚ-ны құрастырғаннан, күрделі жөндеуден немесе ұзақ тоқтап тұрғаннан кейін іске қосу жауапты маманның қадағалауымен жүргізіледі.

Қондырғыда жөндеу жұмыстары наряд бойынша орындалады.

208. Электр қозғалтқышында немесе онымен тоқ өтетін немесе айналмалы бөліктерге жақындауға байланысты қозғалысқа келтірілетін механизмде жұмыс істеу кезінде электр қозғалтқышынан кернеу ажыратылады.

209. Электр қозғалтқышында жұмыс істеу кезінде жерге қосу электр қозғалтқышын ТҚ-ға (жинаққа) жалғайтын кәбіл желісінің кез-келген учаскесінде орнатылады. Айналмалы бөліктерге жақындаумен байланысты емес механизмде жұмыс істеу кезінде және дәнекер жалғастырғышты ажыратқан жағдайда, кәбіл желісін жерге қосу талап етілмейді.

Егер өшірілген электр қозғалтқышында жұмыстар жүргізілмей жатса немесе бірнеше күнге үзілсе, онда одан ажыратылған кәбіл желісі электр қозғалтқышы жағынан жерге қосылады. Кәбіл тарамының қимасы жылжымалы жерге қосуды пайдалануға мүмкіндік бермеген жағдайда, кернеуі 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында кәбіл желісін қимасы кәбіл тарамы қимасынан кем болмайтын мыс өткізгішпен жерге қосу, не кәбіл тарамдарын бір-біріне жалғау және оларды оқшаулау қажет. Кәбіл тарамдарын мұндай жерге қосу және жалғау жылжымалы жерге қосумен бірдей жедел құжаттамада ескеріледі.

210. Жұмысқа жіберу алдында сорғы, түтінтартқы және желдеткіштің электр қозғалтқыштарында, егер электр қозғалтқыштары оларға жалғанған механизмдерден айнала алса, соңғыларының ысырмалары мен шиберлері құлыппен бекітіледі, сондай-ақ электр қозғалтқыштарының роторларын тежеу бойынша шаралар қабылданады.

211. Жұмыс жүргізіліп жатқан электр қозғалтқышының жанында орнатылған біртүрлі немесе габариттері бойынша жақын электр қозғалтқыштарына олардың жұмыс істеуіне немесе резервте болуына қарамастан, осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша плакат ілінеді.

212. Электр қозғалтқыштары жұмыс істеп тұрған кезде олардың айналмалы бөліктерінің қоршауын алып тастауға жол берілмейді.

213. Электр қозғалтқыштарын қолмен басқару жетектері бар іске қосу аппаратурасымен диэлектрлік қолғаппен қосу және өшіру қажет.

214. Ысырмалардың, орындау механизмдерінің электр жетектерін шиберге, ысырмаға және басқа да қондырғыларға жалғау кезінде электр жетектерін сынауды олар орнатылған технологиялық цехтың ауысым бастығының келісімімен бригаданың жүргізуі қажет.

Рұқсатты беру туралы технологиялық цехтың жедел журналында, ал осы рұқсатты алғаннан кейін – сынауды өткізген цехтың (учаскенің) жедел журналында жазба жасалады.

215. Орындау механизміне жалғанбаған электр жетектерін, реттеуші органдарды және ілмекті арматураны жөндеу және баптауды өкім бойынша жүргізуге болады. Оларды сынауды өкімді берген жұмысшы жүзеге асырады. Бұл туралы жазба өкімді тіркеу кезінде жасалады.

216. Сынауға арналған электр қозғалтқыштары жұмыс толық аяқталғанша мынадай кездерде қосылады:

1) наряд бойынша жұмысты орындау кезінде жұмысты жүргізуші жұмыстың аяқталуын осы Қағидаларға 2-қосымшаның 4-кестесіне сәйкес ресімдейді және нарядты тапсырады;

2) жұмыстарды өкім бойынша орындау кезінде жұмыстар тоқтатылады және бригада кетеді.

Сынаудан кейін осы Қағидаларға 2-қосымшаның 4-кестесінде ресімдеу арқылы қайтадан жіберіледі.

Өкім бойынша жұмысты орындау кезінде қайтадан жіберуге өкім қайта беріледі.

217. Қашықтықтан басқарылатын коммутациялық аппараттарда жұмысқа жіберу алдында:

1) жетектің қосалқы тізбектері (басқару, дабыл, жылыту және өзгелері) мен күш тізбектері өшіріледі;

2) ажыратқыш бағына және пневматикалық жетекке ауа жіберетін құбырдағы ысырмалар жабылады және ондағы ауа атмосфераға шығарылады, бұл ретте ағызып жіберетін тығын (қақпақшалар) ашық күйінде қалады;

3) қосқыш жүк немесе қосқыш серіппелер жұмыс істемейтін қалыпқа келтіріледі;

4) қашықтықтан басқару кілттеріне осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) және жабық ысырмаларға осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінеді.

218. Коммутациялық аппаратты жөндеу және реттеу кезінде оны сынамалық қосу және өшіру үшін жетектің қосалқы тізбектері мен күш тізбектерін уақытша қосуға, сондай-ақ жетекке және ажыратқышқа ауа жіберуге рұқсат етіледі. Бұл ретте осы Қағидаларға 6 және 7-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша белгілер (плакаттар) алынып тасталады.

Сынауға арналған коммутациялық аппаратты қашықтықтан қосуды және өшіруді жөндеу мен реттеуді жүргізетін жұмысшы кезекшінің келісімімен жүзеге асырады. Электр қондырғыларында жергілікті кезекші персоналсыз мұндай келісім талап етілмейді.

219. Жұмыс қысымында тұрған ауа ажыратқышына көтерілуге сынаулар мен жөндеу жұмыстары (демпферлерді реттеу, виброграммаларды аду, өткізгіштерді өлшеу аспаптарына жалғау немесе оларды ажырату, ауа шығатын жерлерді анықтау және өзгелері) жүргізілу кезінде рұқсат етіледі.

Ауа толтырылған бөлгіші бар өшірілген ауа ажыратқышына бөлгіш жұмыс қысымында тұрған кезде көтерілуге рұқсат етілмейді.

220. Ауа ажыратқыштарының ылғал өткізгіштігін (герметикалығын) тексеруді зауыт нұсқауларына сәйкес төмендетілген қысым кезінде жүргізу қажет.

221. Сынау және жөндеу үшін ауа ажыратқышына көтерілу алдында:

1) басқару тізбектерін өшіру;

2) жергілікті басқару түймешіктерін және іске қосу қақпақшаларын бұғаттау (мысалға, ауа өтетін түтіктерді ажырату, шкафтарды және өзгелерді), не ажыратқыштың жанында жұмысты жүргізушінің нұсқауы бойынша ажыратқышпен операциялауға жіберіп тұратын нұсқау берілген бригада мүшесі (басқару тізбектерін қосқаннан кейін), белгілі бір жұмысшы тұруы қажет.

Адамдардың қысымда тұрған ауа ажыратқышында болуы кезінде басқару және тарату шкафтарындағы барлық жұмыстар тоқтатылады.

222. Байқау, жөндеу және сынау барысында ауа ажыратқыштарын қосу және өшіру кезінде ажыратқыштардың жанында адамдардың болуына жол берілмейді.

Ажыратқышпен операцияларды орындау командасын сынау және баптау жөніндегі басшы, жүргізуші (немесе оған өкілетті бригада мүшесі) бригада мүшелері ажыратқыштан қауіпсіз қашықтыққа немесе баспанаға кеткеннен кейін беруі қажет.

223. Ауа жинағыш ішінде адамдардың болуына байланысты жұмысқа жіберу кезінде:

1) ауа жіберілетін ауа өткізгіштердің жапқышын жауып, оларды құлыппен бекітіп, осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жапқыштарға белгілерді (плакаттарды) іліп қою қажет;

2) түсіргіш клапанды ашық қалдырып, ауа жинағыштағы қысымды ауаны атмосфераға шығару қажет;

3) ауа жинағыштан ауа жіберетін өткізгішті ажырату және онда қақпақшаны орнату қажет.

224. Ажыратқыш бактарындағы және ауа жинағыштардағы манометрлердің нольдік көрсеткіші сығылған ауаның жоқтығының анық белгісі болып табылмайды. Тесіктердің қақпақтарын ашу кезінде бұрандамалар мен сомындарды бұрау алдында түсіру қақпақшаларын немесе жапқыштарын ашу арқылы сығылған ауаның болмауына анық көз жеткізу қажет.

Түсіру қақпақшаларын немесе жапқыштарын тесіктің қақпағын бекітетін барлық бұрандамалар мен сомындарды бұрағаннан кейін жабуға рұқсат етіледі.

225. КТҚ шкафтарының бөлігінде жұмыс істеу кезінде жабдығы бар арбашаны итеріп шығарып, тоқ өтетін бөліктер кернеуде қалған бөлік пердешесін құлыппен бекіту және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) іліп қою қажет, жұмыс істелетін бөлікте осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінеді.

226. КТҚ-нан тыс оған қосылған немесе АЖ және КЖ-дан бөлек жабдықтарда жұмыс жүргізгенде, ажыратқышы бар арбаны шкафтан итеріп шығарып, пердесін немесе есіктерін құлыптау керек және оларға осы Қағидаларға 6 және 8-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) іліп қою қажет.

Бұл ретте:

1) жерге қосу пышақтары мен ажыратқышы бар арба арасында бұғаттау болған жағдайда, осы пышақтарды қосқаннан кейін арбаны бақылау қалпында орнатуға;

2) мұндай бұғаттау немесе КТҚ шкафтарында жерге қосу пышақтары болмаған жағдайда, арбаны құлыптағанда, бақылау және тартып шығару аралығы қалпында орналастыруға рұқсат етіледі. Арба қосылыстағы жерге қосудың болу-болмауына қарамастан аралық қалыпта орналастырылады.

227. КТҚ-нан тыс бөлек АЖ және КЖ-да немесе оған қосулы механизмде, электр қозғалтқыштармен жалғанған механизмдерді қосқанда, жұмыс жүргізілмесе немесе КТҚ шкафында жерге қосу орындалған жағдайда, ажыратқышы бар арбаны сынап көру және басқару мен қорғау тізбектерінде жұмыс жасау үшін бақылау қалпында орнатуға болады.

228. Вакуумды ажыратқыштармен жабдықталған ТҚ-ның ішінде доғасөндіргіш камераны 20 кВ тан жоғары амплитудалық кернеумен сынақтан өткізгенде, персоналды пайда болатын рентген сәулелерінен қорғайтын арнайы экранды қолдану қажет.

229. Сыйымдауыш қондырғыларға және электр қондырғылардағы ауа жинағыштарға қызмет ететін жұмысшылардың III рұқсат тобы болу керек.

230. Тоқтың өлшеуіш трансформаторларының екінші реттегі орамасына қосылған тізбектерді үзуге рұқсат етілмейді.

Өлшеу аспаптарындағы, релелік аппаратурадағы және тоқ трансформаторының екінші реттегі орамасының басқа тізбектеріндегі тоқ тізбегін үзу қажет болған жағдайда, арнайы осыған арналған қысқыштардың немесе сынау блоктарының көмегімен алдын ала қысқартылады.

Екінші реттегі тізбекте тоқ трансформаторлары мен белгіленген қысқа тұйықтауыш арасында жұмыс жүргізуге рұқсат етілмейді, өйткені ол тізбектің ажырауына әкеліп соғады.

231. Екінші реттегі құрылғыларда және кернеу трансформаторларының тізбектерінде жұмыс барысында өзге энергия көздерінен кернеу беріліп, кері ауысуға жол бермеу үшін шаралар қолдану қажет.

232. Релелік қорғаныс пен электр автоматика құрылғыларында жұмыстар осы Қағидалардың 2-тарауының талаптарына сәйкес орындалады.

233. Энергия өткізу ұйымдарының персонал құрамы іссапарға жіберілген персонал құқығында есептеу құралдарымен жұмыс істейді. Бұл жұмыстарды құрамында кем дегенде екі жұмысшысы бар бригада жүргізеді.

Энергиямен жабдықтаушы ұйымының III рұқсат тобы бар жұмысшысы ТҚ орынжайларында электр есептегіштердің көрсеткішін тұтынушы өкілінің қатысуымен жазып алады.

234. Қызметті қоса атқаратын немесе шарт бойынша (балабақшалар, дүкендер, емханалар, кітапханалар т.б.) қызмет көрсететін персоналы бар тұтынушылардың кернеуі 1000 В-қа дейінгі электр қондырғыларында жұмыс орнын дайындауды және жұмысқа жіберуді ағымдағы пайдалану тәртібінде орындалатын бекітілген жұмыстар тізбесі бойынша тиісті энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың жедел персоналы тұтынушы өкілінің қатысуымен III және V рұқсат тобы бар, екі жұмысшыдан құралған бригадамен жүргізеді.

235. Электр энергиясын есептеу құралдарымен жұмыс кернеуді ағыту арқылы іске асырылуы тиіс. Өлшеуіш трансформаторға қосылған электр есептегіштердің тізбектерінде сынақ блогы немесе түйісу болса, көрсетілген қораптардағы электр есептегіштің схемасынан кернеуді ажырату керек.

236. Бірфазалық электр есептеуіштермен жұмысты энергиямен жабдықтаушы ұйымдардың III рұқсат тобы бар жедел персонал ағымдағы пайдалану тәртібімен орындалатын жұмыстардың бекітілген тізбесі бойынша ажыратылған кернеуде бірыңғай атқара алады. Ағаш үйлерде, асқан қауіп жоқ орынжайларда электр есептеуішке дейін коммутациялық аппарат болмаса, бұл жұмысты кернеуді ағытпай, жүктемені ажыратып жүргізуге болады.

237. Осы Қағидалардың 233 және 237-тармақтарында көрсетілген жұмыстарды орындау кезінде, энергиямен жабдықтаушы ұйым басшылығының бұйрығымен немесе тапсырмасымен жұмысшыларға аумақтық телім (аудан, орам, өңір және басқасы) бекітіледі. Тапсырмалар бланктерінде жедел персонал электр қондырғыларындағы жұмыстың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық шаралардың орындалғанын белгілеп отыру қажет.

238. Энергиямен жабдықтаушы ұйымдарда өлшеу құралдарымен жұмыс жүргізу үшін жұмыстың әрбір түрі бойынша нұсқаулар немесе технологиялық карталар жасалады.

239. Оқшауланған корпусты 1000 В-қа дейінгі электродты қазандықтың қаптамасы құлыпталады. Қазаннан кернеуді ажыратқаннан кейін қаптаманы ашуға болады.

240. Қосулы электродты қазандардың құбырларында қорғанысты жерге қосылуын бұзатын жұмыстарды атқаруға жол берілмейді.

241. Құбырларды ажырату алдында ажыраушы бөліктердің арасындағы мықты металл қосындыны алдын ала электрмен дәнекерлеу қажет. Үзілген жер айналдырып оралса, мұндай байланыс талап етілмейді.

242. Электр сүзгіштерді пайдалану барысында:

1) нарядта келісілген жағдайлардан басқа электр сүзгішінде адамдар бар уақытта сілкілеу механизмдерін іске қосуға;

2) олардың шанаптары мен бөлімдерінде жөндеу жұмыстарын бір уақытта жүргізуге;

3) қуаттандыру агрегаттары құрсауының ақауы электр сүзгіштерінің оқшауланған қораптары мен басқасының қақпақтары мен саңылауларының бекітпелері болмағанда немесе ақау болғанда, электр сүзгіштері мен олардың қуаттандыру кәбілдеріне кернеу жіберуге жол берілмейді.

243. Электрсүзгіштің кез келген секциясында (электр өрісінде), резервтік құрсымда, қуаттандыру кабелінің кез келгенінде жұмыс жүргізу барысында барлық қуаттандыру агрегаттары мен барлық секциялардың (электрлік өрістердің) кәбілдері ажыратылады және жерге қосылады.

244. Электрсүзгіштер секциясына адамдарды жұмысқа жіберу алдында секция желдетіліп, шанаптардан күл қалдықтары шығарылады. Секциядағы температура +33С-ден жоғары болмауы тиіс.

245. Электрсүзгішті ажыратқаннан кейін электрсүзгішінен және қуаттандыру кәбілінен электр агрегаттарын жерге қосу арқылы статикалық заряд алынады. Электрсүзгішінің жерге қосылмаған бөліктерін ұстауға тыйым салынады.

246. Электр станцияларында электрсүзгіштеріне қызмет көрсету бойынша нұсқауларда цехтар арасындағы қызмет көрсету аймақтарын бөлуге байланысты электрсүзгіштерін жұмысқа жіберуге нарядтар мен рұқсаттама беру тәртібі регламенттеледі. Нұсқауларды дайындау барысында осы Қағидалардың талаптары және Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамасының талаптары ескеріледі.

247. Аккумулятор орынжайы әрдайым құлыптаулы болуы керек. Бұл орынжайларды қадағалайтын және мұнда жұмыс істейтін жұмысшыларға кілт жалпы негіздерге сүйеніп беріледі.

248. Аккумулятор орынжайында темекі шегуге, отпен кіруге, ұшқын беретін электр жылыту құралдарын, аппараттары мен аспаптарын қолдануға тыйым салынады (осы Қағидалардың 256-тармағының талаптарын орындау барысында өзгеше болуы мүмкін).

Аккумулятор орынжайының есігінде осы Қағидалардың 14,15 және 16-қосымшаларына сәйкес нысан бойынша “Аккумулятор бөлмесі”, “Отқа қауіпті”, “Темекі шегуге тыйым салынады” жазу белгілері (плакаттар) ілінеді.

249. Кірме-ағындық желдетуі бар аккумулятор орынжайларын кірме желдету қуатталлу алдында қосылып, газ жойылғаннан кейін ажыратылады, бірақ қуатталу аяқталғаннан кейін 1,5 сағаттан ерте ажыратуға болмайды.

250. Әрбір аккумулятор бөлмесінде:

1) электролит дайындау және оны ыдыстарға құю үшін сыйымдылығы 1,5-2 литр имекмұрынды әйнек немесе фарфор саптыаяқ (немесе құмыра);

2) қышқылды батареяларға арналған ауыз содасының бейтарапандыру ерітіндісі және сілті батареялары үшін бор қышқылы немесе сірке эссенциясы болуы тиіс.

251. Электролит құйылған барлық ыдыстарда дистильденген су, бейтарапандыру ерітінділерімен тиісті атаулар жасалады (атаулары көрсетілген).

252. Қышқыл арнайы атауы жапсырылған биркасы бар шыны бөтелкелерде сақтауға жатады. Батареяларға пайдалануға арналған қышқыл толтырылған бөтелкелер және босаған бөтелкелер аккумулятор батареяларының жанындағы бөлек бөлмеде сақталуы тиіс. Бөтелкелерді еденге себетте немесе ағаш торда орналастырған дұрыс.

253. Қышқылмен, қорғасынмен және сілтімен арнайы дайындығы бар адамдар жұмыс істеуі қажет.

254. Қышқыл және сілті құйылған шыны бөтелкелерді екі жұмысшы көтергені дұрыс. Бөтелкелерді себетпен бірге арнайы тұтқалы ағаш жәшіктерде немесе ортасында бөтелке себетпен бірге 2/3 биіктікте кіретін саңылауы және торкөзі бар жүккөтергіштерде тасыған ыңғайлы.

255. Электролитті дайындау кезінде қышқылды саптыаяқтан дистильденген суы бар фарфор немес термотөзімді ыдысқа жіңішке ағыспен ақырын құю қажет (ерітінді қарқынды қызып кетпес үшін). Сонымен қатар электролитті өзекпен немесе шыны түтікшемен, не болмаса қышқыл тұрақты пластмассадан жасалған араластырғышпен араластырып отыру қажет.

Электролитті даярлау барысында суды қышқылға құюға болмайды. Ал дайын электролитке су құюға болады.

256. Қышқылмен және сілтімен жұмыс кезінде арнайы костюм (қышқылға жүннен жасалған, сілтіге мақта-матадан жасалған), резеңке етік немесе калош, резеңке алжапқыш, резеңке қолғап және қорғаныс көзілдірігін кию қажет.

Улы сілтінің кесектерін алдымен қапқа орап, арнайы жерде уақтау қажет.

257. Аккумулятор орынжайында пластиндерді дәнекерлеу жұмыстарына мынадай жағдайларда рұқсат етіледі:

1) қуаттану аяқталғаннан кейін екі сағатқа дейін дәнекерлеуге рұқсат етілмейді. Үнемі қуаттанду әдісімен жұмыс істейтін батареялар жұмыс басталар алдында 2 сағат бұрын қуат таусылу режиміне ауыстырылады.

2) дәнекерлеуге дейін бөлме екі сағат бойы желдетіледі;

3) дәнекерлеу кезінде бөлме үздіксіз желдетіліп отырады;

4) дәнекерлеу орны басқа батареялардан отқа төзімді қалқаншалармен қоршалады;

5) қорғасын және оның қосындыларынан уланып қалмау үшін арнайы қауіпсіздік шаралары қабылданады және аккумулятор батареяларын жөндеу және пайдалану нұсқауларына сәйкес жұмыс тәртібі белгіленеді;

6) жұмыс нарядпен орындалады.

258. Жерасты құрылыстары мен коммуникациялар орналасқан аймақта кәбілді жөндеу және төсеумен байланысты жер жұмыстары жұмыс басшысын тағайындаумен жәнеосы құрылыстар мен коммуникацияларды пайдалануға жауапты өндіріс басшыларының жазбаша келісімімен іске асырылады.

Жазбаша келісімге коммуникациялардың орналасу тереңдігі мен орналасуы көрсетілген жоспар қоса ұсынылады.

259. Жоспарда көрсетілмеген кәбілдер, құбырлар, жерасты құрылыстары, сонымен қатар қару-жарақ табылған жағдайда, табылған құрылыстардың меншік иесі анықталғанша және тиісті мекемелерден жұмысты жалғастыруға келісім алғанша, жер жұмыстарын тоқтату керек.

260. Кәбілдер тас жолынан 5 метрден жақын қашықтыққа соққы әрекеттегі машиналар мен механизмдерді, ал жер қазғыш машиналарды КЖ күзет аймағы шеңберінде жақындатуға болмайды.

261. КЖ күзет аймағының шеңберінде жерқазғыш машиналарды пайдалану осы желіні қолданатын персонал жүргізетін қазба жұмыстарында рұқсат етіледі. Дәл кәбілдің үстін қазу жұмыстарында жер қазғыш машиналарды және пневматикалық құралдарды, сондай-ақ сүймен мен қайлаларды пайдалану кәбіл немесе қорғаныс қабатына дейінгі 0.3 м топырақ қабаты қалғанда, қолмен жүргізіледі. Ал одан әрі топырақты күрекпен қазады.

262. Қыста топырақты күрекпен қазу жұмыстарына оны жылытқаннан кейін ғана кірісуге болады. Мұнда да жылу көзі кәбілдерге 15 сантиметрден (бұдан әрі – см) артық жақындатуға тыйым салынады.

263. Әлсіз немесе ылғал топырақты жерлерден траншеялар қазғанда, топырақтың құлау қаупі болса, олардың қабырғалары мықты бекітілуі тиіс.

Сусымалы топырақта жұмысты бекітусіз жасай беруге болады. Бірақ топырақтың табиғи еңісінің бұрышына сәйкес келетін еңістерді пайдалану керек.

264. Жерасты сулары мен жақын орналасқан жерасты құрылыстары болмаса, табиғи ылғалдылығы басым топырақта тік қабырғалы қазандықтар орларды үйме, құмдақ, ірі сынған топырақта – 1 м, құмайт жерлерде – 1,25м, тау жыныстары мен сазды жерлерде - 1,5 м тереңдікке дейін қазуға рұқсат етіледі.

Қыста топырақты (құрғақ топырақтан басқасы) қату тереңдігіне өңдеу бекініссіз жүреді.

265. Осы Қағидалардың 264-тармағында келтірілген шарттардан бөлек жағдайларда қазандықтар мен орларды бекіністерсіз, еңістер мен биіктік бойына бекітілген тік қабырғалардан жасау керек.

266. Қазандықтар мен орларды бекіту инвентарлы болу керек және типтік жобалар бойынша іске асырылады.

267. Ашық жалғастырғыштар ор арқылы лақтырылған қырлы бөренелерге сым немесе арқанның көмегімен асылған тақтайға бекітіледі. Қорапшаның бір қабырғасы шегесіз бекітіліп, алынып-салынуға лайықталуы тиіс.

Қазып алынған кәбілдерді жабатын қорапшаларға ескерту плакаттарын немесе қауіпсіздік белгілерін ілу қажет.

268. Кәбілдерді ілуге көрші кәбілдерді, құбырларды және басқа заттарды пайдалануға жол берілмейді. Кәбілдерді іліп жатып, олардың араласып кетпеуін қадағалаңыз.

269. Жалғастырғыштарды ашу алдында немесе кәбілді кеспес бұрын жұмыстың жөндеуге жататын кәбілде істелетініне, кәбілдің ажыратылатынына және онда жұмыс істеу үшін қажетті техникалық шаралардың қабылданатынына көз жеткізіңіз.

270. Жұмыс орнында жөндеуге жататын кәбіл:

1) кәбілді туннельде, коллектор, каналда және басқа кәбілдік құрылыстарда немесе ғимараттардың қабырғаларында төсеу кезінде сызбалар мен схемалармен қадағалау, салыстыру, биркалармен тексеру;

2) кәбілді жерге төсеу кезінде оның орналасуын төсем сызбаларымен салыстыру арқылы анықталады. Бұл мақсатта алдын ала барлық кәбіл бумасының бойымен кәбілдерді көруге мүмкіндік беретін бақылау оры қазылады.

271. Кәбілдің зақымданған жері көрінбеген барлық жағдайларда, жасанды жиегі бар кәбіл іздейтін аппарат қолданылады.

272. Кәбілді кесу алдында немесе жалғастырушы жалғастырғышты ашудан бұрын арнайы құралдың көмегімен кернеудің жоқтығын тексеру қажет. Туннельдерде, құдықтарда, коллекторларда және басқа кәбілдік құрылыстарда құрылғыны онымен қашықтықтан басқаруға болатын кезде рұқсат етіледі. Арнайы құрылғы сауыт және кәбіл қабықшасын қималарына дейін олардың арасында тұйықталу және жерге қосу арқылы кесуді және тесуді қамтамасыз етеді.

273. Тесілетін құрылғыны жерге қосу үшін топыраққа кемінде 0.5 м тереңдікке көмілген жерге қосу құралын немесе кәбілдің сауыты пайдаланылады. Жерге қосу өткізгіші сауытқа қамыт арқылы жалғанады, сауыт қамыттың астында қорғалуы тиіс.

Сауыт коррозияға ұшыраған жағдайда, жерге қосу өткізгішін кәбілдің металл қабықшасына жалғауға рұқсат етіледі.

274. Кәбілдің зақымдалуы нәтижесінде ток жүретін қималардың барлығы ашық болса, кернеудің жоқтығын кәбілді теспей-ақ, тікелей кернеуді көрсеткішпен тексеруге болады.

275. Инесі және үшкір ұшы бар оқшаулауны қарнақты пайдаланғанда, арнайы қорғану экранын қолдану қажет.

Кәбілді тескенде, диэлектрлік қолғаптар мен қорғаныс көзілдіріктерін киген дұрыс, бұған қоса тесіліп жатқан кәбілден аулақ ордың үстінен оқшаулаушы негізде тұру керек.

Кәбілді екі жұмысшы тесуі қажет:

жіберуші және жұмыстың басшысы (жүргізуші), бұлардың бірі тікелей кәбілді теседі, ал екіншісі бақылайды.

276. Электр станциялары мен шағын станциялардың ішкі кәбіл желілерінде кәбіл төсемінің тәсілі мен ұзындығының мүмкіндігінше кәбіл іздейтін аппаратты, биркаларды, сызбаларды қолдана отырып, жөнделетін кәбілді дәл анықтау мүмкіндігі болса, наряд берушінің шешімімен жалғастырғышты ашу немесе кәбілді кесу алдында оны теспеуге болады.

277. Алдын ала тесу жасалмаған жағдайда, жалғастырушы жалғастырғыштарды ашу және кәбілді кесуді диэлектрлік қолғап пен қорғаныс көзілдіріктерін киіп, оқшаулаушы негізде тұрып жерге қосылған құралмен орындау қажет.

Алдын ала тескеннен кейін сол операцияларды кәбілде аталған қосымша қауіпсіздік шараларынсыз орындауға болады.

278. Жалғастырғыштарға құятын құрамдарды қақпағы және шүмегі бар арнайы металл ыдыста қыздырылады. Ішінде құрам бар ашылмаған банкілерді қыздыруға болмайды.

279. Жалғастырғыштарға құюға арналған ыстық құраммен жұмыс істеген кезде брезент қолғап пен қорғаныс көзілдірігін киген жөн.

Киімнің жеңін қолғаптың үстінен білектен байлап қойған жөн немесе шынтаққа дейін ұзын қолғап кию қажет. Ыстық құрамы бар ыдысты қолдан қолға беруге тыйым салынады. Оны берген кезде жерге немесе нық тұратын негізге қою қажет.

280. Жалғастырғышқа құюға арналған ыстық құрамдағы алдын-ала қыздырылған қасық немесе металл түтікшемен орналастыру керек. Ыстық құрамға ылғалдың араласуына мүлдем болмайды.

281. Жылдың суық мезгілдерінде жалғастырғышты ыстық құраммен құймас бұрын қыздырып алу керек.

282. Кәбіл оралған барабанды тасымалдаған кезде оның шығып тұратын бөліктері жұмысшылардың киімін іліп кетпеуін қадағалау керек.

Кәбіл оралған барабанды тек көлденең жазықтықта орнықты төсемнің үстінде немесе нық жерде тежегіш құралы болған кезде ғана домалату рұқсат етіледі.

Кәбілдерді, бос барабандарды, механизмдерді және құрал саймандарды грунтты бұзбай траншеяның шетінен кем дегенде 1 м қашықтықта тасымалдау қажет.

283. Кәбілді қолмен төсегенде жұмысшылар саны ерлер үшін 35 кг, ал әйелдер үшін 10 кг аспайтын кәбіл әрқайсысына тиюі керек. Жұмыс істегеде брезент қолғап кию қажет.

284. Кәбіл төсеген кезде бұрылыстың ішкі бұрылысында тұруға және кәбілді трасса бұрылысында қолмен демеуге жол берілмейді. Бұл мақсатта бұрыш шығыршықтары орнатылуы тиіс.

285. Кәбілдерді электр тоғымен қыздыру үшін 380 В жоғары кернеулі трансформаторларды қолдануға жол берілмейді.

286. Кәбіл мен жалғастырғышты орнынан тасымалдау кәбіл желісін өшіргеннен кейін рұқсат етіледі.

Кернеуде тұрған кәбілдердің орнын ауыстыру қажет болған жағдайда, мынавдай шарттарды орындаған уақытта ғана рұқсат етіледі:

1) орны ауыстырылатын кәбілдің температурасы +5 градустан төмен емес;

2) кәбіл ауыстырылатын аймақтағы жалғастырғышы тақтайшаға қамыттармен тығыз бекітілуі қажет;

3) жұмыс істеу үшін диэлектрлік қолғаптың үстінен механикалық ақаулықтардан қорғану үшін брезент қолғап кию керек;

4) жұмысты кәбілді төсеу тәжірибесі бар жұмысшылар басшының қадағалауымен орындайды.

287. Жер асты кәбіл құрылғысы газ қауіптілердің қатарына жатпаса, құрылыс ремонты, кәбілдерді бояу, жинау бойынша жұмыстарды кемінде 2 жұмысшы тексеруі қажет. Электр станциялары мен шағын станцияларда коллектор мен туннельді III тобы бар бір ғана адам тексере алады.

288. Зиянды газдардың пайда болу мүмкіндігі бар жер асты құрылысында наряд бойынша 3 жұмысшы жұмыс істеуі, оның екеуі сақтандырып тұруы қажет. Жұмысты жүргізушігің III рұқсат тобы болуы қажет.

289. Әрбір цехта (ауданда, учаскеде) қызмет көрсетуші персонал таныстырылуы қажет газқауіпті жер асты құрылыстардың тізбегі болуы тиіс.

Барлық газқауіпті жер асты құрылыстары сызбада көрсетіледі.

290. Жер асты құрылысында жұмысты бастау алдында және жұмыс істеу кезінде табиғи немесе жасанды желдету қамтамасыз етіледі.

Табиғи желдету ауа ағымын бағыттайтын арнайы қалпақшасы бар кемінде екі люкті ашу арқылы пайда болады.

Жасанды желдету желдеткіш немесе компрессор арқылы 10-15 мин. аралығында жер асты құрылысының ауасын толығымен жаңарту үшін сондағы жердің түбіне жеңді 0,25 м жетпейтіндей етіп түсіру арқылы қамтамасыз етіледі.

Желдету үшін қысымдалған газы бар баллондарды қолдануға жол берілмейді.

291. Жер асты құрылысының ішіндегі ауаның газдалғандығын тексермей жұмысқа кірісуге болмайды. Тексеруді аспаптарды қолдана алатын адамдар жүргізуі қажет. Осы адамдардың тізімі кәсіпорынның нұсқауы бойынша бекітіледі.

Ашық от арқылы газдың жоқтығын тексеруге жол берілмейді.

292. Ағымды-тартымды желдеткішпен жабдықталған коллектор мен туннельдерде жұмысты бастамас бұрын жергілікті талап бойынша анықталған уақытта желдету әрекеті жасалуы тиіс. Осы жағдайда газдың бар-жоғын тексермеуге болады.

293. Коллекторларда немесе туннельдерде жұмыс істеу кезінде жұмысшылардың екі жағынан екі люк немесе екі есік ашылады.

294. Құдықтарды ашу кезінде ұшқын шығармайтын құралды пайдаланған жөн, сонымен қатар люк мойыншасына қақпақтың соғылмауын қадағалау қажет. Ашық тұрған люктің аузында ескерту белгілері немесе қоршау орнатылады.

295. Құдықтарда III рұқсат тобы бар сақтандыру белдігін тағып алған бір адамның жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Сақтандыру белдігінің иыққа тағатын қайысы, ол арқа жағында қиылысқан жерінде арқанды бекітетін сақинасы болуы тиіс. Белдіктің екінші бір ұшын сақтандырушылардың біреуі ұстап тұрады.

296. Құдық ішінде жұмыс істеу барысында дәнекерлеуіш шамын жағуға, пропан-бутаны бар баллондарды орнатуға, жалғастырғышқа құйылатын құрамды қыздыруға және дәнекерлеуге жол берілмейді. Балқытылған дәнекерлеуішті және жалғастырғышқа құйылатын қыздырылған құрамды құдыққа түсіргенде, оларды арнайы жабық ыдыста, карабин арқылы металл арқанға байлап түсіреміз. Отпен жұмыс істеу кезінде алаудың таралуына жол бермейтін, отқа төтеп бере алатын материалдан жасалған тақтайшаларды оттан қорғану үшін қолданады.

297. Кәбіл жүргізілген коллектор мен туннельдерде кәбілдік жартықабаттарда және т.б. орынжайларда пропан-бутанды қолдана отырып жұмыс істеу кезінде орынжайлардағы баллондардың сыйымдылығы 5 метрден аспауы тиіс. Жұмыс аяқталғаннан кейін газы бар баллондарды шығарып, орынжайдың ішін желдету қажет.

298. Кәбілдерді қосу кезінде құдықта болуға жол берілмейді, ал коллекторлар мен туннельдерде екі ашық есіктің арасында болуға рұқсат етіледі. Кәбілдер қосылып тұрған кезде олармен жұмыс істеуге болмайды.

Қосқаннан кейін өрттің алдын алу үшін кәбілдерді тексеріп-қарау қажет.

299. Туннельдерде жұмыс істеуге рұқсат етуден бұрын және өрттен қорғану құрылымын тексеру кезінде оларды автоматты әрекеттен қашықтықтан басқаруға көшіріп, басқару кілтінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плкат) ілінеді.

300. Құдықтарда, коллекторлар мен туннельдерде және де ашық люктің қасында темекі шегуге тыйым салынады.

301. Құдықтарда, коллектор мен туннельдерде ұзақ жұмыс барысында наряд беруші жұмысшы жұмыс атқару жағдайына байланысты сонда өткізілетін уақытты реттейді.

302. Газ пайда болған жағдайда құдықтарда, коллекторлар мен туннельдерде жұмыс тоқтатылып, жұмысшылар газданудың көзі анықталып оны жойғанша қауіпті аймақтан шығарылуы тиіс.

Газды шығару үшін жасанды желдетуді қолдану қажет.

303. Әуе жолы ток өткізгіш сымның электрлік берілісі және тіреуді бөлшектеу жұмысы технологиялық карта бойынша немесе ЖӘЖ жұмыс басшысының қадағалауымен жүргізілуі тиіс.

304. Тіреуге шығуға және онда жұмыс істеуге тіреу толық орнықты және берік екендігіне көз жеткізгенде ғана рұқсат етіледі.

Беріктігі күмән тудыратын тіреудің қатайту тәсілін және қажеттілігін оның (тереңдігі жеткіліксіз болғанда, топырағы бос болғанда, ағашы шірігенде, бетонда жарық болғанда және т.б) жұмыс басшысы немесе жүргізуші сол орында анықтайды.

Тіреуді созу арқылы қатайту жұмыстарын тіреуге шықпай-ақ, мәселен, адамдарды көтеру үшін телескоптық мұнарасынан немесе басқа механизмнен, қасында тұрған тіреуге шығып орындау, не болмаса, ол үшін тіреуге шығуды қажет етпейтін арнайы бекіткіш қолдану қажет.

Тіреуге бекітілгеннен кейін оған шығуға рұқсат етіледі.

305. Электр сымдары мен арқандардың бір бағытқа тартылуына есептелмеген және уақытша осындай тартылуға ұшырайтын тіреу құламас үшін алдын ала бекітіледі.

Тіреулерді алдын ала бекітпей, электр сымдарының бүтіндігін бұзуға және тіреулер арасында байлауды шешуге болмайды.

306. Тіреуге шығуға тіреудің басына дейін жұмыстың барлық түрлерін орындауға - III рұқсат тобы бар, ӘЖ-ні ажырату арқылы тіреудің жоғарғы жағына дейін орындалатын жұмыстар кезінде II рұқсат тобы бар, ажыратылмаған ӘЖ-де тоқ өтпейтін бөліктерде жұмыс істеушілердің басы осы ӘЖ-нің төменгі сымдарының деңгейіне дейінгі аралық 2 м қашықтықта жұмыс істеу кезінде II рұқсат тобы бар бригада мүшелеріне рұқсат етіледі. Жұмыстың ерекшелігі тіреудің болуына байланысты; I рұқсат тобымен жерден 3м дейінгі аралықтағы барлық жұмыс түрі (жұмысшының аяғына дейін).

307. Тіреуге көтерілу кезінде сақтандыру белдігінің арқан жіптерін ағаш тіректерде тіреудің артына кіргізу керек, ал темір бетон тіреулерінде – тіреудің артына кіргізу немесе тесігіне бекіту керек.

Істік оқшаулағыштары бар бұрышты тіректерге көтерілуге және ішкі бұрышы жағынан жұмыс істеуге тыйым салынады.

Тіректің тіреуінде жұмыс істеу кезінде сақтандыру белдігін пайдаланып, екі тырнаққа (өтетін тесіктің) сүйену қажет.

Тірек тіреуінде жұмыс істеу кезінде қысыммен тұрған ең жақын жердегі электр сымдарын көздер таса қылмау қажет.

308. Тіректің бөлшектерін ауыстыру кезінде оны араластыру немесе құлау мүмкіндігі болмау керек.

309. Жалғыз не екі тіреуішті П немесе АП тәрізді тіректерді ауыстырғанда, тіректің бірден екі тіреуін қазуға болмайды. Алдымен бір тірек тіреуішінің қойғышына ауыстырып, құрсаулап бекітіп, жерге таптап нығыздап керек, содан соң ғана екіншісін ауыстыруға кірісу керек. Қосарланған қойғыштарды кезекпен ауыстыру керек.

Қойғыштарды алғанда немесе түсіргенде, қазаншұңқырда қалуға болмайды.

310. Тіректерді құлату және орнату тәсілдерін, ауытқу болмас үшін оны бекіту қажеттілігі тәсілдерін жұмыс басшысы, егер ол тағайындалмаса, наряд берген жұмысшы белгілейді.

311. Ілгек көмегімен тартуды қолданған жағдайда, соңғылары сақтандыру құлпымен қамтамасыз етілуі қажет.

312. Оқшаулауыш аспада жұмыс істегенде, біртізбекті және көптізбекті (оқшаулағыштардың екі не одан көп тізбектері) және созылмалы көптізбекті аспалармен қозғалуға болады.

Арнайы құралдарды қолдануда немесе оған жатып, дененің қалпын белгілеп алу үшін аяқпен траверсаны ілген жағдайда, біртізбекті созылмалы оқшаулауыш аспада жұмыс жасауға болады.

313. Ұсталатын оқшалағыш аспада жұмыс жасау барысында сақтандыру белдегінің арқаны траверске бекітіледі. Егер арқанның ұзындығы жеткіліксіз болса, онда белдікке бекітілген екі сақтандырғыш аспаарқанды пайдалану қажет. Аспаарқанның біреуі травесаға байланады, ал екіншісі алдымен траверстен өткізіледі, бригаданың сақтандыру мүшесі қажеттілігінше жақын жібереді.

314. Керілген оқшаулағыш аспада жұмыс істеу кезінде сақтандыру белдігінің арқаны траверске немесе осы мақсатқа арналған құралға бекітіледі.

315. Ұстап тұратын және керілмелі көптізбекті оқшаулағыш аспаларда сақтандыру белдігінің арқанын жұмыс жүргізілмейтін оқшаулағыштар тізбектерінің біреуіне бекітуге болады. Бұл арқанды жұмыс жүргізілетін тізбекке бекітуге болмайды.

316. Оқшаулауыш аспаны тіркеуден ағытуға әкеп соғатын ақау табылған жағдайда, жұмыс тоқтатылады.

317. Электр сымдарын траверстерге көтергенде (немесе түсіргенде), сондай-ақ оларды кергенде, сол траверстерде немесе олардың астындағы тіреулерде тұруға болмайды.

Жүкті көтеру схемасын таңдау және көтеру блоктарын орналастыру кезінде тіректі зақымдамайтын, көп күш түсірмейтін жағдайды қарастыру қажет.

318. ӘЖ-де адамдардың көлденең қимасы 240 мм кем болмайтын электр сымдарымен және қимасы 70 мм кем болмайтын арқанмен орын ауыстыруға болады.

Тізбектен ағытылған электр сымдары мен арқандармен орын ауыстырғанда, сақтандыру белдігінің арқанын соларға, ал арнайы арбаны қолданған жағдайда, арбаға бекіту қажет.

319. Тіреудің ұшына дейін II тобы бар бригада мүшелері бояйды. Тіреуді бояу кезінде бояу оқшаулағыш пен электр сымына жағылмас үшін шаралар қолдану керек (мәселен тіреуіштер қолданылады).

320. Қысымда тұрған ӘЖ-дегі жұмыстар екі схема бойынша жүргізіледі.

1) егер жұмысшы электр сымының қуатында болса және жерден оқшауланса - «сым-адам-оқшаулау-жер»;

2) егер жұмысшы электр сымынан оқшауланса - «сым-оқшаулау-адам-жер».

321. Электр сымының қуатында жұмыс істеуге мына жағдайда рұқсат етіледі: адам жерден оқшауланған жағдайда, экрандаушы киім жинағын қолданғанда және жұмыс алаңының және электр сымының, экрандаушы жинағының қуатын теңестіргенде.

Қуатты теңестіру қуатты тасымалдауға арналған арнайы қарнақпен жүргізіледі.

Электр сымына жұмысшыны көтергенге дейін экрандаушы жинақ қуатты көшіруге арналған қарнақпен және монтер кабинасымен, егер ол қолданылатын болса, жалғанады.

Осы жұмыстарды атқару барысында адамнан жерге қосылған бөліктерге және жабдықтың элементтеріне дейінгі қашықтық осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде келтірілгеннен кем болмауы керек. Электр сымының қуатындағы нақты жұмыс түрлері арнайы технологиялық карталар бойынша арнайы нұсқауларға сәйкес орындалады.

322. Кернеумен жұмыстар адамды электр сымынан оқшаулап, тиісті кернеуге арналған электрден қорғану құралдарын қолданып жүргізіледі.

323. Электр сымының қуатымен жұмыс істеуге құқы бар бригада мүшелерінде (ток жүретін бөліктерге тікелей жанасатын болса) IV рұқсат тобы, ал бригаданың қалған мүшелерінде III рұқсат тобы болуы тиіс.

324. Қуатпен жұмыс істеу кезінде оқшаулағышқа және электр сымымен салыстырғанда, басқа қуаты бар оқшаулағыш аспалардың арматурасын ұстауға, сондай-ақ электр сымының қуатындағы оқшаулағыш құрылғының алаңынан жұмыстарды орындау барысында, аспаптар немесе құрылғыларды жұмыс алаңында жоқ жұмысшылардың алуына немесе беруіне болмайды.

325. Оқшаулағыш аспаларда жұмысты бастамас бұрын өлшеу қарнағымен аспа оқшаулағыштардың электрлік беріктігін және арматурадағы барлық шплинттер мен құлыптарды тексеру қажет. Шығару қысқыштары болса, оларды жұмыс жүргізіліп жатқан тірекке және егер бұл тас жол бедері бойынша қажет болса, көрші тіректерге сына қағу қажет.

326. Оқшаулағыш аспада оны ілмектеу, оқшаулағыш құрылғыларда немесе траверстердегі монтерлар жүргізген жеке оқшаулағыштарды, арматураны ауыстыру жұмыстарына аспадағы дұрыс оқшаулағыштардың мөлшері 70% кем болмаса, ал ал 1150 кВ ӘЖ-нде бір аспада бес ақаулы оқшаулағыш болса ғана рұқсат етіледі.

327. 500 кВ және одан жоғары ӘЖ-нде траверсте орындалатын оқшаулағыш аспаларды ілмектеу кезінде, қажетті құрылғыларды диэлектрлік қолғаппен және экрандаушы жинақта бекіту және траверстерден ағыту қажет.

Оқшаулағыш аспада екі оқшаулағыш дұрыс болған жағдайда, 35 кВ ӘЖ-нда бірінші оқшаулағыштың шапкасына, ал 110 кв және одан жоғары ӘЖ бірінші және екінші оқшаулағыштардың шапкаларына жақындауға болады. Оқшаулағыштардың есебі траверстерден бастап жүргізіледі.

328. Разрядтаушының сыртқы электродын электр сымына тиісті қашықтықтан артық жақындатпайтын оқшаулағыш аспа габаритниктерін қолданған жағдайда, түтікше разрядтауышты кернеулі 110 кВ ЭЖ-не орнатуға болады.

(Жалғасы 21-бетте)

(Жалғасы. Басы 19-20-беттерде)

Разрядтауыштың сыртқы электроды электр сымына жақындату немесе разрядтауышты алу кезінде электродты бұру барысында ықтимал газ шығару аймағында қалуға болмайды. Разрядтауыштың сыртқы электродын оқшаланушы қарнақтың көмегімен жақындату немесе бұру қажет.

329. Тіректен оқшауландырылған найзағайдан қоғайтын арқанға 1м қашықтықтан кем жақындауға болмайды.

Арқанды көктайғақты еріту схемасында пайдаланғанда, арқанға жақындау қашықтығы еріту кернеуіне байланысты белгіленеді.

Жерге қосатын түсірме сымды жерден оқшауландырылған найзағайдан қорғау арқанынан ажырату және жалғау операцияларын арқанды алдын ала жерге қосылғаннан кейін жүргізуге болады.

330. Тұман, жаңбырда, қар жауып тұрғанда, қараңғы мезгілде, сондай-ақ тіректердегі жұмыстың жүргізілуін қиындататын жел тұрғанда, ӘЖ және ӘБС жұмыс істеуге болмайды.

331. Қолданыстағы ӘЖ қилысының аралықтарындағы электр сымдарын монтаждау және ауыстыру кезінде оларды баяу, жұлқымай жазу керек, тарту аспаарқандарын шықпырту мен кернеумен тұрған электр сымдарына жақындатпайтындай етіп бағыттау қажет. Арқанды тарту үшін және оны созбақтамау үшін өсімдіктен жасалған арқан немесе синтетикалық талшықты, арқанды оның ең қысқа ұзындығын таңдап және босатпай тартып қолдану қажет.

Жұмыс істеу кезінде қолданылатын шығыр және болат аспаарқандар жерге қосылады.

332. Бағытталған кернеумен жұмыс істеу кезінде әрбір барабанның электр сымы ашылар алдында жерге қосылады.

Электр сымын тап барабанның жанында жерге қосу міндетті емес.

Бағытталған кернеумен электр сымдарында телескоп мұнарасынан (көтергіштен) орындалатын жұмысты жасау барысында қимасы мұнараның жұмыс алаңы қуатты тасымалдауға арналған арнайы қарнақтың көмегімен қимасы 10 шаршы мм кем емес майысқақ мыс өткізгішпен электр сымына жалғанады да, ал мұнараның өзі жерге қосылады. Бұған қоса электр сымы жақын маңдағы тірекке немесе аралықта жерге қосылады.

Мұнара кабинасына кіруге және шығуға, сондай-ақ телескоп мұнарасының жұмыс алаңы электр сымы арқылы жалғанған соң жерде тұрып мұнара корпусына жақындауға болмайды.

Металл аспаарқанды шексіз аспаарқан ретінде қолдануға болмайды.

ӘЖ-нің анкерлі тірегіндегі бағытталған кернеуде тұрған тұзақтарды монтаж жұмыстары біткен соң осы тірекпен іргелес анкерлі аралықтарда жалғау керек. 110 кВ ЭЖ және одан жоғарғы анкерлі тіректе тұзақтар жалғанғанға дейін электр сымына немесе оқшаулаушы керілмелі аспаларға бекітіледі, бірақ траверстен бастап санағанда төртінші оқшаулағыштан жақын болмау керек, ал 35 кВ және одан төмен ӘЖ-нде электр сымына бекітілуі қажет.

333. Кернеуде тұрған басқа ӘЖ-мен қиылысу аралығындағы ӘЖ электр сымдарында жұмыс жасау барысында жерге қосуды жұмыс жүріп жатқан тірекке орнату қажет.

Егер осы аралықта электр сымы ауыстырылса немесе ілінсе, онда қиылысқан жерінің екі жағынан осы Қағидалардың 145 және 146-тармақтарына сәйкес ілінетін және ауыстырылатын электр сымы жерге жалғануы керек. ӘЖ қызмет көрсетуші қызметкерді ажыратылғаннан кейін бағытталған кернеуде тұрған желілер тізбесімен таныстыру керек.

334. ӘЖ-нде бағытталған кернеумен жерден тіректен жерге дейін түсірілген электр сымына жанасуға байланысты жүргізілген жұмыстар электрден қорғану құралдарын (қолғап, қарнақ) немесе өткізгіштердің қуатын теңестіру үшін осы электр сымымен жалғанған металл алаңын қолданумен жүргізіледі. Жерден электрден қорғану құралдарынсыз және металл алаңынсыз жүргізілген жұмыстар әрбір жанасы жеріне тікелей жақын электр сымы жерге қосылған жағдайда жүргізіледі.

335. Бағытталған кернеуде ӘЖ-дегі электр сымдарын монтаждау барысында қолданылатын болат тарту аспаарқандарын алдымен тарту механизмінде бекіту керек және қуатты теңестіру үшін электр сымы жерге қосылған жерге қосушыға жерге қосу керек. Осыдан кейін ғана аспаарқанды электр сымына бекітуге болады. Қуатты теңестірген соң электр сымы мен тарту аспаарқанын ажыратуға болады.

336. Бағытталған кернеудегі ӘЖ-нде монтаждау жұмыстарын (электр сымдарын көтеру, көздеу, керу, арасын ашу аунақшалардан қысқыштарға ауыстырып қою) жүргізген кезде электр сымы арасын ашуды жүргізілетін анкерлі тірекке, керу жүргізілетін соңғы анкерлік тірекке және электр сымы көтерілетін әрбір аралық тірекке жерге қосылады.

Аралық тіректе жұмыс біткеннен кейін электр сымынан осы тірекке жерге қосылу алынады. Аралық тіректе электр сымына жанасумен байланысты жұмыс қайта жаңғыртылған кезде электр сымы сол тіректе қайтадан жерге қосылады.

337. Бағытталған кернеудегі ӘЖ-де электр сымдарын жазылған аунақшалардан ұстайтын қысқыштарға ауыстырып қоюды жазу бағытына қарама-қарсы бағытта жүргізген жөн. Орнын ауыстыруды бастамас бұрын анкерлі тіректегі электр сымдарын орын ауыстыру жүргізілетін жаққа қалдырып, орнын ауыстыру басталатын анкерлі тіректегі электр сымдарынан жерге қосуды ажырату қажет.

338. Бағытталған кернеудегі ӘЖ-ндегі электр сымдарын монтаждау кезінде олардың жерге қосылуын электр сымын ұстайтын қысқыштарға ауыстырғаннан кейін және осы тіректе жұмыс аяқталғаннан кейін алуға болады.

Электр сымдарын қысқыштарға ауыстыру кезінде ауыстырып қою аяқталған іргелес анкерлі аралықты бағытталған кернеуде тұрған аралық ретінде қарастыру қажет. Оларды жұмыс орнында жерге қосқаннан кейін ол жерде электр сымдарына жанасумен байланысты жұмыстарды жүргізуге болады.

339. Кәсіпорында бағытталған кернеумен ӘЖ қатарынан өлшемдермен ажырату және жерге қосу барысында жерге қосылған электр сымдарының ұштарында қолданыстағы ӘЖ шамалы жұмыс тоғы барысында 42В аспайтын бағытталған кернеуде қуат қалатын желілерді анықтау керек.

Осы ӘЖ-ндегі негізгі электрден қорғану құралдарынсыз электр сымына жанасумен байланысты жұмыстардың барлық түрі технологиялық карта немесе ЖӨЖ бойынша жүргізіледі, онда жұмыс орындарындағы 42В аспайтын бағытталған кернеудің қуатын қамтамасыз ету талаптарының негізінде жерге қосудың орналасуы көрсетіледі.

Егер бағытталған кернеудегі ажыратылған ӘЖ (тізбегінде) осы кернеуді 42В-қа дейін төмендету мүмкіндігі болмаса, онда электр сымдарын бір немесе екі іргелес тіректе жерге қосу қажет. Бұған қоса ӘЖ (тізбекті) РҚ жерге қосуға болмайды. Бригаданың жерге қосу орналасқан тіректерде және олардың арасындағы аралықта жұмыс жасауына рұқсат етіледі.

Екі не одан көп аралықта (учаскелерде) жұмыс жасаған жағдайда, ӘЖ (тізбек) анкерлі тіректе тұзақтың ажырауы арқылы электр энергиясы жағынан байланысы жоқ учаскелерге ажыратылады. Осындай учаскелердің әрқайсысында жерге қосуды орналастыру жерінде бір ғана бригада жұмыс жасауы керек.

340. Тізбек кернеуде тұрған тізбектерден төмен ілінген жағдайда, тізбектері бірінің үстіне бірі орналасқан көп тізбекті ӘЖ ажыратылған тізбегінде жұмыс істеуге болады. Ажыратылған тізбектің электр сымын ауыстыруға және басқаруға болмайды.

341. Тізбектері көлденең орналасқан көптізбекті ӘЖ ажыратылған тізбегінде жұмыс жасау барысында тіреулерде кернеуде қалған тізбектер жағынан қызыл жалаушалар ілінеді. Жалауды жұмыс істеуші III рұқсат тобы бар бригада мүшелерімен бірге жұмыс істейтін жерден 2-3 м биіктікке ілу қажет.

Тірекке кернеуде тұрған тізбек жағынан көтерілуге және осы тізбекті ұстап тұрған траверстің учаскелеріне көшуге болмайды. Егер тіректе степ-бұраны болса, олар қандай тізбектің астында орналасқанына қарамастан көтерілуге болады. Егер степ-бұрандар кернеумен тұрған тізбектер жағынан орналасқан жағдайда, тірекке кернеуде тұрған жұмысты жүргізушінің немесе III рұқсат тобы бар бригада мүшесінің қадағалауымен көтерілген жөн.

342. Көптізбекті ӘЖ ажыратылған тізбегінің электр сымдарындағы тіректерден жұмыс жасау барысында, бағытталған кернеуде тұрған қалған тізбектерді жұмыс жүргізіліп жатқан әрбір тіректе жерге қосу орнатылуы қажет.

343. ӘЖ әр фаза бойынша жөндеу кезінде ТҚ-ға ажыратылған фазаның электр сымын жерге қосуға болмайды. Электр сымы жұмыс орнында жерге қосылады. Бір фазаның электр сымында немесе кезекпен әрбір фазаның электр сымында жұмыс жасау барысында 35 кВ және одан жоғары ӘЖ-нде жұмыс орнында жұмыс орындалатын фазаның электр сымын жерге қосуға рұқсат етіледі. Бұған қоса қалған қосылмаған фазалардың электр сымдарына осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген қашықтықтан артық жақындамау керек.

344. Фазалық жөндеу кезінде жерге қосудың сенімділігін арттыру үшін жерге қосу екі бөлек, қатар орнатылған жерге қосудан тұруы қажет. Электр сымында жерге қосу орнатылған жерден 20 м-ден артық қашықтықта жұмыс істеуге болмайды.

Бір мезгілде бірнеше бригада жұмыс істесе, ажыратылған электр сымы электрлік жағынан байланысты емес учаскелерге ажырайды. Әрбір бригадаға бір қосарланған жерге қосу сымы орнатылған бөлек учаске бөлінеді.

345. 110 кВ және одан жоғары ӘЖ фазалық жөндеу жүргізу кезінде доғалық разрядты жергіліктендіру үшін жерге қосуды орнату немесе алудың алдында электр сымы доғасөндіруші құрылғысы бар қарнақтың көмегімен жерге қосылады. Қарнақтың жерге қосылатын электр сымы жерге қосуға алдын ала жалғанады. Бұл қарнақ тасымалы жерге қосу орнатылғаннан (немесе алынғаннан) кейін ғана алынады.

346. Фазалары көлденең орналасқан ӘЖ фазалар бойынша жөндеу жүргізу кезінде траверстің кернеуде тұрған фазаларды ұстайтын электр сымының учаскелеріне көшуге болмайды.

347. ӘЖ тас жолын тазалау кезінде ағаштарды құлатудан бұрын жұмыс орнын дайындау керек. Қыс мезгілінде құлайтын ағашты тез кету үшін қар үстіне оның құлайтын жағына қарама-қарсы жағына 5-6 м ұзындықта екі жол жасау керек. Шабылған және кесілген ағашқа шығуға тыйым салынады.

348. Жұмыс өндіруші жұмыс басталмас бұрын бригаданың барлық мүшелерін құлайтын ағаш, аспаарқан және басқа заттардың ӘЖ электр сымдарына жақындау қауіпі туралы ескертуі қажет.

349. Электр сымына ағаш құламауы үшін кескенге дейін сымды тарту керек.

350. Ағаш электр сымына құлаған жағдайда, ӘЖ-нен кернеу ажыратылғанға дейін оған 8 м-ден жақын қашықтықта жақындауға болмайды.

351. Аралаушылар құлатылатын ағаштың құлайтыны туралы басқа жұмысшыларға ескертулері керек. Ағаштың құлайтын жағында және қарама-қарсы жағында тұруға тыйым салынады.

352. Ағашты кеспей не шаппай құлатуға болмайды, сондай-ақ ағашты тесіп кесуге болмайды. Қисайған ағашты қисайған жағына құлату керек.

353. Жұмыстағы үзіліс кезінде немесе басқа ағаштарға көшкенде, кесілген не шабылған ағашты құлатпай қалдыруға болмайды.

354. Шіріген және құрғап кеткен ағашты құлату алдында олардың беріктігін тексеріп, содан кейін аздап кесу керек. Мұндай ағаштарды шабуға болмайды.

355. Алдын ала аралап алып ағаштарды тобымен құлатуға және бірінің үстіне бірін құлатуға болмайды. Бірінші кезекте шіріген және күйген ағаштарды құлату керек.

356. ӘЖ немесе әуе ауыстырып қосу пунктін қарау кезінде қандай да бір жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ тірек пен құрылымдық элементтеріне көтерілуге болмайды. ӘЖ жоғарыдан қарау кезінде тірекке шығуға рұқсат етіледі.

357. Өтуге қиындық келтіретін жерлерде (батпақ, су тосқауылдары, таулар, құлаған ағаштар және т.б.) және ауа райының қолайсыз жағдайларында (жаңбыр, қар, қатты аяз және т.б.), сондай-ақ қараңғы мезгілде ӘЖ-н II рұқсат тобы бар екі жұмысшы орындауы тиіс.

Қалған жағдайларда ӘЖ II рұқсат тобы бір жұмысшы тексеріп-қарайды.

ӘЖ қарау кезінде қараңғы мезгілде электр сымының астымен жүруге болмайды.

ӘЖ зақымдалған жерін іздеу кезінде өздерімен бірге ескерту плакаттары болуы тиіс.

358. 1000 В жоғары ӘЖ-нде жерде жатқан электр сымына 8 м-ден кем жақындауға рұқсат етілмейді. Мұндай электр сымының жанына адамдардың, жануарлардың жақындауын тоқтатын күзетті ұйымдастыру қажет, мүмкіндігінше ескерту плакаттарын іліп, орын алған жағдайларды электр желілерінің кәсіпорнына хабарлау қажет.

359. Оқшаулағыштардың зақымдалуы, электр сымы тіректің денесіне жанасуының (топырақтан ылғалдың булануы, тіреулер мен тіректерді бітеу жерлерінде электр доғасының топыраққа пайда болуынан және т.б.) нәтижесінде жерде қысқа тұйықталу тогының ағу белгілері болса,темір бетонды тіректері бар 6-35кВ ӘЖ-не кернеуде тұрған тіректерге 8-м-ден жақын тұруға болмайды

360. ӘЖ көлік магистральдарымен (темір жолдар, кеме жүретін өзендер мен арналар) қиылысындағы учаскелерде жұмыс жасағанда, көлік қозғалысын уақытша тоқтау керек болса, не олардың қозғалысы кезінде ӘЖ жұмысын тоқтау қажет болса, наряд беретін жұмыскер жұмыс істеу орнына көлік магистралі қозғалысы қызметінің өкілін шақыртуы керек. Ол қажет етілген уақытқа көлік қозғалысын тоқтауды қамтамасыз етуі немесе жол бойы бригадасына жақындап келе жатқан көлік туралы ескертуі керек. Көліктің өтуі үшін электр сымдары қауіпсіз биіктікке көтеріледі.

361. ӘЖ тас жолмен және ауыл жолдарымен қиылысу немесе жанасу учаскелеріндегі жұмыс жасау барысында көлік жүргізушілерін ескерту және жол полициясының келісімімен оның қозғалысын тоқтату үшін жұмыс өндіруші тас жолға сигнал берушілерді шығарып қояды. Қажет болған жағдайда жол полициясы шақырылады.

Сигнал берушілер ӘЖ мен жолдармен қиылысу немесе жақындау орнынан екі жаққа 100 м аралықта орналасуы керек және күндіз қызыл жалаушалары, ал түнде қызыл шамдары болуы қажет.

362. Көшені жарықтандыру желілеріне қызмет көрсету кезінде кернеуді ажыратпай өкім бойынша жұмыс істеуге мынадай жағдайларда:

1) жарық шамдары ағаш тіректерде электр сымдарынан төмен жерге қосылған түсірме сымдарынсыз немесе ағаш баспалдақ қойғышысыз орналасқан;

2) оқшаулағыш буыны бар телескоп мұнарасын пайдаланған;

3) өздігінен таситын электр сымдары ӘЖ-де жұмыс істегенде;

Басқа жағдайларда тіректе ілінген барлық электр сымдарын өшіріп, жерге қосу қажет.

363. Күш трансформаторлары мен реакторларын жерден немесе тұтқасы бар стационарлық баспалдақтардан қарап тексеру керек. Жұмыс істеп тұрған немесе резервте тұрған трансформатор мен реакторларда қарау алаңдарына рұқсаттама осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ескерту белгілерімен (плакатымен) жабылады.

364. Газ релесінен газды іріктеу трансформаторды (реакторды) өшіргеннен кейін жүргізілуі тиіс.

365. Трансформатордың (реактордың) белсенді бөлігін суырып алу немесе қоңырауын көтерумен байланысты жұмыстар ерекше жағдайлар үшін арнайы әзірленген ЖОЖ бойынша орындалады.

366. Траснформатордың (реактордың) ішіне кіруге байланысты жұмыс кезінде жұмысшыларға қажетті арнайы киім, аяқ киім, дулығамен, ал жұмыс орнын қауіпсіз жарық және еріксіз желдеткішпен қамтамасыз ету талап етіледі.

367. Кернеуі 110 кВ және одан жоғары күш трансформаторларына (реакторларына) май құю немесе майын төгу кезінде онда электр статикалық заряд түспеу үшін трансформатордың (реактордың) суы жерге қосылады.

368. Өзге энергия көзінен жоғарыратылған кернеу беріліп, сынақ жүргізуге осы бөлім талаптарының арнайы дайындалған және білімі тексерілген жұмысшы ғана жіберіледі. Бұған қоса жұмыс сөндіруші тәжірибелі жұмысшының қадағалуымен бір ай сынақ мерзімінен өтуі қажет.

369. Жылжымалы байқау қондырғысымен электр жабдықтарын сынақтан өткізу, соның ішінде электр қондырғысынан тыс (жұмыс істемейтін электр қондырғыларында, қоймаларда, кәсіпорынның аумағында, егістікте және басқа жерде) міндетті түрде жұмыс басшысы тағайындалып, наряд бойынша орындалады.

Электр қондырғыларынан тыс сынақтарға тек жұмыс басшысы жібереді. Мұндай жағдайда сынаққа нарядты оны жүргізу қажеттілігі туралы шешім қабылдаған және кәсіпорын басшысының бұйрығымен (өкімімен) жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге уәкілдік берілген жұмысшы береді.

Сынақтарды монтаждау немесе жөндеу жұмыстары барысында жүргізу нарядта «тапсырылды» деген бағанда келісіледі.

1000 В дейінгі электр қондырғыларында сынақты наряд бойынша жүргізуге рұқсат етіледі.

370. Сынақты IV рұқсат тобындағы жұмыс өндірушісі, III рұқсат тобындағы бригада мүшелері, II рұқсат тобындағы күзетке шығарылған жұмысшылары бар бригада жүргізеді.

371. Сынақ жүргізетін бригаданың құрамына дайындық жұмыстарын жүргізу және құрал-жабдықты қадағалау үшін тартылған жөндеу жұмысын жүргізетін жұмысшылар қосылады.

Құрал-жабдықты жөндейтін немесе бөлшектейтін бригаданың құрамына сынақ жүргізу үшін реттеу ұйымдары немесе электр зертханасының персоналы қосылады. Бұл жағдайда сынақ жүргізуді жұмыс басшысы не болмаса оның нұсқауымен жөндеу ұйымы немесе зертхананың персоналы жүзеге асырады.

372. Ток жүргізетін бөліктері тұтас және торлы қоршаулармен жабылған, ал есігі бұғатталған 1000 В жоғары электр қондырғыларынан тыс стационарлық сынақ қондырғылары пайдаланып, оқшаулау материалдары мен бұйымдарын (қорғану құралдары, түрлі оқшаулау тетіктері мен басқасын) жаппай сынауды III рұқсат тобындағы жұмысшы оқшаулау материалдары мен бұйымдарын сынау бойынша жергілікті нұсқауға сәйкес жүргізе алады.

373. Сынақ және оларға дайындалу жұмыстарын жүргізуге берілген наряд бойынша рұқсаттама жұмыс орнынан сынақ жүргізуге жататын жабдықта жұмыс жасайтын басқа бригадалар шығарылып, олар кіргізілетін бригадаларға наряд тапсырғаннан кейін атқарылады. Жергілікті кезекші қызметкер жоқ электр қондырғыларында жұмысты жүргізуші бригада шығарылғаннан кейін жұмыста үзіліс жариялап, нарядты өзінде қалдыруға рұқсат етіледі.

374. Сыналатын жабдық, сынақ қондырғысы және жалғастырушы электр сымдары өзара қалқаншалармен, аспаарқандармен және осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сыртында «Сынақ жүргізу өмірге қауіпті» деген белгісі (плакаты) бар басқа қоршаулармен қоршалады. Қоршауды сынақ жүргізуші персонал жасайды.

375. Қажет болған жағдайда, сынақ қондырғысына, жалғастырушы электр сымдарына және сыналатын жабдыққа бөгда адамдар жақындамас үшін II топтағы бригада мүшелерін күзетке қойған дұрыс. Күзеті бар бригада мүшелері қоршаудан тыс болуы керек және кернеуде тұрған сынақ жүргізетін жабдықты санауы қажет. Бұл жұмыскерлер посттан жұмысты жүргізушінің келісімімен кете алады.

376. Кәбіл желісін сынау кезінде егер оның қарама-қарсы ұшы жабық камерада, КТҚ бөлігінде немесе орынжайында орналасса, есіктерде немесе қоршауда осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінеді.

Егер есік пен қоршау ашық болса, не жөнделетін жолда таркатылған кәбіл ұшырасса, онда есік, қоршауларда плакат ілу және кәбіл қималары өңделумен қатар бригада құрамын кірген II рұқсат тобы бар жұмысшылардың немесе кезекші персоналдың арасынан күзет қойылады.

377. Сынақ қондырғысы мен сыналатын жабдығы әртүрлі орынжайда немесе РУ түрлі учаскелерінде орналасқан жағдайда, жұмыс өндірушіден бөлек оқшаулағыштың жағдайын бақылайтын III рұқсат тобы бар бригада мүшелерінің келуіне болады. Бұл топтың мүшелері қоршаудың сыртында тұрып, сынақ басталар бұрын жұмыс өндірушіден қажетті нұсқауды алуы қажет.

378. Сынауға кедергі келтірген жерге қосу сымын ажырату немесе оны қайта орнату осы Қағидалардың 116-тармағына сәйкес сынау басшысының рұқсатымен сынау қондырғысының жоғарғы кернеуліктегі жерге қосу сымын шығарған соң орындалады.

379. Сынау жобасын жинау кезінде алдымен сыналушы жабдықтың копрусын қорғау және жұмыс жағдайында жерге қосу орындалады.

Жылжымалы қондырғыны жұмыс схемасының көмегімен оның корпусін жерге қосуып, сынауға болмайды. Жылжымалы сынау қондырғысының корпусы майысқақ мыс сымнан көлденең қимасы 10 шаршы мм кем емес мыс электр сымынан жеке жерге қосылатын өткізгішпен жерге қосылады. Сынау алдында корпусты жерге қосу сенімділігін тексеру керек.

Жерге қосу үшін қолданылатын мыс электр сымының қимасы 4 шаршы мм кем болмауы тиіс.

380. Сынау қондырғысын кернеуі 380\220 В желіге жалғау коммутациялық аппарат арқылы тізбектің көрнекі үзілісімен немесе қондырғыны басқару жерінде орналасқан сұңгіме аша арқылы орындалады.

Коммутациялық аппарат ұстап тұратын қондырғымен жабдықталады немесе аппараттың жылжымалы және жылжымайтын байланыстарының арасына оқшаулағыш жапсырма қойылады.

Сынау электр қондырғысын кернеуі 380\220 В желіден қуаттандыру үшін қолданылатын электр сымы немесе кәбіл осы желіге орнатылған сақтандырғыштармен немесе автоматты ажыратқыштармен қорғанған болуы тиіс. Желіге жылжымалы сынау қондырғысын осы жүйені пайдаланатын ұйымның өкілдері жалғайды.

381. Сынау қондырғыларында оператордың жұмыс орны орынжайдан 1000 В жоғары жабдықпен жеке болуы қажет. Бұл орынжайдың есігі бұғатталады, ол есік ашылған жағдайда, сынақ схемасынан кернеуді алуды және есік ашылған кезде кернеуді тарату мүмкін еместігін қамтамасыз етеді. Оператордың жұмыс орнында кернеудің 1000 В дейін және одан жоғары қосылуы туралы жеке жарық сигнал беруші орнатылады. Шығар ұшында кернеу болғанда, жылжымалы сынау қондырғылары автоматты түрде қосылатын жарық сигнал берушімен жабдықталады.

382. Жоғары кернеулікті түзетілген ток алу үшін қатты жартылай өткізгішті схемалар қолданылуы керек.

383. Сыналатын жабдық пен сынақ қондырғысының арасындағы жалғаушы электр сымы алдымен оның жоғары кернеудегі жерге қосылған өткізгішіне жалғанады. Бұл электр сымын кернеуде тұрған ток өткізгіш бөліктерге осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінің үшінші бағанында көрсетілген қашықтықтан жақындамайтындай (құлшындырмау) етіп бекіту қажет.

Жалғаушы сымды фазаға, сыналатын жабдықтың полюсіне немесе кәбілдің қимасына жалғауға және ажыратуға сынау жетекшісінің нұсқамасымен және оларды жерге қосқаннан кейін рұқсат етіледі, жерге қосу жерге қосылатын пышақтар немесе тасымалды жерге қосу қондырғысымен, соның ішінде оқшаулау тұтқыштары бар арнайы зертханаларда орындалады.

384. Әрбір сынау кернеулігін беру алдында жұмыс өндіруші (сынау жетекшісі):

1) жобаның жиналуының дұрыстығын және жұмысшылар мен қорғаныштық жерге қосу сымдарының сенімділігін тексеруге;

2) бригаданың барлық мүшелері және күзетке тағайындалған жұмысшылар өздеріне көрсетілген орында тұру-тұрмауын, бөгде адамдардың шығу-шықпауын және сынау жабдыққа кернеу беруге болатындығын тексеруге;

3) бригаданы «Кернеу беремін» деген сөзбен кернеу берілетіндігін ескерту бригаданың барлық мүшесі естілгеніне көз жеткізіп, жерге қосу сымын сынау қондырғысының шығарушынан алуға және оған 380\220 В кернеуді беруге міндетті.

385. Қондырғының өткізгішінен жерге қосу сымын ажыратқан сәттен бастап барлық сынау қондырғылары, оның ішінде байқау жабдық пен жалғаушы электр сымдары кернеуде тұрған болып есептеледі және сынау схемасында және сыналатын жабдықта қандай да бір қайта жалғау жүргізуге болмайды.

386. Сынау қондырғысының өткізгішіне кернеу берген сәттен бастап оған кіруге, шығуға, сыналатын жабдықта қалуға, сондай-ақ қондырғының корпусына жерде тұрып жақындауға болмайды.

387. Кәбілдерді жерге қосылатын қондырғылары бар пункттар жағынан сынаған немесе күйдірген жөн. Мұндай жұмыстар жерге қосылатын қондырғылар болмаған кезде, ерекше жағдайда ғана, кәсіпорын басшысының рұқсатымен жүргізіледі.

388. Сынау аяқталғаннан кейін жұмыс өндіруші сыналушы қондырғыдан кернеуін нөлге дейін азайтып, оны 380\220 В желіден ажыратуы қажет, қондырғының өткізгішін жерге қосып, бригадаға бұл туралы «Кернеу ажыратылды» деген сөзбен хабарлау қажет. Тек осыдан кейін ғана сымдарды қайта жалғауға болады немесе сынау толық аяқталғаннан кейін оларды сынаушы қондырғыдан ажыратып, қоршауды алу керек.

389. Айтарлықтай сыйымдылықты жабдықты (кәбілдер, генераторлар) сынағаннан кейін одан қалған заряд одан алынады.

390. 1000 В жоғары электр қондырғыларында электр өлшеуіш қысқыштармен жұмысты ұйғарым бойынша екі адам жүргізуі тиіс: біреуі – IV қолжетімділік тобынан, екіншісі III қолжетімділік тобынан болуы тиіс. Көрсеткіштерді есептеу үшін аспапқа қарай еңкеюге болмайды. Жұмысты диэлектрлік қолғаппен істеу қажет.

391. 1000 В дейінгі электр қондырғыларында электр өлшегіш қысқыштармен III рұқсат тобындағы бір адам диэлектрлік қолғапты пайдаланбай, жұмыс істеуіне болады.

ӘЖ тірегінде тұрып, электр өлшеуіш қысқыштармен жұмыс істеуге болмайды.

392. Өлшеуіш қарнақтармен жұмысты ұйғарым бойынша кем дегенде екі адам жүргізуі керек: бірі IV рұқсат тобынан, қалғаны III рұқсат тобынан болуы керек. Құрылымға немесе телескоп мұнарасына қарнақсыз көтеріліп, түскен жөн. Қарнақпен жұмыс істеу кезінде диэлектрлік қолғапты қолдану міндетті емес.

393. Желінің импульсті өлшеуішімен жкмыс жасау барысында өлшеуішті тек жерге қосылған және ажыратылған ӘЖ жалғауға рұқсат етіледі. Жалғауды мына ретпен орындау қажет:

1) жалғаушы сымды алдымен импульстің өлшеуштің жерге қосылған сымына (қорғаныштық қондырғыдан шығатын), содан соң оқшаулау қарнақтардың көмегімен ӘЖ сымына жалғау. Жалғаушы сымдар ӘЖ жалғанатын қарнақтарды өлшеу уақытында желінің сымында қалуы керек. Қарнақтармен жұмыс кезінде міндетті түрде диэлектрлік қолғаптарды пайдалану керек;

2) ӘЖ-ден импульсті өлшеуіш жалғанған ұшынан жерге қосуды ажырату керек. Қажет болған жағдайда жерге қосу сымын тексерілетін ӘЖ-нің басқа ұштарынан да ажыратуға болады. ӘЖ-ден жерге қосу сымы ажыратылған соң жалғастырушы сым, корғаныштық қондырғы және оның тартылымы кернеуде тұрған болып есептеледі және оларға тиюге болмайды;

3) импульсті өлшеуіштің тартылымынан жерге қосу сымын алу.

394. Импульсті өлеуіштің тартылымын ӘЖ-не оқшаулау қарнақтарының көмегімен жалғауды IV қолжетімділік топтағы кезекші немесе кезекшінің бақылауымен зертхана персоналы орындайды.

Импульсті өлшеуішті стационарлық коммутациялық аппаратура арқылы тартылымның жалғанған ӘЖ-не жалғауды және өлшеуді кезекшінің жеке өзі немесе өкім бойынша IV қолжетімділік топтағы зертхана персоналы орындайды.

395. Өлшеніп біткен соң ӘЖ қайтадан жерге қосылады, осыдан соң ғана оқшаулар қарнақтары жалғастырушы сымы бар ӘЖ-нен, содан соң импульсті өлшеуіштің тартылымынан ажыратылады.

396. ӘЖ-нен жұмыс істеп жатқан бригаданы шығармай, жоғарғы кернеуліктегі импульстер генераторы жоқ импульсті өлшеуішпен өлшеуге болады.

397. Оқшаулау кедергісін мегаомметрмен өлшеу алдын ала жерге қосу жолымен заряд ажыратылған ток өткізгіш бөлшектерде жүргізіледі. Тоқ өткізгіш бөлшектерден жерге қосу сымын тек мегаомметр қосылған соң ғана ажыратуға болады.

398. Мегаомметрмен ток өткізгіш бөліктердің оқшаулау кедергісін өлшеу кезінде жалғастырушы электр сымдарын оларға оқшаулау қармауыштардың (қарнақтардың) көмегімен жалғауға болады. 1000кВ жоғары электр қондырғыларында диэлектрлік қолғаптарды пайдалану қажет.

399. Мегаомметрмен жұмыс кезінде өзі жалғанып тұрған ток өткізгіш бөліктерге жақындауға болмайды. Жұмыс біткен соң міндетті түрде ток өткізгіш бөліктерден оларды қысқа мерзімге жерге қосу арқылы қалдық зарядты алу қажет.

400. Мегаомметрмен оқшаулау кедергісін III рұқсат тобындағы бір адам өлшейді.

Егер бұл өлшеу жұмыс барысына кіретін болса, ол туралы нарядта немесе нұсқауда келісу қажет етілмейді.

401. 1000 В дейінгі кернеуліктегі үзілмелі электр тізбегін қажет ететін жылжымалы өлшеу құралдарын жалғау және ажырату осы тізбектерден кернеуді ажыратқаннан кейін орындалуы тиіс.

Үзілмелі электр тізбегін қажет етпейтін құралдарды жалғау және ажыратуды қорғаушы заттар қолданып кернеулік бар кезде істей беруге болады.

402. 1000 В дейінгі кернеуде тұрған құрылғылардың электр параметрлерін өлшеу қажет болған жағдайда, жылжымалы құралдың металл корпусын жерге қосу және арнайы сұңгілерді немесе оқшаулау тұтқыштары бар жалғастырушы өткізгіштерді қолдану қажет.

403. Электр қондырғыларындағы оқшаулау тізбектерін, жабдықтың тірек және фарфорлы оқшаулағышын ток өткізгіш бөліктерден кернеуді алмай, судың жалпы ағысының меншікті өкізгіштігі ӘЖ үшін1430 мк См\см ден жоғары және АРҚ үшін 662 мк См\см болған жағдайда жууға болады.

404. ЖРҚ оқшаулағыштарды ток өткізгіш бөліктерден кернеуді алмай, оқшаулағыш қарнақтардағы арнайы щеткамен немесе іші қуыс оқшаулағыш қарнақтармен сұғындырмалары жинақтағы шаңсорғышпен тазалауға болады.

Тазалауды еденде тұрып, не берік көпір үстінде тұрып жасау керек. Тазалау кезінде диэлектрлік қолғаптарды пайдалану қажет.

405. Жұмыс басталар алдында қарнақтың оқшаулау беті шаңнан тазартылады. Қарнақтың ішкі қабатын тазалау процесінде де үнемі шаңнан тазартып тұру қажет.

406. Төменде баяндалған қауіпсіздік қағидалары жылу автоматикасы қондырғысының электрлік бөлігіндегі жұмыс орындарында және АБЖ техникалық құралдарын өлшеуде сақталады.

407. Егер наряд (нұсқау) беруші оған коммутациялық аппаратураны нарядтың «Жеке тапсырмалар» деген тармағына жазып, ал нұсқау бойынша жұмыстың орындалуын–нұсқауды тіркеу жазуымен –қосуды немесе ажыратуда тапсырса, пульттерде, реттеу қалқандарында, жылу автоматикасы және өлшем құралғыларын жинауда коммутациялық аппаратурамен жүргізілетін операцияларды кезекші немесе III рұқсат тобындағы жедел-жөндеу персоналы, сондай–ақ жөндеу бригадасының IV рұқсат тобындағы жұмысты жүргізуші атқара алады.

408. Жылу және электр жүктемесіне әсер ететін жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларының электр жабдығын ажырату, станция ауысымы бастығының немесе технологиялық цех бастығының келісімімен (нұсқауымен) жүзеге асырылады.

409. Жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларындағы жұмысқа қосар алдында технологиялық жабдықтың учаскесін дайындауды технологиялық жабдық орналасқан жедел басқармадағы цехтың кезекші персонал жүргізуі қажет.

410. Жұмыс өндірушінің сұрауымен реттеу және жөндеу процесі кезінде реттегіштерді жұмысқа сынау үшін тоққа қосу жедел басқарманың жабдықтар орналасқан цехының кезекші персоналы жүргізуі тиіс.

411. Схеманың немесе жабдықтың жұмыс режимін өзгертуді қажет етпейтін жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларын жөндеу, сынап көру, реттеу жұмыстарын нұсқау бойынша орындауға рұқсат етіледі.

412. Күрделі жөндеу кезінде жеке элементтерді және схема учаскелерін жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларының торабын кернеумен сынау және тексеру технологиялық цехтың ауысым бастығының келісімімен мынадай шарттарды сақтаған жағдайда орындалады:

1) жөндеу жұмыстары тоқтылуы керек, сынау жабдығынан адамдар шығарылуы керек;

2) қорғаныштық жерге қосу сымы, қоршау және жарнамалар алынады.

Осы учаскелер ажыратылса, сыналатын жабдықтан қоршалса және жұмысшылардың қауіпсіздігі қамтамасыз етілсе, іргелес учаскелердің бригадалары жұмысы жалғастырады.

413. Электр жабдықтарын сынау процесінде бірнеше мәрте қосу және ажыратуға байланысты жұмыстарды нарядқа үзіліс енгізбей де жүргізуге рұқсат етіледі, бірақ қажетті техникалық шаралар әрқашан орындалуы қажет.

Электр жабдығы технологиялық цехтың ауысым бастығының (кезекші) рұқсатымен қосылады және ажыратылады.

414. Жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларында III рұқсат тобындағы жұмысшы жеке өзі нұсқау бойынша мынадай жұмыстарды атқарады:

1) аспаптардың тіркелген бөлігін реттеу;

2) кедергінің манометрін (электрлік түйіспеліктерден басқалары), дифмонометрлерін, терможұптарын ауыстыру;

3) блоктық басқару қалқандарындағы жылутехникалық бақылау аспаптарындағы ақауларды жою;

4) температураны өлшеу ауыстырып қосу нүктесінің профилактикасы;

5) АБЖ есептеуіш техниканың техникалық құралдар кешенін жөндеу;

6) автореттегіштердің элетқронды блоктарын баптау параметрлерін тексеру және реттеу ;

7) қысқыштар қораптарын тығыздау;

8) стендтер, берілістер, атқару механизмдерін, панелдері таңбалау және жазу;

9) қалқандарды, панелдерді сығылған ауамен үрлеу.

415. Жылу автоматикасы және өлшемнің жұмыс істейтін жабықта және әртүрлі цехтарда орналасқан жинақтарда, құрылғылардағы барлық жұмыстар жұмыс жасайтын цехтың ауысым бастығының рұқсатымен жүргізіледі.

416. Жылу автоматикасы және өлшем құрылғыларындағы жұмыстарға наряд бойынша технология цехының (учаскесінің) жедел қызметкері жібереді.

Егер ауысымда кезекші қызметкер болмаса, сондай-ақ аумақтық алыс жердегі нысандардағы жұмысқа наряд бойынша IV рұқсат тобындағы электр қауіпсіздігі бойынша жұмыс өндіруші жібереді. Жұмысты жүргізушінің жұмыс орны дайындау барысында жұмысқа жіберу және қауіпсіздік шараларын белгілеу құқығы нарядтың «Жеке тапсырма» бағанында көрсетіледі.

3 тарау. Диспетчерлік және технологиялық басқару құралдарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік

417. Жоғары кернеудегі КБЖ сынау кезінде сыналатын учаске шектелген болу керек. Сынауға жатпайтын КБЖ учаскелерінде сынау кернеуі пайда болмас үшін олардың арасындағы жалғаулардың бәрі ажыратулы болуы тиіс.

418. Оқшаулаудың электрлік беріктігін сынау кезінде КБЖ-нің әртүрлі ұштарындағы жұмысшылар өзара байланыста болу керек.

419. КБЖ алыс ұшындағы телефон аппараты (сыйымдылығы 0,1 мкФ және жұмыс кернеулігі 5-6 кВ) телефон байланысы үшін бөлінген жұптың әрбір қимасына қосылған ажырату шоғырлатқышы арқылы сынау жүргізілгенге дейін қосулы болуы тиіс. Телефон аппаратын және шоғырлатқыштарды қазаншұңқырдан немесе диэлектрлік резеңке кілемшемен жабылған ағаш тұғырықтағы құдықтан тыс орналастыру қажет.

Телефонмен сөйлесу кәбілде сынау кернеуі болмаған жағдайда жүргізіледі және тек жұмыс басшысынан шақыру алыннан кейін жүргізіледі. Сынау кезінде телефон аппаратына және жалғастырушы электр сымдарына тиюге болмайды.

420. Сынау кезінде жұмыс басшысының телефон аппараты өшіріледі, оны сынау аяқталған соң және кәбілден заряд алынғаннан кейін қосу керек.

421. Кәбілге сынау кернеуін берер алдында жұмыс басшысы бригада мүшелеріне телефон арқылы сынақ басталатыны туралы ескертуі тиіс.

422. Өнделген кәбілдің бокстарында және ұштарында қандай да бір ауыстырып қосу жұмыстарын жүргізуге, сондай-ақ сынау кезінде кәбілге жанасуға болмайды.

423. КБЖ жылжымалы құралдармен өлшеу жұмысын кем дегенде екі адам жүргізуі керек, олардың біреуінде IV рұқсат тобы, екіншісінде III рұқсат тобы болуы тиіс.

424. Электр тарату және электрленген темір жол желілерінің қауіпті ықпалына ұшыраған КБЖ электрлік өлшемдерін электрден қорғану құралдарын пайдалану қажет.

425. Кәбілді коррозиядан сақтайтын құрылғыларға және қорғану құрылғыларын жылжымалы тоқ көзіне қосу, сондай-ақ катодты қондырғыларда, қондырғыдан кернеуді алмай жүргізілген жұмыстарды диэлектрлік қолғаппен орындау қажет.

426. Дренажды қондырғыны жөндеу оны түйіспелік желі мен кәбіл жағынан ажыратқаннан кейін және дренажды кәбілді электрленген темір жолдың түйіспелік желісінен немесе қалалық электр көліктер (трамвай және троллейбустарда) жағынан жерге қосылғаннан кейін орындауға рұқсат етіледі.

427. ҚҚҚ қызмет көрсетуге III рұқсат тобындағы жұмысшылар жіберіледі.

428. ҚҚҚ-ғы барлық жұмыстар нұсқау бойынша кернеу алынып, қондырғыны ажыратқан соң жүргізіледі.

429. Кептіру және автоматика блогынан алдыңғы, артқы және жақтау панелдерін алуға және жұмысқа кірісуге ҚҚҚ кернеуі алынғаннан соң 15 минуттан соң рұқсат етіледі.

Кептіру және автоматика блогында жұмыс істеу кезінде диэлектрлік резеңке тқсеніштер қолданылуы тиіс.

430. Қызмет көрсетілмейтін күшейту пунктін (бұдан әрі – ҚҚКП) тұрақты және айнымалы токтан қашықтықтан қуаттандыру КБК мынадай жұмыс түрлері жүргізілу кезінде ажыратылады:

1) кабелді құрастыру, бөлшектеу және ауыстырып қою;

2) зақымданған телефон байланысын жөндеу;

3) кәбілде өлшеу.

431. ҚКП қашықтықтан қуаттандыру ДТБҚ кезекшісінің қызмет көрсету күшейткіш пунктінің (бұдан әрі – ҚҚКП) кезекшісіне немесе бастығының атына берілетін өтінімі бойынша ажыратылады.

Өтінімде кәбілдің атауы, учаске және жұмыс түрі, жұмыстың басталу және аяқталу уақыты, дистанционды қоректендірудің түрі, жұмыс басшысының тегі көрсетіледі.

432. ҚКП қашықтықтан қуаттандыруды күшейтілген қуаттандыру пунтінде осы іске өкілетті тұлғадан рұқсат алған соң ҚҚКП кезекшісі немесе бастығы ажыратады.

Қашықтықтан қуаттандырудың кернеуі алынған кілттер мен түймешелерге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі ілінеді.

Тиісті доғаларды сақтандырғыштардың немесе аппаратураның құрылысына байланысты басқа бөліктерін алу арқылы қашықтықтан қуаттандырудың беріліс тізбегінде үзік жасау керек.

433. Қашықтықтан қуаттандырумен бір мезгілде кабелден теле басқару құрылымы мен сигнал (қоңырау) беру жабдығы алыну керек және олардың платасына осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінеді.

434. ҚКП жұмыс жүргізуге рұқсат алғаннан кейін жұмыс басшысы жөндеуге жататын кәбілді анықтау, ондағы кернеудің жоқтығын тексеру және оны разрядтауы (бәсендетуі) тиіс. Бұл операцияларды қорғану көзілдірігі мен диэлектрлік қолғап киіп орындау қажет.

435. ҚКП кәбіліндегі жұмыстың қауіпсіздігін сақтау үшін қашықтықтан қуаттандыруды қабылдау тізбектерінде қосымша үзіктер жасалады.

Симметриялы кәбілдің қашықтықтан қуаттану тізбектеріндегі көрінетін үзік бокстарынан екі жұпты ашаны ажыратумен жүзеге асыруға болады. Коаксильді жұптардағы қашықтықтан қуаттану тізбектеріндегі көрінетін үзік сүзгілер тақтасы мен автотрансформаторлар блогы арасындағы тиісті доғалардыалу арқылы, ал симметриялы жұпта – көмекші тіреуде орналасқан бокстан имегін алу арқылы жүзеге асырылады. Алып тастауға жататын доғалар мен ашалардың бояуы ерекшеленген болуы тиіс.

436. ҚҚКП барлық жұмыстарын III қолжетімділік тобындағы жүргізуші бригада атқаруы тиіс.

437. Тұрақты желдетілмейтін ҚҚКП камераларын жұмыс басталар алдында және жұмыс барысында желдету керек. Жұмыс жүргізілгенде камера ашық болуы тиіс.

Желдеткішпен жабдықталған ҚҚКП жұмыс жасау кезінде желдету каналдары ашық болуы тиіс.

438. Қашықтықтан қуаттандыру аппаратурасын сынау алдында барлық ҚҚКП мен оларды қуаттандырушы ҚКП арасы телефон байланысы арқылы қамтамасыз етіледі.

439. Аппаратурадан жеке төсеме тақталарды жұмыс басшысының келісімімен қашықтықтан қуаттандыру кернеуі алған соң алу қажет.

Кернеуде тұрған аппаратураны жөндеуге болмайды.

440. Электрленген темір жол, трамвай және троллейбустардың түйісу желісінің сымын қиып өтетін қиылыс құрылғылары мен ӘБЖ сымдарын жөндеу әзірленген ЖОЖ сәйкес жұмыс орнында ажыратылған және жерге қосылған түйіспелік желі барысында түйіспелік желі дистанциясы (аудан) өкілінің қатысуымен орындалуы тиіс.

441. Электр тарату желілері сымдарының үстінде электр сымдарын тарту кезінде елді мекендердің көшелерін жүргіншілер мен көліктерді ескерту үшін жалауша ұстаған сигнал берушілерді шығарып қою қажет.

442. Жұмыс басталар алдында ӘБЖ сымдарының (жер мен электр сымдарының арасында) 42 В жоғарғы кернеудің жоқтығын тексеру қажет.

ӘБЖ электр сымдарында 42 В жоғары кернеу табылған жағдайда, кернеудің туындау себебін анықтағанға дейін және оны 42 В дейін түсіргенде, жұмысқа кірісуге болмайды.

443. Жіберілген кернеуде тұрған ӘБЖ сымдарын жерге қосу тасымалды жерге қосуға арналған қарнақтың көмегімен дренажды шарғы арқылы орындалады.

444. ӘБЖ жұмыстары кезінде жіберілген кернеуде жазылатын және құрастырылатын электр сымдары аралықтың басында және тікелей жұмыс орнында жерге қосылады. Жерде жатқан электр сымы желілік сымдармен және келесі учаскеде жазылған электр сымдарымен жанаспауы керек.

Иілген жерде жөнге келтіру және электр сымын учаскеге бекітуді оны алдыңғы учаскенің электр сымына жалғағанға дейін жүргізу керек. Жұмыс орнында электр сымдарының жекелеген учаскелерін жалғар алдында жалғайтын жердің екі жағынан жерге қосылу керек.

445. Транзисторлар мен микросхемаларда орындалған радио аппаратурасымен өкім бойынша жұмыс істеуге болады. Жұмыс орнында диэлектрлік резеңке төсеніш жайылу немесе оқшаулағыш қондырғылар орнатылуы тиіс.

446. Қандай да бір жөндеу жұмыстарын орындау құқығынсыз III рұқсат тобындағы бір жұмысшыға кернеуі 42В дейін қуатталатын транзисторлар мен микросхемаларда орындалатын аппаратурадағы жұмыстан басқа радиоаппаратураға қызмет етуге рұқсат етіледі.

447. 60 килогерц – 300 гигагерц диапазондағы жиілікпен электр-магнитті өрісте (бұдан әрі - ЭМО) жұмыс Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес орындалуы тиіс.

448. Жоғары жиілікті аппаратураны баптау және сынау барысында электр тоғынан және жоғарылатылған электр магнитті сәулелерден қорғану құралдарын қолдану қажет. Қорғану көзілдірігі әйнегінің металдандырылған жабыны болуы керек.

449. Ақауларды жою, схемаға өзгеріс енгізу, антенналық-фидерлік құрылғыларды бөлшектеу және жинау олардан кернеу алынған соң жүргізіледі.

Мынадай әрекеттерді жасауға рұқсат етілмейді :

1) электромагниттік сәулеленудің бар екендігін қолдағы немесе дененің басқа бөлігінің жылу әсері бойынша анықтауға;

2) қорғану құралдарынсыз шамадан тыс энергия ағынының тығыздығымен сәулелену аймағында тұруға;

3) электромагниттік сәулелену көзінің экрандануын бұзуға;

4) жұмыс істеп тұрған ашық антенналық-фидерлік қондырғының алдында болуға.

450. Мұнаралар мен діңгектерде сыртқы антенно-фидерлі қондырғыларды құрастыру және тазалау жұмыстарын IV және III рұқсат топтарындағы жұмысшылардан тұратын бригада орындайды.

Жұмыс басталар алдында жоғары жиілікті аппаратураны өшіру.

451. Антенналық-діңгекті құрылыстарда жұмыс істеу кезінде мынадай талаптарды орындау қажет:

1) олармен көтерілетін жұмысшылардың жоғарыға өрмелеу жұмыстарына рұқсатнамасы болуы тиіс;

2) жұмыстың алдында діңгектің сигналды жарықтануын және антеннаны жылыту және осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша белгі (плакат) ілінуі тиіс.

452. ТҚ немесе 1000 В жоғары ӘЖ орналасқан жоғары жиілікті қондырғылардың жабдығына қызмет көрсету, реттеу және жөндеу жұмыстарын кемінде екі адам жүргізуі тиіс, оның біреуінің IV рұқсат тобы болуы тиіс.

453. Панельдер (блогтар) ашық қолданыстағы аппатурада III рұқсат тобындағы бір жұмысшы диэлектрлік резеңке төсеніш қолданып жұмыс істеуге рұқсат етіледі.

Жұмыс басталар алдында жалғастырушы жоғары жиілікті желіде кернеудің жоқтығын тексеру керек. 42 В жоғары желіде кернеу болса, жұмыс істеуге тыйым салынады.

454. Схемаларға өзгеріс енгізу, жоғары жиілікті жолды бөлшектеу және жинау, олардағы ақауды жою өңделген элементтерден кернеуді ажыратқаннан кейін және ӘЖ қосылған соң жүргізіледі. Кәбілде және сүзгіде жұмыс істеу кезінде байланыс шоғырлатқышының төменгі қаптамасындағы жерге қосылатын пышақтарды қосса жеткілікті.

455. Байланыс шоғырлатқышының төменгі қоспай, жерге қосушы өткізгіштерді қорғаушы құрылғыдан, аппаратурадан және ӘЖ қосылған жоғары жиілікті қондырғының жабдықтарының басқа элементтерінен ажыратуға болмайды.

456. Байланыс шоғырлатқыштары мен жалғаушы сүзгілердің арасындағы тізбек аспапты қосу және ажырату тек жерге қосу пышағының көмегімен байланыс шоғырлатқышының төменгі қаптамасының жерге қосылған кезде пышақтың көмегімен рұқсат етіледі. Өлшеу кезінде аспаптарды бірнеше мәрте қайта жалғай берген жағдайда, байланыс шоғырлатқышының төменгі қаптамасы әрқашан жерге қосылған болуы керек.

Бір сағатқа дейінгі ұзақтықтағы өлшеуді нұсқау бойынша IV рұқсат тобы бар бір адам немесе IV рұқсат тобындағы жедел жөндеу персоналы кезекшісі немесе жұмысшысының бақылауымен жүргізе алады. Бұл өлшеу тек жалғастырушы сүзгінің ішінде разрядтауышты өшірмей, байланыс шоғырлатқышының төменгі қаптамасының жеге қосылған пышағы ажыратылған жағдайда жүргізіледі. Бұл кезде аспаптар жерге қосылған болу керек, өлшеуі электрден қорғану құралдарын (диэлектрлік қолғап пен аяқ киім, оқшаулау тұтқыштары бар құралдар т.б.) пайдаланып жүргізіледі.

457. Тасымалды жоғары жиіліктегі пост байланысын құрастыру және бөлшектеуді құрамы кемінде 2 адамнан: біреуі IV рұқсат тобынан, екіншісі III рұқсат тобынан тұратын бригада орындауы тиіс.

458. Антенна тіректерге кернеулігі 110 кв дейінгі ӘЖ үшін төменгі сымдарының кемінде 3м деңгейімен және 220 кв ӘЖ үшін кемінде 4м қашықтықта бекітілуі тиіс.

459. Антеннаны орналастырар алдында пост антенна шарғысы бар пост тірекке 1-1,5м биіктікте бекітілуі және жерге қосулы болуы тиіс.

Постқа кіретін антеннаның ұшы постың ішінде орналасқан дроссель арқылы және дроссельмен қатар жерге қосылушы пышағы арқылы жерге қосылу керек. Дросселге паралель 1 кВ кернеулікте разрядтауыш қосылады. Антеннаны абайлап, жұлқыламай керу керек.

460. Антеннаны көтеру және түсіру кезінде аралықтың ортасында тас жолдың бір жағында тұрған бір адам 458-тармақта көрсетілген қашықтықтан жақын, кернеуде тұрған ӘЖ электр сымдарына антеннаның жақындамауын қадағалайды. Антенаның электр сымдары астында тұруға болмайды.

461. Антенаны түсіріп, жерге қосу пышағымен немесе тасымалды жерге қосудың көмегімен жерге қосу қажет.

462. Аппарат тұрған жерде орналасқан құрылғыларда жұмыс істеуге, қосуға және ажыратуға, сондай-ақ телефон байланысы, радио тарату аппаратурасын және электр станциялары мен қосалқы станциялардың электр қондырғыларындағы басқасын жөндеуге III рұқсат тобындағы бір жұмысшы жіберіледі.

463. Еденде кәбілді және әуе байланыс желілерінің, енгізу және енгізу- сынау тіректерінің, қашықтықтан қуаттану тіректерінің, кернеуі автоматты реттеу тіректері, токты реттегіш тіректердің алдына диэлектрлік резеңке төсеніш немесе оқшаулағыш тұғырық болуы тиіс.

464. Қашықтықтан қуаттандыру кернеуі жіберілген жабдықтың қабында кернеудің бар екенін ескертетін қауіпсіздік белгісі болуы тиіс.

465. Іздеуіштер мен реленің түйіспелерін (түйіспелік өрістерін) жууды олардан кернеуді алған соң орындау қажет.

466. Жабдықтарды тазалау кезінде металл жиектемесі тек жаққыштың өзін қолдануға, сондай-ақ шаңсорғыштың металл ұшы бар құбырішегін қолдануға болмайды.

467. Аппаратурадағы радио шамын ауыстыруды олардан кернеулікті алғаннан кейін орындау керек, 250 В дейінгі кернеудегі шамды қорғану құралдарын пайдаланып, ауыстыруға болады.

468. Іздестіру-сынау тіреуінде қосылған байланыс желісіне немесе 42 В жоғары бөгде кернеудегі кросстың қорғану жолақтарына (электр тарату желілерінен, қашықтықтан қуаттандыру аппаратурасынан және т.б.) түскен кезде, кезекші қызметкер қорғану құралдарын қолданып, мұндай желіні ажыратуы және оқшаулауы қажет. 42 В жоғары бөгде кернеудің бар екендігі туралы обьектінің кезекші қызметкеріне, егер ол болмаса, одан жоғары тұрған кезекшіге хабарлап қою керек. Бөгде кернеу болмаған кезде, разрядтауыштар немесе сақтандырғыштарды ауыстыруға болады.

469. Айнымалы токты электр тарату және электрленген темір жол желілерінің ықпалына ұшыраған байланыс желілерінің аппаратураларымен жұмыс істеу кезінде желілік қорғану құралдарын ауыстыру диэлектрлік қолғаппен (немесе оқшаулағыш тұтқыштары бар қармауыштармен) және қорғану көзілдірігін, диэлектрлік резеңке төсенішті пайдаланып жүргізіледі.

470. Қолданыстағы электр қондырғыларында жүк көтергіш крандарды қолданып жұмыс істеген кезде, жүкті кранмен қозғау бойынша жұмыстардың қауіпсіз өндірісіне уәкілетті тұлға IV рұқсат тобындағы инженерлік- техникалық қызметкері болу тиіс. Бұл тұлғаның уәкілеттігі наряд берушіге немесе жұмыс басшысына жүктелуі мүмкін.

471. Энергетикалық кәсіпорындар штатына енгізілген және жүріп тұрған электр қондырғыларында жұмыс істейтін кран жүргізушілерінің II тобы болу тиіс.

472. Автомобильдердің, жүк көтеретін машиналардың және АРҚ механизмдерінің қозғалысы және ӘЖ күзет аймағына осы Қағидалардың 470-тармағында ескертілген тұлғалардың бірінің бақылауымен немесе әкімшілік- техникалық қызметкерлер құрамынан IV рұқсат тобындағы жұмысшысының бақылауымен жіберіледі. АРҚ бойынша автомобиль, жүк көтергіш машиналар мен механизмдер кезекшінің немесе жедел-жөндеу қызметкерлер құрамынан IV рұқсат тобындағы өткізушінің қадағалауымен қозғалады

473. АРҚ және ӘЖ астымен өткен кезде жүк көтергіш машиналар мен механизмдердің жылжымалы бөліктері транспорттық жағдайда болу керек. Егер мұндай қозғалыс заводтың нұсқауында рұқсат етіліп, сонымен қатар токтан ажыратылмаған шиналардың және ӘЖ электр сымдары астымен жүру талап етілмесе, жұмыс орны маңайында аралас жүк көтергіш машиналардың түзу жерде жүксіз жұмысшы органымен көтеріп, көтерілетін және жылжымалы бөліктердегі адамдар жұмысқа жіберіледі.

АРҚ қозғалыс жылдамдығы жергілікті жағдайға байланысты белгіленеді, бірақ 10 км /сағ артық болмауы тиіс.

Автомобильдер, жүк көтеруші машиналар және механизмдер ӘЖ астынан электр сымының ең аз салбыраған жерінен/тіреуден/ өтулері тиіс.

474. Жүк көтеретін механизмдерін кернеуі ӘЖ электр сымдарының астында орнатуға және жұмыс істеуге болмайды.

Жүк көтергіш машинаны (механизмді) барлық шығарылатын тіректерге орнату қажет. Тіректердің астына бекем және орнықты төсеніш төселеді.

Жүк көтергіш машинаның (механизмнің) жұмыс органын көліктік қалыптан жұмыс қалпына көшіруді орындайды. Осы мақсатта басқа жұмысшыларға тартуға болмайды.

475. Автомобильдер, жүк көтергіш машиналар және механизмдерді орнатқанда, өткенде және жұмыс істеген кезінде көтеретін және жылжымалы бөліктер, мықарқандар, жүк көтеру құралдары, кернеуде тұрған ток өткізгіш бөліктерге дейінгі арақашықтық осы Қағидаларға 4-қосымшадағы 1-кестеде көрсетілген қашықтықтан кем болмауы тиіс.

476. Телескоп мұнаралары мен гидрокөтергіштерде жұмыс басталар алдында жылжымалы және көтеру бөлігінің қимылын тексеру керек, ал телескоп мұнараларында көтеру бөлігі тігінен орналасады және осындай қалыпта белгіленеді.

477. ӘЖ бұрыштағы тіректердегі оқшаулағыштарды, сымдарды ауыстыруға және арматураны жөндеуге байланысты жұмыс істеген кезде электр сымдарынан пайда болған бұрыштың ішін телескоп мұнарасын орнатуға болмайды.

478. АТҚ және ӘЖ күзет аймағындағы барлық жұмыс кезінде автомобильдер, жүк көтергіш машиналар және механизмдер пневма дөңгелекпен жүргенде жерге қосылған болу керек. Автомобильдің (жүк көтергіш машина, механизм) корпусын ұстауға және жерге қосу сымын орнатқанға дейін олардың жұмыс істеу органдарының біреуін ауыстыруға, жүк ілуқұралдары және тірек бөліктерін жылжытуға болмайды. Табаны шынжырлы жүк көтергіш машиналар мен механизмдер тікелей топыраққа орналасқанда, жерге қосу қажет етілмейді.

479. Жүк көтергіш машиналар мен механизмдер жұмыс барысында көтеретін жүктің, телескоп мұнарасы қоржынының астында адамның болуына, сондай-ақ тартылған сымдардан (сым арқан) тіректерден, бекіткіштер мен жұмыс істеп тұрған механизмдерден тікелей жақын тұруға (5м-ден) болмайды.

480. Телескоп мұнарасымен (гидрокөтергішің) жұмыс істегенде қоржындағы (бесіктегі) бригада мүшелері мен жүргізуші арасыкөру байланысымен қамтамасыз етілу керек. Мұнарада мұндай байланыс болмаған жағдайда, жүргізушіге бесікті көтеру және түсіру туралы бұйрық беріп тұратын бригада мүшесі болу керек.

Телескоп мұнарасында бесіктің ішінде тұрып, сақтандыру белдігінің мықарқанымен бекініп, жұмыс істеу керек. Бесіктен тірекке немесе жабдыққа және керісінше ауысу тек жұмысты жүргізушінің келісімімен жүргізіледі.

481. Кранның атқышы немесе көтергіш механизм бесігінің бойында кернеуі бар ток өткізгіш бөліктермен жанасқан жағдайда, машинист тез арада пайда болған түйіспені үзіп, механизмнің қозғалыстағы бөлігін ток өткізгіш бөліктерден осы Қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген қашықтықтан бері жақындатпауы керек.

Механизм кернеуде тұрса, механизмнен (машинадан) жерге түсуге немесе оған көтерілуге, сондай-ақ жерде тұрып, оны ұстауға болмайды.

Машинист айналадағы жұмысшыларға механизм кернеуде тұрғандығын ескертуі қажет.

Кернеумен тұрған автомобиль , жүк көтергіш машина немесе механизм күйген жағдайда жүргізуші (машинист) жерге аяғын біріктіріп, қолымен машинаға жанаспай секіруі керек. Одан кейін машинадан 8 м қашықтыққа табанымен жермен сүйретіліп, бір-бірінен ажыратпай, аулақ кетуі тиіс.

482. 220 кВ және одан төмен РҚ жылжымалы металл басқыш қолдануға тыйым салынады.

483. 500 кВ және одан жоғары АРҚ-да жылжымалы металл басқышты мына талаптарды сақтағанда, қолдануға рұқсат етіледі:

1) басқыш көлденең қалыпта жұмысты жүргізушінің, кезекшінің немесе жедел-жөндеу қызметкерінің IV рұқсат тобындағы жұмысшысының үздіксіз бақылауында жылжытылуы қажет;

2) жылжымалы басқыштан енгізілген қуатты алу үшін оған жерге тиіп тұратын металл тізбек жалғануы керек.

Сақтандыру белдігінің мықарқанын құрылымға, тірекке және басқасына бекіту мүмкін болмаған жағдайда, жоғарыда жұмыс істеу кезінде алдын ала құрылымға, тіректің бөлшегіне және басқаларға байланған сақтандыру аспаарқанын пайдалану керек. Бұл жұмысты екі адам орындайды, олардың бірі қажетінше сақтандырушы аспаарқанды баяу түсіріп немесе тартып тұруы қажет.

484. Ағаштар Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы заңнамаға сәйкес орындалуы тиіс.

485. Егер биіктігі топырақтан бетінде болса немесе жабындымен 1,3 м асса, ағаш төсеніштер, төсеме тақталар, бесіктер қоршалады. Төсеніштер мен қоршауларды орнату мүмкін болмаған кезде немесе мақсатқа сай болмаса, сондай-ақ жабдықта жұмыс жасау барысында әрбір жекелеген жағдайларда қауіпсіздік шаралары технологиялық картамен, ЖӨЖ-мен немесе басқа құжатпен айқындалады.

486. Кернеудегі тоқ өткізгіш бөліктер орналасқан құрылымдарда жұмыс істеу кезінде жөндеу аспаптары мен құрылғыларын, олар құламас үшін байлау қажет.

487. Электр және газ дәнекерлеушілер металл шынжырдан жасалған мықарқаны бар сақтандыру белдігін қолданады.

Егер жұмыс орны және оған барар жол қоршалмаған кернеудегі ток өткізгіш бөліктердің астында орналасса, ал металл шынжырдан, арақашықтық оны түсірген жағдайда, 1-кестеде көрсетілген қашықтықтан аз болса, жұмыс осы ток өткізгіш бөліктерді ажырата отырып, орындалады.

488. Бөлшектерді құрылымға немесе жабдыққа шексіз аспаарқан, арқан немесе баудың көмегімен береді. Төменде тұрған жұмысшы тербелмес және ток өткізгіш бөліктерге жақындауы үшін аспаарқанды ұстап тұрады.

489. Порталдарда, конструкцияларда, тіректерде және өзгелерде жұмыс істейтін персонал қозғалуға кедергі келтірмейтін киімді пайдаланады. Жеке аспап сөмкеде болады.

490. Жарықтандыру арматурасында көпірлі кран арбасынан машиналық залдар мен қазандықтардың төбесінде жұмысты кезекші персоналдың кемінде екі қызметкері немесе наряд бойынша жөндеу персоналы жүргізуі тиіс. Жұмысшылардың бірі жұмыс істеушінің жанында тұрып, оның қажетті қауіпсіздік шараларын сақтауын бақылайды. Уақытша төсеме тақталарды, сатылар мен өзге құралдарды арбаға орнатуға болмайды. Арбаның төсенішінен немесе оған орнатылған стационарлы төсеме тақталармен тікелей жұмыс істеу керек. Арбаға көтерер алдында оның троллейлі сымдарынан кернеу ажыратылады. Жұмыс барысында сақтандыру белдігін пайдалану қажет. Краншы кранның көпірін немесе арбасын жұмысты жүргізушінің командасы бойынша ғана жылжыта алады, көпірлі кранды жылжыту кезінде жұмысшылар кабинаға немесе көпір төсенішіне орналасады. Арбада адамдар болса, көпірді және арбаны жылжытуға жол берілмейді.

491. Іссапарға жіберілген персоналға сыртқы ұйымдар мен кәсіпорынның қолданыстағы және олардың штатында жоқ электр қондырғыларындағы жұмысты орындауға жіберілген персонал жатады.

492. Электр қондырғыларында жұмыс істеуге іссапарға жіберілген персоналға рұқсат беру осы Қағидаларға сәйкес жүзеге асырылады. Іссапарға жіберілген жұмысшылардың жеке куәлігі болуы тиіс.

493. Іссапарға жіберетін кәсіпорын жазбаша түрде жетекші, жұмысты жүргізуші, бақылаушы және бригада мүшесі ретінде тағайындалатын жұмысшыларды, сондай-ақ ұзақ жұмыс кезінде наряд беру құқығы берілген жұмысшыны көрсетеді.

494. Іссапарға жіберілген персонал жұмысшыларын қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс жетекшісі, жүргізуші және бригада мүшелері ретінде жұмыс істеу мүмкіндігін беру іссапарға жіберуші кәсіпорынның хатында қарармен немесе жазбаша нұсқаумен пайдалануға беруші кәсіпорын басшылығымен ресімделуі тиіс. Нарядтар мен өкім беру мүмкіндігін ұсыну пайдалануға беруші кәсіпорын басшылығының жазбаша нұсқауымен ресімделуі тиіс.

495. Іссапарға жіберілген персонал іссапар орнына келген кезде, алдағы уақытта жұмыс істейтін электр қондырғының ерекшеліктерін ескере отырып, электр қауіпсіздігі бойынша нұсқаулықтан өтеді. Нұсқаулықты өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының электр энергетикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен өткізіледі.

Іссапарға жіберетін мекеме іссапарға жіберілген жұмыскерлердің электр қауіпсіздігі бойынша берілген тобына сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

Электр қондырғыларында іссапарға жіберілген персонал жұмыс жасайтын мекеме жұмыскерлерді жұмыс және енгізілген кернеуде тұрған электр тоғынан зақымдалудан қорғану қауіпсіздік шараларымен қамтамасыз етеді.

496. Құрылыс - құрастыру ұйымы (бұдан әрі – ҚҚҰ) пайдалануға беруші кәсіпорыннан жазбаша келісімді алғаннан кейін өз жұмысшыларын қолданыстағы электр қондырғыларында жұмыс істеу үшін іссапарға жібереді.

497. Келісім алу үшін ҚҚҰ пайдалануға беруші кәсіпорынның атына 493-тармақта аталған жұмысшылардың, сондай-ақ жауапты орындаушылардың тізімін қоса бере отырып хат жібереді.

498. Жұмыс жүргізуге келісімде пайдалануға беруші кәсіпорын мыналарды көрсетеді:

1) жұмыс жүргізілетін қолданыстағы электр қондырғысының учаскесі (РҚ, желі, тізбек, тірек);

2) жұмыс жүргізу мерзімі (басталуы мен аяқталуы);

3) жұмыстың аяқталғандығы туралы хабарланатын пайдалануға беруші кәсіпорынның уәкілетті тұлғасы;

4) қауіпті және зиянды факторлардың болуы (жақында орналасқан қолданыстағы электр тарату желілері, электрлік және магнитті өріс, енгізілген кернеу), егер ол орын алса.

499. Келісім алғаннан кейін ҚҚҰ бригадаға рұқсаттама-наряд береді. Рұқсаттама-наряд үш данада жазылады, олардың бірі пайдалануға беруші кәсіпорынның персоналына беріледі.

500. Ажыратуды және басқа техникалық іс-шараларды жүргізуді талап ететін құрылыс-құрастыру жұмыстарына, сондай-ақ кернеудегі электр тарату желілерінің күзет аймақтағындағы жұмыстарға рұқсаттама осы Қағидалардың 76-82-тармақтарының талаптарына сәйкес орындалады.

501. ҚҚҰ үшін бөлінген жұмыс аймағы электр қондырғының қолданыстағы бөлігіне персонал кірмес үшін қоршалады.

502. Қолданыстағы электр қондырғысының аумағын немесе орынжайын ҚҚҰ персоналы, машиналары және механизмдері оған бөлінген қоршалған аймаққа өту арқылы кесіп өтуін болдырмайтын іс-шаралар қамтамасыз етіледі.

Бөлінген аймаққа ҚҚҰ персоналы жүрген жолы қолданыстағы РҚ аумағы немесе орынжайы бойынша өткен жағдайда, осы аймаққа жұмыс аймағына келуге және көлікпен кіруге дейін ҚҚҰ персоналы шығарып салатын РҚ-ны жеке өзі тексеріп қарауға құқығы бар пайдалануға беруші кәсіпорын өкілі жібереді.

503. Егер ҚҚҰ үшін бөлінген жұмыс аймағы қоршалмаса, ондағы жұмыстар пайдалануға беруші кәсіпорын III рұқсат тобы бар бақылаушыға берген наряд бойынша жасалады. Бұл туралы нарядта жазылады.

504. Осы Қағидалардың 498-тармағына сәйкес ҚҚҰ-ның жауапты адамы жұмыстың толық аяқталғандығы туралы пайдалануға беруші кәсіпорынның жауапты тұлғасына хабарлайды.

505. ҚҚҰ-ның жұмысты толық аяқтағандығы туралы хабарлама жазбаша түрде беріледі.

Хабарламада наряд бойынша жұмыс толық аяқталғандығы, бригада (бригадалар) жұмыс учаскесінен шығарылғандығы, жұмыс орындары тексерілгендігі (материалдар, аспаптар, құрылғылар және өзгелері жиналғандығы, ҚҚҰ персоналы орнатқан жерге қосу, қоршаулар, қауіпсіздік белгілері мен плакаттары алынғандығы) көрсетіледі.

506. Жұмыстың толық аяқталғандығы туралы хабарламаны алғаннан кейін пайдалануға беруші кәсіпорын өткізушісінің орнатқан жерге тұйықтау құралдарын, қоршауларды, қауіпсіздік белгілерін (плакаттарын) алуға және электр қондырғысын қосуға құқығы бар.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
1-қосымша

Электр қондырғыға қызмет көрсететін қызметшілердің электр қауіпсіздігі жөніндегі топтары

Қызметкердің категориясы	Топ алу үшін қызмет көрсету немесе осыған сәйкес электр қондырғылар жұмыстарындағы ең аз еңбек өтімі				
	I	II	III	IV	V
1. Электр қондырғыда жұмыс істеуге тартылған электро техникалық емес қызметкерлер /құрылыс жұмысшысы, тазалаушы, автокөлік жүргізушісі, жүк көтеретін машиналар мен механизмдердің машинистері және т.б./	Шамаланбайды	2 ай	12 ай	-	-
2. Әкімшілік-техникалық, кезекші, жедел-жөндеу және жөндеу қызметкері: - арнайы білімі жоқ / электротехникалық/; - орта және жоғары оқу орындарын электротехника мамандығы бойынша бітірген	Шамаланбайды Шамаланбайды	1 ай Шамаланбайды	Бұрынғы тобында 2 ай Бұрынғы тобында 2 –ай	Бұрынғы тобында 3 ай Бұрынғы тобында 3 ай	Бұрынғы тобында 12 ай Бұрынғы тобында 6 ай
3. Орта және жоғарғы оқу орындарының практиканты	Шамаланбайды	1ай	Бұрынғы тобында 3 ай	-	-

Ескерту:

1. 18 жастан кіші тұлғалар II-топтан жоғары иеленуге рұқсат етілмейді.

2. 1-топты алу үшін электр қауіпсіздігі туралы нұсқау алу жеткілікті. Осы электр қондырғыдағы нұсқау тіркеу журналына жазылсын. I-топтың қызметкеріне куәлік беру қажет емес.

3. II-IV топты алу үшін қызметкер: электр қондырғыдағы жұмыстарға байланысты қауіпсіздік туралы жақсы білу керек; орындалатын жұмыс көлеміне қатысты негізгі және басқа да қауіпсіздік Қағидаларын білу және іс жүзінде қолдана білуі; электр қондырғының құрлысы мен жабдықтарын білуі; Жазатайым жағдайда зақымданған тұлғаға іс жүзінде алғашқы көмек көрсете білуі, сонымен бірге қолдан дем алдыру түрін және жүректі сыртынан уқалауды; IV-V топты иелену үшін міндетті түрде электр қондырғыны құрастыруды және жұмыс кезінде қауіпсіздікті сақтауды ұйымдастыруы; Көрсетілген талаптар ең аз мөлшерде.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Электр қондырғыдағы жұмыс үшін наряд түрі
(нарядтың оң беті)

Кәсіпорын ____________________
бөлімшесі ____________________

НАРЯД № ________

Жұмыстың санаты ____________________
Жұмыс басшысына рұқсат етушіге ____________________
Жұмыс өндірушіге ____________________ бақылаушыға ____________
Бригада мүшелерімен
____
Жұмыс категориясы ____________________
Тапсырылады ____________________
Жұмысты бастау: мерзімі ____________ уақыты ____________________
Жұмысты аяқтау: мерзімі ____________ уақыты ____________________

1-кесте

Арнаулы түсіндірмені тіркеу

Түсінлірмені жүргізген		Түсіндірмені қабылдаған	
Нарядты берген тұлға	____________ (қолы) (фамилиясы, аты-жөні)	Жұмыс жетекшісі (жұмыс жүргізушісі, бақылаушы)	____________ (қолы, фамилиясы, аты-жөні)
Жіберуші	____________ (қолы) (фамилиясы, аты-жөні)	Жұмыс жетекшісі Бригада мүшелері Жұмыс жүргізушісі (бақылаушы)	____________ ____________ ____________ ____________
Жұмыс жетекшісі жұмыс жүргізушісі (бақылаушы)	____________ ____________ ____________ ____________	Жұмыс жүргізушісі бригада мүшелері	____________ ____________ ____________ ____________

2-кесте

Жұмыс орнын дайындау шаралары

Ажырату жұмысын орындайтын және жерге қосу сымын орнататын электр қондырғының атауы	Нені ажырату керек және қай жері жерге қосылу керек.
1	2

Апатқа дайындық уақыты ____________________
Бөлек нұсқаулар ____________________
____
Наряд берілді: күні, айы, жылы ________ уақыты __________

Қолы ____________________ Тегі ____________________

3-кесте

Жұмысқа жіберуге рұқсат

Жұмысқа жіберуге рұқсат берді (атағы,тегі және қолы)	Күні, айы, жылы, уақыты	Рұқсат алған жұмысшының қолы
1	2	3

(нарядтың екінші беті)

Жұмыс орны дайындалды, кернеулікте қалғаны ____________________
____
Рұқсат беруші ____________________ (Қолы)

Жетекші (жұмыс өндіруші немесе бақылаушы) _______(Қолы)

4-кесте

Күнделікті жұмысқа рұқсат беру және аяқталу

Бригада нұсқау алды және дайындалған жұмыс орнына кіруге рұқсат алды				Жұмыс аяқталды, бригада кетті	
Жұмыс орнының аты	күні, уақыты	қолдары		күні, уақыты	Жетекшінің қолы (жұмыс өндірушінің бақылаушы
		Рұқсат етуші	Жетекші (жұмыс өндіруші бақылаушы)		
1	2	3	4	5	6

5-кесте

Бригада құрамындағы өзгерістер

Бригада енгізілді (Тегі, аты, тобы)	Бригададан шығарылды (Тегі, аты, тобы)	Уақыты,күні,айы	Рұқсат берді Қолы
1	2	3	4

Жұмыс толық аяқталды, бригада кетті, бригада орнатқан жерге қосу сымы алынды.
Хабарланды ____________________
(кімге, кәсібі) (Қолы)
Күні, айы, жылы____________________Уақыты____________________

Жұмыс өндіруші немесе бақылаушы____________________ (Қолы)
Жұмыстың жетекшісі ____________________ (Қолы)

Наряд толтыруға нұсқау

1. Нарядтағы жазу анық жазылған болу керек. Нарядты қарындашпен жазуға және түзету енгізуге тиым салынады.

2. Нарядтың нөмірінің жүйесін кәсіпорынның көрестіуімен жүргізеді.

3. Мерзімін көрсеткен кезде күні, айы, және жылының соңғы екі саны жазылады мысалы : 02.06.03.

4. Нарядта көрсеткенде тегінен басқа аты және электр қауіпсіздігінің тобы жазылады.

5. Нарядта электр қондырғының, жалғастырудың, жабдықтың диспетчерлік атаулары / белгілері/ көрсетіледі.

6. Егер нарядтың мәтінінде немесе таблицаның жолында жетіспеушілік болса, нарядтың қосымша бланкін оған қосып сол номермен наряд берушінің қолы қойылып жазуды жалғастыруға береді. Осыған байланысты таблицаны немесе негізгі бланкінің соңында «қараңыз, қосымша бланкі» деген жазу болу керек.

Нарядтың оң беті

7. Бөлімше деген жолда электр қондырғыда жұмыс істейтін кәсіпорынның бөлімшесінің құрылымы көрсетіледі.

8. Егер жұмыс жетекшісі тағайындалмаған болса, «жұмыс жетекшісіне» деген жолға «тағайындалмады» деп көрсету керек.

9. Егер жіберуді жедел жөндеу қызметкері не жөндеу қызметкерінен жұмыс өндіруші берсе «жіберетінге» деген жолда жіберген адамның тегі көрсетіледі.

Электр қондырғыда, егер кезекші жіберуші болса бұл жолда «кезекшіге» деп жазылады, тегі көрсетілмейді.

10. «Бригада мүшелері» деген жолға, бригада мүшелерінен басқа бригада мүшелерінің қайсысы жүргізуші, кран жүргізуші, сторппен жұмыс істеуші екенін сондай-ақ олардың жұмыс істейтін механизм түрлерін көрсетеді.

(Мысалы : И.З.Бекмұратов II- топ, ТВ-26 телемұнара жүргізушісі;

Н.И. Петров 1- топ строппен жұмыс істеуші).

11. «Жұмыс категориясы» деген жолға негізгі Ереженің 26 б. сәйкес жұмыстың категориясының толық атауы көрсетіледі.

12. «Тапсырылды» деген жолда:

электр қондырғының атауы ;

жалғастырудың, жолдың учаскесі, тіреудің нөмірі,

аралығы, тізбек, фаза атаулары ;

жұмыстың мазмұны көрсетіледі.

13. 1-кестеде:

1) 1-тарауда – коммутациялық аппаратпен қажетті операциялар жүргізетін және жерге қосу сымын орнататын электр қондырғы атаулары көрсетіледі.

2- тарауда:

станция және қосалқы станция электр қондырғысы үшін; көрінетін үзілуді қамтамасыз ету үшін өшіретін коммутациялық аппараттың атауы /белгісі/;

әуе және кабель жолы үшін;

жүйеде оған қызмет көрсетпейтін қызметкер өшіретін 1- тармақтағы электр қондырғының атына сәйкес, ҮА жерге қосу қажет екенін көрсетіп жүйенің аты,/белгісі/ және жұмыс орны жазылады.

Оларға қызмет көрсетпейтін қызметкер өшіретін, сол сияқты жедел жөндеу қызметкері де, олардың әрқайсысына жоғарыдағы тармақтарда көрсетілгендей сәйкес жазу жазылады.

Жұмыс орнын дайындауды қажет етпейтін жұмыстарда 1- таблицаның графасында «қажет етілмейді» деген жазу жазылады.

14. «жеке нұсқаулар» деген жолда:

жұмысшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық операциялардың орындалуына байланысты қосымша шаралар (қосмыша жерге қосу сымын орнату, қосымша қоршау орнату,ғимарат ішіндегі ауада сутегінің болмауын тексеру, өрт қауіпсіздігі шаралары және т.т.), сондай-ақ бригаданың өзі осы шараларды орындауына рұқсат беру жазылады.;

нарядты бақылаушы толтырған жағдайда, бригаданы басқаратын жұмысшы;

бригаданың басқа жұмыс орнына ауысуына рұқсат беруді жетекші не жұмыс өндіруші орындайды;

(Соңы 22-бетте)

(Соңы. Басы 19-21-беттерде)

электр қондырғыны не оның бөлігін қосуға рұқсат беруші тұлғаның нұсқауынсыз;

жерге қосу сымын уақытша ажыратуға рұқсат;

жұмыстың орындалуына байланысты басқа жазулар (38-66,166-180,401,472 және тағы басқа баптар);

15. 2-кестеде бірінші жіберуге рұқсат алу кезінде толтырылады. 1-бағанда осы рұқсатты алған жіберуші тұлғаның тегі мен атқаратын міндеті көрсетіледі. Рұқсатты берер кезде рұқсат беруші өзі 1-бағанға қол қояды.

Нарядтың екінші беті

16. Электр станциясы және қосымша станциядағы электр қондырғыдағы жұмыс кезінде «жұмыс орны дайындалды. Кернеулікте қалды» жолында жіберуші жұмыс орнына жақын жөнделуге жататын бойында кернеулік бар ток жүргізуші бөлікті және көрші жалғастырушыны көрсетеді.

Бұл жолда ӘЖ мен КЖ жұмысы кезінде олардың қарауылданатын аймағында ӘЖ, КЖ қилысуын жақындасуын көрсетеді.

Қажет болған жағдайда басқа да ток жүргізуші бөліктерін жіберуші көрсетеді.

Жіберуші және жұмыс жетекшісі, егер басшы сайланбаған болса, жұмыс өндіруші немесе бақылаушы «жұмыс орны дайындалды кернеулікте қалды» жолына тек бірінші жіберуде және жұмыс орнын қабылдап алған соң қол қояды.

17. 3-кестеде күнделікті жұмысқа жіберу және оның аяқталуы сондай-ақ бригаданың басқа жұмыс орнына ауысуы толтырылады.

18. 4-кесте осы Қағидалардың 63 тармағына сәйкес толтырылады. Автокөлік жүргізуші не механизм машинисі және кран жүргізуші бригадаға кіргенде немесе одан шыққанда, сондай-ақ оларға бекітілген автомобиль механизм не өздігінен жүретін кран көрсетіледі.

19. Егер бригада жерге қосу сымын орнатпаса «бригада орнатқан жерге қосу сымы алынды» деген жол мәтіннен сызылып тасталады.

Басқа таблицалар және жолдар олардың атауларына және жолдағы мәтініне сәйкес толтырылады.

Пайдаланылмаған жолдарға сызық қойылады.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлік

Бірінші беті:

КУӘЛІК № ____

____
(ұйым)

____
(тегі, аты, әкесінің аты)

____
лауазымы (мамандығы)
Кернеуі ____________ электр қондырғыларында

____
ретінде жұмыс істеуге рұқсат берілді
Берілген күні: «___» ____________ 20 __ ж.
М.О.
Жұмыс беруші (электр шаруашылығына жауапты)

____
(қолы) (тегі, аты-жөні)
Білімін тексеру нәтижелері жазылмаса жарамсыз.
Қызметкер міндеттерін орындаған кезде өзімен бірге куәлігін ұдайы алып жүруге тиіс.

Екінші беті:

Нормативтік құжаттарды білуін тексеру нәтижелері					
Тексеру күні	Тексеру себептері	Электр қауіпсіздігі жөніндегі тобы	Жалпы баға	Келесі тексеру күні	Комиссия төрағасының қолы

Үшінші беті:

Өнеркәсіптік қауіпсіздік және басқа арнайы қағидалардың нормативтік құжаттарды білуін тексеру нәтижелері			
Тексеру күні	Нормативтік құжаттардың атауы	Комиссияның шешімі	Комиссия төрағасының қолы

Төртінші беті:

Арнайы жұмыстарды жүргізу құқығының куәлігі		
Өткізілетін күні	Жұмыстардың атауы	Комиссия төрағасының қолы

Ескерту:

1. Электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлік оны көрсетуші тұлғаның аталған лауазым (кәсіп) бойынша өз бетінше жұмыс істеу құқын куәландырады.

2. Куәлік қызметкерге оны жұмысқа қабылдау кезінде беріледі және электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидалары бойынша білімін тексеру нәтижелері жөнінде тиісті жазулар жазылғаннан кейін ғана жарамды болып табылады.

3. Куәліктің екінші бетінде электр қондырғыларын құру, электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын, осы Қағидаларды және өрт қауіпсіздігі қағидаларын білуі бойынша жалпы бағасы қойылады.

4. Үшінші бет лауазымдық міндеттері және өндірістік қызметінің сипаты бойынша өндірістік қауіпсіздік қағидалары және басқа арнайы қағидалар бойынша аттестат талап етілетін тұлғаларға арналып толтырылады.

5. Төртінші бет арнайы жұмыстарды (жоғарыға шығып орындайтын жұмыстар және сынақтар жүргізу және т.б.) орындауға рұқсаттама берілген персонал үшін толтырылады.

6. Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындаған уақытта өзімен бірге куәлігін ұдайы алып жүруге және оны бақылаушы қызметкердің талабы бойынша керсетуге тиіс.

7. Куәлік қызметкердің лауазымы өзгерген жағдайда ауыстырылуға немесе ол жұмыстан босатылған уақытта қайтарылуға тиіс.

8. Куәлік тыстамасы матадан қапталған қатты мұқабадан және төрт бет қағаздан тұрады. Куәліктің көлемі 95 мм х 65 мм. Мұқабаға лайықты саналатын түс – қоңыр қызыл түс.

9. Мұқабаның оң бетінде қайшылықты (ақ немесе сары) түспен: КУӘЛІК деген сөз ойып жазылады.

Наряд және нұсқау жұмыстары бойынша есепке алу тәртібі

Электр қондырғыдағы жергілікті кезекші қызметкермен (үйге шығатын кезекшіден басқа) наряд және нұсқау бойынша жұмыс арнайы журналға төмендегі ұсынылған формада есепке алынады.

Жұмысқа наряд бойынша алғашқы жіберілуі және оның толық бітуі журналдың сәйкес графасында есепке алынады,нұсқау бойынша жұмысты есептемегенде, жедел қызметкер өзі берген немесе оның бақылауымен жұмысқа нұсқау бойынша жіберілген және оның аяқталуы оперативтік журналында жазылады, одан басқа алғашықы және күнделікті жұмысқа жіберулер наряд бойынша оперативті журналда жазбаша тіркеледі, онда тек наряд нөмірімен жұмыс орны есептеледі.

Наряд бойынша және нұсқау бойынша жұмыстың есеп журналын кезекші қызметкер жүргізеді. Журнал нөмірленген,жіппен байланған және мөрмен бекітілген болуы керек. Оның сақталу мерзімі соңғы жазудан кейін 6-ай.

Электр қондырғыдағы жергілікті кезекші қызметкерсіз және үйге қызмет ету кезекшілігі жұмыстың есеп журналында наряд бойынша және нұсқау мен жүргізілмейді, наряд бойынша және нұсқаумен жұмысқа жіберу оперативті журналда есептеледі.

Наряд бойынша және нұсқаумен жұмыстың есеп журналы

Нұсқаудың реті	Нарядтың реті (нөмірі)	Жұмыстың аты және орны	Жұмыс өндіруші немесе бақылаушы (тегі,аты,жөні)	Нұсқау бойынша жұмыс істейтін бригада мүшелері (тегі,аты,жөні)	Нұсқау берген тұлға (тегі,аты,жөні)	Жұмысқа кірісті (мерзімі, мезгілі)	Жұмыс бітті (мерзімі, мезгілі)
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескерту:

1. Нұсқаумен жұмыс саны көп болған жағдайда жазудың ретік нөмірін ай сайын жаңалап отыруға рұқсат етіледі.

2. Наряд бойынша жұмыс кезінде 2,3,7,8 графалар ғана толтырылады.

3. Жергілікті жердің шартына байланысты ұсынылған журнал формасын толтыруға және түрін өзгертуге рұқсат етіледі.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
4-қосымша

Таблицы допустимых параметров

1 кесте

Допустимые расстояния до токоведущих частей, находящихся под напряжением, м

Кернеу, кВ	Адаммен оның қолданатын құралдарының және уақытша қоршаудан ара қашықтық, м	Механизмдерден жұмыс үстіндегі ж/к машиналардың стороптардан, жүк ұстайтын құралдар мен жүктердің ара қашықтығы, м
1 дейін		
- әуе желісінде	0,6	1,0
Қалған элк. қонд.	(жанасусыз) нормаланбайды	1,0
6-35	0,6	1,0
110	10	1,0
220	2,0	2,5
500	3,5	4,5
1150	8,0	10,0
Ескертпе: Осы жерде және ары қарай кернеулігі 3 кВ электрқондырғылар Қағидаларының мәтінінде кернеулігі 6 кВ электр қондырғыларына кернеулігі 20 кВ – 35 кВ-ға ал 60 кВ – 110 кВ теңестіріледі.		

2 кесте

Магниттік өрістің рұқсат берілген деңгейі

Келу уақыты	Әсер ету барысындағы магниттік өрістің Н (А/м/В (мкТл) рұқсат берілген деңгейі	
	Жалпы	Шектеулі
1	2	3
<1	1600/2000	6400/8000
2	800/1000	3200/4000
4	400/500	1600/2000
8	80/100	800/1000

3 кесте

Ресиверлерді үрлеу тәртібі

Қысылыстыру операциясы	Іріктеу орны	Белгілі компонент	Мөлшер бойынша компоненттің құрамы, %
Ауаны көмірқышқыл газбен	Ресивердің жоғарғы жағы	Көмірқышқыл газ	85
Ауаны азот пен	Сол	Оттегі	3,0
Көмірқышқыл газды сутегімен	Ресивердің төменгі жағы	Көмірқышқыл газ, оттегі	1,0 0,5
Азотты сутегімен	Сол	Азот Оттегі	1,0 0,5
Сутегіні көмір қышқыл газбен	Ресивердің жоғарғы жағы	Көмірқышқыл газ	95
Сутегіні азотпен	Сол	Сутегі	3,0
Көмірқышқыл газды ауамен	Ресивердің төменгі жағы	Көмірқышқыл газы	Жоқ
Азотты ауамен	Сол	Оттегі	20

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
5-қосымша

Жұмыстарды қауіпсіз жүргізуге жауапты жұмысшылардың міндеттерін қоса атқару

Жауапты жұмысшы	Қоса атқарылатын міндет
Нарядты, өкімді беруші	Жұмыс жетекшісі, жұмыс жүргізуші, жіберуші (жергілікті оперативтік персоналы жоқ электр қондырғыларда)
Жұмыс жетекшісі	Жұмыс жүргізуші, жіберуші (жергілікті оперативтік персоналы жоқ электр қондырғыларда)
Оперативтік жөндеу персаналы құрамындағы жұмыс жүргізуші	Жіберуші (қарапайым және көрнекі схемалы электр қондырғыларда)
Электр қауіпсіздігі бойынша IV тобы бар жұмыс жүргізуші	Жіберуші

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
6-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Қоспа! Адамдар жұмыс істеп жатыр»

Желіде жұмыс істеп жатқан бригадалардың есебін жүргізетін жедел персоналдың көрсетуі бойынша ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
7-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Ашпа! Адамдар жұмыс істеп жатыр»

Қолмен басқарылатын коммутациялық аппараттардың жетектерінде және бір полюсті айырғыштарда әр полюстің жетектеріне ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
8-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Қоспа! Желіде жұмыс жүріп жатыр»

ӘЖ немесе КЖ жұмыстар үшін токтан ажыратылған айырғыштар мен құрама ажыратқыштардың жетектерінде ілінеді.



Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
9-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Тоқта! кернеу»

Шектесетін камералардың, шкафтар мен панельдердің қоршауларында ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
10-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Осы жерде жұмыс істе»

Әзірленген жұмыс орындарындағы электр қондырғыларында ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
11-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Жоғары шықпа! Өлтіреді»

Бойымен жоғары көтерілуге рұқсат етілген конструкциялармен шектесетін конструкциялардың төменгі жағында ілінеді.



Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
12-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Жоғарыға осы жерден шық!»

Жұмыс жүргізу үшін олар арқылы көтерілуге рұқсат етілген орнықты сатылар мен конструкцияларда ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
13-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «СУТЕГІ! Өтқа қауіпті»

Жұмыс жүргізу үшін олар арқылы көтерілуге рұқсат етілген орнықты сатылар мен конструкцияларда ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
14-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Аккумуляторлы бөлме»

Аккумуляторлы жұмыс орындарындағы электр қондырғыларында ілінеді.



Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
15-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Отқа қауіпті»

Аккумуляторлы жұмыс орындарындағы электр қондырғыларында ілінеді.

Отқа қауіпті!

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
16-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Шылым шегуге тыйым салынады»

Аккумуляторлы жұмыс орындарындағы электр қондырғыларында ілінеді.

Электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына
17-қосымша
Форма

Белгі (Плакат) «Сынақ жүргізіліп жатыр. Адам өміріне қауіпті»

Сынақтан өтетін жабдық, сынақ қондырғысы және жалғағыш сымдар араларында сырт жаққа қаратылып ілінеді.



Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 30 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №10907 болып енгізілді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2015 жылғы 14 сәуір №281 Астана қаласы

Электр энергетикасы саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **бұйырамын:**

1. Мыналар:

1) «Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 1-қосымшасына сәйкес;

2) «Электр зертханаларын аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 2-қосымшасына сәйкес;

3) «Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 3-қосымшасына сәйкес;

4) «Энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 4-қосымшасына сәйкес;

5) «Инвестициялық міндеттемелерді орындау жөніндегі жылдық есепті ұсынуы кезіндегі энергия өндіруші ұйымдардың жабдықтың техникалық жай-күйі туралы қорытынды беруі» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес;

6) «110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес;

7) «Тұтынушыларды жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 7-қосымшасына сәйкес;

8) «Техникалық жарақтандырудан кейін электр станцияларының, электр және жылу желілерінің энергия объектілерін пайдалануға қабылдап алу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 8-қосымшасына сәйкес;

9) «Электр және энергия қондырғыларының техникалық жай-күйі мен оларды пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін электр және жылу энергиясын өндіреді, беру мен бөлуді және оларды энергиямен жабдықтау мақсатында сатып алуды жүзеге асыратын ұйымдар басшыларының, мамандарының техникалық пайдалану қағидалары мен қауіпсіздік қағидаларын біліуіне біліктілік тексеру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты осы бұйрықтың 9-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелуін;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде осы бұйрықтың көшірмелерін мерзімді баспасөз басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелгеннен кейін он күн ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Энергетика министрі
В.ШКОЛЬНИК

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму министрі
____________ Ә. Исекешов
2015 жылғы «___» __________

«КЕЛІСІЛДІ»
Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі
____________ Е. Досаев
2015 жылғы «___» __________

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 1-қосымша

«Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде тапсырылған құжаттардың толықтығын энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу туралы куәлік алуға тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, осы стандарттың 9 тармағында көрсетілген қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелденген бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеу туралы куәлік.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алуға келген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келген кезде, Қазақстан Республикасы енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсетуге қажетті құжаттар тізбесі:

1) порталға:

осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

заңды тұлға жарғысының электрондық көшірмесі;

осы көрсетілетін мемлекеттік қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес сарапшылар туралы мәліметтер;

электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің жоғары инженерлік-техникалық білімі және мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі немесе электр энергетигінің немесе жылу энергетигінің орта техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік) білімі және мамандығы бойынша кемінде бес жыл жұмыс өтілі, сондай-ақ, электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы (IV және одан жоғары топтар) сарапшы ұйым қызметкері ретінде энергетикалық сараптаманы жүргізу бойынша қызметті жүзеге асыратын сарапшылардың болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

энергетикалық сараптама жүргізу саласындағы жұмыс тәжірибесінің болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі (1 санаттағы сарапшы ұйымдар үшін кемінде 3 жыл және 2 санаттағы сарапшы ұйымдар үшін кемінде 2 жыл).

меншік құқығындағы емес электр зертханасы бар 3 санаттағы сарапшы ұйым үшін – электр зертханаларының болуы туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

меншікті емес электр зертханасын пайдаланатын ұйымдар үшін – жоғары инженерлік-техникалық немесе орта техникалық және кәсіптік білімі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы (IV және одан жоғары топтар) бар электр зертханасына қызмет көрсететін персоналдың біліктілігі туралы құжаттың электрондық көшірмесі;

мемлекеттік кәсіпорындар, акцияларының (үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі заңды тұлғалардың және олармен үлестес адамдар үшін – монополияға қарсы орган келісімінің болуы туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.

Мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстар болып табылатын көрсетілетін қызметті алушыны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді, электр зертханаларын аккредиттеу туралы куәлікті көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұраудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Министрлікке Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты

бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның аты мекен-жайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері дәлелденген жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaenk.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқығы бар.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар.

14.Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 02 38, 74 12 91. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

УО атауы	**УО атауы**
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті	Комитет атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан

Энергетикалық сараптама жүргізуге
АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Нөмірі: **[РҚ нөмірі]**
Берілген күні: **[Берілген күні]**

____
(заңды тұлғаның толық атауы, БСН

берілді [Өтініш берушінің атауы [БСН]

Орналасқан жері: (Пошталық индексі), (КАТО), (көше атауы), (үйдің нөмірі), (Пәтер/кеңсе нөмірі)______________________
(заңды тұлғаның пошталық мекенжайы)

Сарапшы ұйымның санаты : **[Сарапшы ұйымның санаты]**

Куәлік Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

(Қол қоюшының лауазымы) **(Қол қоюшының ТАӘ)**

«Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша
Нысан

____
(уәкілетті органның атауы)
____
(заңды тұлға атауы)
____

Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу туралы өтініш

____
(заңды тұлға атауы)
____

(БСН), өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі мен күні*) санат бойынша энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеуді сұрайды.

Заңды тұлғаның орналасқан жері (болған жағдайда оның филиалдары, өкілеттіктері):
Пошталық мекенжайы:______________________
Телефон нөмірдері ______________________
E-mail ______________________
Факс ______________________
Ұсынылған құжаттар тізбесі (парақ саны көрсетілген):
1.______________
2.______________
3.______________
4.______________
5.______________
6.______________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұйым басшысы (лауазымы)

____
(қолы) *(Т.А.Ә.)*
20 ___ ж. «__»______________

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанына дейін жарамды болып табылады.

«Энергетикалық сараптама жүргізуге ұйымдарды аккредиттеу» мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша
Нысан

р/с №	Т.А.Ә.	Білімі, мамандығы, біліктілігі, диплом №	Электр энергетикасы саласындағы жұмыс өтілі	Мәлімделетін ұйымның жұмыс өтілі	Электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы Білімді соңғы тексеру күні
1					

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 2-қосымша

«Электрлік зертханаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Электрлік зертханаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық департаменттері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы;

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде тапсырылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелденген бас тартады.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут;

3) қызметті көрсетуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес электрлік зертханаларды аккредиттеу туралы куәлік.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алуға келген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру түскі асқа сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келген кезде, Қазақстан Республикасы енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы электрлік зертхананы аккредиттеу туралы өтініш;

заңды тұлға жарғысының нотариалды куәландырылған не басшының қолымен куәландырылған көшірмесі;

электрлік зертханаға құқық белгілейтін құжаттардың нотариалды куәландырылған не басшының қолымен куәландырылған көшірмесі;

қызмет (сынақтар мен өлшеулер) түрлері, жабдықпен және сынау, өлшеу аспаптарымен және қорғаныс құралдарымен жабдықталуы көрсетілген электрлік зертхана туралы ереженің нотариалды куәландырылған не басшының қолымен куәландырылған көшірмесі;

жоғары инженерлік-техникалық немесе орта техникалық және кәсіптік білімі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы (IV және одан жоғары топтар) бар электрлік зертханаға қызмет көрсететін персоналдың біліктілігі туралы құжаттардың нотариалды куәландырылған не басшының қолымен көшірмесі.

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес меншік құқығында өлшеу құралдарының болуы туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы электрлік зертхананы аккредиттеу туралы өтініш;

заңды тұлға жарғысының электрондық көшірмелері;

электрлік зертханаға құқық белгілейтін құжаттардың электрондық көшірмелері;

қызмет (сынақтар мен өлшеулер) түрлері, жабдықпен және сынау, өлшеу аспаптарымен және қорғаныс құралдарымен жабдықталуы көрсетілген электрлік зертхана туралы ереженің электрондық көшірмесі;

жоғары инженерлік-техникалық немесе орта техникалық және кәсіптік білімі, сондай-ақ электр қауіпсіздігі бойынша рұқсат тобы (IV және одан жоғары топтар) бар электрлік зертханаға қызмет көрсететін персоналдың біліктілігі туралы құжаттардың электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес меншік құқығында өлшеу құралдарының болуы, оларды аттестаттау және тексеру туралы құжаттардың электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды:

көрсетілетін қызмет берушіге (қолма-қол не пошталық байланыс арқылы) берген кезде – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растамасы оның көшірмесінде құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрауды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Министрлікке Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты

бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымда:

3) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

4) заңды тұлғаның аты мекен-жайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері дәлелденген жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaenk.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқығы бар.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 02 38 74 12 91. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Электрлік зертханаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 1-қосымша

УО атауы	**УО атауы**
Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті	Комитет атомного и энергетического надзора и контроля Министерства энергетики Республики Казахстан

Электрлік зертханаларды
АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІК

Нөмірі: **[РҚ нөмірі]**
Берілген күні: **[Берілген күні]**

____
(заңды тұлғаның толық атауы, БСН

берілді [Өтініш берушінің атауы [БСН]

Орналасқан жері: (Пошталық индексі), (КАТО), (көше атауы), (үйдің нөмірі), (Пәтер/кеңсе нөмірі)______________________
(заңды тұлғаның пошталық мекенжайы)

Куәлік Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

(Қол қоюшының лауазымы) **(Қол қоюшының ТАӘ)**

«Электрлік зертханаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 2-қосымша
Нысан

____
(уәкілетті органның атауы)
____
(заңды тұлға атауы)
____

Электрлік зертханаларды аккредиттеу туралы өтініш

____
(электрлік зертхана меншік иесінің атауы)
____

(БСН), өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың нөмірі мен күні*) санат бойынша энергетикалық сараптама жүргізуге аккредиттеуді сұрайды.

Заңды тұлғаның орналасқан жері (болған жағдайда оның филиалдары, өкілеттіктері):
Пошталық мекенжайы:______________________
Телефон нөмірдері ______________________
E-mail ______________________
Факс ______________________
Ұсынылған құжаттар тізбесі (парақ саны көрсетілген):
1.______________
2.______________
3.______________
4.______________
5.______________
6.______________

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Ұйым басшысы (лауазымы)

____
(қолы) *(Т.А.Ә.)*
20 ___ ж. «__»______________

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметін тоқтатқанына дейін жарамды болып табылады.

«Электрлік зертханаларды аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына 3-қосымша

Аккредиттелетін электрлік зертханаларға арналған ақпараттық-өлшеу кешендері мен техникалық құралдар құрамының тізбесі

электрлік зерттеулер мен өлшеулер үшін
1. Тоқ тістеуіктері
2. Мегаомметр
3. Микроомметр
4. Электр энергиясы сапасын талдағыш
5. Жерге қосу құрылғыларының кедергісін өлшеу аспабы
6. Жоғары кернеумен сынау аспабы
7. «Фаза-ноль» тізбегінің бір фазалы қысқа тұйықталу тоғын өлшеу аспабы

Жылу зерттеулері мен өлшеулер үшін
1. Жылу көргіш
2. Сұйық шығынын ультрадыбысты өлшегіш
3. Контактысыз (инфрақызыл) термометр
4. Контактылы термометр
5. Газ анализаторы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің
2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 3-қосымша

«Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті:

1) белгіленген электр қуаты 5 МегаВаттан (бұдан әрі – МВт) жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 110 килоВольт (бұдан әрі – кВ) және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және электр беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа әзірлік паспорттарын Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) береді;

2) барлық қуаттардың және жылу желілерінің (магистральдық, орамішілік) жылыту қазандықтарына күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспорттарын Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) береді;

3) өз құрамында кернеуі 35 кВ және одан төмен электр желілері бар энергия өндіруші және электр беруші ұйымдарға, сондай-ақ белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан аз энергия өндіруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа әзірлік паспортын Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) береді;

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушілердің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушілерге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін бес жұмыс күнінің ішінде тапсырылған құжаттардың көлемі мен мазмұнының сәйкестігін және толықтығын әзірлік паспортының алуға тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, осы стандарттың 9 тармағында көрсетілген қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелденген бас тартады.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут;

3) қызметті көрсетуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ дейін және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспорты, әзірлік паспортының беруден бас тарту, не белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ дейін және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортының күшін жою туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық, қағаз түрінде.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

(Жалғасы 23-бетте)

(Жалғасы. Басы 22-бетте)

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру түскі асқа сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушілерге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік актісі;

әзірлік актісіне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортын алуға арналған шарттардың орындалуын растайтын құжаттар қоса беріледі;

станциялардың, электр және жылу желілерінің негізгі және қосалқы жабдығының техникалық жай-күйі, сондай-ақ «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 9-1-бабының 5-тармағына сәйкес белгіленген температуралық кестеге сәйкес, «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңы 15-3-бабының 2-тармағына сәйкес күзгі-қысқы кезең электр қуатының балансына сәйкес, тұтынушыларға жылу және электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге ұйымдардың дайындығы туралы аккредиттелген сарапшы ұйымның қорытындысы.

Жіберілетін құжаттар нөмірленеді, тігіледі және шарттарда көрсетілген бірізділікке сәйкес орналастырылады.

порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын алуға өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша актінің электрондық көшірмесі;

әзірлік актісіне осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшада көрсетілген энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортын алуға арналған шарттардың орындалуын растайтын құжаттар қоса беріледі;

станциялардың, электр және жылу желілерінің негізгі және қосалқы жабдығының техникалық жай-күйі, сондай-ақ күзгі-қысқы кезеңге бекітілген кестелерге сәйкес, тұтынушыларға жылу және электр энергиясын беруді қамтамасыз етуге ұйымдардың дайындығы туралы аккредиттелген сарапшы ұйымның қорытындысы.

Көрсетілетін қызметті алушы осы стандарттың 9-тармағында көзделген барлық қажетті құжаттарды:

көрсетілетін қызмет берушілерге (қолма-қол не пошталық байланыс арқылы) берген кезде – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растамасы оның көшірмесінде құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Министрлікке Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты
бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның аты мекен-жайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері дәлелденген жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaenk.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқығы бар.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 02 38 74 12 91. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия берушіұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

(кімге) ______________________
(органның атауы)
____
(заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің атауы)

Өтініш

____
(заңды тұлғаның, дара кәсіпкердің атауы)
____
(БСН (ЖСН), куәліктің*, өтініш берушіні заңды тұлға, жеке кәсіпкер ретінде тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нөмірі мен күні)

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Энергия объектісінің орналасқан жері:
Пошталық мекенжайы:______________________
Телефон нөмірлері ______________________
E-mail ______________________
Факс ______________________
Басшы ______________________
(лауазымы, Т.А.Ә., қолы)
МО 20__ж. «____»____________
Қоса беріліп отырған құжаттар тізбесі:
1.____________________ парақта, беттің реттік №
2.____________________ парақта, беттің реттік №
3.____________________ парақта, беттің реттік №
4.____________________ парақта, беттің реттік №
5.____________________ парақта, беттің реттік №
6.____________________ парақта, беттің реттік №

Ескертпе:* «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатқанына дейін жарамды болып табылады.

Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

Акт

____
Акт жасалған жер (күні)

Бұйрықпен тағайындалған комиссия ______________________
(ұйым атауы)
_______ №____
____
энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдардың
____
күзгі-қысқы жағдайлардағы жұмысқа әзірлік паспортын алу үшін
____
шарттардың орындалу-орындалмауы көрсетіледі

Қорытынды: (ұйым күзгі-қысқы кезең жұмысына дайын – дайын емес)

Комиссия төрағасы: ________ ________ ________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Комиссия мүшелері: ________ ________ ________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)
________ ________ ________
(лауазымы) (қолы) (Т.А.Ә.)

Белгіленген электр қуаты 5 МВт және одан төмен, 5 МВт-тан жоғары немесе белгіленген жылу қуаты 100 Гкал/сағ және одан жоғары, сондай-ақ өз балансында кернеуі 35 кВ және одан төмен, 110 кВ және одан жоғары электр желілері бар энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлік паспортын беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Энергия өндіруші және энергия беруші ұйымдарға күзгі-қысқы жағдайларда жұмысқа әзірлігі паспортын алу шарттары

1. Энергия өндіруші ұйымдар:

1) тиісті актілер мен (реконструкциядан немесе күрделі жөндеуден өткен жабдықтарды пайдалануға қабылдап алу актілерінің) ресімделген, қажетті көлемде және белгіленген нормаларға сәйкес келетін сапада негізгі және қосалқы жабдықты жоспарлы жөндеудің толық көлемде орындалуы туралы материалдар;

2) алдағы күзгі-қысқы кезеңге отын жеткізуге арналған шарттардың болуы;

3) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайларында жабдықтың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың ақаулары алдын алу бойынша жоспарланған іс-шаралардың толық көлемде орындалуы туралы акт;

4) жүктемелер кестесін орындауға әзірлік – жұмыспен резервте жүктемелер кестесін орындау үшін қажетті жабдық құрамының болуы;

5) қоймада энергия өндіруші ұйымдар үшін күзгі-қысқы кезеңде пайдаланылатын отын қорының нормалары қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес негізгі және резервтік отын қорының болуы;

6) жұмыс орындарының оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталғандығы. Персоналдың жеке және ұжымдық қорғаныс құралдармен, арнайыкиіммен, аспаптар және керек-жарақтармен, нормативтік-техникалық және жедел құжаттамамен, нұсқаулықтармен, өрт сөндіру схемалары және бастапқы құралдарымен (персоналдың нормативтік санына салыстырма талдау және нормативтік және нақты қорғаныс құралдарының, құрылғыларының, бастапқы өрт сөндіру құралдарының санын нақты, салыстырма талдау,) қамтамасыз етілгендігі;

7) техникалық куәландыруды жүргізу сондай-ақ, аккредиттелген сарапшылық ұйымдардың күзгі-қысқы кезеңнен өтуді қамтамасыз ететін жабдықты диагностикалау;

8) өнер кәсіптік қауіпсіздік саласындағы орган өкілдерінің қатысуымен жасалған өрт сөндіру және өрт дабылы жүйелерінің әзірлік акті(акт көшірмесі);

9) кабель шаруашылығының, отын-көліктік және мазут шаруашылығының, қазандық цехының, турбогенераторлардың, коммутациялық аппараттардыңгаз-май жүйелерінің, турбиналардың, трансформаторлар мен реакторлардың май жүйелерінің өрт жарылыс қауіпсіздігі талаптарын қамтамасыз ету туралы актісі;

10) автоматиканың релелік қорғанысы (бұдан әрі – АРҚ) және аварияға қарсы автоматиканың (бұдан әрі – АҚА) құрылғыларына, жылу автоматикасы және өлшеу құралдарына актісінің болуы (бұдан әрі – ЖӨА) техникалық қызмет көрсетуді толық көлемде орындау актісінің болуы. Бар болған жағдайда ғимараттармен құрылыстардың, байланыс құралдарының, диспетчерлік технологиялық басқару құралдарының (бұдан әрі – ДТБҚ), энергия ресурстарын бақылау және есепке алудың автоматтандырылған жүйесінің (бұдан әрі – ЭБЕАЖ) әзірлік актісі күзгі-қысқы жағдайларда жұмыстар бар болған жағдайларда;

11) жылу жүйесі жұмыстарының жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестенің болуы;

12) энергия беруші кәсіпорындарының негізгі жабдықты жылу оқшаулау бойынша жұмыстарды орындау актісінің болуы;

13) күл үйінділерінің қажетті сыйымдылығының болуы (өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы орган өкілдерінің гидроқұрылыстарға күзгі комиссиялық тексеру жүргізуі туралы акт);

14) жылу механикалық жабдықтың жұмысы үшін нормативті су режимін қамтамасыз ету;

15) объектілік аварияға қарсы жаттығу жүргізу нәтижелерінің оң бағалануы;

16)мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органның ұйғарымдары және технологиялық бұзылуларды тексеру актілері бойынша іс-шаралардың толық орындалуы туралы есеп;

17) станциялар мен жылу желілерінің негізгі жабдықтарын 30 тәуліктен асатын жоспардантыс (аварилық) жөндеулердің болмауы.

2.Энергия өндіретін ұйымдар жаңартылған энергия көздерінде:

1) негізгі және қосалқы жабдықтарының қажетті көлемінде жоспарлы алдын алу іс-шараларын толық көлемде орындау туралы актісі;

2) Құрылғының, технологиялық схемасының және ғимараттардың сыртқы ауадағы төмен температуралық жағдайларда зақымдануын ескерту бойынша жоспарланған іс-шараларды толық көлемде орындау туралы актісі;

3) Оқыған және аттестатталған қызметкерлерінің жұмыс орындарының жасақталуы. Қызметкерлердің жеке және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, арнайы киімдермен, құралдар мен құрылғылармен, нормативті-техникалық және жедел құжаттамаларымен, нұсқаулармен, схемалар және бастапқы өрт сөндіруші құралдарымен қамтамасыздандырылуы;

4) өнеркәсіп қауіпсіздігі саласы органдары өкілдерінің қатысуымен жасалған өрт сөндіру жүйелерінің және өрт дабылдарының дайындық актісі;

5) аварияға қарсы объектілерінің, өртке қарсы жаттығуларын (бағалау актілерімен) жүргізу бойынша материалдар;

6) аварилық қор материалдарының және құрылғыларының болуы (аварилық қор құрылғыларының және нақты ұйымдармен бекітілген салыстырмалы талдауы);

7) ғимараттар мен құрылыстардың, байланыс құралдарының технологиялық диспетчерлік басқарма құралдарының дайындық актісі (бұдан әрі – БДТБ) автоматтанған бақылау жүйесі және күзгі-қысқы жағдайларда бар болған жағдайларда энерго ресурс есебі (бұдан әрі – АБЖЭЕ)

2. Энергия беруші ұйымдар.

Электр желілік компаниялар үшін:

1) тиісті актілермен (реконструкциядан өткен жабдықтарды пайдалануға қабылдап алу актілерінің, жабдықты күрделі жөндеуден қабылдап алу актілерінің, көпжылдық жоспарлы жөндеулер кестесінің көшірмелері) ресімделген, белгіленген нормаларға сәйкес қажетті көлемде, кезеңділікпен және сапада қосалқы станцияларды (бұдан әрі – ҚС), тарату пункттерін (бұдан әрі – ТП), трансформаторлық қосалқы станцияларды (бұдан әрі – ТҚС), жиынтықты трансформаторлық қосалқы станцияларды (бұдан әрі – КТҚС) және электр беруші желілерді жоспарлы жөндеудің орындалуы;

2) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайларында жабдықтың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың ақауларының алдын алу бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалуы (орындалған іс-шаралар туралы акт);

3) электр жүктемелері кестесін орындауға әзірлік, яғни жұмысты және резервте жүктемелер кестесін орындау және электр беруші желілер мен трансформаторлардың өткізу қабілеті шегінде электр энергиясы мен қуатты беру үшін қажетті жабдық құрамының болуы (ҚҚК кезеңде 10-110 кВ бойынша режимдік (қалыпты) схемалар, режимдік схема кезінде өткен жылғы жаздық және қыстық бақылау күндері жүктемелерді өлшеулер);

4) 6-500 кВ электр желілері қосалқы станцияларының аварилық қорының, ЭЭБЖ 0.4 кВ-500 кВ резервтік материалдары мен жабдығының, жабдыққа құйылған 2%-дан кем емес көлемде трансформаторлық майдың төмендемейтін қорының болуы (ұйым бекіткен жабдықтың аварилық қорының салыстырмалы және нақты талдауы);

5) жұмыс орындарының оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталғандығы. Персоналдың жеке және ұжымдық қорғаныс құралдармен, арнайы киіммен, аспаптар және керек-жарақтармен, нормативтік-техникалық және жедел құжаттамамен, нұсқаулықтармен, өрт сөндіру схемалары және бастапқы құралдарымен (персоналдың нормативтік санынасалыстырма талдау және нормативтік және нақты қорғаныс құралдарының, арнайы киімдерінің, құралдардың, өрт сөндіру құралдарының санын нақты, салыстырма талдау) қамтамасыз етілгендігі;

6) электр желілерінің жабдығына нормативтік құжаттарда көзделген көлемде және мерзімде уақтылы сынаулар жүргізу;

7) АРҚ және АҚА құрылғыларына толық көлемде техникалық қызмет көрсетуді орындау, бар болған жағдайда ғимараттар мен құрылыстардың, байланыс құралдарының, ДТБҚ, ЭБЕАЖ әзірлігі (актілердің көшірмелері);

8) энергия көздері қуатының тапшылығы туындаған кезде, сондай-ақ электр желілеріндегі аварилық жағдайда тұтынушыларды шектеудің (веерлі ажыратулар) келісілген кестелерінің болуы (шектеу кестелерінің көшірмелері);

9) электр қондырғыларының, ӘЖ, кабельдік желілердің, АРҚ құрылғыларының, ғимараттар мен құрылыстардың кестелер мен кезеңділікке сәйкес энергия кәсіпорындары жұмыс комиссияларының электр қондырғыларына толық техникалық куәландыруды жүргізуі (пайдалануға енгізу және техникалық жай-күйін бағалау жылын көрсете отырып, техникалық куәландырудан өткен жабдықтар тізбесі);

10) аварияға қарсы объектілік жаттығу жүргізу материалдары (жүргізілген жаттығулар тақырыптамалары мен персоналдың іс-қимылын бағалау);

11) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органның ұйғарымдары технологиялық бұзылыстарды тексеру жөніндегі актілері бойынша іс-шаралардың орындалуы;

12) автономды электрмен қамтамасыз ету көздері бар тұтынушылармен аварилық жағдайлар кезінде өзара іс-қимыл жасау ережелерінің болуы (ақпарат);

13) 35 кВ және жоғары ҚС негізгі жабдығының, 35 кВ және жоғары электр тарату желілерінің ұзақтығы 15 тәуліктен астам жоспардан тыс (аварилық) жөндеулерінің болмауы;

14) электр тарату әуе желілерінде мұзды ерітү схемаларының жұмысқа әзірлігі туралы актісі (бар болған жағдайда);

15) жедел-көшпелі және желілік бригадалардың көлік құралдарымен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілгендігі туралы актісі;

16) диспетчерлік технологиялық басқару жүйелері мен кепілдендірілген электрмен қоректену жүйелерінің жұмысқа әзірлігі;

17) электр желісінің бақыланатын қималарындағы ең жоғары рұқсат берілген токтың артуы кезіндегі іс-қимылды қоса алғанда, жедел-диспетчерлік басқаруды жүзеге асыру, персоналдың технологиялық бұзылулардың алдын алу және оны жою бойынша іс-қимыл жасау тәртібін айқындайтын құжаттардың болуы және белгіленген талаптарға сәйкестігі;

18) жедел-ақпараттық кешеннің қалыпты және аварилық режимде ақпарат берудің белгіленген сапасы кезінде тұрақты жұмыс істеуге және іс-қимылға әзірлігі.

3. Жылу энергиясын тасымалдауды және таратуды (жылу желілері) жүзеге асыратын ұйымдар үшін:

1) тиісті актілермен (реконструкциядан өткен және күрделі жөндеуден қабылдап алу актілерінің көшірмелері) ресімделген белгіленген нормаларға сәйкес қажетті көлемде және сапада негізгі және қосалқы жабдықты жоспарлы жөндеудің орындалуы туралы материалдар;

2) сыртқы ауаның төмен температурасы жағдайларында жабдықтың, технологиялық схемалар мен құрылыстардың бүлінулерінің алдын алу бойынша жоспарланған іс-шаралардың орындалуы туралы актісі;

3) жабдықтың аварилық қорының болуы туралы актісі;

4) жұмыс орындарының оқытылған және аттестатталған персоналмен жасақталғандығы. Персоналдың жеке және ұжымдық қорғаныс құралдармен, арнайы киіммен, аспаптар және керек-жарақтармен, нормативтік-техникалық және жедел құжаттамамен, нұсқаулықтармен, өрт сөндіру схемаларымен және бастапқы құралдарымен (персоналдың нормативтік санынасалыстырма талдау және нормативтік және арнайы киімдерінің, құралдарының, бастапқы өрт сөндіру құралдарының қорғаныс құралдарының санын нақты, салыстырма талдау) қамтамасыз етілгендігі;

5) өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы орган өкілінің қатысуымен жасалған өрт сөндіру және өрт дабылы жүйелерінің әзірлігі актісінің болуы;

6) күзгі-қысқы жағдайларда (бар болған жағдайда) ғимараттар мен құрылыстардың, байланыс құралдарының, ДТБҚ, ЭБЕАЖ әзірлігі актісі;

7) энергия көздері қуаттылығының мен жылу желілерінің өткізуші қабілетінің тапшылығы туындаған кезде жергілікті атқарушы органдармен келісілген тұтынушыларды шектеу кестелері;

8) жергілікті атқарушы органдар бекіткен температуралық кестенің болуы;

9) жылу таратушы ұйымдардың аталған жердегі ҚҚК температураларының барлық диапазондарында жылу желілері мен жылу көздерінің температуралық кестелерді орындауды қамтамасыз ету жөніндегі актісінің болуы;

10) жылу желілерін жөндеу, диагностикалау мен технологиялық сынаудың жоспарлы көлемдерін орындау туралы актісінің болуы;

11) жылу оқшаулау бойынша жұмыстарды орындау туралы актісінің болуы;

12) аварияға қарсы объектілік жаттығуларды жүргізу нәтижелері туралы материалдар;

13) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі органның ұйғарымдары бойынша іс-шараларды және технологиялық бұзылуларды тексеру орындалуы туралы акті;

14) жылу желілерінің негізгі жабдықтарын ұзақтығы 30 тәуліктен асатын мерзімде жоспардан тыс (аварилық) жөндеулердің болмауы.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 4-қосымша

«Энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызмет беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы;

2) «электрондық үкіметтің» www.egov.kz (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушілерге құжаттар топтамасын тапсырған, сондай-ақ порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде тапсырылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелденген бас тартады.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут;

3) қызметті көрсетуге рұқсат етілетін ең көп уақыт – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес аттестаттау парағы.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық, қағаз түрінде.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет нәтижесін қағаз тасығышта алуға келген жағдайда, мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, басып шығарылады және көрсетілетін қызметті алушының уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру түскі асқа сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі үзіліспен 09.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келген кезде, Қазақстан Республикасы енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

аттестаттауға жататын маманның қызметтік мінездемесі;

2) порталға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

маманның қызметтік мінездемесінің электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Порталда электрондық сұрауды қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.

Осы стандарттың 9-тармағында көрсетілген қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырғанда:

көрсетілетін қызмет берушіге (қолма-қол не пошталық байланыс арқылы) берген кезде – қағаз тасығыштағы өтінішті қабылдаудың растамасы оның көшірмесінде құжаттар пакетін қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі болып табылады;

портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрауды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Министрлікке Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты
бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның аты мекен-жайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері дәлелденген жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaenk.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқығы бар.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар.

14.Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 02 38 74 12 91. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

УО атауы	**УО атауы**
Қазақстан Республикасы	Комитет Атомного и
министрлігінің Энергетика	энергетического надзора
Атомдық және энергетикалық	и контроля Министерства
қадағалау мен бақылау комитеті	энергетики
	Республики Казахстан

Нөмірі: **[РҚ нөмірі]**
Берілген күні: **[Берілген күні]**

Аттестаттау парағы

____
аттестатталушы адамның тегі, аты, әкесінің аты
Туған жылы 20__ жылғы «__»______________________
Білімі ______________________
Мамандығы ______________________
Аттестаттау кезіндегі атқаратын қызметі ______________________
Тестілеу нәтижелері ______________________
Аттестаттау комиссиясының шешімі______________________
Өзге мәліметтер ______________________
(аттестаттау парағына энергетикалық ұйым қызметінің ерекшелігін ескере отырып, толықтырулар енгізіледі)

(Қол қоюшының лауазымы) (Қол қоюшының Т.А.Ә)
(Қол қоюшының лауазымы) (Қол қоюшының Т.А.Ә)

«Энергетикалық ұйымдардың басшылары мен мамандарын аттестаттау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша
Нысан

____
____
(уәкілетті органның атауы)
басшысына
____
____
(тегі, аты, әкесінің аты)
Жұмыс орны ______________________
____

Өтініш

Сізден мені міндетті аттестаттауға жіберуіңізді сұраймын
____
____
(Т. А. Ә., лауазымы)

Қоса берілетін құжаттар тізбесі:
1.______________________
2.______________________
3.______________________
4.______________________
5.______________________
6.______________________
____

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

20__ж. «__» ____________

____
Қолы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 5-қосымша

«Энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру «электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн.

Көрсетілетін қызметті беруші құжаттарды алғаннан кейін екі жұмыс күнінің ішінде тапсырылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші белгіленген мерзімде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша түрде дәлелденген бас тартады.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда сағат 09.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін келген кезде, Қазақстан Республикасы енбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) порталға өтініш берген кезде мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын ұсына отырып, энергетикалық объектіні техникалық жарақтандырудан кейін пайдалануға қабылдау туралы актінің электрондық көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, көрсетілетін қызметті алушыны дара кәсіпкер ретінде тіркеу туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті алушы тиісті ақпараттық жүйелерден «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті беруші барлық қажетті құжаттарды портал арқылы берген кезде – көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсетуге арналған сұрауды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, Министрлікке Астана қаласы, «Министрліктер үйі», Орынбор көшесі, 8-үй мекенжайы бойынша беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы жұмыс күндері қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасына қойылады).

Портал арқылы өтініш берген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты
бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты, пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның аты мекен-жайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оның тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күнінің ішінде қарауға жатады. Шағымды қарау нәтижелері дәлелденген жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта арқылы не көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электрондық өтініш берген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетінен» көрсетілетін қызметті берушіге өтінішті өңдеу барысында көрсетілетін қызметті беруші жаңартып отыратын өтініш туралы ақпарат (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің www.kaenk.gov.kz интернет-ресурсында, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқығы бар.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдың «жеке кабинеті», сондай-ақ мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде алуға құқығы бар.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 02 38 74 12 91. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

«Энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

УО атауы	**УО атауы**
Қазақстан Республикасы	Комитет Атомного и
министрлігінің Энергетика	энергетического надзора
Атомдық және энергетикалық	и контроля Министерства
қадағалау мен бақылау комитеті	энергетики
	Республики Казахстан

Энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы жылдық есепті ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы ҚОРЫТЫНДЫ

[РҚ берілген күні]
(күні)

[Тұтынушының атауы]
______________________________берілді
(заңды тұлғаның толық атауы, өтініш берушіні жеке кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркеу туралы куәлік)
Орналасқан жері: *[Тұтынушының мекенжайы]*______________(заңды тұлғаның пошталық мекенжайы)

[Қорытынды]
Серия:*[Қорытынды сериясы]*
[Қол қоюшының лауазымы] [Қол қоюшының Т.А.Ә.]

«Энергия өндіруші ұйымдардың инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсынуы кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

____
(уәкілетті органның атауы)
____
(көрсетілетін қызметті алушының атауы)
____

Өтініш

____
(көрсетілетін қызметті алушының атауы)
____
(БСН (ЖСН), куәліктің*, немесе өтініш берушіні заңды тұлға, дара кәсіпкер ретінде тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың нөмірі мен күні) инвестициялық міндеттемелердің орындалуы туралы жылдық есеп ұсыну кезінде олардың жабдығының техникалық жай-күйі туралы қорытынды беруді сұрайды.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалған құпиядан тұратын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берушінің заңды мекенжайы (орналасқан жері):
____
Телефон нөмірлері ______________________
E-mail ______________________
Факс ______________________
Қоса берілген құжаттар тізбесі (парақ санын көрсете отырып):
1. ______________________
2. ______________________
3. ______________________
4. ______________________
5. ______________________
6. ______________________

Басшы ______________________
(қолы) (Т.А.Ә.)
МО 20__ж. «__» ______________

Ескертпе:*«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 6-қосымша

«110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Астана және Алматы қалаларының, облыстық маңызы бар аудандар мен қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «электрондық үкіметтің» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға өтініш берген кезден бастап – күнтізбелік 30 (отыз) күн;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

2) құжаттар топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут;

3) қызмет көрсетудің рұқсат етілетін ең ұзақ уақыты – 15 (он бес) минут.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – 110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру осы стандартқа 1-қосымшаға сәйкес.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны электрондық (қағаз) түрде.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы қағаз жеткізгіштегі мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін алу үшін жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электронды нысанда рәсімделеді, басып шығарылады көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының қолымен және мөрімен расталады.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін түскі үзіліспен, 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызмет кезек тәртібімен, алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызмет көрсетусіз көрсетіледі;

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

техникалық шарттардың көшірмесі;

пайдаланушыны қосу схемасы;

жүйелік оператордың қорытындысы

энергия беруші ұйымның қорытындысы (110 кВ және одан төмен объектілер үшін) (міндетті емес).

порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

техникалық шарттардың көшірмесі;

пайдаланушыны қосу схемасының электрондық көшірмесі;

жүйелік оператор қорытындысының электрондық көшірмесі;

энергия беруші ұйымның қорытындысы (110 кВ және одан төмен объектілер үшін) (міндетті емес).

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды ұсынған кезде:

көрсетілетін қызметті берушіге (қолма-қол не пошталық байланыс арқылы) – өтініштің көшірмесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақыты көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде тіркеу туралы белгі өтініштің қағаз жеткізгіште қабылданғанын растау болып табылады;

портал арқылы көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алатын күн көрсетіле отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе көрсетіледі.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Министрліктің, мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың тиісті жергілікті атқарушы органының лауазымды тұлғаларының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым көрсетілетін қызметті беруші басшының, Министрліктің атына мына мекенжай бойынша беріледі: Астана қаласы, Орынбор к-сі., 8-үй.

Шағымдар пошта арқылы жазбаша нысанда не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартып отырады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, ол өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында орналастырылған.

12. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқылы.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде портал, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы «жеке кабинетің» көмегімен алуға құқылы.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 92 19 Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

Жергілікті атқарушы орган
Нөмір: (Нөмір) Күні: (Берілген күні) ж.

Қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы
ҚОРЫТЫНДЫ

(ЗТ толық атауы) берілді, БСН (ЗТ БСН), заңды мекенжайы (ЗТ мекенжайы).
Объектінің орналасқан жері (Объектінің орналасқан жері)
Негіздеме: (Қорытындыны негіздеу)
(Қол қоюшының лауазымы) (Қол қоюшының аты-жөні)

«110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымша

______________________қаласының/ауданының
Энергетика және тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық басқармасының басшысы ______________
______________________ден
(тегі, аты, болса әкесінің аты (бұдан әрі – ТАӘ),
не көрсетілетін қызметті алушы ұйымның атауы)
Нысаны

Өтініш

____
(заңды тұлғаның Т.А.Ә. не толық атауы)
____
(жеке тұлғаның орналасқан жері, заңды мекенжайы не тұрғылықты жері)
БСН ______________________
СИК______________________
«110 кВ және одан төмен, 220 кВ және одан жоғары объектілер үшін қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды
салудың техникалық орындылығы туралы қорытынды беруді сұрайды
____
(орналасқан жері, қайталанатын (шунтталатын) электр беру желілері мен қосалқы станцияларды жобалаудың және салудың мақсаты).

Ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Заңды тұлғаның басшысы
___________ ______________________
(қолы) (тегі, аты-жөні)

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі №281 бұйрығына 7-қосымша

«Тұтынушыларды жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. «Тұтынушыларды жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу»мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2.Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Атомдық және энергетикалық қадағалау мен бақылау комитеті(бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру«электрондық үкіметтің» www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі:

1) порталға жүгінген сәттен бастап – күнтізбелік 25 (жиырма бес) күн;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын осы стандарттың 9 тармақта көрсетілген тексеруге міндетті.

Ұсынылған құжаттардың толық болмау фактісі анықталған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімдерде өтінішті одан әрі қараудан жазбаша дәлелді бас тартуды береді.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны:электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі- тұтынушыны жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосуды келісу осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес .

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетіне» көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) қол қойылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

7. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерінен басқа, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін.

2) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізумен байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері Қазақстан Республикасының енбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

9. Порталға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы өтініш;

2) тұтынушы қосылған энергетикалық тораптың электрмен жабдықтау схемасының электронды көшірмесі;

3) осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы қорытындының электронды көшірмесі;

4) тұтынушыны заңнама нормаларының талаптарын ескере отырып электр желілеріне ЖААА жүйесін қосу шарттарын ескере отырып тұтынушыны қосуға арналған техникалық шарттардың электронды көшірмесі.

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушыға «жеке кабинетіне» мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алатын күні мен уақыты көрсетіле отырып, мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсыну үшін сұрау салуды қабылдау туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

10. Көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) олардың лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану:шағым Астана қаласы, Орынбор көшесі., 8-үй мекенжайы бойынша көрсетілетін қызметті берушінің басшысының, Министрліктің атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда пошта арқылы, не көрсетілген қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде шағымның қабылданғанын растау оны тіркеу болып табылады (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады).

портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Шағымды портал арқылы жөнелткен кезде көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, оны көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартып отырады.

Шағымда:

1) жеке тұлғаның тегі, аты, сондай-ақ қалауы бойынша әкесінің аты пошталық мекенжайы көрсетіледі;

2) заңды тұлғаның атауы, пошталық мекенжайы шығыс нөмірі және күні көрсетіледі

Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы арқылы жолданады немесе көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Портал арқылы электронды жүгінген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы «жеке кабинетінен» өтініш туралы ақпаратқа қол жеткізе алады, ол өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылып отырады.

Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескерілген өзге де талаптар

11. Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары көрсетілетін қызметті берушінің интернет-ресурсында: www.kaenk.gov.kz, «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

12. Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға құқылы.

13. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы 1414 арқылы алуға құқылы.

14. Мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары: 8 (7172) 74 0642. Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414.

«Тұтынушыларды жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымша

УО атауы	**УО атауы**
Қазақстан Республикасы	Комитет Атомного и
министрлігінің Энергетика	энергетического надзора
Атомдық және энергетикалық	и контроля Министерства
қадағалау мен бақылау комитеті	энергетики
	Республики Казахстан
Нөмірі: **( )**	Берілген күні: **( ) ж.**

Тұтынушыны жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосуды КЕЛІСУ

]

(заңды тұлғаның толық аты) берілді, БСН (ЗТ БСН), заңды мекенжайы (ЗТ мекенжайы)

Сіздің тұтынушыны жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосу мәселесі бойынша __________ №____өтінішіңізді қарап, (УО атауы орыс тілінде), БСН (ЗТ БСН), заңды мекенжайы (ЗТ мекенжайы) берілді, (тұтынушының атауы), БСН (тұтынушының БСН) заңды мекенжайы(объектінің мекенжайы)Тұтынушының жүктемені ажыратудың арнайы автоматикасына қосуды келіседі.

(қол қоюшының лауазымы) (қол қоюшының Т.А.Ә.)

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2015 жылғы 15 маусым № 384 Астана қаласы

Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен үлгілік білім беретін оқу бағдарламаларын бекіту туралы

(Жалғасы. Басы 2016 ж. 167, 169, 172, 174, 176, 178, 181, 183, 186, 188, 191, 193, 201, 203, 206, 208, 211, 213, 216,221, 2017 ж. 59, 61, 66, 69, 79, 85-91-нөмірлерде)

АП.02	**Фотограмметрия негіздері:** Топографиялық карталарды жасаудың аэрофототопографиялық әдістері туралы жалпы мәліметтер; Топографиялық аэрофототүсірім. Перспектива теориясының негіздері. Аэрофотосуреттердің геометриялық қасиеттері. Аэрофотосуретті бағдарлаудың элементтері. Фотосұлбалар. Жоспарлы фототриангуляция. Аэрофотосуреттерді өзгерту және фотопландар құру. Стереоскопия және стереофотограмметрия негіздері. Аэрофотосуреттер жұбын бағдарлау элементтері, өзара бағдарлау элементтерін анықтау. Карталарды жасаудың стереофотограмметриялық әдістері. Топографиялық түсірімдердің геодезиялық негіздерін фотограмметриялық жиілендіру тәсілдері. Жердің сандық моделі туралы және оны пайдалану туралы түсінік. Жердегі фототопографиялық (фототеодолиттік) түсірім. Топографиялық карталарды жаңарту; масштабты қатардағы карталарды жаңартудың тәсілдері; Жаңа аэрофототүсірім материалдары бойынша карталарды жаңартудың технологиялық сұлбасы; карталарды жаңарту кезіндегі фотограмметриялық жұмыстардың мазмұны; карталарды түзетудің тәсілдері; ғарыштық суреттерді пайдалану. Инженерлік есептерді шешу үшін фотограмметриялық және стереофотограмметриялық әдістерді пайдалану. Фотограмметрия және стереофотограмметрияны дамытудың болашағы.	**Білімдер:** - топографиялық карталарды жасаудың аралас және стереотопографиялық әдістерінің технологиялық сұлбаларын білу; Аэрофототүсірім жұмыстары туралы жалпы мәліметтер; Аэрофотосуреттердің геометриялық қасиеттері; Фотограмметриялық және стереофотограмметриялық құралдар және оларда жұмыс істеу әдістемесін; Сандық фотограмметрия туралы жалпы мәліметтер; Түсіру негізін фотограмметриялық жиілету тәсілдері; Топографиялық карталарды жаңартудың технологиясы; Инженерлік есептерді шешу үшін фотограмметрия әдістерін пайдалану. **Іскерліктер:** - фотозертханалық жұмыстарды орындау; Аэрофототүсіру материалдарының сапасын бағалауды жүзеге асыру; фотосұлбалар құрастыру; Аэрофотосуреттерді өзгертуді орындау және жердің жазық далаларына фотопландарды монтаждауды орындау; Әмбебап стереоқұралдарда аэрофотосуреттерді бағдарлау мен өлшеу бойынша операцияларды орындау.	КҚ 2 КҚ 3 КҚ 7
АП.03	**Қолданбалы геодезия:** Құрылыс жобасын затқа, өнімге айналдыру үшін геодезиялық дайындық. Бөлу жұмыстары мен түсірімдерді өндіру үшін пландық және биіктік геодезиялық негіздер құру. Жобаны өнімге шығару кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Өнеркәсіп ғимараттарын құру кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Қалаларды жобалау мен құру кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Туннельдер мен жоласты құрылыстарын жүргізу кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Жер асты коммуникацияларын құру кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Өнеркәсіптік және гидротехникалық құрылыстардың өзгеруін бақылау кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Гидротехникалық құрылыстарды жобалау мен құру кезіндегі геодезиялық жұмыс. Атқару түсірімдері.	**Білімдер:** - инженерлік құрылыстарды жобалаудың, құрудың және пайдаланудың түрлі сатыларындағы геодезиялық жұмыстардың мазмұны. **Іскерліктер:** - құрылыс алаңында пландық және биіктік геодезиялық негіздер құру; Жобаны өнімге шығаруды (айналдыруды) орындау; Құрылыс конструкцияларын монтаждауды бақылауды жүзеге асыру; Атқару түсірімдерін орындау; инженерлік құрылыстардың шөгулері мен деформациясын бақылау бойынша геодезиялық жұмыстарды орындау.	КҚ 1 КҚ 2 КҚ 3 КҚ 4 КҚ 5 КҚ 6 КҚ 7 КҚ 8 КҚ 9 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12 КҚ 13 КҚ 14
АП.04	**Инженерлік-геодезиялық іздестірулер:** Инженерлік-геодезиялық іздестірулер: инженерлік іздестірулер туралы жалпы мәліметтер. Инженерлік-геологиялық іздестірулер: тау-кен қазбалары, барлаудың геодезиялық әдістері. Сызықтық құрылыстардың инженерлік – геодезиялық іздестірулері: автожолдарды далалық және камералық трассалау, жолдың бойлық бейінін жобалау. Автожол құрылысы кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Каналдарды, электртарату желілерін іздестіру, алаңдық құрылыстарды іздестіруде аэроәдістерді қолдану, ірі масштабты түсірімдер, өнеркәсіптік құрылыс, әуежайларды іздестіру. Инженерлік –гидрологиялық іздестірулер; Гидрологиялық және гидрографиялық жұмыстар, өзендердің бойлық сұлбаларын құрастыру. СЭС жобалаудағы топографиялық-геодезиялық жұмыстар, су қоймаларын іздестіру жұмыстары; көпірлік өткелдерді іздестіру жұмыстары.	**Білімдер:** - жобалау мен инженерлік құрылыстарды іздестіру сатысындағы топографиялық-геодезиялық және картографиялық жұмыстардың мазмұны; Сызықтық типтегі инженерлік құрылыстардың далалық және камералық трассаны белгілеуі; Инженерлік құрылыстарды іздестіру мен құру кезінде аэроәдістерді пайдаланудың мүмкіндіктері. **Іскерліктер:** - инженерлік құрылыстарды жобалау үшін топографиялық-геодезиялық және картографиялық ақпаратты жинау үшін геоақпараттық жүйелерді пайдалану; Құрылыстарды іздестіру сатысында ірі масштабты топографиялық түсірімді орындау.	КҚ 3 КҚ 4 КҚ 12 КҚ 13
АП.05	**Инженерлік құрылыс негіздері:** Инженерлік құрылыстар туралы жалпы мәлімет. Құрылыс материалдары және олардың қасиеттері. Ғимарат пен құрылыс конструкциясы: ғимараттар туралы жалпы мәліметтер, негіз бен іргетас, ғимараттың бөліктері және олардың элементтері, қалалық және өнеркәсіптік құрылыстар, гидротехникалық құрылыстар, туннельдер мен жер асты құрылыстары. Құрылыстық өндірісті ұйымдастыру мен технологиясы туралы негізгі ережелер мен түсініктер: дайындық жұмыстары, жер қазу жұмыстары туралы жалпы мәліметтер, жинамалы темірбетон конутрукциялар. Инженерлік есептерді шығарудың геодезиялық әдістері.	**Білімдер:** - құрылыс материалдары және олардың қасиеттері; Ғимараттар мен құрылыстардың конструкциялары; Құрылыстық өндіріс технологиясының негізгі түсініктері. **Іскерліктер:** - құрылыс сызбаларын оқу.	КҚ 13 КҚ 14
АП.06	**Мемлекеттік кадастр негіздері:** Мемлекеттік кадастрдың құқықтық негіздері. Мемлекеттік кадастрдың негізгі түрлері. Мемлекеттік кадастр деректерін қалыптастырудың қағидалары. Мемлекеттік кадастр қызметін ұйымдастыру. Автоматтандырылған кадастр жүйесін техникалық және технологиялық қамтамасыз ету. Мемлекеттік кадастр қызметінің негіздері. Сандық ақпараттар негіздері. Сандық ақпаратты жинаудың аэрофототопографиялық тәсілі.	**Білімдер:** - Мемлекеттік кадастрдың құқықтық негіздерін; - Мемлекеттік кадастрдың негізгі түрлерін; - Мемлекеттік кадастр деректерін қалыптастырудың қағидаларын; - Мемлекеттік кадастр қызметін ұйымдастыруды; - Мемлекеттік кадастр қызметінің негіздерін; - Сандық ақпараттар негіздерін. **Іскерліктер:** - топографиялық ақпаратты жинаудың түрлі тәсілдерін қолдану; - кадастрлық ақпаратты автоматты түрде жинау мен өңдеудің бағдарламалық құралдарын пайдалану.	БҚ 5 БҚ 8 КҚ 2 КҚ 2 КҚ 4 КҚ 16
АП.07	**Серіктік навигациялық жүйелер:** Объектілердің орналасу орынын анықтауға арналған серіктік жүйелер; GPS, ГЛОНАС жүйелерінің көмегімен кеңістік координаттарын анықтау әдістері; Ғарыштық сектордың радиотехникалық құралдары және тұтынушы аппаратурасы; өлшеудің дифференциалды әдістері; аппаратураны өлшеу жұмыстарына дайындау; түрлі түсірім жүргізу кезінде жұмыстарды орындаудың әдістемесі; өлшеу нәтижелерін өңдеу; өлшеу қателіктерінің негізгі көздері және олардың ықпалын азайту тәсілдері.	**Білімдер:** - серіктік навигациялық жүйелер құрылымын; - GPS, ГЛОНАС жүйелерінің көмегімен координаттарды анықтау қағидасы; - анықталған нәтижелерді өңдеуге арналған бағдарламалық құралдар. **Іскерліктер:** - GPS, ГЛОНАС геодезиялық қабылдағыштар көмегімен пункттер координаттарын анықтау. .	КҚ 3 КҚ 4 КҚ 10
АП.08	**Кәсіптік қызметтегі ақпараттық технологиялар:** ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың негізгі қағидаларын, әдістерін және қасиеттерін, олардың тиімділігін; автоматтандырылған жұмыс орындары (АРМ), олардың жергілікті және салалық желілері; қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз ету және топографиялық-геодезиялық өндірістегі ақпараттық ресурстар; интегралданған ақпараттық жүйелер; геодезиялық және аэрофотогеодезиялық есептерді шешуге арналған қолданбалы бағдарламалар пакеттері. Далалық геодезиялық өлшеулерді есептеу үдерістерін автоматтандыруға мүмкіндік беретін бағдарламар пакетімен жұмыс; Жердегі топографиялық түсірімдер деректері негізінде ірі масштабты топографиялық пландарды құрастыруды автоматтандыру; Сызықтық және алаңдық құрылыстардың модельдеу есептерін шығару; Бойлық және көлденең сұлбалармен трасса планын құрастыру, бұрылыс бұрыштарының дөңгелектенуінің параметрлерін есептеуді орындау, салынатын топырақ көлемін және үстіндегі ойықтарды есептеу. Қолданбалы сипаттағы басқа инженерлік-геодезиялық есептерді шығару.	**Білімдер:** - ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың негізгі қағидаларын, әдістерін және қасиеттерін; - интегралданған ақпараттық жүйелер. Бағдарлама оқу үдерісінде компьютерлік бағдарламаларға (AutoCad, Micro Station, Credo, Liskad, Map 2003, Credo, т.б.) бағдарланған болуы керек. **Іскерліктер:** - далалық геодезиялық өлшеулерді есептеудің автоматтандырылған үдерісін орындау; Жердегі топографиялық түсірімдер деректері негізінде ірі масштабты топографиялық пландарды автоматты түрде құрастыру; Сызықтық және алаңдық құрылыстардың модельдеу есептерін шығару; Бойлық және көлденең сұлбалармен трасса планын құрастыру, бұрылыс бұрыштарының дөңгелектенуінің параметрлерін есептеуді орындау, салынатын топырақ көлемін және үстіндегі ойықтарды есептеу.	КҚ 2 КҚ 4 КҚ 9 КҚ 16
6. БҰАП .00	**Білім беру ұйымы анықтайтын пәндер**		
КП.00	**Кәсіптік практика (оқу, технологиялық, дипломалды)**		
КП.01	**Оқу практикасы** Теодолиттік жүрістер сала отырып, топографиялық түсірімдердің пландық негізін жасау. IY классты геометриялық нивелирлеу әдісімен топографиялық түсірімдердің биіктік негіздерін құрастыру. 1: 2 000 масштабындағы тахеометрлік түсірім. 1: 5 000 масштабындағы аралас түсірім. II классты нивелирлеу. Триангуляциялық жұмыстар. Геодезиялық тор пункттерінің координаттарын анықтаудың автономды тәсілдері. Жарыққашық өлшеуіштермен жақтарын өлшеу полигонометриясы. Қолданбалы геодезия.	**Іскерліктер:** - түрлі әдістермен геодезиялық торларды құрастыру кезінде далалық және камералық жұмыстар кешенін орындау; - жердің топографиялық және басқа да түсірім түрлерін жасау; - орындалған жұмыстардың сапасын нормативті құжаттар талаптарына сәйкестігін бағалау. **Дағдылар:** - инженерлік-геодезиялық іздестіру жұмыстарының, сызықтық құрылыстардың далалық және камералық трассалауының кешендерін орындау; - құрылыс объектілерінің бас планын жобалауды және әзірлеуді қамтамасыз ету үшін геодезиялық дайындықты орындау.	КК 1 КК 8 КК 9 КК 10 КК 11 КК 12 КК 13 КК 14 КК 15 КК 16 КК 17 КК 18
КП.02	**Өндірістік технологиялық практика** Жұмыспен қамтамасыз ету. Кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымымен және оның бөлімшелерімен танысу. Жұмысты орындауға қажетті құралдарды, жабдықтарды, материалдық құндылықтарды алу. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды өндіру бойынша нұсқаулықтардың қажетті бөлімдерін, нұсқау мен нұсқамаларды оқу. Далалық топографиялық-геодезиялық жұмыстарды орындау. Техникалық есепті дайындау және тапсыру.	**Іскерліктер:** Құрылыс объектілерінің бас планын жобалауды және әзірлеуді қамтамасыз ету үшін геодезиялық дайындықты орындау. Инженерлік-геодезиялық іздестіру жұмыстарының, сызықтық құрылыстардың далалық және камералық трассалауының кешендерін орындау; Инженерлік құрылыстар жобаларын жүзеге асыруды орындау, өлшеу жұмыстарын орындау және атқару құжаттамасын құрастыру. **Дағдылар:** - Инженерлік-геодезиялық іздестіру жұмыстарының, сызықтық құрылыстардың далалық және камералық трассалауының кешендерін орындау; - Құрылыс объектілерінің бас планын жобалауды және әзірлеуді қамтамасыз ету үшін геодезиялық дайындықты орындау. - далалық және камералық өлшеулер нәтижелерін өңдеу және материалдарды компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып рәсімдеу.	БҚ 1 БҚ 7 КК 1 КК 2 КК 3 КК 4 КК 5 КК 6 КК 7 КК 8 КК 9 КК 10 КК 11 КК 12 КК 13 КК 14 КК 15 КК 16 КК 17 КК 18
КП.03	**Мамандық бейіні бойынша камералдық практика** Инженерлік құрылыстарды бөлу. Вертикальды жоспарлау кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Гидротехникалық және сызықтық құрылыстарды іздестіру кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Туннельдер құру кезіндегі геодезиялық жұмыстар. Құрылыстардың өзгерісін өлшеудің геодезиялық әдістері.	**Іскерліктер:** Құрылыс объектілерінің бас планын жобалауды және әзірлеуді қамтамасыз ету үшін геодезиялық дайындықты орындау. Инженерлік –геодезиялық іздестіру жұмыстарының кешендерін орындау, сызықтық құрылыстардың далалық және камералық трассалауын орындау. Құрылыс жүргізу үдерісінде геодезиялық бақылау жүргізу. Дағдылар: Топографиялық-геодезиялық және инженерлік-геодезиялық жұмыстарды орындау.	КК 2 КК 1 КК 8
КП.04	**Геоақпараттық технологияларды меңгеру** Бастапқы геодезиялық және картографиялық деректерді дайындау. Өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу. Координаттарды есептеу. Геодезиялық торлар жүрісі жүйесін теңестіру. Карталарды және жердің фотосуретін өзгерту, растр етегін сканерлеу, ГАЖ (ГИС) планшеттерін қалыптастыру. оқу ГАЖ (ГИС) құру, деректер базасын толтыру. Карта элементтерін цифрлеу. Жерді сандық модельдеуді құру. Электронды картаны редакциялау. Жердің 3Д-моделін құрастыру. Оқу ГАЖ (ГИС) бойынша қолданбалы инженерлік есептер шығару.	**Іскерліктер:** Өлшеу нәтижелерін математикалық өңдеу. Теодолиттік және полигонометриялық жүрістерді, триангуляциялық торларды теңестіру, геодезиялық есептерді, таңбаларды шешу, нүктелер координатын есептеу, тахеометрлік түсіріс материалдарын өңдеу. ГАЖ (ГИС) қолданбалы бағдарламалар құралдарымен карталарды және жердің фотосуретін өзгерту, растр етегін сканерлеу, фотопландарды монтаждау, ГАЖ (ГИС) планшеттерін қалыптастыру, оқу ГАЖ (ГИС) аумағы объектілерін дешифрлеу (бажайлау). Растрлық карта элементтерін цифрландыру (векторлау). Жерді сандық модельдуді құру. Электронды картаны редакциялау. Координаттар каталогын конверциялау және жүктеу, бедер сұлбасын қалыптастыру, Жерді сандық модельдеуді қалыптастыру және редакциялау. Жерді сандық модельдеу бойынша инженерлік есептер шығару (сұлбалар құрастыру, көлемдерді, объектілердің аумақтарын анықтау). **Дағдылар:** Топографиялық-геодезиялық және инженерлік –геодезиялық жұмыстардың заманауи технологияларын пайдалану.	КК 2 КК 3 КК 4 КК 16
Біліктілік: 0713033 – Техник-аэрофотогеодезист			
ЖКП.00	**Жалпы кәсіптік пәндер**		
ЖКП. 01			
ЖКП.02	**Физикалық география:** Жалпы физикалық география. Геоморфология: бедер туралы жалпы мәлімет, бедер түрлері. Желдетумен және гравитациялық үдерістермен келісілген, эрозиялық-аккумулятивті бедер түрі; бедердің мұздақ түрі; бедердің криогенді түрі; эолды бедер; теңіз жағалаулары бедері мен шельфтер; бедердің антропогенді және биогенді түрлері; тау бедері; жазықтықтар бедері.	**Білімдер:** - жалпы физикалық географияны; Жер туралы, литосфера, атмосфера, биосфера туралы жалпы мәлімет. - Жер туралы, географиялық қыртыстар туралы жалпы мәліметтер; - геоморфология туралы жалпы мәліметтер. **Іскерліктер:** - геоморфология үдерістерін қамтамасыз ету және үлгілерін сипаттау.	БҚ 1 БҚ 7 КҚ 1 КҚ 2
ЖКП.03	**Геодезия:** Жалпы мәліметтер. Масштабтар. Бағдарлау. Топографиялық карталар және пландар: жіктелуі және арналуы, жолақтау және номенклатура, шартты белгілер. Теодолиттік жұмыстар: құралдар, сызықтар мен бұрыштарды өлшеу, құралдарды, құралдарды тексеру. Пландық және биіктік түсіру торлары: теодолиттік жүрістері және оларды өңдеу. Биік түсіру торлары және оларды өңдеу. Топографиялық түсірулер: тахеометриялық, мензульдік, аралас. Аэрофотосуреттерді далалық дайындау: пландық, биіктік, дешифрлеу (бажайлау). Қателіктер теориясының элементтері, тең дәлдіктегі және тең дәлдіктегі емес өлшеулер. Астрономиялық әдістермен азимутты анықтау: Күннің биіктігі бойынша, Күннің және Полярдың сағат бұрышы бойынша. Гироскопиялық әдіспен азимутты анықтау. Топографиялық карталарды жаңарту. Ішкі суқоймалар шельфін түсіру. Инженерлік-геодезиялық іздестірулер мен құрылыстар кезіндегі топографиялық жұмыстар. Топографиялық-геодезиялық өндірісті автоматтандыру және даму болашағы.	**Білімдер:** - Жалпы мәліметтер, масштабтар, сызықтарды бағдарлау; - пландық және биіктік түсіру торлары; - топографиялық түсірімдер әдістері; - аэрофотосуреттерді далалық дайындау; - астрономиялық және гироскопиялық әдістермен бағыт азимутын анықтау; - топографиялық-геодезиялық жұмыстарды автоматтандыру тәсілдері; геодезияның даму келешегі; - топографиялық карталарды жаңарту қағидалары; - жаңарту қағидалары, ішкі суқоймалар шельфін түсіру; - қателіктер теориясының элементтері, тең дәлдіктегі және тең дәлдіктегі емес өлшеулер. **Іскерліктер:** - техникалық теодолиттер, нивелирлер мен сызықтық өлшеулерге арналған құралдарды түзету; - топографиялық түсірімдердің түсіру негізін құру мақсатында сызықтық, бұрыштық өлшеулер орындау, тригонометриялық және геометриялық нивелирлеу жүргізу; - құрал-жабдық тәсілімен топографиялық түсіруді орындау; - стереотопографиялық түсірім кезінде және карталарды жаңарту кезінде аэрофотосуреттердің далалық пландық-биіктік дайындығын және топографиялық дешифрлеуді (бажайлауды) орындау; - инженерлік-геодезиялық іздестірулер мен құрылыстар кезінде топографиялық жұмыстарды орындау.	КҚ 1 КҚ 2 КҚ 3 КҚ 4 КҚ 5 КҚ 6 КҚ 7 КҚ 8 КҚ 9 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12
ЖКП.04	**Геоақпараттық жүйелер:** - геоақпараттық жүйелер анықтамасы мен терминологиясы. Компьютерлік графика құралдарымен геоақпараттық жүйелер объектілерінің бейнеленуі; Геоақпараттық жүйелердің бөлімдері мен құрамдас бөліктері; Сандық картографиялық ақпарат – геоақпараттық жүйелердің ақпараттық негізі; Сандық және электронды карталар; Жердің сандық моделі; Бедердің сандық моделі; сандық картографиялық ақпаратты кодтау және жіктеу. Сандық топографиялық ақпаратты құрудың технологиясы. Сандық топографиялық карталарды құрастырудың техникалық және бағдарламалық құралдары. Мемлекеттік қалалық кадастрдың автоматтандырылған ақпараттық жүйесі. Геақпараттық жүйелерді құрудың техникалық және бағдарламалық құралдары; эксперименттік және есеп айырысу есептерін шешу үшін геоақпараттық жүйелердің қосымшасын пайдалану.	**Білімдер:** Геоақпараттық жүйелер құрылымын; сандық және электронды карталарды құрастыру тәсілдерін; Сандық картографиялық ақпаратты кодтаудың жіктелуін; Сандық топографиялық ақпаратты құрудың техникалық және бағдарламалық құралдары. **Іскерліктер:** - топографиялық-геодезиялық және картографиялық ақпаратты жинау және жүйелендіру үшін геоақпараттық жүйелерді құрудың техникалық және бағдарламалық құралдарын пайдалану; эксперименттік және есеп айырысу есептерін шешу үшін геоақпараттық технологияларды пайдалану.	КҚ 11 КҚ 18
ЖКП.05	**Картографиялық сызу:** Сызу материалдары, құралдары мен керек-жарақтары. МС 2.304. 81. шрифті. Есептеу шрифті. Қарындашпен сызу, қаламұшпен, кривоножкамен, кронциркульмен сызу. Т-132, БМ-431 картографиялық шрифттар, 1:2000 – 1:5000 масштабты пландар үшін шартты белгілер; 1:5000 масштабты планды сузы. Акварельбояуларымен жұмыс. 1:25000 масштабты карталар үшін шартты белгілер. Жазбаларды жапсыру және деколи. 1:25 000 масштабты қағазды сызу. Пластикте және фотоматериалда сызу, пластикте оюлау.	**Білімдер:** - топографиялық сызу негіздері; - қарындашпен сызу негіздері; - есептеуге арналған шрифт; - картограафиялық шрифт түрлері; - шрифтарды сызудың қағидалары; - 1: 2 000 – 1: 5 000 масштабты топографиялық планды сызудың жоспары; - техникалық сызудың негіздері; - сызуды графикалық безендіру бойынша негізгі мәліметтер. **Іскерліктер:** - қаламұшпен, рейсфедермен, кривоножкамен, кронциркульмен жұмыс.	БҚ 8 КҚ 1 КҚ 2 КҚ 5 КҚ 12
ЖКП.06	**Картография:** Географиялық карталар туралы жалпы мәліметтер. Карталарды редакциялаудың және құрастырудың негіздері. Карта түпнұсқасын құрудың жалпы сұлбасы. Картографиялық материалдар. Редакциялық дайындық жұмыстары. Құрастыру жұмыстары. Кескінді бастапқы картографиялық материалдан құрастырылатын карта негізіне көшіру. Картографиялық генерализация. Карталарды баспаға дайындау. Карталарды баспаға дайындаудың технологиялық сұлбасы. Карталарды басып шығару.	**Білімдер:** Карталарды редакциялаудың және құрастырудың негіздері. Карта түпнұсқасын құрудың жалпы сұлбасы. Карталарды баспаға дайындаудың технологиялық сұлбасы. **Іскерліктер:** - Құрастыру жұмыстарын, картографиялық генерализациялауды, карталарды баспаға дайындауды орындау.	БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3 БҚ 4 БҚ 5 БҚ 6 БҚ 7 БҚ 8 КҚ 1 КҚ 2 КҚ 5 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12
ЖКП.07	**Электротехника және электроника:** Электротехника және электроника: Электротехника: электр алаңы;тұрақты және ауыспалы тоқтың электр тізбегі; электромагнетизм; электр өлшеулері; трансформаторлар; электр энергиясын беру және тарату; Электроника: электрониканың физикалық негіздері; электронды құралдар; электронды түзеткіштер және стабилизаторлар; электронды күшейткіштер; электрон генераторлар және өлшеу аспаптары; автоматика мен есептеу техникасының электронды құралдары; микропроцессорлар және микро- ЭЕМ; жарық және радиотолқындар көмегімен ақпаратты жіберуді жүзеге асыру қағидалары.	**Білімдер:** - жалпы электротехниканы; - радиоэлектроника негіздерін; - дальномерлердің негізгі типтерін; - сызықты өлшеу мен ұзындығын есептеу әдістемесі; **Іскерліктер:** - геодезиялық радио және жарыққашық өлшеуіштердің теориялық негіздерін қолдану; - заманауи қашықөлшеуіштерді және олардың негізгі компоненттерін сұлбалық түрде жинақтау.	БҚ 7 КҚ 7 КҚ 8
ЖКП.08	**Электрондық геодезиялық өлшеу құралдары:** Радиоэлектроника негіздері. Геодезиялық радио және жарыққашық өлшеуіштердің теориялық негіздері. Заманауи қашықөлшеуіштердің жинақталған сұлбасы және олардың негізгі компоненттері. Сызықтың ұзындығын өлшеудің және есептеудің әдістемесі. Электронды тахеометрлер: - құрылысының сұлбасы, Қабырғаларын, горизонталь және вертикаль бұрыштары мен бағыттарын, шегінен шығуларды, нүктелер биіктігін өлшеудің әдістемесі.	**Білімдер:** - геодезиялық фазалық қашықөлшеуіштердің теориялық негіздері. **Іскерліктер:** Сызықтарды геодезиялық және топографиялық қашықөлшеуіштермен, электронды тахеометрлермен өлшеу және өлшеулерді компьютерлік өңдеуді жүзеге асыру.	КҚ 11 КҚ 12 КҚ 1 КҚ 17 КҚ 18
ЖКП.09	**Метрология, стандарттау және сертификаттау:** Метрология, стандарттау және сертификаттаудың құқықтық негіздері, мақсаттары, міндеттері, қағидалары, объектілері және құралдары. Метрология: негізгі түсініктері мен анықтамалары; Өлшеудің біртұтастығын қамтамасыз ететін метрологиялық қызметтер; Мемлекеттік метрологиялық бақылау мен қадағалау; Стандартизация: стандарттау мен сапаны басқарудағы негізгі терминер мен анықтамалар, халықаралық және аймақтық стандарттау. Қазақстан Республикасының стандарттау мемлекеттік жүйесі. ТМД-дағы мемлекетаралық стандарттау.	**Білімдер:** - Қазақстан Республикасының стандарттау Мемлекеттік жүйесінің негізгі ережелері және жалпы техникалық, ұйымдастыру-әдістемелік стандарттары жүйесінің (кешендерінің) ережесі. - ТМД-дағы мемлекеттік стандарттау метрологиялық қызметі туралы ережелер. **Іскерліктер:** - негізгі өнім мен үдерістерге нормативті құжаттар талаптарын қолдану.	БҚ 7 БҚ 8 КҚ 1 КҚ 7 КҚ 8 КҚ 12
ЖКП.10	**Кәсіптік қызметті құқықтық қамтамасыз ету:** Кәсіптік қызметті құқықтық қамтамасыз ету; кәсіптік қызмет саласындағы құқықтық реттеу түсінігі; Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің құқықтық ережелері; Заңды тұлғалардың ұйымдастырушылық-құқықтық нысандары; Еңбек құқығы; еңбек келісім шарты және оны құрудың тәртібі, негіздері және тоқтатылуы; еңбек ақысын төлеу; халықтың еңбекпен қамтамасыз етілуіндегі мемлекеттік реттеудің ролі; қызметкердің тәртіптік және материалдық жауапкершілігі; Әкімшілік құқықбұзушылық және әкімшілік жауапкершілік; Азаматтарды әлеуметтік қорғау құқығы; бұзылған құқықтарын қорғау және дауларды шешудің сотқа жататын тәртібі; «Геодезия және картография туралы» Қазақстан Республикасы Заңының негізгі ережелері.	**Білімдер:** - кәсіптік қызмет саласында қызмет атқаратындардың құқықтары мен міндеттері; Кәсіптік қызмет үдерісінде құқықтық қарым-қатынасты реттейтін заңнамалық актілер мен басқа нормативті құжаттар. **Іскерліктер:** Еңбек заңнамасына сәйкес өз құқықтарын қорғау.	БҚ 1 БҚ 2 БҚ 3 БҚ 4 БҚ 5 БҚ 6 БҚ 7 БҚ 8 КҚ 1 КҚ 12
ЖКП.11	**Өндірісті ұйымдастыру және басқару:** Өндірісті басқарудың негіздері. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды өндірудің негізгі әдістері мен технологиялық сұлбалары. Топографиялық-геодезиялық өндірісті ұйымдастыру. Нормалау мен еңбек өнімділігін ұйымдастыру. Еңбекті төлеуді ұйымдастыру. Кәсіпорынның өндіріс ресурстары. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарға техникалық жобалар мен сметалар құрастыру. Топографиялық-геодезиялық жұмыстарды жоспарлау және қаржыландыру. Топографиялық-геодезиялық өндірісте өндірістік-шаруашылық қызметті есепке алу және талдау.	**Білімдер:** Өндірістік және технологиялық үдерістерді ұйымдастыруды; Саланың және ұйымның (кәсіпорынның) материалдық-техникалық, еңбек және қаржы ресурстарын, оларды тиімді пайдаланудың көрсеткішьерін; Өнімнің (қызметтің) бағасын белгілеу механизмі, қазіргі замандағы еңбекті төлеу түрлері; бизнес-жоспарды әзірлеудің әдістемесін білу. **Іскерліктер:** Қабылданған әдістеме бойынша ұйым қызметінің негізгі техникоэкономикалық көрсеткіштерін есептеу.	КҚ 1 КҚ 2 КҚ 3 КҚ 4 КҚ 5 КҚ 6 КҚ 7 КҚ 8 КҚ 9 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12
ЖКП.11	**Өмір қауіпсіздігі:** - төтенше жағдайларда халықтың қорғанысын және тіршілікті қамтамасыз етуін ұйымдастыру; Төтенше жағдайлар салдарын оқшаулау мен жою бойынша іс-шаралар мазмұны мен ұйымдастырылуы; Қорғау құралдары; Әскери қызмет негіздері: Мемлекет қорғанысы негіздері; Қазақстан Республикасының Әскери күштері, жауынгерлік дәстүрлер, әскери ардың символдары; медициналық білім негіздері.	**Білімдер:** - экономика объектілерінің тұрақтылығын қамтамасыз ету қағидалары, жағдайлардың дамуы және техногендік төтенше жағдайлар мен стихиялық құбылыстар салдарын болжау. **Іскерліктер:** - төтенше жағдайлардың жағымсыз ықпалынан қызметкерлер мен халықты қорғау бойынша іс-шаралар ұйымдастыру және өткізу. - әскери қызметтің және мемлекет қорғанысы негіздерін білу; - алғашқы медициналық көмек көрсетуді білу.	БҚ 3 БҚ 6 БҚ 7
ЖКП.12	**Еңбекті қорғау:** Еңбекті қорғаудың жалпы сұрақтары. Өндірістік жарақат себептерін талдау: бақытсыз жайттарды зерттеу және есепке алу; Далалық және камералық топографиялық-геодезиялық жұмыстардағы еңбек тазалығы және өндірістік тазалық. Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы. Еңбек қорғаудың жалпы сұрақтары. Техника қауіпсіздігі: далалық топографиялық-геодезиялық жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді ұйымдастыру.	**Білімдер:** - кәсіптік қызмет саласында қауіпсіз еңбек шарттарын қамтамасыз ету ерекшеліктері; кәсіпорында және дала бригадасында еңбекті қорғаудың құқықтық, нормативті және ұйымдастырушылық негіздерін білу. **Іскерліктер:** - кәсіптік қызмет саласындағы қауіпті және зиянды факторларға талдау жасау.	БҚ 3 БҚ 4 БҚ 5 БҚ 6 БҚ 7 БҚ 8 КҚ 1 КҚ 2 КҚ 9
АП.00	**Арнайы пәндер**		
АП.01	**Жоғары геодезия:** Жоғары геодезия пәні және оның негізгі міндеттері; Жердің пішіні мен көлемі туралы жалпы мәліметтер; Жер пішіні туралы түсінік; мемлекеттік геодезиялық тор, оны құрудың әдістері, құрылысының сұлбасы, арналуы және жіктелуі, жиілігі мен тор пункттерін бекіту; Мемлекеттік нивелирлеу желісі туралы негізгі ережелер; Пландық және биіктік пункттерін зерттеу және қалпына келтіру. Жоғары дәлдіктегі нивелирлеу: құралдар, жұмыстарды ұйымдастыру және өндіру. Триангуляция: құралдар, бұрыштық өлшеулер, алдын ала есептеулер; Базистік қабырғаларды өлшеу туралы түсінік; Триангуляция торларын жобалау және байқап зерттеу. Полигонометрия және трилатерация. Жер эллипсоиды және координаттардың геодезиялық жүйесі. Гаусс-Крюгер проекциясындағы жазықтықтағы тікбұрышты координаттар. Тікбұрыш координаттарды бір зонадан шектес зонаға қайта құру. Ғарыштық геодезия әдістері туралы негізгі мәліметтер. ПЗ-90, СК-95 геоцентрлық координаттар жүйесі туралы түсінік. Геодезиялық торларды құруға арналған GPS серіктік жүйелерін пайдалану туралы түсінік. Теңдеулік есептеулері; ең кіші квадраттар әдісінің негізі.	**Білімдер:** - ТМД елдерінің Мемлекеттік геодезиялық торының құрылу сұлбасын және оны құрудың әдістерін; Мемлекеттік нивелирлеу торын құрудың сұлбасын және оны құрудың әдісін; Жер пішіні туралы жалпы мәліметтер; геодезияда қолданылатын координаттар жүйесі; жоғарғы дәлдіктегі теодолиттер мен нивелирлер; жоғарғы дәлдіктегі бұрыштық өлшеулер әдістері мен жоғарғы дәлдіктегі нивелирлеу; Далалық өлшеулерді алдын ала өңдеу және теңдеулік есептеулерінің тәсілдері. **Іскерліктер:** - жоғарғы дәлдіктегі теодолиттер мен нивелирлерді тексеру, түзету және сынап көру. Триангуля ия және полигонометрия торларын жобалау; Триангуляция пункттерінде бұрыштық өлшеулерді орындау; Полигонометрия пункттерінде сызықтық және бұрыштық өлшеулерді орындау; алдын ала есептеулерді жүргізу және ең кіші квадраттар әдісімен нәтижелерді теңестіруді орындау. Жоғары дәлдіктегі нивелирлеу сызықтарын жобалау; Жоғары дәлдіктегі нивелирлеуді орындау, пункттердің биіктіктерін есептеу және теңестіру; Тікбұрыш координаттарды бір зонадан шектес зонаға қайта құру.	КҚ 1 КҚ 3 КҚ 7 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12 КҚ 13 КҚ 17 КҚ 18 КҚ 19
АП.02	**Теңдеулік есептер негіздері:** Ең кіші квадраттар әдісінің негіздері: маңызы мен негізгі тәсілдері, қалыпты теңдеуліктерді құрастыру және шешу. Геодезиялық торларды теңестіру: корелат және параметрлік тәсілдермен Нивелирлеу торларын теңестіру. Полигонометрияны теңестіру.	**Білімдер:** - ең кіші квадраттар әдісінің негіздері. **Іскерліктер:** - корелат және параметрлік тәсілдермен геодезиялық торларды теңестіру.	КҚ 1 КҚ 3 КҚ 12 КҚ 18 КҚ 19
АП.03	**Аэрофототүсіру негіздері:** - Аэрофототүсіру үшін қолданылатын авиациялық ұшу аппараттары; Аэротүсірімдік ұшақ жүргізу үшін қолданылатын навигациялық техникалық құралдар; аэрофототүсірімдік құрал-жабдық: аэрофотоаппараттар, аэрофотоқондырғылар, аэрофотосуреттерді ң сыртқы элементтерін анықтауға арналған құралдар; аэрофотосуреттерді бағдарлау құралдары. Топографиялық аэрофотосуреттердің геометриялық параметрлері; Топографиялық аэрофототүсіруді орындау.	Білімдер: - аэрофототүсірім үшін техникалық құралдардың құрамы. **Іскерліктер:** - топографиялық аэрофототүсірімнің негізгі параметрлерін есептеуді орындау.	КҚ 5 КҚ 9 КҚ 14 КҚ 15 КҚ 16
АП.04	**Аэрофотография негіздері:** Әуеден суретке түсіру ерекшеліктері; галоидокүміс қабаттардағы фотоүдерістердің физика-химиялық негіздері; фотоматериалдар, олардың жіктелуі мен сипаттамасы, ақ-қара, түсті және спектрозональды аэропленкалар; фотографиялық сенситометрия негіздері; бейненің оптикалық тығыздылығы; фотоматериалдардың сенситометриялық қасиеттері; жарықталғандық, жарықтық, жарықтықтың спектрлық коэффициенті туралы түсінік; фотографиялық суреттердің сапасына ықпал ететін факторлар; сандық фотография туралы түсінік; аэрофотосуреттерді сканерлеу.	**Білімдер:** - галоидокүміс қабаттардағы фотоүдерістердің физика-химиялық негіздері. **Іскерліктер:** - аэрофотосуреттердің түйісу және проекциялық басылымдарын орындау; - аэрофотоматериалдардың фотографиялық сапасына бағалауды орындау.	КҚ 5 КҚ 6 КҚ 8 КҚ 9
АП.05	**Фотограмметрия:** Фотограмметрия пәні және міндеттері; Жер беті бейнесін алудың тәсілдері; аэротүсіру жұмыстары туралы жалпы мәліметтер; жалғыздану (одиночный) теориясы және суреттердің стереопарлары; Стереофотограмметриялық құралдар мен жүйесі; суреттерді қайта құру және фотопландар жасау; кеңістіктік фототриангуляция; стереофотограмметриялық құралдар мен жүйелерде жердің сандық модельдерінің карталары мен пландарын жасау; карталар мен пландарды жасау мен жаңартудың аэротопографиялық әдістері; жердегі стереофотограмметриялық түсірім; карталарды жасау мен жаңартудағы жаңа технологияларды меңгеру.	**Білімдер:** - аэрофотосуреттердің жалғызданған теория негіздері және стереопарлар; - аэрофототопографиялық түсірудің технологиялық сұлбасы; - топографиялық емес есептерді шығару үшін фотограмметрия әдісін қолданудың мүмкіндіктері. **Іскерліктер:** - фотосұлбалар мен фотопландар құру; - ұқсас стереофотограмметриялық құралдарда стереотопографиялық жұмыстарды орындау.	КҚ 1 КҚ 2 КҚ 3 КҚ 5 КҚ 6 КҚ 8 КҚ 9 КҚ 10 КҚ 11 КҚ 12 КҚ 13 КҚ 14 КҚ 15 КҚ 16 КҚ 18
АП 06	**Аэрофотосуреттерді дешифрлеу (бажайлау):** Дешифрлеудің физиологиялық негіздері; дешифрлеудің аэрофотографиялық негіздері; дешифрлеу белгілері; дешифрлеудің географиялық негіздері; топографиялық дешифрлеу; тақырыптық дешифрлеу; фотографиялық емес бейнелерді дешифрлеу; ғарыштық суреттерді дешифрлеудің ерекшеліктері; дешифрлеу үдерісін автоматтандыру.	**Білімдер:** - аэрофотосуреттердің дешифрлік белгілері; ғарыштық суреттерді дешифрлеудің ерекшеліктері. **Іскерліктер:** - аэрофото- және ғарыштық суреттерді далалық және камералық топографиялық дешифрлеуін орындау.	КҚ 2 КҚ 5 КҚ 9 КҚ 14 КҚ 18 КҚ 19
АП.07	**Топографиялық карталарды жаңарту:** Топографиялық карталарды жаңартудың мақсаттары мен міндеттері; Жаңартудың түрлері мен әдістері; кезекші карта; Жаңарту кезінде пайдаланылатын картографиялық материалдар; жаңа аэрофототүсірім материалдары бойынша топографиялық карталарды жаңартудың негізгі тәсілдері; карталарды жаңартудың жалпы технологиялық сұлбасы (дайындық, камералық және далалық жұмыстар); сандық карталар мен пландарды жаңарту; ғарыштық суреттер бойынша карталарды жаңарту.	**Білімдер:** - аэрофото- және ғарыштық түсірімдердің материалдары бойынша масштабты қатар карталарын жаңартудың технологиялық сұлбасы; **Іскерліктер:** - карталарды жаңарту кезінде фотограмметриялық жұмыстарды орындау; - карталарды фотопланда, мөлдір негізде және сандық тәсілдермен түзету.	КҚ 5 КҚ 8 КҚ 9 КҚ 14 КҚ 19

(Жалғасы бар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЭНЕРГЕТИКА МИНИСТРЛІГІНІҢ БҰЙРЫҒЫ

2015 жылғы 19 наурыз №222 Астана қаласы

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларын бекіту туралы

(Соңы. Басы 98-101-нөмірлерде)

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 8-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «ҚОСПА! Желіде жұмыс жүріп жатыр”

ӘЖ немесе КЖ жұмыстар үшін токтан ажыратылған айырғыштар мен құрама ажыратқыштардың жетектерінде ілінеді.



Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 9-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «ТОҚТА! кернеу»

Шектесетін камералардың, шкафтар мен панельдердің қоршауларында ілінеді.



Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 10-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «Жоғары шықпа! Өлтіреді”

Бойымен жоғары көтерілуге рұқсат етілген конструкциялармен шектесетін конструкциялардың төменгі жағында ілінеді.



Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 11-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «Жоғарыға осы жерден шық!»

Жұмыс жүргізу үшін олар арқылы көтерілуге рұқсат етілген орнықты сатылар мен конструкцияларда ілінеді.



Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 12-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «Осы жерде жұмыс істе»

Әзірленген жұмыс орындарындағы электр қондырғыларында ілінеді.



Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 13-қосымша
Нысан

Электр техникалық емес персоналға электр қауіпсіздігі бойынша I топты беру есебін жүргізу журналының нысаны

Р/с №	Тегі, аты, әкесінің аты	Бөлімшенің атауы	Лауазымы (кәсібі)	Алдыңғы дәреже берілген күн	Иелену күні	Қолы	
						тексерушінің	тексерілушінің

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 14-қосымша
Нысан

Электр қондырғыларындағы жұмыс нормалары мен қағидаларын білуін тексерудің
№____ хаттамасы

Тексеру күні____________________________________
Тексеру себептері ________________________________
Комиссия______________________________________
(комиссияның атауы)
құрамында:
комиссия төрағасы ______________________________
(лауазымы, аты-жөні)
комиссия мүшелері (лауазымы [кәсібі], тегі және аты-жөні):
____
____

ЭҚОҚ, ТҚҚ, ТҚҚ, ӨҚҚҚ және басқа нормативтік-техникалық құжаттар (қажетсізі сызылып тасталсын) бойынша білімдерін тексеру жүргізді
Тексерілуші
Тегі, аты, әкесінің аты ___________________________
Жұмыс орны____________________________________
Лауазымы (кәсібі)_______________________________
Алдыңғы тексеру күні ____________________________
Баға, электр қауіпсіздігі бойынша топ _________________
Білім тексеру нәтижелері:
Электр қондырғысының орнату және техникалық пайдалану бойынша
____
Еңбекті қорғау бойынша ___________________________
Өрт қауіпсіздігі бойынша___________________________
Мемлекеттік қадағалау органдарының басқа да қағидалары мен нұсқаулары
____
(ережелердің атауы)
Комиссияның шешімі:
Жалпы баға____________________________________
Электр қауіпсіздігі бойынша топ______________________
Қайталау ұзақтығы ______________________________
________________________ретінде жұмыс істеуге рұқсат берілді
Келесі тексеру күні _____________________________
Қойылған қолдар:
Комиссия төрағасы ______________________________
(қолы, тегі, аты-жөні)
Комиссия мүшелері ______________________________
(қолы, тегі, аты-жөні)
Мемлекеттік қадағалау және бақылау тексеру органдарының өкілі (дері)
____
(қолы, тегі, аты-жөні)
Комиссияның қорытындысымен таныстым _________________
(қолы, аты-жөні)

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 15-қосымша

Электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлік

1. Электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидаларын білуін тексеру туралы куәлік оны көрсетуші тұлғаның аталған лауазым (кәсіп) бойынша өз бетінше жұмыс істеу құқын куәландырады.

2. Куәлік қызметкерге оны жұмысқа қабылдау кезінде беріледі және электр қондырғыларында жұмыс істеудің нормалары мен қағидалары бойынша білімін тексеру нәтижелері жөнінде тиісті жазулар жазылғаннан кейін ғана жарамды болып табылады.

3. Куәліктің екінші бетінде электр қондырғыларын құру, электр қондырғыларын техникалық пайдалану қағидаларын, осы Қағидаларды және өрт қауіпсіздігі қағидаларын білуі бойынша жалпы бағасы қойылады.

4. Үшінші бет лауазымдық міндеттері және өндірістік қызметінің сипаты бойынша өндірістік қауіпсіздік қағидалары және басқа арнайы қағидалар бойынша аттестат талап етілетін тұлғаларға арналып толтырылады.

5. Төртінші бет арнайы жұмыстарды (жоғарыға шығып орындайтын жұмыстар және сынақтар жүргізу және т.б.) орындауға рұқсаттама берілген персонал үшін толтырылады.

6. Қызметкер өзінің қызметтік міндеттерін орындаған уақытта өзімен бірге куәлігін ұдайы алып жүруге және оны бақылаушы қызметкердің талабы бойынша керсетуге тиіс.

7. Куәлік қызметкердің лауазымы өзгерген жағдайда ауыстырылуға немесе ол жұмыстан босатылған уақытта қайтарылуға тиіс.

8. Куәлік тыстамасы матадан қапталған қатты мұқабадан және төрт бет қағаздан тұрады. Куәліктің көлемі 95 мм х 65 мм. Мұқабаға лайықты саналатын түс – қоңыр қызыл түс.

9. Мұқабаның оң бетінде қайшылықты (ақ немесе сары) түспен: КУӘЛІК деген сөз ойып жазылады.

10. Куәліктің үлгісі төмендегідей:

Бірінші беті:

КУӘЛІК № _______
____
(ұйым)
____
(тегі, аты, әкесінің аты)
____
лауазымы (мамандығы)
Кернеуі _______ электр қондырғыларында
____
ретінде жұмыс істеуге рұқсат берілді
Берілген күні: «___» ____________ 20 __ ж.

М.О.
Жұмыс беруші (электр шаруашылығына жауапты)
____
(қолы) (тегі, аты-жөні)

Білімін тексеру нәтижелері жазылмаса жарамсыз.
Қызметкер міндеттерін орындаған кезде
өзімен бірге куәлігін ұдайы алып жүруге тиіс.

Екінші беті:

Нормативтік құжаттарды білуін тексеру нәтижелері					
Тексеру күні	Тексеру себептері	Электр қауіпсіздігі жөніндегі тобы	Жалпы баға	Келесі тексеру күні	Комиссия төрағасының қолы

Үшінші беті:

Өнеркәсптік қауіпсіздік және басқа арнайы қағидалардың нормативтік құжаттарды білуін тексеру нәтижелері			
Тексеру күні	Нормативтік құжаттардың атауы	Комиссияның шешімі	Комиссия төрағасының қолы

Төртінші беті:

Арнайы жұмыстарды жүргізу құқығының куәлігі		
Өткізілетін күні	Жұмыстардың атауы	Комиссия төрағасының қолы

Тұтынушылардың электр қондырғыларын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік техникасы қағидаларына 16-қосымша
Нысан

Белгі (Плакат) «Сынақ жүргізіліп жатыр. Адам өміріне қауіпті”

Сынақтан өтетін жабдық, сынақ қондырғысы және жалғағыш сымдар араларында сырт жаққа қаратылып ілінеді.



Бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылғы 29 сәуірде Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне №10889 болып енгізілді.